

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2 0 1 8



1.	ГЛОССАРИЙ	3
2.	ХАЛЫҚ БАНКІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ	6
3.	БИЗНЕС ҮЛГІ	12
4.	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ СӨЗІ	14
5.	БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ СӨЗІ	18
6.	ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	20
7.	БАСҚАРМА	24
8.	НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	31
9.	МАРАПАТТАР	36
10.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА ЖӘНЕ БАНКТІК СЕКТОРЫНА ШОЛУ	38
11.	ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ	42
12.	ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ	47
13.	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	59
14.	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП	68
15.	ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП	83
16.	ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	94
17.	ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	96
18.	2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР	99
19.	АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ	336

1

ГЛОССАРИЙ



## ГЛОССАРИЙ



«Altyn Bank» АҚ	«Altyn Bank» АҚ China CITIC Bank Corporation Limited ЕБ
«БЖЗҚ» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
«Налык» тобы, Топ	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Компаниялар Тобы
Бизнестің жол картасы-2020	«Бизнестің жол картасы 2020» кәсіпкерлікті қолдау мен бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы
АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
ЖТИБ / ЗТИБ	Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг
АЖ	Ақпараттық жүйе
АТ	Ақпараттық технологиялар
КБ	Корпоративтік бизнес
КД	Банктің Коммерциялық Дирекциясы
ККБ	«Казкоммерцбанк» АҚ
ФКК	Филиалдың кредиттік комитеті
ФЖКК	Филиал желісінің кредиттік комитеті
ШБ	Шағын бизнес
ФШКК	Облыстық/өңірлік филиалдың шағын кредиттік комитеті
ШОБ	Шағын және орта бизнес
Халық Банкі, Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

## ГЛОССАРИЙ



ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚР ҰКП	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры
ОПЕРБ	Операциялық Басқарма
КАБҰ	«Халық Жоба» күмәнді және үмітсіз активтерді басқару бойынша Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» ЖШС
ОФ / ӨФ	Облыстық филиал / Өңірлік филиал
ҚЖ / ТҚҚІ	Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
ББ	Бөлшек бизнес
ҚР	Қазақстан Республикасы
БКК	Бас Банктің Бөлшек кредиттік комитеті
ЕКҚК	Есептік-кассалық қызмет көрсету
ОБ	Орта бизнес
ШОКС	Шағын және орта бизнестің субъекті
«Даму» қоры	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
ШҚО	Шешімдерді қабылдау орталығы
CITIC Bank	China CITIC Bank Corporation Limited
GDR	Global Depositary Receipt / Жаһандық депозитарлық қолхат
KASE	Қазақстан қор биржасы

2

ХАЛЫҚ  
БАНКІНЕ  
ҚЫСҚАША  
ШОЛУ



# ХАЛЫҚ БАНКІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ



## ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	01.01.2019		01.01.2018	
	млн. теңге	млн. АҚШ долл. <sup>1</sup>	млн. теңге	млн. АҚШ долл. <sup>1</sup>
Клиенттерге заемдар	3 481 079	9 061	3 251 102	9 783
Активтер жиынтығы	8 959 024	23 319	8 857 781	26 654
Клиенттердің қаражаты	6 526 930	16 988	6 131 750	18 451
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	900 791	2 345	962 396	2 896
Кредиттік мекемелердің қаржысы	168 379	438	255 151	768
Меншікті капитал жиынтығы	1 065 646	2 774	934 457	2 812

Көрсеткіш	2018		2017 <sup>2</sup>	
	млн. теңге	млн. АҚШ долл. <sup>3</sup>	млн. теңге	млн. АҚШ долл. <sup>3</sup>
Таза пайыздық кіріс	316 274	917	181 221	556
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс	113 241	328	87 640	269
Операциялық шығыстар (қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығындарды есепке алғанда)	(164 531)	(477)	(112 330)	(344)
Таза кіріс	254 238	737	173 362	532

<sup>1</sup> Тиісті күнге ҚРҰБ ресми бағамы бойынша аударғанда

<sup>2</sup> Кірістілік бойынша 2017 жыл үшін көрсеткіштер сатып алу күнінен бастап (2017 жылғы 5 шілде) ҚКБ-ның деректерін қамтиды

<sup>3</sup> Тиісті кезең үшін ҚРҰБ орташа ресми бағамы бойынша аударғанда



Көрсеткіш	2018	2017
Меншікті капиталға орта есеппен қайтарым	27,9%	22,7%
Активтерге орта есеппен қайтарым	3,0%	2,6%
Таза пайыздық маржа	5,1%	4,9%
Таза пайыздық спрэд	5,8%	5,4%
Операциялық шығыстар/операциялық кірістер	31,7%	29,5%
Операциялық шығыстар/активтер	1,8%	1,3%
Негізгі капитал жетімділігінің коэффициенті (СЕТ)	18,5%	16,9%
Бірінші деңгейлі капитал жетімділігінің коэффициенті	18,5%	16,9%
Меншікті капитал жетімділігінің коэффициенті	19,9%	18,9%

## Клиенттер/шоттар саны

	Халық Банкі	Халық Банк + ККБ	Халық Банкі
Көрсеткіш	01.01.2019	01.01.2018	01.01.2018
Бөлшек клиенттер (белсенді), млн.	7,2 <sup>1</sup>	8,5	5,9
Корпоративтік клиенттер	2 670 <sup>1</sup>	3 935	1 672
Төлем карточкалары, млн. дана	9,3	9,0	6,3
Бөлшек кредиттер, млн. дана	0,8	0,9	0,68
Ипотекалық кредиттер, дана	38 892	40 761	20 012
Өзге тұтынушылық кепілді және кепілсіз кредиттер, дана	809 441	878 795	661 088
Жалақылық жобаларға қатысушы – заңды тұлғалардың жұмыскерлері карточкаларының саны, млн. адам	4,4	4,4	3,0
Мемлекеттік органдарды қоса алғанда, карточкалық жалақылық жобаларға қатысушы – заңды тұлғалар, дана	41 003	43 873	21 870
Интернет-банкінгі пайдаланушылар саны:			
▪ жеке тұлғалар	3 584 961	2 960 989	1 204 067
▪ заңды тұлғалар	131 270	93 384	17 223

<sup>1</sup> Осы көрсеткіш бойынша төмендеуге қиылысатын клиенттердің шоттарын біріктіру себеп болды





## ТАРАУ ЖЕЛІСІ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	647 қызмет көрсету орны, оған қоса:
	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 23 облыстық және өңірлік филиал</li> <li>▪ 121 аудандық басқарма</li> <li>▪ 108 дербес сервис орталығы (ДСО)</li> <li>▪ 3 VIP-орталық</li> <li>▪ 57 банктік қызмет көрсету орталығы (БҚКО)</li> <li>▪ 303 бөлімше</li> <li>▪ 32 бизнес орталығы (ЗТ қызмет көрсету)</li> </ul>
	4 408 банкомат
	69 178 POS-терминал
	71 мульти-киоскі
	1 097 төлем терминалдары

«Налык» тобы қызметкерлерінің саны 2018 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыспен толық қамтылу баламасында 16 131 жұмыскерді құрады.

«Қазахинстрах» АҚ	18 филиал, 224 сауда орны
«Халык-Life» АҚ	18 филиал және 7 өкілдік
«Налык Finance» АҚ	1 филиал
«Халық-Лизинг» АҚ	1 филиал, 1 өкілдік
«Налык Инкассация» ЖШС	Қалалық инкассация басқармасы (Алматы қ.), 18 филиал, 37 бөлімше
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	9 филиал, 10 есептік-кассалық бөлімше
«Халық Банк Грузия» АҚ	8 филиал
«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)	2 филиал, 5 қосымша кеңсе
«Қазкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ	1 филиал, 7 бөлімше
«Қазтелепорт» АҚ	21 өңірлік басқарма



«НАЛУК» ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Осы жылдық есепті жариялау күніндегі жағдай бойынша:

- ҚР Әділет министрлігіне «Казкоммерцбанк» АҚ-тың қызметін тоқтатуды тіркеу туралы өтініш берілді
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың «Altyn Bank» (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) АҚ-тың акционерлік капиталына қатысу үлесі 40%-ды құрайды
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-тің капиталына қатысу үлесі 38,8%-ды құрайды



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ-ТЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ  
(БҮДАН ӘРІ – АКЦИЯ) КЕМІНДЕ 5%-НА ИЕЛІК ЕТЕТІН «НАЛУК» ТОБЫНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ 2019 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР<sup>1</sup>:**

Атауы	Иеліктегі акциялардың жалпы саны, дана	Иеліктегі акциялар айналымдағы акциялардың %-ы түрінде
<b>ЖАРИЯЛАНҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ</b>	<b>25 000 000 000</b>	<b>-</b>
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	8 756 202 348	75,0%
«БЖЗҚ» АҚ	718 054 740	6,1%
ЖДҚ ұстаушылары (ISIN: US46627J3023US46627J2033)	1 840 105 600	15,8%
Басқалары	365 393 741	3,1%
<b>ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ</b>	<b>13 447 544 782</b>	<b>-</b>
Банк өтеуін төлеп алған акциялар	(1 693 490 385)	-
Топ Компаниялары ұстап қалатын акциялар	(74 297 968)	-
<b>АЙНАЛЫМДАҒЫ АКЦИЯЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ (АКЦИЯҒА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН КІРІСТІ ЕСЕПТЕУ МАҚСАТЫ ҮШІН)</b>	<b>11 679 756 429</b>	<b>-</b>
<b>ЕРКІН АЙНАЛЫМДАҒЫ АКЦИЯЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ (KASE-НІҢ ЛИСТИНГТІК ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС)</b>	<b>2 279 770 883</b>	<b>-</b>
<b>АКЦИЯНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫ, ТЕҢГЕ<sup>2</sup></b>	<b>100,49</b>	<b>-</b>

«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының бақылау пакетіне ие холдингтік компания болып табылады.

«БЖЗҚ» АҚ – міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және зейнетақы жинақтарының төлемдерін тартуды іске асыратын заңды тұлға, ҚР бағалы қағаздар нарығында ең ірі институционалдық инвесторлардың бірі және Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі мен операторы болып табылады.


Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «БЖЗҚ» АҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады.

«БЖЗҚ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлікпен басқаруында тұр.

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін басқаруды ҚР Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңеспен бірге іске асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды жасау функциясы Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеске берілді, оны Қазақстан Республикасының Президенті басқарады.

<sup>1</sup> Банктің жай акциялары Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне 1998 жылы енгізілді. Банктің жаһандық депозитарлық қолтатар нысанындағы жай акциялары Лондон қор биржасының ресми тізіміне 2006 жылы енгізілді

<sup>2</sup> KASE апта сайынғы негізде анықтайтын және KASE-нің интернет сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жариялайтын, акцияның 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нарықтық бағасы



БИЗНЕС ҮЛГІ





## НЕГАТИВТІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАРСЫ ТҰРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН СЕНІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

- капиталдандырудың жоғарғы деңгейі: негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті – 18,5%, бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті – 18,5%, нормативтік капитал жеткіліктілігінің коэффициенті – 19,9%;
- дағдарысқа және әлсіздеу КҚБ-ны (2014ж. – 2018ж. кезеңі үшін RoAE орташа мәні 24,8%); сатып алу мен біріктіруге қарамастан өтімділіктің жоғары деңгейі;
- өтімділіктің жоғары деңгейі: жалпы активтерге өтімді активтер – 48,3%;
- қорландырудың жоғарғы сапалы базасы: кредиттер/депозиттер – 53,3%;
- провизиялардың жеткілікті деңгейі: жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі (90 күндік және одан көп өткізілген мерзімі бар) – 8,2%, резервтермен өтеу – 129,2% деңгейіне дейін төмендеді;
- шетелдік қатысуысыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасындағы ең жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер:
  - Moody's Investor Services – Ba1 (тұрақты, 2019 ж. 20 ақпан);
  - Fitch Ratings – BB (позитивті, 2019 ж. 14 наурыз);
  - Standard&Poor's – BB (тұрақты, 2019 ж. 28 қараша).

## НАРЫҚТАҒЫ МЫҚТЫ ПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮЙЕ ҚҰРАУШЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТОП

- активтердің жоғары сапасын қамтамасыз ететін тиімді тәуекел-менеджмент, тұрақты кірістілік, капиталдандырудың жоғары деңгейі;
- Қазақстанда ірі клиенттік базасы мен сату арналарының желісі бар, Қазақстанның жетекші әмбебап қаржы тобы;
- «Halyk» тобы активтердің көлемі бойынша ТМД-да жеке коммерциялық банктер арасында 4-ші орынға және таза пайданың мөлшері бойынша 2-ші орынға ие, және мемлекеттік банктерді ескергенде сәйкесінше 10-шы және 4-ші орынға ие;

- зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша ең ірі төлем агенті (2,4 млн. клиент, нарықтағы үлесі 67,8%);
- кәсіпкерлерді қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысушы.

## КАЗКОММЕРЦБАНКПЕН (КҚБ) БІРІГУДЕН КЕЙІН НАРЫҚТА БАСЫМ БОЛУЫ

- 2018 ж. 28 шілдеде Қазақстан Халық Банкі және КҚБ Өткізу актісіне қол қойды, оған сәйкес КҚБ-ның барлық мүлкі, барлық активтері мен міндеттемелері Халық Банкіне берілді. Халық Банкі мен КҚБ-ның бірыңғай технологиялық платформаға өтуі бойынша барлық іс-шаралар кестеге толық сәйкестікте аяқталды;
- артықшылықтар нарықтағы жағдайда жақсарту, клиенттер базасын ұлғайту, өнімдерді дамытуды, сондай-ақ айтарлықтай синергияларды қамтиды;
- КҚБ-ны сатып алып, кейіннен біріктіргеннен кейін Халық Банкі активтердің мөлшері (жиынтық нарықтық үлесі 34,3%), меншікті капиталдың мөлшері (33,9%), таза табысы (44,9%), жеке тұлғалардың мерзімдік депозиттері, бөлшек ағымдағы шоттар, заңды тұлғалардың депозиттері мен ағымдағы шоттары, брутто заемдар, төлем карталары саны, аккредитивтер мен кепілдіктердің жиынтық портфелі, жалақылық жобалар бойынша Қазақстанда айқын көшбасшы болып табылады.

## НЕГІЗГІ БИЗНЕС-СЕГМЕНТТЕРДЕГІ НАРЫҚТЫҢ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ

- ең ірі филиалдар желісі – 647 қызмет көрсету орны;
- екінші деңгейдегі банктердің бөлшек депозиттер нарығындағы Халық Банктің жиынтық үлесі 37,8%, бұл ретте мерзімді салымдар бойынша – 37,2%, талап етуге дейінгі салымдар бойынша – 42,2% құрайды;
- екінші деңгейдегі банктер арасында заңды тұлғалардың депозиттері нарығындағы үлесі 38,7% құрайды;
- брутто заемдары бойынша нарықтың үлесі 28,7%, нетто заемдары бойынша – 28,2% құрайды;
- бөлшек кредиттеу нарығындағы үлесі – 20,5%;
- пластик карталар бойынша үлесі – 40%;
- аккредитивтердің портфелі бойынша үлесі – 72,1%;
- кепілдіктердің портфелі бойынша үлесі – 43,1%.

## ҚОРЛАНДЫРУДЫҢ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҚЫМБАТ ЕМЕС БАЗАСЫ

- дағдарыс кезінде депозиторлар үшін «сенімді аялақ»;
- екінші деңгейдегі банктер арасында қорландырудың ең төменгі мөлшерлемелерінің бірі;
- депозиттер міндеттемелердің жалпы сомасының 82,7%-ын құрайды, олардың 34,2%-ы нөлдік немесе төмен мөлшерлемесі бар ағымдағы шоттарды білдіреді (нарықтағы ең жоғары көрсеткіші 13,4%-ын құрайды);
- төменгі борыштық жүктеме – борыштық бағалы қағаздар міндеттемелердің жалпы сомасының 13,4%-ын құрайды.

## ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН КІРІС КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР ТИІМДІЛІГІНІҢ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШІ

- жоғарғы кіріс комиссиялық кірістердің әртараптандырылған ағымдарымен қолданып отырады, ол 2018 жылы жалпы кірістің 13,9%-ын құрады;
- оперативтік шығыстарды қатаң бақылау: 2018 жылғы операциялық шығыстардың операциялық кірістерге арақатынасының көрсеткіші 31,7% құрады.


## ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРНАЛАРЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ

- бөлшек сауда және корпоративтік клиенттер және ШОБ клиенттері үшін қашықтықтағы арналарды кең таңдау, барлық төлемдердің 80,1%-ы қашықтағы арналар арқылы өтеді;
- 4 408 банкомат, 67 053 POS-терминал, 1 097 төлем терминалы;
- Homebank.kz 3,5 млн. пайдаланушысы бар Қазақстандағы жетекші интернет-банкінг платформасы болып табылады (2018ж. 28,8 млн. транзакция); ай сайын бөлімшелердегі 2 млн. клиенттік кірулерге қарағанда онлайн 8,0-8,5 млн. клиенттік кірулер (80%-ы мобильдік банкінг арқылы), мобильдік қосымша Google Play және App Store-да «Қаржы» санатындағы тегін мобильдік қосымшалар арасында топ-5-ке кіреді;
- Заңды тұлғаларға арналған дамыған интернет-банкінг платформасында 131,3 мың пайдаланушы бар.



<sup>1</sup> Банктің ақпараты, RiaRating, [www.banki.ru](http://www.banki.ru)

<sup>2</sup> 2018 ж. 01 шілдедегі жағдай бойынша



ДИРЕКТОРЛАР  
КЕҢЕСІ  
ТӨРАФАСЫНЫҢ  
СӨЗІ





### ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

#### Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!

Былтырғы жылдың оқиғалары мен қорытындылары ұлттық экономиканың осалдығының барлық спектрін көрнекі көрсетіп шықты, оның ішіндегі ең бастысы, көптеген сарапшылардың пікірінше, Қазақстан әл-ауқатының шикізат секторы жұмысының нәтижелеріне айтарлықтай тәуелділігі, шағын және орта кәсіпкерліктің нашар дамыған сегменті және мемлекеттің барлық салаларға дерлік басымдығы болып қала береді.

Жыл бойы мұнай бағасының 30%-дан астам өсуі және 90 млн. тонна мұнай шығарудың рекордтық көлемі Қазақстанның ЖІӨ өсімі 2017 жылдың деңгейінде — 4,1%-да сақтауды мүмкін етті. Ұлттық экспорттың негізгі бабы бойынша кірістердің айтарлықтай өсімі еліміздің мемлекеттік қаржысында және сыртқы шоттарында

позитивті көрініс тапты, мұнда алғаш рет 2014 жылдан бастап, мұнай бағасының екі рет түсуінен кейін, төлем балансын теңестіру үрдісі байқалады. Экспорттық түсімнің артуымен қолдау тапқан инвестициялар өсімі 2018 жылы жылдың көбірек бөлігінде 20% көрсеткішті арта түсіп, 10-жылдық максимумға қол жеткізді. Алайда бұл өсімнің 40%-нан астамын өндіру секторына жасалған инвестициялар құрады, мұнда негізгі көлемдер Теңіз кен орны қуатын ұлғайту есебінен қалыптасты.

2018 жылы ұлттық валютаның АҚШ долларына бағамы 2018 жылдың аяғына 332,3 теңгеден 384,2 теңгеге дейін төмендеді. Алайда, күшті проинфляциялық жағдайға қарамастан, Қазақстандағы инфляция деңгейі 2018 жылы 5,3% 5-жылдық минимумға қол жеткізді. Бұл көрсеткіше іс жүзінде ұлттық валютаның әлсіздігі де, инфляциялық болжамдарының рекордтық деңгейі де, тұрғындардың номиналды жалақылардың 7% өсімі де жағымсыз әсер етпеді.

Ақша-кредит талаптары 2018 жылғы 3-тоқсанға дейін бейтарап деңгейде сақталып келді, және де төмендеуші инфляциямен қатар реттеуші базалық мөлшерлемені ілгері төмендетті. 2018 жылғы төртінші тоқсанда ғана Қазақстанның Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 9,25%-ға дейін арттыру туралы шешім қабылдады, бұл реттеушінің елімізде ақша-кредит талаптарын күшейтуге ниеті туралы болжалды куәландыруы мүмкін. Экономиканың банк секторын сауықтыру шеңберінде, 2018 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мынадай екінші деңгейдегі банктердің лицензияларын қайтарып алды: «Астана Банкі» АҚ, «Qazaq Bankі» АҚ және «Эксимбанк Қазақстан» АҚ.

Мемлекеттің жоспарланған көрсеткіштерін қамтамасыз етудегі елеулі көрсеткіштерді белгілей отырып, біз, әлбетте, шикізат секторын дамытудағы акцент - ұлттық экономиканың энергия ресурсының бағасына қауіпті тәуелділігін тек күшейтеді және одан әрі өсуі үшін тұрақты драйверлердің жоқтығы туралы куәлік етеді деп санаймыз.

2018 жылы банк секторының өсуін тежеген жағымсыз макроэкономикалық факторлар «Халық» тобына кіретін банктерді және сақтандыру компанияларын қайта ұйымдастырудың бірқатар параллель процестерін аяқтауға «Халық» тобына кедергі болмағанын баса айтқан жөн. Сонымен, былтырғы жылдың шілдесінде Қазақстанның банк секторының тарихында ең ауқымды трансформациялау жобасы сәтті іске асырылған болатын. Екі ең ірі жүйе құрушы банк, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Казкоммерцбанк» АҚ өздерінің технологияларын, өнімдерін, филиалдық және банкоматтық желілерін, сондай-ақ екі жоғары кәсіби командаңық білімдері мен тәжірибелерін біріктірді. Біріктірілген банк ең жақын бәсекелестерін негізгі көрсеткіштер бойынша бірнеше есе алда келеді және де Қазақстанғы ең сенімді және әртараптандырылған қаржы институты, еліміздің банк секторының флагманы болып табылады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Казкоммерцбанк» АҚ бірігуімен қатарлас, 2018 жылға жоспарланған интеграциялық іс-шаралар арнасында «Халық» тобының ресейлік еншілес банктерінің және қазақстандық сақтандыру компанияларының қайта ұйымдастырылуы жүргізілген болатын.



Сонымен, екінші тоқсанда ресейлік еншілес «НБК-Банк» АҚ «Москоммерцбанк» АҚ-қа біріктірілген болатын. Жылдың қорытындысы бойынша біріктірілген «Москоммерцбанк» АҚ-тың активтері 18 672 млн. рубльді (103 070 млн. теңге), меншікті капитал – 1 278 млн. рубльді (7 056 млн теңге) құрады.

Үшінші тоқсанда «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ «Казхинстрах» АҚ-тың құрамына кірді, акционерлердің шешімі бойынша ол «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-қа өзгертілген болатын. Бүгінгі таңда бұл ұйым Қазақстанның жалпы сақтандыру нарығында 17% брутто-сыйлықақы бойынша үлесімен екінші орынды иеленіп отыр.

Төртінші тоқсанда өмірді сақтандыру бойынша ұйым «Казкоммерц-Life» АҚ өмірді сақтандыру бойынша ұйымға «Халық-Life» АҚ-қа біріктірілген болатын. Жылдың қорытындысы бойынша «Халық-Life» АҚ нарықта 44,3% үлесімен бірінші орында тұр, сондай-ақ өмірді сақтандыру бойынша қазақстандық компаниялар арасында ең жоғары рейтингке (bbb-) ие.

Бұл маңызды жұмыс бір бизнес-сегментте қызмет атқаратын Банктің еншілес құрылымдарының қызметін оңтайландыруға жағдай туғызды, бизнесті басқарудың тиімділігін арттырды және «Халық» тобының нарықтық позицияларын нығайтты.

Банк секторы тарихындағы ең ірі біріктіруімен қатарлас Халық Банкі «Altyn Bank» АҚ-тың акционерлік капиталындағы 60% үлесін: China CITIC Bank Corporation Limited-ке 50,1% мөлшерінде және China Shuangwei Investment Co., Ltd.-ке 9,9% мөлшерінде сату бойынша ең ірі мәмілені аяқтады. Бұл мәміле Халық Банкіне айтарлықтай қосымша құн әкелді –

инвестициялардағы кірістілік 95,4% құрады. Капиталдағы 40% үлеске иелігін сақтай отырып, Директорлар кеңесінде «Halyk» тобының өзінің үш өкілі бар және де келісім бойынша алдағы үш жылда «Altyn Bank» АҚ-тың Басқарма Төрағасын өзі тағайындайды.

2018 жылы еншілес инвестициялық-брокерлік компания «Halyk Finance» АҚ әсерлі нәтижелерге қол жеткізді. Жылдың қорытындысы бойынша ол бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, ұйымдары арасында таза пайда көлемі жағынан бірінші орынға (4,02 млрд теңге) және меншікті капитал көлемі жағынан екінші орынға (20,1 млрд теңге) ие болды. Компанияның тікелей қатысуымен жүзеге асырылған табысты мәмілелер қатарынан «Казатомпром» IPO-сын, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың корпоративтік еврооблигацияларды швейцар франкімен алғаш рет шығаруын атап өткен жөн. Мәміленің екеуі де «Астана» халықаралық қаржы орталығы алаңында жүргізілді, ал «Halyk Finance» АҚ бірлескен ұйымдастырушы ретінде бола алды.

Компанияның жетістігі халықаралық мойындауға ие болды және ең беделді қаржы басылымдарынан бірқатар мәртебелі марапаттармен марапатталды: «2017 жылы Орталық және Шығыс Европада облигациялар нарығында үздік инвестициялық банк» (EMEA Finance), «2017 жылы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» (EMEA Finance), «2018 жылы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» (CBonds), «2017 жылы рубльдегі облигациялардың үздік шығарылымы» (EMEA Finance), «2018 жылы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» және «2018 жылы облигациялар нарығында Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» (Global Business Outlook).

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ басқа еншілес инвестициялық-брокерлік компаниясы 2018 жылы бірқатар ірі мәміле жасады: «Казхателеком» АҚ облигацияларын АХКО-ға алғаш рет орналастыру, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ еврооблигацияларын LSE мен KASE-ге орналастыру, сондай-ақ «Еуразиялық Даму Банкі» АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ және «Самұрық-Энерго» АҚ облигацияларын орналастыру. Өзінің табысты қызметі үшін «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ мынадай марапаттарға ие болды: «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» (Global Finance), «Қазақстанның инвестициялық банктер рейтингінде №1» (Forbes Kazakhstan), «Қор нарығын дамытудағы қосқан үлесі үшін» және «Акциялар мен облигациялар нарығындағы андеррайтинг лидері» (KASE), «Үздік аналитика» және «Қазақстанның үздік андеррайтері» (CBonds), «2018 жыл қорытындысы бойынша Қазақстанның облигациялар нарықтық орналасуы руды ұйымдастырушылардың рэнкингінде №1» (CBonds).

«Халық Банк Грузия» АҚ еншілес банкі 2018 жылы төлемдік инфрақұрылымды дамытуға ерекше мән берді. Сонымен, VISA және Ingenico компаниясымен бірлесіп банк мобильдік эквайринг жобасын елімізде ең бірінші болып іске қосты. Бұған қоса жаңа жоба – жеке және заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг жобасы іске асырылды. Банк қызметінің қорытындысы бойынша Fitch оның қаржылық тұрақтылығының рейтингін позитивті болжаммен «BB-» деңгейінде растады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша банк 12,56 млн. лари (1 719 млн. теңге) мөлшерінде таза пайда алды.





Өз кезегінде, «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ еншілес банкі 2018 жылы сенімді өсімді көрсетті. Сонымен, бір жылда банк активтері 7 095 млн. сомға (39 091 млн. теңге) дейін артты; несиелік портфель (брутто) 48,8%-ға артты; банк шығарған төлем карталар саны 3,9 мың данадан 11,8 мың данаға дейін өсті; банктің таза пайдасы 154,2 млн. сомды (774 млн. теңге) құрады, бұл 2017 жылдағы нәтижені 75%-ға артты. Жыл қорытындысы бойынша банк «Үздік Контрибьютер-2018» номинациясы бойынша Thomson Reuters марапатына ие болды.

ТМД-нің бес мемлекетінде ұсынылған «Halyk» тобы инвесторлар үшін өсіп келе жатқан және тартымды нарық болып табылатын Өзбекстанда еншілес банк ашу жөнінде жұмысты бастады. 2018 жылы Халық Банкі Өзбекстанның Ұлттық Банкінен Өзбекстан Республикасы аумағында «Tenge Bank» АҚБ еншілес банкін құруға қажетті рұқсаттар алды және 2019 жылдың сәуірінде өзінің операциялық қызметін бастауды жоспарлап отыр.

Әрдайым «Halyk» тобы корпоративтік басқарудың озық халықаралық тәжірибені есепке ала отырып қабылданған жоғары стандарттарымен ерекшеленіп отырды. «Казкоммерцбанк» АҚ-пен біріккеннен кейін біз, инвесторлар мен акционерлер үшін компания құнының және «Halyk» брендінің өсуіне мүмкіндік беретін, Банк Жарғысының, Банктің корпоративтік басқару кодексінің және басқа да ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін жетілдіре және мүлтіксіз сақтай отырып, корпоративтік басқарудың заманауи және тиімді жүйесін дамытуды жалғастырдық.

Көптеген жылдар бойы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметінің маңызды аспектісі және корпоративтік мәдениетінің ажыратылмас бөлігі болып қайырымдылық табылады. Әлеуметтік жауапкершілікті институт ретінде банк қазақстандық спортқа, өнер және мәдениетке, денсаулық сақтауға, білім беруге, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына қолдау көрсетуге бағытталған жобаларға бастама жасайды және жүзеге асырады. Бұл жобалардың ауқымды бөлігі осы қызметпен жүйелі түрде және максималды тиімді айналысуға мүмкіндік беретін, арнайы құрылған «Халық» қайырымдылық қоры арқылы іске асырылады.


2018 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 95-жылдығына орай, «Игі істер фестивалін» ұйымдастырды. Банктің мерейтойына арналған мерекелік іс-шараларға «Халық» қайырымдылық қоры да белсенді қатысты. Барлық қайырымдылық бастамалардың байланыстырып тұратын буыны – игі істер жасауға шақыру және қоршаған ортамен бөлісу. Жылдың әр айы барлық қазақстандықтар үшін жалпы тақырыпқа арналды: спортқа және салауатты өмір салтына, ұлттық дәстүрлерге, өсіп келе жатқан ұрпақ пен егде жастағы азаматтарға қамқорлық, сондай-ақ мәдениет пен өнерге. Осы уақыт ішінде «Халық» қайырымдылық қоры Банктің қолдауымен ондаған қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, өткізді, олардың ішінде Қазақстанның 21 қаласында аз қимылдайтын азаматтар үшін «Инватакс» сатып алу, спорт-ойын алаңдарын орнату, әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардың балаларына арналған «Мектепке жол»

акциясы, сондай-ақ «Астана Опера» және «Қазақстан гимнастика федерациясы» қызметіне демеушілік ету.

2018 жылы «Halyk» тобы жұмысының басты қорытындысы отандық нарыққа оның қаржылық қуаты мен ықпал ету деңгейінің айтарлықтай артуы болды. Алайда, бұған қоса, біздің алдымызда тұрған міндеттердің күрделілігі де, сондай-ақ экономиканың одан әрі дамуы және қазақстандық қаржылық қызметтер нарығын жетілдіру үшін мемлекет алдындағы жауапкершілігіміздің өлшемі де тепе-тең өсті.

Таяудағы жылдарда «Halyk» қаржы тобының жүйе құрушы рөлі Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне және шетелдік ойыншылардың отандық нарыққа келуіне байланысты одан әрі өседі. Алайда біз жаңа кезеңнің сын-тегеуріндеріне дайынбыз, себебі кез келген масштабтағы және күрделі міндеттерді шешуде өз қабілетімізді бірнеше рет дәлелдедік. Орталық Азияда өңірлік көшбасшы рөліне талаптанатын қаржы тобы бәсекеге ең қабілетті ғана емес, сонымен қатар клиентке бағдарланудың үлгісі болуға, технологиялық инновацияларды енгізуде пионер болуға міндетті. Біздің алдымызда жаңа әрі аса күрделі мақсаттар тұр, және де оларға қол жеткізу үшін бізде қажеттінің бәрі бар.

Сөзімнің соңында Директорлар кеңесі атынан акционерлерімізге, әріптестеріміз бен серіктестерімізге жемісті ынтымақтастығы, сенімі, «Halyk» тобы дамуының стратегиялық бағдарына түсіністігі мен қолдауы үшін алғысымды білдіремін.



БАСҚАРМА  
ТӨРАЙЫМЫНЫҢ  
СӨЗІ





## ШАХАХМЕТОВА УМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ

### Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!

Өткен жыл Халық Банкі үшін тарихи маңызды жыл болды. Біз Қазақстанның екі жүйе құрушы банкірі – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ-тың толық бірігуін аяқтап, оның нәтижесінде өңірдегі ең ірі қаржылық топты құрдық. Жоба рекордтық қысқа мерзімдерде жүзеге асырылды және барлық посткеңестік кеңістіктегі ең ауқымды бірлесу болды.

Бірігу нәтижесінде біз біріккен банктің еліміздегі ең ірі болып табылатын клиенттік базасын толық көлемін сақтап қалдық. Бұл - 9,9 млн. жеке тұлға және 300 мыңнан артық ұйымдар. Бірігумен қатар өзіміздің ағымдағы қызметімізді жалғастырдық және де осы кезеңнің барлық қиыншылықтарына қарамастан, біз бизнестің көлемдері мен оның кірістілігін ұлғайтып қана қоймай, клиенттердің көпшілігінің сенімділігі мен бейімділігі сақтап қала білдік.

Қазақстанның банк секторында сонымен қатар стресстік активтерден сауығу және «тазару» күрделі процесі жүріп жатты.



Қазақстанның Ұлттық Банкі бірнеше проблемалы банктердің лицензиясын қайтарып алып, қатаң, бірақ қажетті шараларды қол алды. Олардың шарасыз кетуі кредиттік белсенділіктің жалпы төмендеуіне ықпал етті. Банктердің Қазақстан экономикасындағы рөлі соңғы жылдар үшін ең төменгі көрсеткішке дейін түсті – банк секторының ЖІӨ-дегі үлесі (активтер бойынша) 2016 жылғы 53%-дан 2018 жылда 43 %-ға дейін түсті. Оны себебін шешілмеген құрылымдық проблемалардың болуында, ШОБ сегменті әлсіз бола тұрып, шикізат секторының басым болуында, банк жүйесінің проблемаларында, экономикада мемлекеттің басым болуында деп білеміз.

Банк секторы жұмысының әлсіз нәтижелеріне қарамастан, «Halyk» тобы 2018 жылға алдына қойған мақсаттардың барлығына қол жеткізді. Біз пайданың 46,7%-ға, меншікті капиталдың 9%-ға теңдессіз өсіміне қол жеткіздік. Айтарлықтай күрделі макроэкономикалық жағдайда «Halyk» тобының елеулі беріктік қорынын, дұрыс бизнес-үлгінің, тәуекелдерді басқарудың ойластырылған саясатының және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарының, сондай-ақ қызметкерлердің тәжірибесі мен кәсібилігінің арқасында жоғары даму қарқынына қол жеткізілді.

Стратегиялық шешімдер арнасында «Altyn Bank» АҚ капиталының 60%-ын China CITIC Bank Corporation Limited және Shuangwei Investment Co., Ltd. жаһандық инвесторларға сату бойынша мәмілені сәтті аяқтадық. Бұрынғы еншілес банкке инвестициялардан шығу «Halyk» тобына дивидендтерді ескере отырып, 30,4 млрд. теңге мөлшерінде кіріс алуға мүмкіндік берді, сондай-ақ Қытайдың жетекші қаржы құрылымдарымен өзара пайдалы ұзақ мерзімді серіктестікке негіз салып берді.

Көп жылдар бойы Банк ШОБ-пен белсенді ынтымақтаса жұмыс жасап және кәсіпкерлер үшін қаржы өнімдері мен сервистерін әзірлеуді үздіксіз инвестициялап келеді, себебі кәсіпкерлік қызметті қолдау оның бағаға тәуелділігін энергиялық ресурстарға біркелкілеуге мүмкіндік бере отырып, ұлттық экономиканы әртараптандыруға тікелей ықпал етеді. Банктің қашықтықтан қызмет көрсету арналарын дамытуға көзделуі ШОБ төлем транзакцияларының

шамамен 80%-ы онлайнға көшіруге мүмкіндік берді. Onlinebank заңды тұлғаларға арналған интернет-банкінг платформасы қазіргі таңда 93,4 мың пайдаланушыларға қашықтықтан қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.


Сонымен қатар біз Өзбекстан нарығына шығу бойынша барлық қажетті жұмысты атқарып, 2019 жылы еншілес «Tenge» банкіні ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл Орталық Азияның қаржы нарығындағы ең ірі ойыншысы ретінде «Halyk» тобының даму жолында маңызды қадам болады деп есептейміз.

Өткен жыл нәтижелері елдің банк секторының сипаттамалық тенденциялары мен әрі қарай дамуының ықтимал келешегін көрнекі түрде көрсетеді. Ескі проблемалардан арылу және бәсекелестікті нығайту банктерді нығайтуға, банктік өнімдер мен қызметтерді дамытуға алып келеді, қызмет көрсету сапасын арттыруға қол салуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

2019 жылда біз үшін негізгі сын - Халық Банкінің өзінде және оның еншілес компанияларының клиенттік сервисін жетілдіру. Біз клиенттерімізге қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін процестерді дамыту мен қайта құруды жалғастырамыз. Бұл үшін өзгерістер бағдарламасы қабылданды, сапа департаменті құрылды, фронт-офис қызметкерлерінің еңбегін төлеу жүйесі өзгерді, тренингтер мен мотивациялар бағдарламасы құрылды. Homebank және Onlinebank фронталды қашықтық порталдарының қызметін пысықтауды және жетілдіруді, IT жүйелеріне инвестициялауды жалғастырамыз.

Біз екі банктің үздік мамандарын біріктіріп, күрделі біріктіру процесін аяқтап, бүгінде нарықтағы ең мықты - «карман командасы» болып табылатын өз басқарушылық командамызға сенімдіміз. «Halyk» тобының 20-мыңдық ұжымымен бірге біз нарықтағы жетекші орнымызды нығайту, тиімділікті арттыру және акционерлік құнын ұлғайту бойынша жұмысымызды жалғастырамыз.

Басқарма атынан ынтымақтастық пен қолдау көрсеткендері және «Halyk» брендінің негізгі құндылықтарына алдалғы үшін акционерлерімізге, клиенттерімізге және серіктестерімізге алғыс айтамын.



ДИРЕКТОРЛАР  
КЕҢЕСІ



**ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ (1953 ж.т.)**

Директорлар кеңесінің Төрағасы, Тәуелсіз директор

Павлов Александр Сергеевич Халық Банкі Директорлар кеңесінің Төрағасы болып 2004 жылғы наурызда сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Өз мансабының әр жылдарында мемлекеттік аппаратында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы – Қаржы министрінің бірінші орынбасары сияқты жоғары лауазымдарда қызмет еткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының машина жасау және шикізат секторының ірі коммерциялық компанияларда басшы лауазымдарында қызмет жасаған. Түрлі халықаралық ұйымдарда Қазақстанның мүдделеріне өкілдік еткен.

Александр Сергеевич Беларусь мемлекеттік халықшаруашылығы институтын «Экономика» мамандығы бойынша (1970-1974), сондай-ақ КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын «Саясаттану» (1991) мамандығы бойынша бітірген.



**ДУНАЕВ АРМАН ГАЛИАСҚАРУЛЫ (1966 ж.т.)**

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Арман Галиасқарұлы Дунаев 2013 жылғы қыркүйекте Халық Банкі Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. ҚР бірінші қаржы вице министрі, ҚР Қаржы министрі, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Квазимемлекеттік секторда басшылық позицияларда жұмыс істеген. Дунаев мырза қазіргі кезде Халық Банкінің бірқатар еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Арман Галиасқарұлы С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша және М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетін экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бітірген.



**КРИСТОФ РЁЛЬ (1958 ж.т.)**

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Кристоф Рель 2007 жылдың маусым айында Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Калифорния, Лос-Анджелес Университетінде экономика профессорының ассистенті ретінде жұмыс істеді. Вашингтонда Дүниежүзілік Банк тобында бас экономист лауазымын, Мәскеуде аға экономист және Бразилияда жетекші экономист және сектор жетекшісі лауазымдарын атқарған. «BP plc» компаниясында бас экономистің орынбасары лауазымында қызмет жасады, топтың бас экономисті және «BP plc» компаниясының Вице-президенті болды. 2014 жылғы шілдеде Рель мырза Абу-Даби (Abu Dhabi Investment Authority) Зерттеулер бөлімінің Бірінші Жаһандық басшысы болып тағайындалды.

Кристоф Рель Германияның Бремен Университетінің «Экономика Магистрі» дәрежесіне ие.



#### ФРЭНК КАЙЛАРС (1958 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Фрэнк Кайларс 2009 жылғы сәуірде Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2014 жылғы сәуірде қайта сайланды. 1990 және 2007 жылдар аралығында ABN AMRO Bank NV. және кейін RBS-те бірқатар жоғары лауазымдарды иеленді: Бельгияда Корпоративтік және Инвестициялық банкинг басшысы, Бразилияда өңірлік менеджер, Ресейде және Аргентинада ел бойынша менеджер. Кайларс мырза Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Бақылаушы Кеңестің мүшесі болды. 2001 жылы ол Корпоративтік Атқарушы вице-президент лауазымына тағайындалғаннан кейін ғаламдық энергетика мәселелеріне жетекшілік етумен қатар Еуропа, Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері бойынша, сондай-ақ Корпоративтік және Инвестициялық банкинг жөніндегі атқару комитеттерінің мүшесі болды.

Ол бірнеше халықаралық ұйымда кеңесші болып табылады және ұзақ уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Кайларс мырза «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, сондай-ақ Amsterdam Trade Bank NV. Қадағалау кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес директоры, тәуелсіз мүшесі болып табылады. Кайларс мырза Eureka (Energy) Ventures BV. меншіктенушісі мен басқарушы директоры болып табылады. Фрэнк Кайларс Роттердам қаласындағы (Нидерланды) Эразм Университетін «Құқық магистрі» дәрежесімен бітірді, Голландияның банктер мен сақтандыру компаниялары институтында оқыды, Фонтенбло (Франция), Кембридж (Ұлыбритания), Гарвард Бизнес-Мектебі (АҚШ) секілді халықаралық институттарда бірқатар дипломнан кейінгі бағдарламалардан өтті.



#### ЕСЕНБАЕВ МАЖИТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ (1949 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі

Мажит Төлеубекұлы Есенбаев 2014 жылғы сәуірде Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды.

Еңбек мансабының әр жылдарында Бас салық инспекциясының бастығы - ҚР Қаржы министрінің бірінші орынбасары, Мемлекеттік Салық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының әкімі, ҚР қаржы министрі, ҚР индустрия және сауда министрі, Ақмола облысының әкімі, ҚР бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы, ҚР Қаржы министрінің Кедендік бақылау комитетінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарында қызмет еткен.

2014 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Мажит Төлеубекұлы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастыру» мамандығы бойынша, сондай-ақ КСРО Мемжоспары жанындағы Өндіруші күштерді зерттеу жөніндегі кеңесі аспирантурасының күндізгі бөлімін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.



### СӘЙДЕНОВ ӘНУАР ҒАЛИМОЛЛАҰЛЫ (1960 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы 2016 жылдың сәуірінде Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Мансабын оқытушылық қызметтен бастады, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында экономикалық теорияны оқытты. Ары қарай Еуропалық қайта құру және даму банкінің консультанты, кіші банкирі болып еңбек етті, Лондон (Ұлыбритания). Еңбек қызметінің әр жылдарында ҚРҰБ Төрағасының орынбасары және Төрағасы, Инвестициялар жөнінде мемлекеттік комитеттің басшысы, Ұлттық Инвестициялар жөнінде агенттігінің Төрағасы, ҚР Қаржы министрлігінің вице-министрі сияқты жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқарған. Әр жылдарда Халық Банкінде және басқа ірі ЕДБ-де, қаржы ұйымдар мен ірі коммерциялық компанияларда бірінші басшы болған.

Әнуар Ғалимоллаұлы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін «Саяси экономия» мамандығы бойынша үздік бітірді. Кейін М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті экономика факультетінің аспирантурасын үздік аяқтады, экономика ғылымдарының кандидаты, сондай-ақ Лондон университетінің Шығыс және Африкалық зерттеулер мектебін (SOAS) бітірді, (Лондон, Ұлыбритания), «Қаржы экономикасы жөнінде ғылым магистрі» дәрежесі берілді.




### ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ (1969 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы

2009 жылғы 22 қаңтарда Шаяхметова Үміт Болатханқызы Халық Банкінің Басқарма Төрайымы болып тағайындалды, 2009 жылғы сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Әр жылдарда ол «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК Басқарма Төрайымы, «АБН АМРО Банк Қазақстан» ЕБ ЖАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді. 2004 жылдың қараша айынан бері Халық Банкі Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 2011 жылғы мамыр айынан бастап Қазақстанның гимнастика федерациясының президенті болып табылады. 2015 жылғы маусым айында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің палатасы тұсындағы Іскерлік әйелдердің өңірлік кеңесінің Төрайымы болып тағайындалды. 2015 жылғы маусымда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының Қаржы секторы комитетінің Төрайымы болып және UnionPay International Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Кавказ бойынша өңірлік кеңесінің төрайымы болып сайланды. 2018 жылғы маусым айынан бастап «Altyn Bank» АҚ-та Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі болып табылады.

Үміт Болатханқызы П. Лумумба атындағы Халықтар Достығы Университетін «Экономика ғылымдарының бакалавры» біліктілігімен және Rutgers University (АҚШ) «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.





БАСҚАРМА







#### ШАЙХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ (1969 ж.т.)

Басқарма Төрайымы

Өмірбаянын «Директорлар кеңесі» бөлімінен қараңыз.



#### ЖАҒЫПАРОВ НҰРЛАН ТӨЛЕУЖАНҰЛЫ (1977 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Транзакциялық бизнес, Инновациялық технологиялар, Homebank

Нұрлан Төлеужанұлы «Казкоммерцбанк» АҚ-та мансабын 2002 жылы бастап, инновациялық технологиялар департаментінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарды, 2005 жылы осы департаментінің басшысы болып тағайындалды, ал 2010 жылы атқарушы директор болып тағайындалды. 2012–2014 жж «ККБ Қырғызстан» ААҚ, «Москоммерцбанк» КБ (ААҚ), «БТА Банк» АҚ ЕҮ «ӘлемКард» ЖШС Директорлар кеңесінің құрамына кірді, «ККБ Тәжікстан» ЖАҚ-тың қадағалаушы кеңесінің мүшесі болды. 2014 ж. маусымда Банктің басқарушы директоры – басқарма мүшесі болып тағайындалды.

2017 жылдың қазан айында қоса атқару бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып қабылданды.

2018 жылдың шілде айынан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Абай атынд. Алматы мемлекеттік университетінің «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша, сонымен қатар Хьюстон колледжінің «Тереңдетілген бағдарламалау» мамандығы бойынша түлегі. 2002 ж. Ұлыбританияның Саутгемптон университетіне MS in Software Engineering дәрежесіне ие болды.



#### КӨШЕНОВ МҰРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ, CFA, FRM (1973 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Корпоративтік бизнес

Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы қаржы-банк жүйесінде 2000 жылдан бастап қызмет етеді. 2002-2010 жылдары мына лауазымдарды атқарды: «ABN AMRO Asset Management» ЗАБҚ ЖАҚ-тың брокерлік-дилерлік бөлімінің бастығы, «ДАБ «ABN AMRO Bank Қазақстан» АҚ тәуекел-менеджер, Тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы, Басқарма Төрағасының орынбасары (кейінірек «RBS (Қазақстан)» ЕБ АҚ) (2002-2010 жылдары).

Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та – 2010 жылғы қаңтардан бастап Тәуекел-менеджменттің басшысы, Compliance-бақылаушы лауазымдарына тағайындалған. 2014 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма Төрағасының орынбасары, «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін «Физик» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



#### ҚҰСАЙЫНБЕКОВ ҚУАТ ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ (1966 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары, Ақпараттық технологиялар блогының бөлімшелері Қусаинбеков Қуат Қайроллаевич 1999 жылғы қарашадан бастап Халық Банкі жүйесінде жұмыс істейді. Әр уақытта: Ақпараттық технологиялар департаментінің Банктік жүйелерін жобалау басқармасының басшысы, банктік ақпараттық жүйені жобалау және дамыту басқармасының басшысы – Ақпараттық технологиялар департаменті директорының орынбасары, Ақпараттық технологиялар департаменті директорының орынбасары, Ақпараттық жүйелер департаменті директорының орынбасары, Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры, басқарушы директор – Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры, Бас банкі Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры, басқарушы директор, бас IT-директоры лауазымдарын атқарған. 2015 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Қуат Қайроллаевич В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Автоматтандырылған басқару жүйелері» мамандығы бойынша бітірген.



#### САРТАЕВ ДӘУРЕН ЖАНКІСЕЙҰЛЫ (1982 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Шағын және орта бизнес және PR

Банк қызметінің «Қазкоммерцбанк» АҚ-та 2004 жылы бастады. Шағын және орта бизнес бөлімінің менеджері, басшысы, Шағын бизнес басқармасы басшысы лауазымдарын атқарды. 2010 ж. бастап 2012 ж. дейін «Темірбанк» АҚ-та еңбек етті – Кредиттік тәуекелдер басқармасының басшысы, филиал директоры, Проблемалық кредиттермен жұмыс департаменті директоры лауазымдарында қызмет етті. 2016 жылдың маусым айынан бастап «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма мүшесі, басқарушы директоры болып тағайындалды, корпоративтік кредиттеуге, ШОБ секторы мен филиал желісіне жетекшілік етті. 2017 жылғы шілдеден бастап «Қазкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Одан бұрын «Kcell» АҚ-та жұмыс жасады, ол жерде Шымкент қаласындағы филиалын басқарды, сондай-ақ Алматы қ. және Алматы облысындағы офистің жұмысына жетекшілік жасады. Сартаев мырза сондай-ақ Ernst & Young халықаралық аудиторлық компаниясының қазақстандық өкілдігінде қызмет атқарды.

2018 жылғы шілдеден бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Д.Ж. Сартаев Алматы қ. Қазақ гуманитарлық-заң университетінің 2003 жылы «құқықтану» мамандығы бойынша түлегі. «МИРБИС» Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің стратегиялық менеджмент және кәсіпкерлік саласында, сондай-ақ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «МВА стратегиялық менеджменті» мамандығы бойынша MBA дәрежесінің иегері.



#### СӘЛІМОВ ЕРТАЙ ИСМАИЛҰЛЫ (1974 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Бөлшек бизнес

Салимов Ертай Исмаилович Халық Банкі жүйесінде 1995 жылғы тамыздан бастап жұмыс істейді. Әр уақытта: Валюталық операциялар департаментінің саудалық емес операциялар бөлімі басшысының орынбасары, валюталық операциялар департаментінің асыл металдармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысының орынбасары, Халықаралық операциялар департаментінің асыл металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкирі, Халықаралық операциялар департаментінің асыл металдар бөлімнің жетекші банкирі. Саудалық қаржыландыру департаментінің Commodity бөлімінің бас банкирі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкирі, қазынашылықтың аға дилері, Forex, Money market қазынашылық операциялары басқармасының басшысы, қазынашылықтың саудалық операциялар басқармасының басшысы, қазынашылық директорының орынбасары, қазынашылық директоры, бас ОПЕРБ басшысы, бас операциялық директор лауазымдарында қызмет атқарған, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директоры және «Halyk Finance» АҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып жұмыс жасаған. 2015 жылғы 05 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары болып қызмет етеді, 2018 жылғы тамыздан бастап «Қазкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ-тың қадағалаушы кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Ертай Исмаилұлы Қазақ мемлекеттік Басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірді.



#### ТАЛПАКОВ АСЛАН БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ (1975 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Мемлекеттік компанияларға жетекшілік ету, ШОБ Солтүстік өңір

Талпаков Аслан Бактыгереевич өзінің еңбек қызметін 1999 жылы «Эллайд Саппорт» БК қаржы бөлімінің бухгалтері, одан кейін талдаушысы болып бастады. «Нурбанк» ААҚ Дилинг және халықаралық есептер басқармасының жетекші маманы лауазымын атқарды. Әр жылдарда Атырау қ. «ABN AMRO Қазақстан Банкі» ЕАБ ЖАҚ филиалында Жеке тұлғалармен жұмыс жөніндегі бөлімнің маманы, Есептік-кассалық бөлімнің басқарушысы, филиал директоры лауазымдарында жұмыс атқарды. 2009 жылдан бастап 2011 жылына дейін Алматы қ. «RBS (Kazakhstan)» ЕБ» АҚ Корпоративтік клиенттер департаментінің менеджері болып істеді.

Халық Банкі жүйесінде 2011 жылғы шілдеден қызмет етеді, Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөнінде департаментін басқарды. 2015 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін 2016 жылғы қаңтарда Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етеді. «Халық Жоба» ЖШС Қадағалау кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2016 жылғы наурызда «Халық-Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Аслан Бактыгереевич 1996 жылы Варнен еркін университетін «Халықаралық бизнестегі менеджмент» мамандығы бойынша аяқтады.



#### ҚАРПЫҚОВА ӘЛИЯ СӘКЕНҚЫЗЫ (1970 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Қаржы, Бухгалтерлік есеп, Еншілес ұйымдар

Қарпықова Әлия Сәкенқызы банк жүйесінде 1992 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 1992 жылдан бастап 1996 жыл бойынша ҚРҰБ-те түрлі лауазымдарда жұмыс атқарды. 1996–1997 жылдары Varents Group-та ҚР банктік жүйесіндегі бухгалтерлік есеп реформасы бойынша жобасының кеңесшісі болып жұмыс істеді. 1998–2001 жылдары: «Сити Банк Қазақстан» ЖАҚ-та Басқарма мүшесі – Бас бухгалтер, Қаржылық бақылау және әкімшілік басқару департаментінің директоры. 2001–2004 жылдары «Наурыз Банк Қазақстан» ААҚ-да Басқарушы директор, одан кейін Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары болды.

2004 жылдан бастап Халық Банкте жұмыс істейді, Тәуекелдер бойынша Басқарушы директор, Басқарушы директор – Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, Тәуекел менеджментінің басшысы, Қаржы директоры лауазымдарын атқарды. 2011 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - Халық Банкі Басқарма Төрағасының орынбасары, 2016 жылдан бастап – «Казакхнстрах» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және 2017 жылдан бастап – «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Әлия Сәкенқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша бітірді.



### БОДАНОВ АЙВАР ЖИРЕНШЕҰЛЫ (1962 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары, Қауіпсіздік және Проблемалық кредиттер

Айвар Жиреншеұлы өзінің еңбек жолын 1984 жылы Жамбыл таратушы электржелілері кәсіпорнындағы жоғары вольттік әуе жүйесінің шебері қызметінен бастады. 1985 жылы «Гражданстрой» ҚБ-да шебер, жұмыстардың аға өндірушісі болып еңбек етті. 1986-1988 жж. - «Джамбулстрой» тресінің «Культбьтстрой» ҚБ-да бас инженер. 1988-1989 жж. КСРО ІІМ Свердлов жоғарғы курстарының тыңдаушысы болды.

Боданов Айвар Жиреншеұлы бұдан бұрын Халық Банкінде 2014 ж. қыркүйектен бастап 2017 ж. мамыр айына дейін Қауіпсіздік департаменті директоры, Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымдарында қызмет етті. 2018 жылғы 26 наурызда Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына қайта қабылданып, Басқарма мүшесі болып сайланды.

1990–2014 жылдарында: ішкі істер, мемлекеттік тергеу комитеті органдарында, салық және қаржы полициясында қызмет атқарды. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полицисы) Төрағасының орынбасары, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Алматы, Батыс Қазақстан облыстары бойынша департаментінің басшысы; Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу бойынша департаменті басшысы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары бойынша Қаржы полициясы департаментінің басшысының орынбасары лауазымдарында жұмыс жасады және тағы лауазымдарда еңбек етті. 2017 жылдың мамыр айынан бастап 2017 жылдың желтоқсан айына дейін - ҚР Бас прокуратурасының Ішкі тергеу департаменті басшысы, үшінші қызметтің басшысы, 2018 ж. ақпаннан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықты алдын алу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қаржы полициясының генерал-майоры атағына ие. II дәрежелі «Айбын» орденімен және медальдермен марапатталған.

1984 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «Өзен құрылыстарының және гидроэлектростанциялардың гидротехникалық құрылысы» мамандығы бойынша, 1996 жылы ҚР ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.



### САТУБАЛДИНА ЖАННАТ САҒАНДЫҚҚЫЗЫ, (1961 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: Операциялық қызмет, Ресурстар, Кеңсе

Экономика ғылымдарының кандидаты, мұнай-газ, көлік, банк және қаржы секторларының мемлекеттік ұйымдарында және жеке компанияларында жан-жақты жұмыс тәжірибесі бар.

Еңбек жолын ҚазССР Мемжоспар жанындағы Жоспарлау үрдістерін автоматтандыру және басқару құрылымдарын жетілдіру ҒЗИ-да кіші ғылыми қызметкер болып бастады, кейінінен АХШИ-де сабақ берді. 1993 жылы жұмысын қаржы секторына ауыстырды, Қазметаллбанктің жоспарлау бөлімін басқарды. 1994-1999 жж. «Металлинвест» ИЖҚ» ААҚ басқарушысының бірінші орынбасары, басқарушысы лауазымдарында қызмет атқарды. 1999-2002 жж. қаржы секторын реттеу және қадағалау органдарында лицензиялау және қадағалау басқармасының басшысы, ҚР Бағалы қағаздар бойынша ұлттық комиссиясының атқарушы директоры, ҚР Ұлттық банкінің Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаментінің директоры болып жұмыс жасады.


2002 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-қа жұмысқа ауысты, мұнда 4 жылдың ішінде бас бухгалтер, вице-президент, қаржы жөнінде басқарушы директор лауазымдарында қызмет етті.

Кейінірек, 2006-2007 жж. «КазТрансОйл» АҚ-та бас директордың экономика және қаржы жөнінде орынбасары қызметін атқарды, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «МұнайТас» СБҚК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кірді. Келесі екі жылдың ішінде, 2009 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың экономика және қаржы бойынша басқарушы директор болды. 2009-2014 жж. «KMG-Kashagan B.V.» ЖШЖК-нің қаржы директорының орынбасары болып жұмыс жасады. 2014-2016 жж. кезеңінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды.

2017 ж. шілдеден бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды, қаржы блогына жетекшілік жасады.

2018 жылдың шілде айынан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Жаннат Сағандыққызы Алматы халық шаруашылығы институтының (АХШИ) түлегі, 1986 жылы М.В. Ломоносов атынд. Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында білімін шыңдап, экономика ғылымдарының кандидаты біліктілік дәрежесін алды.



## ЖЫЛ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



# ЖЫЛ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



## ҚАҢТАР

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казпочта» АҚ Банк клиенттеріне жеке тұлғалардың ағымдағы және карталық шоттарын «Казпочта» АҚ-тың кең тараған желісі арқылы толықтыруға мүмкіндік берді.

## АҚПАН

- Қазақстан қор биржасының (KASE) сараптама кеңесі 2017 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ты мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы деп атап, Халық Банкін «Ашықтыққа ұмтылыс үшін» дипломымен марапаттады.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ «Global Finance» халықаралық басылымның 19-шы жыл сайынғы зерттеуінің қорытындылары бойынша «2018 жылғы Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банкі» ("The Best Investment Bank in Kazakhstan 2018") номинациясында жеңіске жетті.
- «Halyk Finance» АҚ KASE-дегі қызметтің қорытындылары бойынша «Жыл меркет мейкері» марапатына ие болды.
- 2018 жылғы 12 ақпанда «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ және «Каззахинстрах» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ-ты «Каззахинстрах» АҚ-қа біріктіру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру шешім қабылдады.

## Наурыз

- «ЕМЕА Finance» танымал және белді халықаралық журналы

«Halyk Finance» АҚ-ты «Орталық және Шығыс Еуропадағы Облигациялар нарығында үздік инвестициялық банкі» ("The Best Bond House in CEE") деп таныды.

- «Forbes Kazakhstan» нұсқасы бойынша «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Қазақстанның инвестициялық банкілерінің рейтингінде бірінші орынға ие болды.
- Екі банкті біріктіру шеберінде «Halyk Инкассация» ЖШС-да қызмет көрсетуге КҚБ клиенттері қабылданды.

## Сәуір

- «Altyn Bank» АҚ-тың акционерлік капиталында 60%-дық үлесті сату бойынша мәміле аяқталды: China CITIC Bank Corporation Limited-ке 50,1% мөлшерінде және China Shuangwei Investment Co., Ltd.-ке 9,9% мөлшерінде.
- ЕМЕА Finance нұсқасы бойынша «Halyk Finance» АҚ 8-ші жыл қатарынан «Қазақстандағы 2017 жылғы Үздік Инвестициялық Банкі» («The Best Investment Bank in Kazakhstan 2017») болып танылды. Бұл ретте ЕМЕА Finance «Рубль облигацияларының үздік шығарылымы» («The Best Rouble Bond») номинациясында 2017 жылғы маусым айынан бастап «ҚТЖ» ҰК АҚ-тың дебюттік рубльдік облигацияларын айналым мерзімі 5 жыл болатын жалпы сомасы 15 млрд. рубль шығару және орналастыру бойынша мәмілені жеңімпаз деп таныды, онда «Halyk Finance» АҚ бірлескен ұйымдастырушы ретінде әрекет етті.
- Халық Банкі кез келген қазақстандық банкілердің карталары арасында теңге мен және АҚШ долларымен ақшалай аударымдарды жөнелтуді қамтамасыз ететін

Card2Card жаңа интернет-сервисін қосты. Жаңа сервис тyHalyk Банктің интернет-банкингі жүйесінде тіркелуді талап етпейді және де Visa мен MasterCard карталарының ұстаушыларына қолжетімді.

- 2018 жылғы сәуірде «Halyk Finance» АҚ бірлескен букраннер ретінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ еурооблигацияларының 13, 14 және 15 серияларын айналым мерзімдері 7, 12 және 30,5 жыл болатын 3,25 млрд. АҚШ доллары жалпы жиынтық сомасына шығару және орналастыру бойынша мәмілені сәтті аяқтады.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Mastercard халықаралық төлем жүйесі Қазақстанда Mastercard Digital Enablement Service (MDES) токендеу платформасын қолдана отырып, смартфон арқылы контактісіз төлем жүргізу мүмкіндігін жүзеге асырды. Енді Халық Банкі клиенттері - Mastercard карталарын ұстаушылары сатып алуларға смартфонды контактісіз төлем жүргізу технологиясымен жабдықталған POS-терминалға жанастыру арқылы төлей алады. Токенделген транзакциялардың қауіпсіздігі Mastercard жүйесінің ең озық әзірлемелерімен қамтамасыз етілген. Бұл қызмет NFC технологиясын қолдайтын, 4.4 нұсқасындағы және одан жоғары Android ОЖ базасындағы смартфондар үшін қолжетімді.

## Мамыр

- A. M. BEST халықаралық рейтингтік агенттігі қаржылық тұрақтылығының В+ рейтингісін және «Халық-Life» АҚ-тың «bbb-» эмитент рейтингісін растады, ол







Қазақстанда өмірді сақтандыру компаниялары арасында ең жоғары болып табылады.

- 2018 жылғы 15 мамырда «Москоммерцбанк» ҚБ-ны (АҚ) оғаны «НБК-Банк» АҚ-ты қосу арқылы қайта ұйымдастыру процесі аяқталды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың еурооблигацияларын жалпы сомасы 100 млрд. теңгеге LSE және KASE-де орналастыруы.
- Сbonds ақпараттық агенттігі (Сbonds AA, Санкт-Петербург қ.) Нұр-Сұлтан қаласында өткізген ТМД және Балтика елдерінің XV облигациялық конгрессі шеңберінде ТМД нарықтары бойынша сарапшылары арасында жүргізілген дауыс беру нәтижелеріне және Сbonds редакциялық алқасының шешіміне сәйкес «Налық Finance» АҚ 2018 жылы Қазақстан үшін ең абыройлы «Қазақстандағы үздік инвестициялық банкі 2018» номинациясында сөзсіз жеңімпаз атанды.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Сbonds нұсқасы бойынша «Үздік аналитика» және «Қазақстандағы үздік андеррайтер» номинацияларында жеңіске жетті.
- Халық Банкі заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге арналған жаңа интернет-банкинг жүйесі Onlinebank Налық-ты өнеркәсіптік пайдалануға қосты. Бұл бағдарламалық жасақтама ККБ мамандары 1998-2018 жылдары әзірлеген аттас интернет-платформаның жаңартылған және жетілдірілген нұсқасы болып табылады.
- Халық Банкі қазақстандық банктер арасында бірінші

болып «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастық халықаралық орталығы (ШЫХО) аумағында орналасқан ҚХР ауылшаруашылығы банкінен 425 млн-нан артық сомаға қолма-қол ақша инкассациясын жүргізді. Ұлттық валютаны трансшекаралық тасымалдау Халық Банкі және Қытайдың ауылшаруашылығы банкі арасында 2016 жылда жасалған қолма-қол ақшаны тасымалдау бойынша қызмет көрсету туралы келісімге сәйкес жүргізілді.

#### МАУСЫМ

- Налық Finance Astana филиалының ашылуы (АХҚО, Нұр-Сұлтан қ.).
- 2018 жылғы 25 маусымда Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі «Казкоммерцбанк» АҚ-тың рейтингісін В+тен ВВ-ға дейін екі сатыға көтеріп, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ рейтингісі бойынша болжамды қайта қарап, рейтингілерін ВВ деңгейінде сақтады.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрайымы Үміт Шаяхметова PricewaterhouseCoopers компаниясы Қазақстанның ең ірі компаниялары басшылары арасында өткізген дәстүрлі сауалнама нәтижелері бойынша отандық бизнестің ең үздік үш көшбасшылардың бірі болып атанды.
- "ЕМЕА Finance" халықаралық сараптамалық журналы 2017 жылы Халық Банкі ККБ-ны сатып алуын қосылу және жұтылу нарығында ең үздік мәміле деп жариялады.

#### ШІЛДЕ

- 2018 жылдың шілде айында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ арасында Өткізу актісіне қол қойылды, оған сәйкес «Казкоммерцбанк» АҚ-ты «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа біріктіру нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ты және «Казкоммерцбанк» АҚ-ты ерікті түрде қайта ұйымдастыру шеңберінде «Казкоммерцбанк» АҚ-тың барлық мүлкі, құқықтары мен міндеттемелері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа берілді.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ипотекалық тұрғынүй/ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін мерзімі 20 жылға 20,255 млрд. теңге сомасына мақсатты транш алды. Банктің қатысуы туралы тиісті келісім «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-пен жасалды.

#### ТАМЫЗ

- "Fitch" халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың шетел және жергілікті валютада эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингісін (ЭДР) «ВВ» деңгейінде растады.
- «Халық-Life» АҚ-тың жалғыз акционерінің шешімімен және «Казкоммерц-Life» АҚ-тың жалғыз акционерінің шешімімен «Казкоммерц-Life» АҚ-ты «Халық-Life» АҚ-қа біріктіру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.
- «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ-ты «Казакхнстрах» АҚ-



қа біріктіру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру шеңберінде «Казахинстрах» АҚ және «Казкоммерц-Полис» АҚ арасында бірігу туралы шартқа және құқықтар мен міндеттемелерді беру актісіне қол қойылды, оның нәтижесінде «Казахинстрах» АҚ «Казкоммерц-Полис» АҚ-тың барлық құқықтары мен міндеттері бойынша құқық мирасқоры болды.

#### ҚЫРКҮЙЕК

- Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі Халық Банкінің рейтингтерін растады. Осылайша, жергілікті және шетел валютадағы депозиттердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтері Ba1/Not-Prime деңгейінде; контрагенттер тәуекелдерінің рейтингісі – Baa3/Prime-3 (CR рейтингісі) деңгейінде және ұлттық және шетел валютадағы қамтамасыз етілмеген борыштың ұзақ мерзімді рейтингісі – Ba3 деңгейінде расталды.
- Алматы қаласының №1 Балалар үйінде 16 адамға арналған заманауи компьютерлік сыныптың салтанатты ашылуы өтті. Техниканы және арнайы жиһазды орнатуға, сондай-ақ инженерлік жүйелерді жүргізуге қаражатты «Халық» қайырымдылық қоры бөлді.
- Өзбекстан Республикасында еншілес банк құру туралы шешім қабылданды.
- Сақтандыру омбудсмені өкілдері кеңесінің отырысында Сақтандыру омбудсмені өкілдері кеңесінің құрамына бірнеше сақтандыру компаниялардың, соның ішінде

«Халық-Life» АҚ-тың кіруі туралы шешім қабылданды.

- Пайдаланушыларды «Халық Банк Грузия» АҚ-тың заңды тұлғаларға арналған интернет-банкингтің жаңа жүйесіне қосу.

#### ҚАЗАН

- «Халық» жеке қайырымдылық қоры Халық Банкімен бірлесіп «Инватакси» ауқымды әлеуметтік жобаны қосты. Ол қозғалысы шектеулі азаматтарды тасымалдауға арналған 20 арнайы автокөлік сатып алуды, осыдан кейін көліктерді Қазақстанның 20 қаласындағы өңірлік мүгедектер қоғамдарына ақысыз тапсыруды көздейді. Жобаның жалпы құны 191 млн. теңгені құрайды, сонымен қатар «Инватакси» қызметі тегін көрсетілмек.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Даму» ҚДҚ» АҚ арасындағы келісімнің шеңберінде Банк 800 млн. теңге мөлшерінде қордың мақсатты заемын тартты.
- Қазақстан Халық Банкі қаржы институттың 95-жылдығына орай ұйымдастырылған өзінің «Игі істер фестивалі» шеңберінде елдің 19 қаласында балаларға үлгілік арналған спорт-ойын алаңдарды орнатуды қаржыландырды. Жобаның жалпы құны 57 млн. теңгені құрады.

#### ҚАРАША

- Standard & Poor's (S&P) халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісін «BB» деңгейінде растады және

қысқа мерзімді рейтингісін «B» деңгейінде тұрақты болжаммен растады. Банктің ұлттық шкала бойынша рейтингісі «kzA+» деңгейінде расталды.

- Visa және Mastercard, Halyk Bank және Qazkom карталарын ұстаушылары тауарлар мен қызметтер үшін Apple Pay – оңай және қауіпсіз төлем құралы арқылы төлеуге мүмкіндік алды, ол пайдаланушыларға жылдамдық, қолайлылық пен қауіпсіздікті ұсына отырып, мобильдік төлемдер саласын толығымен өзгертеді.
- Halyk қайырымдылық қоры «Жомарт сейсенбі» халықаралық қайырымдылық күні қарсаңында Қазақстандағы ең алғашқы [www.birgemiz.kz](http://www.birgemiz.kz) краудфандингтік интернет-алаңды және «Біргеміз» мобильдік қосымшаны (iOS және Android үшін) қосты, олар қайырымдылыққа қорларына өздерінің әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру үшін қоғамдық қаржыландыруды (краудфандингті) тартуға мүмкіндік береді.
- «Казкоммерц-Life» АҚ-ты «Халық-Life» АҚ-қа біріктіру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру шеңберінде «Халық-Life» АҚ және «Казкоммерц-Life» АҚ арасында өткізу актісіне қол қойылды, оның нәтижесінде «Халық-Life» АҚ «Казкоммерц-Life» АҚ-тың барлық құқықтары мен міндеттері бойынша толық құқық мирасқоры болды.
- «Halyk Finance» АҚ-тың AFSA және AIX биржасы AIX (АХҚО, Астана) мүшесінің лицензиясын алуы.
- «Halyk Finance» АҚ-тың білескен ұйымдастырушы ретінде АХҚО-да «Казатомпром» ҰАК АҚ-тын IPO-сын өткізуі.



- «Halyk Finance» АҚ-тың АХҚО-да бірлескен ұйымдастырушы ретінде «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ корпоративтік еурооблигацияларының бірінші шығарылымын (швейцар франкімен) өткізуі.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың АХҚО биржаларында бағалы қағаздарды алғашқы орналастыруы – «Казхтелерак» АҚ-тың облигацияларын жалпы сомасы 75 млрд. теңгеге ішінара орналастыруы.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың Еуразиялық Даму Банкінің облигацияларын 20 млрд. теңгеге және «Самұрық-Энерго» АҚ-тың облигацияларын жалпы сомасы 22 млрд. теңгеге орналастыруы.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тан «Қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Акциялар және облигациялар нарығындағы андеррайтинг көшбасшысы» марапаттарына ие болды.
- «Халық Банк Кыргызстан» ААҚ автокредиттеу бойынша ынтымақтастық бағдарламаларын (Азия Моторс, Тойота Центр, БМВ Центр, КИЯ Моторс) әзірлеп, сәтті қосты.
- «Халық Банк Грузия» АҚ Тбилиси қаласында Авлабариде жаңа, сегізінші филиалын ашты.

#### ЖЕЛТОҚСАН

- «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ-ты «Казхинстрах» АҚ-қа біріктіру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыруды аяқтаудың шеңберінде «Казкоммерц-Полис» АҚ заңды


тұлғалар тізілімінен алып тасталынды.

- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы «Казхинстрах» АҚ-тың ребрендингі туралы шешім қабылдады, жаңа атауы – «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық Банкінің ешлес ұйымы» акционерлік қоғамы (қысқаша – «Халық» СК» АҚ).
- Fitch Ratings рейтингтік агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ-тың шетел валютасында эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BB-» деңгейінде растады, болжамы «Жағымды», сондай-ақ В+ деңгейінде меншікті viability rating берді.
- A. M. BEST халықаралық рейтингтік агенттігі «Казхинстрах» АҚ-тың қаржылық тұрақтылық рейтингін және ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «В++» (Good/Жақсы) деңгейінде және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде растады. Рейтингтердің болжамы – тұрақты.
- «Fitch Ratings» халықаралық рейтингтік агенттігі «Halyk Finance» АҚ-тың бұрын берілген шетел валютасында және ұлттық валютада эмитент дефолты рейтингтерін (ЭДР) «BB» деңгейінде растады, болжамы «Жағымды». «Fitch Ratings» агенттігі сондай-ақ «Halyk Finance» АҚ-тың шетел және ұлттық валютада қысқа мерзімді ЭДР-ін «B» деңгейінде және қолдау рейтингін «3» деңгейінде растады.
- “Global Business Outlook” беделді халықаралық басылымы жыл сайынғы жетекші халықаралық инвестициялық банктерді қатаң іріктеуі нәтижелері бойынша «Halyk Finance» АҚ-ты «2018 жылы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» (“Best Investment Bank of the Year – Kazakhstan 2018”) және «2018 жылы облигациялар


нарығында Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» (“Best Bond House - Kazakhstan 2018”) 2 абыройлы номинацияда жеңімпаз деп таныды<sup>1</sup>.

- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың «Байтерек» АҚ облигацияларын 78 млрд. теңге сомасына орналастыруы.
- «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Cbonds басылымының Қазақстанның облигацияларын нарықтық орналастыруды ұйымдастырушылардың рәнкінгінің қорытынды кестесінде бірінші орынға ие болды.
- «Казтелепорт» АҚ Алматы қ., Абай даңғ., 109 В мекенжайы бойынша Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысын аяқтады.
- «Халық Банк Кыргызстан» ААҚ тұтынушылық кредиттеудің «Экспресс-кредит» жаңа бағдарламасын қосты.
- Халық банкі Қарағанды облысы Балқаш қаласында өңірлік филиалды есептік тіркеу туралы мемлекеттік куәлік (04.12.2018 ж. №140-1930-25) алды. Банктің Балқаш өңірлік филиалы алты әмбебап бөлімшеден тұрады, олардың бесеуі Балқаш қаласында және біреуі Приозерск қаласында орналасқан. Филиалдың эквайрингтік инфрақұрылымы 39 банкоматты, 13 төлем терминалын және 270 POS-терминалды қамтиды.
- Халық Банкі жаңа және қайталама тұрғын үй сатып алуға ипотекалық заем беруді көздейтін «Баспанакс» мемлекеттік кредиттеу бағдарламасына қатысуға өтінімдерді қабылдауды бастады.


<sup>1</sup> Марапат 2019 жылғы қаңтарда табысталды.





ХАЛЫҚ  
БАНКІНІҢ  
2018 ЖЫЛ ҮШІН  
МАРАПАТТАРЫ




## ХАЛЫҚ БАНКІНІҢ 2018 ЖЫЛ ҮШІН МАРАПАТТАРЫ

 **«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ**  
EMEA FINANCE ACHIEVEMENT AWARDS  
«Қазақстанның үздік банкі»


 «Қосылу және жұтылу нарығында 2018 жылғы ең үздік мәміле»


 **ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ KASE**  
«Шетел валютасында сауда-саттық көлемі бойынша көшбасшы»


 «Ақша және валюталық нарықты дамытуға қосқан үлесі үшін»


 «Қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін»


 «Нарық көшбасшысы»

 «Ашықтыққа ұмтылысы үшін»


 «Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша көшбасшы»

 **«HALYK FINANCE» АҚ**  
EMEA FINANCE ACHIEVEMENT AWARDS  
«2017 жылғы Қазақстанның ең үздік инвестициялық банкі»

 «Орталық және Шығыс Еуропадағы Облигациялар нарығында 2017 жылғы үздік инвестициялық банкі»

 «2017 жылы рубльдегі облигациялардың үздік шығарылымы»


 **CBONDS**  
«Қазақстанның 2018 жылғы үздік инвестициялық банкі»

 **GLOBAL BUSINESS OUTLOOK**  
«Қазақстанның 2018 жылғы үздік инвестициялық банкі» және «Облигациялар нарығындағы Қазақстанның 2018 жылғы үздік инвестициялық банкі»


 **«ХАЛЫҚ БАНК ҚЫРҒЫЗСТАН» ААҚ**  
THOMSON REUTERS  
«Үздік Контрибьютер-2018»

 **«КАЗКОММЕРЦ СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ**  
GLOBAL FINANCE  
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

 **FORBES KAZAKHSTAN**  
«Қазақстанның инвестициялық банктері рейтингінде №1»

 **ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ KASE**  
«Қор нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Акциялар және облигациялар нарығында андеррайтинг көшбасшысы»

 **CBONDS**  
«Үздік аналитика» және «Қазақстанның үздік андеррайтері»

 «Қазақстанда облигацияларды орналастыруды ұымдастырушылардың рэнкингінде 2018 жылдың қорытындылары бойыншы бірінші орын»



10

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МАКРО-  
ЭКОНОМИКАСЫНА  
ЖӘНЕ БАНКТІК  
СЕКТОРЫНА  
ШОЛУ



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА ЖӘНЕ БАНКТІК СЕКТОРЫНА ШОЛУ




2018 жылы мұнайға баға белгілеудің қалпына келуі жағдайында Қазақстан экономикасының өсуі инерциялық сипатқа ие болды, және де жалпы әлемдік экономика үшін 3,7%-бен салыстырғанда, бір жыл бұрынғыдай, 4,1% деңгейінде қалыптасты. Экономикада орын алған жағдай ең алдымен сыртқы сұранысқа жоғары тәуелділікке байланысты, ал ішкі сұраныстың ұлғаюын мемлекеттік шығыстардың жоғары деңгейін сақтаудың және халық кірістері өсуі қайта басталуы нәтижесінде қамтамасыз етілді. Біздің бағалауымыз бойынша, ЖІӨ өсімінің жартысынан астамы тікелей немесе жанама түрде шикізаттық экономиканы үлесінде, оның өсуіне мұнай мен металдарға жоғары бағалар, сондай-ақ оларды өндіру көлемдерінің ұлғаюы септігін тигізіп тұр, бұл өз кезегінде экономиканың бір бірімен байланысты және басқа да салаларында өсуге алып келеді.

2018 жылы Қазақстан экономикасы ахуалының негізі «барометрі» - мұнайдың бағасы 30%-дан артық өсіп, орта есеппен баррель үшін 71 АҚШ долларына дейін жетті. Бұл ретте күзде бір кездері 86 АҚШ долларына дейін (2015 жылдың ең үлкен мәні) жетті, ал жылдың соңында 52 АҚШ долларына дейін түзетілді.

Қазақстан экспортының негізгі бабының бағасы және экспортталып жатқан шикізаттың физикалық көлемінің, ол кезде мұнай бағасы баррель үшін 100 АҚШ долларынан түсуді бастаған 2014 жылдан бері осыншалықты елеулі өсуі мемлекеттік қаржыға және елдің сыртқы шоттарына жағымды әсерін тигізді. Осылайша, алдын ала деректер бойынша 2018 жылы ағымдағы шот профициті ЖІӨ-ден шамамен 0,5%-ды құрады (2017 жылы ЖІӨ-ден -3,3%). Елдің шоғырландырылған бюджетінің дефициті бір жыл бұрынғы ЖІӨ-ден -7,4%-дан -0,6%-ға дейін қысқарды.

## Қазақстан экономикасының озық өсімінің кезеңі артта



Дереккөз: ҰЗМ СК, ХБК

2018 жыл үшін ЖІӨ компоненттерін талдау өнеркәсіптік өндіріс өсімінің қарқыны шикі мұнайды өндірудің өсімі қарқыны төмендеуі салдарынан бір жыл бұрынғы 7,3%-дан 4,2%-ға дейін қысқарғанын көрсетеді. Көлік саласы бір жыл бұрынғы 4,8%-бен салыстырғанда, жылды 4,6% өсумен аяқтап, 2018 жылы біркелкі жаман емес нәтиже көрсетті. Өткен жылы телекоммуникациялық салада өсу көрсеткіштері бір жыл бұрынғы бірқалыпты 3,3%-дан 4,8%-ға дейін жақсарды. Тұрғынүй бағдарламалары есебінен ынталандыру жағдайында 2018 жылы құрылыс саласы өсу қарқындарының бір жыл бұрынғы 1,9%-дан 3,4%-ға дейін ұлғайып, екі жарым есеге үдеуін көрсетті. Ауылшаруашылығы өнімін шығару бір жыл бұрынғы 3,1%-дан 3,4%-ға дейін ұлғайды.

2018 жылы негізгі капиталға инвестициялардың 17,2%-ға дейін өсуі байқалды (соңғы 10 жылда өсудің ең жоғары мәні). Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің шамамен 40%-ы өнеркәсіптің өндіруші саласына тиесілі болды, ол ең алдымен Теңіз кен орны және Қашаған кен орны қуатын ұлғайту жобалары шеңберінде қалыптасты.

## Экономика салаларының тұрақсыз өсімі



Дереккөз: ҰЗМ СК

2017 жылдан бастап жұмыссыздық деңгейі өзгеріссіз 4,9% деңгейінде болды. Алайда 2018 жылдың екінші жартысында ең алдымен республикада демографияның жақсаруы есебінен бұл көрсеткіш 4,8%-ға дейін жақсарды. Доля Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санынан алғанда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі бір жылда 25%-дан 24%-ға дейін болмашы төмендеді.


2018 жылы жалпы экономикалық өсу және инфляция өсімі қарқынды төмендету жағдайында нақты жазақы 2,3%-ға өсті. Нәтижесінде, сатып алу қабілетінің орнын толтыру үшін тұрғындар тұтынушылық кредиттеуге көбірек жүгінді.

Мемлекеттік шығындардың жоғары деңгейі сақталу жағдайында шоғырландырылған бюджеттің шығыны 2017 жылдағы 25,7%-дан 2018 жылы ЖІӨ-нің 20,9%-на дейін төмендеді. Бұл ретте 2018 жылы шоғырландырылған бюджеттің шығыстарының 5%-ы бюджеттен тыс қорларды (ҚРҰБ, БЖЗҚ) тартуға байланысты болды, олардың қаражаты көбінесе банк жүйесіндегі проблемаларды ары қарай жоюға жолданды.





## Мемлекеттік қаржының жай-күйінің жақсаруы



Дереккөз: ҚР Қаржы министрілігі

2018 жылы мемлекеттік борыш 2017 жылдағы 25,4%-дан ЖІӨ-нің 26%-на дейін біртіндеп өсті.

Мұнай бағасының 30%-дан артық өсуі, ұлттық валютаның 2018 жылдың бірінші тоқсанының соңынан бастап 17%-ға құнсыздануы және мұнай экспорты көлемі 4%-ға ұлғаюы арқасында мұнай секторынан түскен салықтардың Ұлттық

қорға түсімдері бір жыл бұрынғы Т2 трлн-нан 2018 жылы Т3,2 трлн-ға дейін өсті. Қордан мемлекеттік бюджетке келіп-дендірілген трансферттің мөлшері 2017 жылдағы Т4,4 трлн-мен салыстырғанда, Т2,6 трлн. құрады. Бұл ретте Ұлттық қордағы жинақтардың жалпы көлемі ЖІӨ-нің 43%-ын құрады, ал түсімдер үш жылдың ішінде алғашқы рет одан қаражатты алу көлемдерінен асты.


Елдің шоғырландырылған халықаралық валюталық резервтері (ҚРҰБ және ҰҚ резервтері) 2018 жылдың соңында болмашы мөлшерде 0,7 млрд. АҚШ долларына төмендеп, 88,6 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл ең алдымен ҚРҰБ резервтері іс жүзінде өзгеріссіз бола отырып, Ұлттық қор активтерінің төмендеуіне байланысты болды.

Жылдың басым бөлігінде сыртқы факторлар ең қолайлы болмаса да, ҚРҰБ-тың монетарлық саясаты нейтралды бағытты көрсетті. 2018 жылғы қыркүйек айының басында реттеуші валюталық нарықта жалпы сомасы 521 млн. АҚШ долларға интервенциялар (шетел валютасының нетто-сатылымдары) жүргізді, бұл ұлттық валютаның құнсыздану қарқындарын төмендетуге көмектесті, ол қыркүйектің алғашқы екі аптасында АҚШ долларына бағам 363 теңгеден 381 теңгеге дейін құнсызданған еді.

Инфляцияның динамикасы 2016 жылғы 8,5%-дан және 2017 жылғы 7,1%-дан кейін 2018 жылы жыл басындағы 6,8%-дан жыл соңындағы 5,3%-ға дейін баяулау трендіні жалғастырды. 2018 жылдың аяғында проинфляциялық факторлардың уақытша білінді, оған теңгенің құнсыздануы, инвестицияларды кеңейтудің екі таңбалы қарқыны, сондай-ақ көтерме және бөлшек сауда айналымының өсімі ықпал етті. Соған қарамастан, бағаның іс жүзінде өсуі бірқалыпты болды.

Артық өтімділіктің көлемі 2018 жылы жоғары деңгейде сақталды және де оны зарарсыздандыру ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталарды қолдануды жалғастырды. Жыл соңындағы жағдай бойынша артық өтімділіктің мөлшері шамамен Т4,3 трлн-ды құрады, ал оны ҚРҰБ ноталарымен зарарсыздандыру Т3,5 трлн-ға жетті. Ақша нарығының мөлшерлемелері мөлшерлеме дәлізінің төменгі шегінде қалыптасты. Алайда құралдардың кірістілігі төмендеуіне қарамастан, жекелеген банктер өтімділікті жинақтауды жалғастырды. ҚРҰБ банктерді сауықтыруға бөлінген қаражатты зарарсыздандырды, бұл жылдың екінші жартысында алып алынатын өтімділіктің өсуінен білінді.

## Ақша нарығының талаптары



Дереккөз: ҚРҰБ





## 2018 ЖЫЛДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫ<sup>1</sup>

Банк секторының дамуына айтарлықтай ықпал еткен 2018 жылғы негізгі оқиғалары: жүйе құрушы екі банктің бірігуі (КҚБ + Халық Банкі), лицензияларынан айырылу нәтижесінде жүйеден үш проблемалы банктің кетуі (Qazaq bankі, Астана Банкі, Эксимбанк), Цеснабанктің проблемалы борыштарын айтарлықтай есептен шығару, қаржылық ахуалының айтарлықтай нашарлауы және оны кейінінен қаржылай қолдау көлемі.

Экономикадағы (ЖІӨ) банк секторы активтерінің үлесі 2017 жылдағы 45%-дан 2018 жылы 43%-ға дейін төмендеді (2016 жылы 53%). Сондай-ақ 2018 жылы банк жүйесінде банктердің депозиттерді де, сондай-ақ кредиттеуді де тартуда халыққа қызмет көрсету жағына қарай бағытталу жалпы тренді күшейді.

2018 жылы Ұлттық Банктегі депозиттерді қоспағанда, экономикадағы депозиттер 2%-ға көбейді (+Т333 млрд.). Бөлшек депозиттер 6,6%-ға өсім көрсетті (+Т536 млрд.), ал корпоративтік депозиттер болса 2,5%-ға қысқарды (-Т202 млрд.). Осылайша, банк жүйесінде депозиттік қорландырудың негізгі өсімі корпоративтік депозиттердің кері кетуінің орнын толтыратын тұрғындардың салымдары есебінен орын алды. Бұл ретте корпоративтік депозиттер тұрғындардың депозиттеріне қарағанда, жыл бойында банктер арасында едәуір жоғары мобильдігін көрсетті.

Жалпы жақсы экономикалық өсім жағдайында корпоративтік салымдар өсімінің болмауы экономиканың табиғи ресурстарға қатты тәуелділігімен түсіндіріледі. Бұл ретте шикізат секторына қатысушы компаниялар өз ақшалай

қаражатын тәуекелдің төмен деңгейінде көбірек кірістілік қамтамасыз ете алатын шетел банктерінің шоттарында сақтауды жөн көреді.

Тұрғындар депозиттерін бағамға түзете отырып, долларландыру валюталық депозиттер азаюы және теңгедегілердің ағыны нәтижесінде бір жылда 52%-дан қысқарып, 44%-ды құрады. Копоративтік салымдарды долларландыру долларлық депозиттер ұлғаюы және теңгедегілері қысқаруы есебінен жылдың аяғында 44%-дан 46%-ға дейін өсті. Осылайша, бағамға сәйкес түзетілген, Ұлттық банктегі депозиттерді ескерумен депозиттерді жалпы долларландыру жыл бойында 48%-дан 45%-ға дейін төмендеді.

Экономикадағы кредиттер 3%-ға ұлғайды (+Т 386 млрд.). Занды тұлғаларға берілген кредиттер 5%-ға қысқарды (-Т 375 млрд.), тұрғындарға берілген кредиттер 17%-ға айтарлықтай өсім көрсетті (+761 млрд.). 2018 жылдың аяғындағы жағдай бойынша экономикада кредиттердің үлесі 22%-ды құрады (2017 жылы - 24%, 2016 жылы - 27%). 2018 жылы негізінен корпоративтік сегментте проблемалық кредиттерді айтарлықтай есептен шығару, сондай-ақ проблемалы банктердің кетуі және банктердің проблемалық кредиттерін сатып алу корпоративтік кредиттеудің төмендеуіне ықпал етті. Жыл басынан бастап банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері 15%-ға қысқарды (-Т 425 млрд.). Сауда 23% (2017 жылы - 27%) және негізгілерге жатпайтын өзге секторлар 36% (29%) ШОБ кредиттеудің негізгі сегменті болып табылады. Экономиканы кредиттерінің барлығының ішінде ШОБ кредиттері үлесі қысқаруын жалғастырып, 2018

жылдың аяғында 18%-ды құрады (2017 жылы - 22%).

Тұрғындарға кредит беру 2018 жылы банктердің несиелік портфелі өсуінің негізгі драйвері болды. оның өсімі негізінен екі сегментте байқалды: тұтынушылық кредиттеу +14% (барлық кредиттердегі үлесі 25%) және ипотекалық кредиттеу +19% (барлық кредиттердегі үлесі 10%). Тұтынушылық кредиттеудің өсімі кредиттеудің осы түрінің жоғары маржиналдылығына және Қазақстанның банк секторының бөлшек қызмет көрсетуге бағыт алу күшеюіне байланысты.

Жыл бойында банк жүйесінде өтімділікті активтердің айтарлықтай артылуы байқалды: банк жүйесінің жиынтық активтерінде жылдың аяғында өтімділікті активтердің үлесі 40%-ды құрады (жыл басында 37%). Осы артық қаражатты кредиттеу арқылы экономиканың ысынуына және несиелік портфельдің нашарлауына әкеліп соқпайтындығы игеру құрылымдық проблемаларды шешкенде, экономиканың дедолларландырығанда және жеке бизнесті үшін қосымша инвестициялық стимулдарды жасағанда ғана мүмкін болады.

ҚРҰБ деректеріне сәйкес, жылдың аяғында жүйеде проблемалы борыштардың деңгейі NPL90+ 7,4%-ды құрады (жыл басынан -2пп). Жылдың соңында провизиялар банк жүйесінің барлығы несиелік портфельдің 13%-ын құрады және 175%-ға NPL90+ проблемалы берешектің көлемін өтейді.

2018 жылы банк жүйесінің таза пайдасы Т638 млрд. құрады, бұл соңғы 7 жылда рекордтық көрсеткіш болып табылады.



11

ҚАРЖЫЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ  
НӘТИЖЕЛЕРІНЕ  
ШОЛУ




# ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

Банктің таза кірісі 46,7%-ға 254,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Таза кірістің ұлғаюы негізінен пайыздық және комиссиялық кірістердің өсімі есебінен орын алды.

## ПАЙДА ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


2017 жылмен салыстырғанда пайыздық кіріс пайыздық активтер бойынша орташа қалдықтардың 23,9%-ға ұлғаюы есебінен, сондай-ақ есептен шығарылған немесе ККБ клиенттері өтеген бірқатар заемдар бойынша дисконтты/сыйақыны оң нетто-амортизациялау есебінен 40,1%-ға өсті.

## Активтер түрлері бойынша пайыздық кіріс, млрд. теңге



Пайыздық шығыстар 2017 жылмен салыстырғанда 29,5%-ға өсті. Бұл пайыздық міндеттемелер бойынша орташа қалдықтардың 27,5%-ға ұлғаюы есебінен, сондай-ақ 2017 жылғы 5 шілдеден бастап ККБ-ны шоғырландыру нәтижесінде орын алды.


## Міндеттемелер түрлері бойынша пайыздық шығыстар, млрд. теңге



Нәтижесінде, құнсыздануға резервтерге есептен шығарылғанға дейін таза пайыздық кіріс 2017 жылмен салыстырғанда 40,1%-ға 348,3 млрд. теңгеге дейін өсті

**Таза пайыздық маржа** 2017 жылдағы жылдығы 4,9%-бен салыстырғанда, 2017 жылы жылдығы 5,1%-ға дейін ұлғайды, негізінен таза пайыздық кірістің өсуі есебінен болды.

## Таза пайыздық маржа және таза пайыздық спред



Кредиттік залалдар бойынша шығыстар 2017 жылмен салыстырғанда негізінен проблемалы берешекті өтеулері және провизиялардың таралуына алып келген кейбір проблемалы корпоративтік заемдарды еншілес КАБҰ-

ларға беру есебінен 52,5%-ға төмендеді.

Тәуекелдің құны 2017 жылдағы жылдығы 2,2%-бен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді.

Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер 2017 жылмен салыстырғанда, негізінен Банктің транзакциялық бизнес көлемінің өсуі нәтижесінде, сондай-ақ 2017 жылғы 5 шілдеден бастап ККБ-ны шоғырландыру нәтижесінде 29,2%-ға өсті.

	31 желтоқсан аяқталған жылдар үшін	
	2018 млн. теңге	2017 млн. теңге
Төлем карталарға қызмет көрсету	31 010	23 332
Банктік аударымдар – есептік шоттар	26 614	18 943
Кассалық операциялар	24 537	18 159
Клиенттерге зейнетақы төлеу бойынша қызмет көрсету	8 037	7 776
Банктік аударымдар – жалақы бойынша жобалар	7 200	7 261
Берілген кепілдіктер және аккредитивтер	7 035	5 406
Клиенттердің шоттарына қызмет көрсету	4 351	3 006
Басқасы	4 457	3 757
	<b>113 241</b>	<b>87 640</b>



Өзге пайыздық емес кірістер 2017 жылдағы 106,3 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2018 жыл үшін 144,0 млрд. теңгеге дейін өсті. Өсім негізінен пайда және залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша таза пайда есебінен орын алды

Көбінесе ҚРҰБ-пен свопты 2018 жылдың 3-тоқсанында теңгедегі форвардтық мөлшерлемелерін өсуі салдарынан оң қайта бағалау есебінен, сондай-ақ 2017 жылғы 5 шілдеден бастап ККБ-ның сақтандыру еншілес ұйымдарын шоғырландыру есебінен.


**Операциялық шығыстар** (сатуға арналған негізгі құралдардың, инвестициялық жылжымайтын мүлік пен активтердің құнсыздануынан шығынды қоса) 2017 жылмен салыстырғанда, негізінен Банк мүлкін, инвестициялық активтер мен сатуға арналған активтерді қайта бағалауға, біріктіру процесіне қатысатын Банк қызметкерлеріне жоғарырақ жалақы мен төлемдерге байланысты 27,3 млрд. теңге мөлшерінде шығыс есебінен, сондай-ақ 2017 жылғы 5 шілдеден бастап ККБ-ны шоғырландыру нәтижесінде 46,5%-ға өсті.

**Операциялық шығыстар, млн. теңге**



**Операциялық шығыстардың операциялық кірістерге ара салмағы** 2017 ж. 29,5%-бен салыстырғанда, операциялық кіріспен салыстырғанда операциялық шығыстың зор өсуі есебінен, 31,7%-ға дейін ұлғайды. **Операциялық кіріс** аса жоғары пайыздық кірістердің, қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістің, деривативті құралдарды оң қайта бағалау есебінен 36,3%-ға өсті.

**Шығыстардың кірістерге ара салмағы**



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

2018 жылы **активтер** 2017 ж. 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен клиенттер салымдарының ағыны мен бөлінбеген пайданың өсімі есебінен 1,1%-ға өсті.


**Клиенттерге берілетін заемдар** 2017 ж. 31 желтоқсанымен салыстырғанда брутто негізде 9%-ға өсті және нетто негізде 7,1%-ға өсті. 2018 жылы несиелік портфельдік брутто негізде өсімі корпоративтік портфельдің (+8,2% брутто негізде), ШОБ портфелінің (+20,3% брутто негізде), ипотекалық портфельдің (+3% брутто негізде) және тұтынушылық заемдар портфелінің (+5,3% брутто негізде) өсуіне байланысты болды.

**Бизнес түрлері бойынша клиенттерге берілген заемдар**



Банктің және ККБ-нің **NPL 90+ коэффициенті** 2017 жылғы 31 желтоқсандағы Банктің және ККБ-нің біріктірілген **NPL 90+ коэффициенті** 12,1%-бен салыстырғанда 8,2%-ды құрады. Коэффициенттің төмендеуі негізінен проблемалы берешекті есептен шығару, өтеу және қайта құрылымдау есебінен орын алды.

**NPL90+, млрд. теңге**




**Болжалды кредиттік залалдар бойынша резервтер** 2017 ж. 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен ККБ-ның бұрын нетто негізде шоғырландырылған заемдарды (яғни 2017 ж. 5 шілдеге дейін жасалған провизияларды қоспағанда) қайта құрылымдау есебінен 29,2%-ға өсті. Қайта құрылымдаудан кейін бұл заемдар провизияларды




ұлғайта отырып, есептілікте брутто негіздегі жаңа заемдар болып көрсетілді. Нәтижесінде брутто негіздегі заемдар 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда, 2018 ж. 31 желтоқсандағы нетто негіздегі заемдар артық өсті.

**Болжалды кредиттік шығындар бойынша резервтердің қозғалысы, млрд. теңге**




**Заңды және жеке тұлғалардың қаражаттары** 2017 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен клиенттер салымдарының ағымдары мен 2018 жылы теңге бағамының әлсіздеуі салдарынан шетел валютасына деноминацияланған депозиттерді оң қайта бағалау есебінен сәйкесінше 3,4% және 9,4%-ға өсті. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттердің жалпы сомасында теңгеге деноминацияланған корпоративтік депозиттердің үлесі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайдағыдай қалып, 48,3%-ды құрады, сол екі арада 2017 ж. 31 желтоқсанмен салыстырғанда депозиттерінің жалпы сомасында теңгеге деноминацияланған бөлшек депозиттерінің үлесі іс жүзінде өзгерген жоқ және 41% деңгейінде қалды.

**Заңды тұлғалардың валюталар бойынша қаражаттары, млрд. теңге**



**Жеке тұлғалардың валюталар бойынша қаражаттары, млрд. теңге**



**Кредиттік мекемелердің қаражаттары** 2017 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда, KASE-мен РЕПО мәмілелерін жабу есебінен 34%-ға төмендеді. 2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржы институттары алдындағы міндеттемелерінің шамамен 76%-ы 2014 ж. -2017 ж. экономиканың жекелеген секторларын қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі АҚ-тан, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тан тартылған қарыздардан құралды.

**Шығарылған бағалы қағаздар** 2017 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен 2018 ж. 9 ақпанда ККБ мерзімсіз тәртіптелген еурооблигацияларды АҚШ долларында + 6,1905% Libor купондық сыйақысымен 100 млн. АҚШ доллары мөлшерінде және 2018 ж. 11 наурыздағы еурооблигацияларды жылдығы 8,5% купондық сыйақымен 300 млн. АҚШ доллары сомасында өтеуі нәтижесінде 6,4%-ға төмендеді. Осы есепті жариялау күніндегі жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздар портфелі былайша берілді:



Борыштық құралдың атауы	Айналымдағы номиналды сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу күні
Еурооблигациялар	500 млн. АҚШД	жылдығы 7,25%	Қаңтар 2021
Еурооблигациялар	548 млн. АҚШД	жылдығы 5,5%	Желтоқсан 2022
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған және БЖЗҚ-нда орналастырылған облигациялар	100 млрд. теңге	жылдығы 7,5%	Қараша 2024
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған және БЖЗҚ-нда орналастырылған облигациялар	131,7 млрд. теңге	жылдығы 7,5%	Ақпан 2025
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	94,2 млрд. теңге	жылдығы 8,75%	Қаңтар 2022
Тәртіптелген купондық облигациялар	101,1 млрд. теңге	жылдығы 9,5%	Қазан 2025

2017 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда, капитал негізінен Банк 2018 жылы алған таза пайда есебінен 14%-ға өсті. Банк капиталы жеткіліктілігінің коэффициенті мынаны құрайды:

	01.01.2019	01.01.2018
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері, шоғырландырылмаған:		
Халық Банкі		
K1-1	19,7%	21,5%
K1-2	19,7%	21,5%
K2	21,6%	21,4%
ККБ		
K1-1		18,0%
K1-2		19,9%
K2		26,9%
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері, шоғырландырылған:		
Негізгі капиталдың жеткіліктілігінің коэффициенті (CET)	18,5%	16,9%
Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігінің коэффициенті	18,5%	16,9%
Меншікті капиталдың жеткіліктілігінің коэффициенті	19,9%	18,9%

12

ҚЫЗМЕТТІҢ  
НЕГІЗГІ  
БАҒЫТТАРЫНА  
ШОЛУ



## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ

Банктің негізгі қызметі бөлшек және корпоративтік клиенттерге және ШОБ клиенттеріне қызмет көрсетуге бағытталған. Банктің еншілес компаниялары ұсынған қызметтері де сақтандыру қызметтерін, инкассалау, активтерді басқару мен брокерлік қызметтер, телекоммуникациялық қызметтер мен лизингті қамтиды.

### БАНКТІҢ БӨЛШЕК ӨНІМІ

#### ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІ

Жыл басынан барлық ЕДБ бойынша депозиттердің портфелі 544 млрд. теңгеге (шамамен 6,62%-ға) ұлғайды және 8,8 трлн. теңгені құрады, оның ішінде Халық банкінің портфелі – 3,3 трлн. теңге. Осылайша, Банк нарықтағы көшбасшылық позицияны 37,9% үлеспен (01.01.2018 жылға – 19,9%) сақтап тұр, бұл ретте мерзімдік салымдар бойынша Банктің үлесі 37,2% құрайды (01.01.2018 ж. – 19,14%).

2018 жылы Халық Банкінің (ККБ-ны ескере отырып) жеке тұлғалар бойынша депозиттік портфелінің өсімі 1 681 млн. теңгені құрады.

2018 жылы депозиттік өнім желісі оңтайландырылды, депозиттерді толықтыру және қаражатты шешу рәсімі оңтайландырылды.

2018 жылдың ішінде «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ мөлшерлемелерді төмендетті:

Әрекет ету мерзімі	теңгемен	шетел валютасында
01.07.2018 – 01.10.2018	12%	1%
01.12.2017 – 30.06.2018	14%	1%

Кейіннен, жеке тұлғалардан жаңадан тартылған депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және белгілеудің жаңа әдістемесіне сәйкес «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ валютасына, мерзімдеріне, мерзімдік және толықтыру мүмкіндіктері талаптарына байланысты сыйақы мөлшерлемелерінің ең жоғары мөлшерлемелерін бекітті:

	≤3 ай	≤6 ай	≤12 ай	>24 ай
<b>ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДА:</b>				
<b>МЕРЗІМДІК ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІНДЕР</b>	10,5%	10,5%	10,5%	10,5%
<b>МЕРЗІМДІК ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕТІНДЕР</b>				
Толықтыру құқығынсыз	11,0%	11,8%	12,0%	12,5%
Толықтыру құқығымен*		11,0%	11,0%	10,5%
<b>ЖИНАҚ</b>				
Толықтыру құқығынсыз	12,0%	12,8%	13,0%	13,5%
Толықтыру құқығымен*		12,0%	12,0%	11,5%
<b>ШЕТЕЛ ВАЛЮТАДАҒЫ ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША:</b>	1,0%	1,0%	1,0%	1,0%

\* 6 айдан кем мерзімде толықтыру құқығы қарастырылған депозиттер бойынша депозитті толықтыру құқығы құнына түзету оның мардымсыз болуына байланысты жүргізілмейді.





## БӨЛШЕК КРЕДИТТЕУ

2019 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банк портфелі 946,7 млрд. теңгені құрады. 2018 жылы Халық Банкінің (ККБ ескерумен) жеке тұлғалар несиелік портфелінің өсімі 57,4%-ды құрады. 2018 жылдың қорытындылары бойынша несиелік портфельдің негізгі үлесі кепілсіз заемдарға тиесілі және де жалпы несиелік портфельдің 69%-ын құрайды. ББ-ның барлық кредиттік өнімдері бойынша беру көлемі 2018 жылы 379 млрд. теңгені құрады.

Бөлшек кредиттеу нарығында 2018 жылдың қорытындылары бойынша Банктің үлесі 20,5%-ды құрады.

2018 жылы Банк мына жаңа өнімдерді қосты:

- **«Жалақылық жобаға қатыспайтындар үшін жедел кредит».** Бұл өнімнің мақсаты – жалақылық жобаға қатыспайтын, яғни жалақысын басқа ЕДБ-ден алатын клиенттерге заем ұсыну мүмкіндігі.
- **«Кредиттік карта»** – бұл жаңа мақсатты өнім, оны негізі ретінде Qazkom-ның кредиттік өнімі алынды. Бұл – тауарларды/қызметтерді сатып алуға, қолма-қол ақша беруге белгіленген, жаңартылатын лимиті бар карта. Карта бойынша операциялар Банк ұсынған лимит шегінде орындалуы мүмкін. Банк кредиттік карталардың клиенттің сегментіне байланысты түрлі түрін шығарады – бұқаралық сегменттен бастап VIP-ке дейін.
- **«7-20-25» ипотекалық тұрғынұй кредиттеудің мемлекеттік бағдарламасы.** Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» халыққа үндеуінде «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру»

бірінші бастамасын жүзеге асыру мақсатында әзірленді, ол бастапқы жылжымайтын мүлікті жеңілдікті талаптар бойынша сатып алуға мүмкіндік береді (мөлшерлемесі – 7%, бастапқы жарна – 20%, мерзімі – 25 жыл).

- **«Баспана-хит»** мемлекеттік бағдарламасы бастапқы және қайталама тұрғын үйді сату, жеке меншік құқығында тұрғынұй бола тұрып, бағдарламаға қатысу мүмкіндігі, бастапқы жарна сомасын 20%-дан артық ұлғайту мүмкіндігі, заем мерзімін 180 айға дейін төмендету, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін базалық сыйақы мөлшерлемесіне қарай сыйақы мөлшерлемесін (қазіргі уақытта 11%, яғни 9,25%+175 базистік тармақ) өзгерту бөлігінде «7-20-25» бағдарламасының баламасы болып табылады.

## 2018 жылы Халық Банкіде бейілділік бағдарламасы жаңартылды

Бейілділік бағдарламасы шеңберінде Халық Банкі клиенттері Cash Back немесе Go! бонус түрінде сыйақы алады.

2018 жылы Банк бірқатар жаһандық және жергілікті науқандар жүргізді:

- Банктің бейілділік бағдарламасы серіктестерімен бірлескен, қандай да бір танымал салада карта ұстаушыларының қолма-қол ақшасыз төлемдерін ынталандыруға бағытталған жаһандық салалық акциялар;
- жекелеген брендтермен серіктестердің бюджеті есебінен жергілікті науқандар;
- жаңа қолма-қол ақшасыз сервистерді/банк өнімдерін дамытуға бағытталған Банктің науқандары (Apple pay, Homebank, Homeshop, Halyk light, QR төлемдер және т.б.);
- түрлі халықаралық төлем жүйелері ұстаушыларына арналған сегменттелген акциялар.

Жүргізілген науқандарды талдау негізінде транзакциялар саны мен Банк карталары бойынша айналым көлемі 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өсіп, транзакциялар саны бойынша +16%-дан бастап +32%-ға дейін, айналым көлемі бойынша +9%-дан бастап +27%-ға дейін құрады.

## ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫ

2019 жылғы 2 қаңтардағы жағдай бойынша ЕДБ-нің белсенді төлем карталарының саны 5,2 млн. дананы құрады. Халық Банкі 46% үлесімен осы нарықта көшбасшылықты сақтап тұр.

2018 жылы Банк мына жаңа өнімдерді енгізді:

- **Дебеттік карталар бойынша жаңа өнім желісін қосу.**
  - Базалық топтамасы (Visa Rewards, MasterCard World, Alтын UnionPay Gold). Күнделікті қажеттіліктерді барынша өтеуге арналған заманауи ұсыныс.
  - «Platinum» топтамасы (Visa Platinum, MasterCard Platinum, Alтын UnionPay Platinum). Саяхатшылар үшін ең қажеттінің барлығы, бірқатар қосымша артықшылықтар, тиімді тарифтер.
  - «Persona» топтамасы (Visa Signature, MasterCard World Black Edition, UPI Diamond). Табысы жоғары сегментке арналған көтеріңкі жайлылық, қызмет көрсетудің көтеріңкі деңгейі, саяхатқа арналған кеңейтілген топтама.
  - «VIP» топтамасы (Visa Infinite, MasterCard World Elite, Asia Prestige Diamond). Ең көп мүмкіндік, сыныптағы ең үздік сервистер мен қызметтер.
- **«Amex Rewards» картасын қосу** – бұл жаңа мақсатты өнім, оның негізінде Qazkom өнімі жатыр. Өнімнің ерекшелігі – қолма-қол ақшасыз операцияларға 1% мөлшерінде Cash Back ұсыну.



## ЖАЛАҚЫЛЫҚ ЖОБАЛАР

Банктің ең басты стратегиялық қызметтерінің бірі – бұл жалақылық жобалар. Жалақылық жоба шеңберінде қызмет көрсетілетін заңды тұлғалардың саны шамамен 41 мың ұйымды құрайды.

Жыл бойында жалақыны есептеу көлемі өткен жылға қатынасы 50% өсіммен 4,2 трлн. теңгені (КҚБ-ны ескерумен) құрады.

Сондай-ақ жалақылық жобалардың қатысушыларына кепілді және кепілсіз заемдар бойынша ең үздік талаптар қолжетімді, осылайша Банк клиенттерге бейілділігін көрсетуде.

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ ЕСЕПТЕУ

Банк 1996 жылдан бастап ҚР-да зейнетақы төлеу бойынша негізгі операторларының бірі болып, шамамен 2,4 млн. зейнеткер мен жәрдемақы алушыларға қызмет көрсетеді. Республика бойынша барлық төлемдер көлеміндегі Банктің үлесі 70,3%-ды, саны бойынша 67,8% құрайды.

## ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

**2018 жылы жаңа «FASTER» төлем жүйесі енгізілді.**

2018 жылдың тамыз айынан бастап жүйенің операторы болып табылады. «Faster» ақша аударымдар жүйелері нарығында аударымдар саны бойынша Қазақстандағы көшбасшы жүйелердің үштігіне кіреді.

«Faster» жүйесі «Золотая Корона» және «Intel Express» секілді басқа аударымдар жүйелерімен біріктіруді қолдайды, бұл ақша аударымдарын қабылдау және жөнелту бойынша 57 мың пункттерінде клиенттерге қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Солндай-ақ «Faster» жүйесіне 15 серіктес банк пен Банктің филиал-жалік түгелдей қосылған.

Жүйе Қазақстан Республика аумағындағы жүйеге қызмет көрсететін кез келген пунктінде, жаңы және алыс шетелдердегі жүйе серіктестеріне қызмет көрсету пункттерінде онлайн режимде ақшалай аударымдарды 4 валютада (теңге, АҚШ доллары, еуро, ресей рублі) жөнелтуге және алуға мүмкіндік береді. Жүйе интернет-платформада жұмыс жасайды, аударым уақыты - 1 минут.

## ТӨЛЕМ ТЕРМИНАЛДАРЫ

2018 жылы төлем КҚБ мен Халық Банкінің терминалдары паркін және жеткізушілерді біріктіру жүргізілді, жаңа қызметтер енгізілді: ай сайынғы несиелік берешек туралы ақпарат ұсыну, шот туралы хабарламаны А4 форматында шығару, зейнетақы жарналарды, әлеуметтік төлемдер мен медициналық сақтандыру үшін жарналарды қабылдау және басқалар, терминал мәзірінде қызметтерді іздеу ұйымдастырылды.

Банктің төлем терминалы желісінде орындалған жалпы операциялар саны 2018 жылдың қорытындылары бойынша 15,5 млн. операция құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда (11,9 млн. операция) 30%-ға артық.

## ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

2018 жылы Homebank интернет-банкінгінің жаңа нұсқасы қосылды. Енді кез келген қазақстандық банктің картасымен жеке кабинетке кіругіз де қызметтерге төлеуге немесе аударым жасауға болады. Жаңа нұсқаның басты ерекшелігі – пайдаланушы интерфейсінің айтарлықтай өзгеруі болды, бұл интернет-банкінгінің барлық функцияларына қол жеткізуді жеңілдетуге мүмкіндік туғызды.

Әзірлеменің заманауи технологияларын қолдана отырып, қайта-қайта резервтеуі бар жаңа технологиялық платформа Банк клиенттеріне 24/7 режимінде тұрақты сервис ұсынуға мүмкіндік береді.

Атап кететін жәйт, Homebank интернет-банкінгі жаңа нұсқасы Банктің барлық клиенттеріне қолжетімді. Төлемдер мен аударымдардың мұрағаты, сондай-ақ клиенттер MuHalyk интернет-банкінгінің ескі нұсқасында жүзеге асырған басқа да төлемдер жаңа нұсқасына көшірілді.

Homebank қосымшасын Google Play және App Store дүкендерінен жүктеп алудың жалпы саны 1,5 млн. жүктеулер.

Клиенттерді қашықтан сату арналарына тарту және бейілділік деңгейін көтеру мақсатында түрлі акциялар, сондай-ақ Банктің түрлі төлемдері мен сервистері үшін комиссияны нөлге теңестіру бойынша іс-шаралар өткізілді. Осылайша, ең танымал сервистер бүгін клиенттерге тегін ұсынылады: коммуналдық қызметтерді, жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды, салықтық төлемдерді және қоғамдық көлік карталарын толықтыру және басқалар.

Жаңа нұсқаға көшу мен біріктірудің нәтижесінде жүйе пайдаланушыларының 3,5 млн. клиентке дейін ұлғайды. 2018 жылы интернет-банкінгі пайдаланушылары шамамен 29 млн. төлемдер мен аударымдарды жүзеге асырды.

## НОМЕВАК – ТЕ WESTERN UNION АУДАРЫМДАРЫ

Банк 2018 жылы интернет-арнаның белсенді дамуын жалғастырды, осылайша, 2018 жылдың желтоқсан айында Homebank интернет-порталында жаңа қызмет қосылды - Western Union аударымдары.


Бұл қызмет клиентті дәстүрлі бөлімшеден одан қолайлы интернет-арнаға өтуге ынталандыру мақсатында тәулік бойы арнайы промо тарифтер бойынша көрсетіледі.

Homebank пайдаланушыларына WU аударымын жөнелтудің екі түрі қолжетімді - «Мерзімдік» және «12 сағат». 2019 жылы қызметті мобильдік қосымша арқылы жүзеге асыру жоспарлануда.



## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

2018 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ пен «Казкоммерцбанк» АҚ біріккеннен кейін ШОБ кредиттері портфелі жалпы алғанда 70%-ға ұлғайды, бір ЕКБ-ға қатысты алғанда, белсенді клиенттердің саны 309%-ға өсті. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банкте қызмет көрсетілетін ШОБ-тың белсенді клиенттерінің саны 7,6 мың заемшыны қоса алғанда, шамамен 210 мың болды, ШОБ кредиттерінің саны шамамен 24 мыңды құрады.



\* ҚР статистика агенттігінің деректеріне сай 2014 жылғы есепте ҚР Қаржы ми-әстрлігін Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде әрекеттегі ЖҚ саны көрсетілген (бұйып шауарышалық өндiрушiлерсiз). Әрекеттегі ШОБС санының өнеет өзгерітi келуі «Жеке кәсіпкерлік туралы ҚР заңы нормасының күшеіе өнуімен түсіндіреді, бұл заң тек жұмысбастылардың саны бойынша ШОБС субъектілеріне жатқару критеріінің статистикасының мақсаты үшін пайдалануды көздейді (ерұқсат құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын онлайндандыру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы). Шығын және орта кәсіпкерлікті (ШОБ) заңды тұралары бойынша ақпарат осы өзгерістерді есепте алумен қалыптастырылған.

ШОБ клиенттерінің жалпы санынан алғанда:

- 2 өнімді пайдаланатын – 31,4 мың клиент;
- 3 және одан артық өнімді пайдаланатын – 6,7 мың клиент.

Бұл ретте бір өнімнен артық өнімді пайдаланатын клиенттердің жалпы саны 38 мың клиентті немесе белсенді клиенттердің 18%-ын құрайды.




\* 2018 жылы Халық Банкі және ККБ портфельдерінің бірігуі жүзеге асырылды.

ШОБ кредиттеуде келесі үрдістер байқалды (біріктірілген портфельді ескере отырып):

- Банктің ШОБ сегментін кредиттеу көлемдері тұрақты ұлғаяуда. 2018 жылы ШОБ клиенттеріне берілген кредиттердің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға – 539,0 млрд. теңгеден 674,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды
- Банк ШОБ кредиттік портфелін жақсарту бойынша жұмыс жүргізуде, бұл 2018 жылдың басымен салыстырғанда, ШОБ проблемалық кредиттері портфелінің айтарлықтай төмендеуіне (20%-ға) және ШОБ кредиттерінің стандарттық (проблемалық емес) портфелінің ұлғаюына (15%-ға) әсерін тигізді

- Банк құжаттамалық операциялар нарығында позицияларын нығайтуда. Осылайша, 2018 жылдың қорытындылары бойынша Банк шығарған өтелмеген (келімен қамтамасыз етілген) банктік келіліктіктер портфелі 2017 жылмен салыстырғанда, шамамен 2 %-ға, 46,4 млрд. теңгеден 47,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды

Өңірлер бойынша, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, ШОБ-тың ең үлкен кредиттік портфелі былай берілген: Алматы ОФ – 13,1%, Ақмола ОФ – 8,4%, Қарағанды ОФ – 7,3%, Ақтөбе ОФ – 7,1% және Батыс Қазақстан ОФ – 6,7%.



Банк 2018 жылы «Даму» қорымен бірлесіп ҚР-да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттің бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысты және де қатысуын жалғастыруда.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Халық Банк қатысатын ЕДБ арасында несиелік портфельдің көлемі



көрсеткіштері және «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасында қатысуы мақұлданған заемшылардың саны бойынша көшбасшылардың қатарында.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 2018 жылы субсидияланған Халық Банкі заемшылары кредиттерінің көлемі 42,7 млрд. теңгеге тең, бұл «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына қатысатын ЕДБ клиенттерінің субсидияланған кредиттерінің жалпы көлемінің 25%-ын құрайды. Осы көрсеткіш бойынша Халық Банкі 2-ші орында тұр.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының субсидиялау туралы оң шешім алған 1 432 қатысушылары арасынан, Халық Банкі клиенттерінің үлесі 21% немесе 299 жобаны құрайды. Осы көрсеткіш бойынша Халық Банкі 1 орынға ие.

«Даму» қорымен ынтымақтастықтың келесі бағыты – Банк жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ұсынатын кредиттерді кепілдендіру. Кепілдендіру бағдарламасы басталған сәтінен бастап, «Даму» қоры қол қойған 4,9 мың шарттың ішінде Халық Банкінде шамамен 1,1 мың (23%) кепілдік шартына қол қойылған, осы ретте «Даму» қорының Халық Банкі үшін кепілдіктерінің сомасы 16,2 млрд. теңге болды, бұл көрсеткіш ЕДБ клиенттері кепілдіктерінің жалпы сомасының 22%-ын құрайды. Әрбір аталған көрсеткіштер бойынша, жекеley және жалпы алғанда, кепілдендіру бағдарламасына қатысу аясында, Банк сенімді түрде ЕДБ арасында 1-ші орынды иеленіп тұр.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасынан бөлек, Банк «Даму» қорымен бірлесіп басқа да жеке кәсіпкерлікті кредиттеу бойынша бірқатар бағдарламаларға қатысады:

2014 жылдың сәуірінен бастап Өңдеу өнеркәсібі саласында қызмет ететін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – ШОКС) қолдау бағдарламасы бойынша 64 млрд. теңге бөлінді, Банктің қайталама игеруін есепке алып қатысқан кезеңде 173,2 млрд. теңге сомаға 648 жоба қаржыландырылды. Бөлінген және игерілген қаржының көлемі жағынан Халық Банк үздіктердің үштігіне кіреді.

2016 жылдың мамырында «Даму» қоры мен жергілікті атқарушы органдарының қаражаты есебінен ШОКС-ты өңірлік қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыруға қатыса бастады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағдарламаға Қазақстан Республикасының 14 облысы (Алматы, Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Маңғыстау, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан) және Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласы қатысады. «Даму» қоры мен Банк арасында жалпы сомасы 19,1 млрд. теңгеге 56 келісім жасалды.

Бүгінгі күні Банк 56 келісімнің ішінен 45 келісім бойынша қаражатты бастапқы игеруді аяқтады. Шамамен 5,4 млрд. теңгеге жасалған 11 келісім бойынша бастапқы игеру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда, оның ішінде 37%-ы игерілді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте 13 облыста (Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан), Алматы, Астана және Шымкент қалаларына арналған 6,6 млрд. теңге

орналастырылды, оның ішінде 4,7 млрд. теңге игеріліп қойды. Бұл ретте Банк орналастыру сомасы бойынша қазақстандық банктердің арасында 2 орынға ие.

2018 жылдың ішінде Банк Тұрғын үй салуды жекеменшік салушылардың қолға алуын ынталандыру бағдарламасы шеңберінде «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды.

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету Банк қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. ҚР банк секторында қалыптасқан жағдайда, Халық Банкі айтарлықтай артықшылықтарға ие, корпоративтік клиенттерді қаржыландыруда қатысуды ұлғайтуға септігін тигізетін мықты капиталдандыру, және сәйкесінше заемшылар тобына ең үлкен лимит, теңдегі және валютадағы тұрақты қорландыру базасы мен жоғары өтімділік сияқты бизнесті кеңейту үшін мүмкіндіктердің жаңа шоғырын ұсынады. Осы ретте Банк кредиттік портфельдің жоғары сапасын сақтайды. Тіімді клиенттік саясаттың негізгі индекаторы болып табылатын ең алдымен қызмет көрсетілетін клиенттер санының тұрақты өсуі, Банкке деген сақталып келе жатқан сенімділік, клиенттік шоттарда қаражаттың ұлғаюымен, сондай-ақ қолданылатын банктік өнімдер саны ұлғаюымен расталады.

Банк Қазақстанның ірі компаниялардың көпшілігімен бірге қызмет жасайды. Банктің корпоративтік клиенттері арасында – квазимемлекеттік сектордың компаниялар, нарықтың көшбасшысы болып табылатын жеке компаниялар, сондай-ақ ҚР экономикасының түрлі саласының бизнестің ауқымы бойынша ең



перспективалық орташа компаниялар. Клиенттермен ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарға ерекше назар аударып, Банк әрекеттегі клиенттермен де, сондай-ақ жаңа клиенттермен де қатынастарының дамуына сәтті инвестиция салуды. Банк командасы жаңа өнімдерді әзірлеп және банк қызметі сапасын жақсартып отырып, сервистер мен процестерді 2,1 мың корпоративтік клиенттер үшін жетілдіреді. 2018 жылы корпоративтік бизнес сегментінде бизнестің белсенді дамуы жалғасты, бұл Банкке ҚР нарығында маңызды ойыншы және негізгі инвесторлардың бірі рөлін сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Корпоративтік клиенттерге ұсынылатын негізгі өнімдердің ішінде кредиттеуді, сауданы қаржыландыру мен құжаттамалық операцияларды, есептік-кассалық қызмет көрсетуді, жалақылық жобаны, эквайринг қызметтерін, сондай-ақ «Halyk» тобының сақтандырудың барлық түрлері, брокерлік қызметтер, инкассация қызметтері және басқаларды ерекше атап өтуге болады.

Банктің ішкі процестердің автоматтандыру жалғасуда. Қазіргі цифрлық кеңістік қарқынды дамуы заманында Банк цифрлық технологияларды дамытуға бағытталған айтарлықтай күш-жігерін салады. Бұл қолданастағы сервистерді жақсартуға және нарыққа Банк клиенттерінің жоғары бағасына ие болған озық шешімдерді шығаруға мүмкіндік береді.

Корпоративтік клиенттерге есептік-кассалық қызмет көрсету саласында Банк қашықтан қызмет көрсету технологияларына, заңды тұлғалар үшін интернет-банкінг жүйесін жаңа сункциялармен қамтуға бұрынғыша ерекше назар аударады. Корпоративтік клиенттердің

көпшілігі үшін жүйенің мүмкіндіктері кәсіпорынның ұйымдық құрылымының жеке ерекшеліктерін, бизнестің өзгешеліктерін ескере отырып бапталған. Банк компаниялар тобының ақша ағындарын басқару және бақылау сызбалары ұсынады.

Банк «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ арқылы жүзеге асырылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламасына қатысуын жалғастыруда. Банктің аталған бағдарламаға қатысуының жалпы сомасы 30,9 млрд. теңгені құрады, және де 2018 жылы бағдарлама аясында Ұлттық Қор қаражаты есебінен фармацевтикалық, химиялық, тоқыма және азық-түлік өнеркәсібінде өндірісті, сондай-ақ құрылыс және майлау материалдары өндірісін жүзеге асыратын 17 жоба қаржыландырылды.

Банктің кредиттік портфелінің басым бөлігі тиесілі корпоративтік клиенттерді кредиттеу бизнестің құрылымында жетекші орынға ие. Банк өз клиенттеріне қызметтердің кең шоғырын ұсынуға – қамтамасыз ету кепілмен/кепілсіз кредиттеу, овердрафт нысанындағы кредит, инкассацияланатын түсім кепілімі кредит, инвестициялық/операциялық қызметті қаржыландыруға кредит. Банктің мақсатты корпоративтік клиенттері – олардың кредиттік сапаларын жетекші рейтингтік агенттіктер растайтын ірі компаниялар, өз саласының көшбасшылары. Банк жаңа экономикалық жағдайға бейімделе отырып, жұмыс жасамайтын кредиттердің (NPL 90+) дәстүрлі төмен үлесін қолдап, кредиттік портфельді орынды ұлғайтуды жалғастырып келеді және ККБ-мен бірігуден кейін өткен кредиттік портфельдің сапасын жақсарту бойына жұмыс жүргізеді. Корпоративтік

бағытты дамытудың ұзақ жылдары бойында Банк клиенттермен мықты қарым-қатынастарды құра алды.


Банктің кредиттік саясатының 2018 жылғы негізгі мақсаты экономиканың баяу өсу жағдайында корпоративтік кредиттеу нарығында позицияларды ұстап тұру болды. Заңды тұлғалар тарапынан кредиттік өнімдерге айтарлықтай жоғары емес сұраныс Банк алдына кейбір борыштық және қаржылық міндеттемелерді алмастыру, соның ішінде Банк клиенттері үшін валюталық тәуекелді төмендету мақсатында валюталық міндеттемелерді қайта қаржыландыру бойынша міндетін қойды. Одан бөлек есепті кезеңде Банк клиенттердің бейілділігін қолдауға, проблемалық берешекті қысқартуға мониторингке, кредиттік тәуекелдерді талдау мен әртарапандыруға ерекше жоғары көңіл бөлді. 2018 жылы Банктің корпоративтік клиенттерін кредиттеудің негізгі қағидаттары мен талаптарды өзгеріссіз қалды: сенімді беделі мен жағымды кредиттік тарихы бар, қаржылық ахуалы тұрақты және төлемқабілеттігі жоғары корпоративтік клиенттерге берілді.

Әртарапандырылған және тұрақты қорландыру базасы арқасында Банк ең тартымды жобаларға назар аудару мүмкіндігімен нарықта басымдыққа ие болды, нәтижесінде 2018 жылы кредиттік портфельдің ұлғаюы мен жақсаруы орын алды.

Банк Қазақстанның банктері арасында меншікті капиталдың ең үлкен көлеміне ие, бұл елдің ең ірі жобаларын қаржыландыруға мүмкіндік береді.



### Корпоративтік сектор портфелінің динамикасы (млрд. теңге)



Жалпы алғанда, корпоративтік блок 2018 жылды жақсы нәтижелермен аяқтады. 2018 жылы Банк, оның ішінде ККБ-мен бірігу есебінен, ірі корпоративтік клиенттердің базасын ұлғайтты, жаңа заемшылар тартылды, пайыздық кірістерді 34,5% -дан аса ұлғайтуға қол жеткізілді. 2018 жылдың аяғына жақын Банктің корпоративтік блогының клиенттер базасы, 380 заемшыларды қоса алғанда, шамамен 2,1 мың корпоративтік клиенттерді құрады (2017 жылдың соңында клиенттер базасы, 279 заемшыны қоса, 1,1 корпоративтік клиенттерден құралды). Капитал нарығындағы тұрақты емес жағдайында Банктің жоғары өтімділігі мен капиталдың мықтылығы қоры, клиенттерге қызметтердің барынша толық ұсыну мен Банктің кең тараған филиалдар желісінің арқасында корпоративтік секторда нарық үлесінің ұлғаюы байқалды.

2019 жылы Банк әрекеттегі клиенттермен әріптестікті дамытуға және қаржылық шешімдер кешенін ұсынып және «Halyk» тобы мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, клиенттер базасын ары қарай дамытуға бағытталған саясатты жалғастыруды жоспарлап отыр. Клиенттерге қызмет көрсетудің жоғары стандарттарының тиімділігін арттыруға және қолдауға ерекше назар аударылатын болады.

2019 жылы корпоративтік бизнесті дамытудағы Банктің негізі басымдықтары:

- өнімдік кредиттік желісін кеңейту, оның ішінде сатылымдар тізбегін қаржыландыру;
- кредиттік емес банктік өнімдерді қолданатын клиенттерге қызмет көрсетуді ары қарай жақсарту;
- транзакциялық желіні кеңейту және дамыту (есептік өнімдері, кэш менеджмент, салалық шешімдер);
- заңды тұлғалар үшін ұсынылатын онлайн сервистерді дамыту;
- әлеуетті клиенттерді анықтау және белсенді сатылымдарды құру үшін нарық туралы салалар бойынша сараптамалық ақпаратты кеңейту.

### ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

31.12.2018 ж. жағдай бойынша еншілес ұйымдардың активтері, млрд. теңге:

Еншілес ұйымның атауы	Активтер, млрд. теңге	Активтер бойынша нарықтың үлесі, %
«Халық Банк Грузия» АҚ	71	1,2
«Halyk Finance» АҚ*	35,8	20
«Қазкоммерц Секьюритиз» АҚ *	17,9	10
«Қазахинстрах» АҚ **	115,3	16
«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)***	103,1	0,023
«Халық Life» АҚ****	145,2	44
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	39,1	3,1
«Халық Лизинг» АҚ	6,7	д/ж
«Халық Жоба» ЖШС	59,6	д/ж
«Қазкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ	30,0	3,8
«Халық Инкассация» ЖШС	3,8	д/ж
«Қазтелепорт» АҚ	4,8	д/ж
«Qpayments» АҚ	0,4	д/ж
«КУСА ККБ-1» ЖШС	54,6	д/ж
«КУСА ККБ-2» ЖШС	40,4	д/ж
«КУСА ККБ-3» ЖШС	38,1	д/ж

\* Активтер бойынша нарықтық үлесі инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар бойынша есептелген (аудиттелмеген деректер бойынша)  
 \*\* активтер бойынша нарықтық үлесі жалпы сакандыру компаниялары бойынша есептелген (аудиттелмеген деректер бойынша)  
 \*\*\* аудиттелмеген деректер бойынша.  
 \*\*\*\* активтер бойынша нарықтық үлесі өмірді сакандыру компаниялары бойынша есептелген (аудиттелмеген деректер бойынша).



## 2018 жылы еншілес ұйымдар Банкке төлеген дивидендтер

Еншілес ұйымның атауы	Сомасы, млн. теңге
«Payments» АҚ	127
«Казтелепорт» АҚ	300
«Halyk Инкассация» ЖШС	2 135
«Казкоммерц-Life» АҚ	2 000
«Halyk-Life» АҚ	1 700
«Halyk Finance» АҚ	2 000
«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ	1 701
«Altyn Bank» АҚ	22 106
«Каззахинстрах» АҚ	9 000
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>41 069</b>

## БАНКТІК БИЗНЕС

### ЕНШІЛЕС БАНКТЕР

«Halyk» тобы Ресейде, Қырғызстанда, Грузия мен Тәжікстанда банктік операцияларды осы елдердің

аумағындағы еншілес ұйымдары арқылы жүргізеді.

2018 жылғы 6 қыркүйекте Банктің Директорлар кеңесі Өзбекстан Республикасында еншілес банкті ашу туралы шешім қабылдады, ашылудың болжалды мерзімі – 2019 жылдың екінші тоқсаны.

### «Халық Банк Грузия» АҚ

«Халық Банк Грузия» АҚ – бұл Грузияда тіркелген және корпоративтік секторда, ШОБ секторында және бөлшек секторда фокусталған коммерциялық банк. 2018 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Грузия» 490,5 млн. лари (70 743 млн. теңге) мөлшерінде жалпы активтерге ие болды, несиелік портфелі (брутто мәні) 408,4 млн. лариді (58 991 млн. теңге) құрайды, меншікті капитал 97,9 млн. лари (14 147 млн. теңге) мөлшерінде қалыптасты. 2018 жылдың қорытындысы бойынша 12,56 млн. лари (1 719 млн. теңге) мөлшерінде таза табыс алынды.

2018 жылдың желтоқсан айында Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі шетел валютасында эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BB-» деңгейінде растады. Болжам – «Тұрақты», сондай-ақ өзінің меншікті viability rating-ін B+ деңгейінде берді.

Тбилиси қаласында жаңа сегізінші Авлабаби филиалы ашылды.

### «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – бұл Қырғызстанда тіркелген, қызметтің түрі бойынша өзін әмбебап банк ретінде танытатын коммерциялық банк. 2018 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ 7 095 млн. сом (39 091 млн. теңге) мөлшерінде активтерге ие болды. 2018 жылда активтердің ұлғаюы 1 671 млн. сомды (9 206 млн. теңгені) құрады, меншікті капиталы 1 633 млн. сом (8 999 млн. теңге) мөлшерінде құрылды. 2018 жылғы қызметтің нәтижелері бойынша 154 млн. сом (774 млн. теңге) мөлшерінде таза табыс алынды.

2018 жылы Қарақол қаласында жаңа филиалды ашу бойынша жұмыс жүргізілді.

Бүгінгі күні «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-да Бішкек қаласында төрт филиалы, ірі облыстық және аудандық орталықтарда 6 филиалы бар.

2018 жылдың қорытындылары бойынша еншілес банктің Қырғызстанның банкаралық нарығында белсендігі үшін Thomson Reuters-дің «Үздік Контрибьютер-2018» сыйлығымен марапатталды.

### «Москоммерцбанк» КБ (АҚ)

«Москоммерцбанк» КБ (АҚ) – 2001 жылы құрылған әмбебап банк, банк өнімдерінің, корпоративтік және жеке клиенттерге қызмет көрсетудің, қаржы институттарының кең шоғырын ұсынады. Оның қызметінің басым бағыттары шағын және орта бизнес кәсіпорындарын кредиттеу, корпоративтік сектор, банктік кепілдіктерді шығару бойынша жұмыс, сауда-сервис орындарындағы эквайринг және бөлшек бизнес болып табылады.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аудиттелмеген есептіліктің деректері бойынша активтер 18 672 млн. рубльді (103 070 млн. теңге) құрады, несиелік портфель (брутто мәні) 14 206 млн. рубльді (78 419 млн. теңге), меншікті капитал 1 278 млн. рубльді (7 056 млн. теңге) құрады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша банкке 412 млн. рубль (2 268 млн. теңге) мөлшерінде залал келтірілді, бұл 2017 жылы келтірілгеннен айтарлықтай аз.

2018 жылдың мамыр айында Халық Банкінің 100% еншілес ұйымы болып табылатын «НБК-Банк» АҚ-ты біріктіру арқылы «Москоммерцбанк» ҚБ-ны (АҚ) қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталды.



### «Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ

«Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ – Тәжікстандағы әмбебап банк. 2018 жылғы 31 желтоқсанда «Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ активтері 735,4 млн. сомониді (29 977 млн. теңге), меншікті капиталдың жалпы сомасы 129,7 млн. сомониді (5 286 млн. теңге) құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2018 жылғы 31 желтоқсанда 55,1 млн. сомони (2 245 млн. теңге) құрады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша банк 31 млн. сомони (1 169 млн. теңге) мөлшерінде таза пайда алды. «Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ POS терминалдар бойынша Тәжікстан нарығында айтарлықтай үлеске ие (шамамен 25%).

### САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ

#### «Казхинстрах» АҚ

Банктің «Казхинстрах» АҚ еншілес сақтандыру компаниясы – бұл экономиканың көптеген секторларында жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарына негізгі сақтандыру қызметінің толық пакетін ұсынатын, жалпы сақтандыру бойынша компания.

2018 жылғы 30 тамызда «Казхинстрах» АҚ және «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ арасында құқықтар мен міндеттемелерді өткізу актісіне қол қойылды, оның нәтижесінде «Казхинстрах» АҚ «Казкоммерц-Полис» АҚ-тың барлық құқықтары мен міндеттері бойынша толықтай құқық мирасқоры болды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Казхинстрах» АҚ Қазақстандағы ең ірі жалпы сақтандыру компанияларының бірі болып табылады (активтер бойынша 2-орын және меншікті капитал бойынша 3-орын).

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша біріктірілген

компанияның активтері 2 еседен артық немесе 63,6 млрд. теңгеге ұлғайып, 115,3 млрд. теңгені құрады, бұл нарықтағы 16%-ға сәйкес келеді. 2018 жылы компанияның таза кірісі 3,5 млрд. теңгені құрады. Компания қызметінің қорытындысы бойынша 2018 жылы сақтандыру сыйақылары 42,8 млрд. теңге мөлшерінде жиналды, бұл жалпы сақтандыру нарығының 17,3%-ын құрайды.

2018 жылғы 28 желтоқсанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы ребрендинг туралы шешім қабылдады. Компанияның жаңа атауы – «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Халық» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (қысқартылған – «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ). Ребрендинг жаңартылған бизнес-стратегия шеңберінде жоспарлы шешім болды және де ол компанияға өзін Halyk қаржылық тобы құрамындағы Халық Банкінің еншілес құрылымы ретінде нақтырақ таныстыруға мүмкіндік береді.

#### «Халық-Life» АҚ

2018 жылғы 1 қарашада «Халық-Life» және «Казкоммерц-Life» АҚ арасында өткізу актісіне қол қойылды, «Халық-Life» АҚ «Казкоммерц-Life» АҚ-тың барлық құқықтары мен міндеттері бойынша толықтай құқық мирасқоры болды. Бірігу нәтижесінде өмірді сақтандыру нарығында сөзсіз көшбасшы болып табылатын, Қазақстан Республикасында өмірді сақтандыру бойынша ең ірі және қаржылық тұрғыдан тұрақты компания құрылды.

Біріккен компания аннуитеттік сақтандыру өнімдерін, жазатайым оқиғалардан сақтандыру және сырқаттанған жағдайға байланысты сақтандыруды қоса, сондай-ақ клиенттерге сатудан кейінгі сервис ұсыну бойынша мамандандырылған бөлімше және меншікті мамандандырылған авторлық IT-бағдарламалары сүйемелдейтін бірегей сақтандыру өнімдерін қоса, өмірді

сақтандыру бойынша өнімдердің ең кең ассортиментін жеке сақтандырудың түрлі түрлерін ұсынады.

2018 жылдың қорытындылары бойынша «Халық-Life» АҚ сақтандыру компанияларының арасында ең жақын бәсекелестерді шамамен 1,5 есе озып, барлық негізгі көрсеткіштер бойынша көшбасшы позицияны берік ұстап тұр, атап айтқанда:

- активтер мөлшері бойынша (145,2 млрд. теңге, активтер бойынша үлесі 44% (бұзулар ескерілмеген аудиттелмеген деректер бойынша нарық));
- құрылған сақтандыру резервтерінің мөлшері бойынша (112,0 млрд теңге, резервтер бойынша нарықтың үлесі 42% (бұзулар ескерілмеген аудиттелмеген деректер бойынша нарық));
- меншікті капитал мөлшері бойынша (22,5 млрд теңге, капитал бойынша нарықтың үлесі 45% (бұзулар ескерілмеген аудиттелмеген деректер бойынша нарық));
- сақтандыру сыйақыларының көлемі бойынша (47,6 млрд теңге, сақтандыру сыйақылары бойынша нарықтың үлесі 40% (бұзулар ескерілмеген аудиттелмеген деректер бойынша нарық)).

2018 жылы компанияның таза кірісі 4,0 млрд. теңгені құрады. 2019 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша «Халық-Life» АҚ өмірді сақтандыру компаниялары арасында төлемқабілеттілігі маржасы жеткілігінің айтарлықтай жоғары коэффициентіне ие, ол 3,46 мөлерін құрайды (нормативі 1,00-ден төмен болмауы тиіс).

2018 жылдың мамыр айында А.М. BEST халықаралық рейтингтік агенттігі «Халық-Life» АҚ-тың V+ қаржылық тұрақтылық рейтингін және «bbb-» эмитенттің кредиттік рейтингін растады, ол Қазақстандағы өмірді сақтандыру компаниялары арасында ең жоғары болып табылады.





## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС

### «Halyk Finance» АҚ

«Halyk Finance» АҚ Қазақстанда жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады. 2018 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finance» АҚ-тың активтері 35,8 млрд. теңгені, меншікті капиталы 20,08 млрд. теңгені құрады. 2018 жылы «Halyk Finance» АҚ 4,03 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

«Halyk Finance» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі 2018 жылдың 31 желтоқсанында 34,2 млрд. теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2018 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 171,96 млрд. теңгені құрады. 2018 жылдың 31 желтоқсанында басқарудағы активтер мөлшері 191,3 млрд. теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2018 жыл қорытындысы бойынша әйгілі ақпарат агенттіктерінен және Cbonds, EMEA Finance, Global Business Outlook секілді беделді баспалардан «Қазақстанның Үздік Инвестициялық Банкі» марапатарымен тағы да бір мәрте марапатталды.

Компанияны АХҚО қатысушысы ретінде тіркеу мақсатында 2018 жылдың 2-жартысында Компанияның филиалы – Halyk Finance Astana құрылды, мекенжайы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан және АХҚО алаңында тиісті қызмет түрлеріне лицензиялар алынған. Соншалықты қысқа мерзім ішіндегі Компанияның жетістіктерін және АХҚО

дамуына айтарлықтай үлесін АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетов «100 AIFC Shapers» марапатымен атап өтті.

### «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Қазақстандағы жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания капитал нарығында брокерлік қызмет көрсету, инвестициялық портфельді басқару, бағалы қағаздарды шығару және орналастыру мәселелері жөнінде қаржылық кеңес беру, аналитикалық зерттеулер бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2018 жылдың 31 желтоқсанында «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың активтері 17,9 млрд. теңгені, меншікті капиталы 17,7 млрд. теңгені құрады. 2018 жылы «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 2,3 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі 2018 жылдың 31 желтоқсанында 17,8 млрд. теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2018 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 120,3 млрд. теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2018 жылы әйгілі ақпарат агенттіктерінен және Cbonds, Global Finance, Finance Kazakhstan, Қазақстанның қор биржасы секілді беделді баспалардан бірнеше марапаттармен тағы да бір мәрте марапатталды.

## АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС

### «Қазтелепорт» АҚ

«Қазтелепорт» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің толық ауқымын ұсынады. 2018 жылғы қыркүйектен бастап Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларына техникалық қолдау көрсетеді.

2018 жылы келесі жобалар әзірленіп, мақұлданды:

- «Телекоммуникация желілерінің орталығын жаңарту»;
- «Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында ДӨО салу».

Orange компаниясын, Нұр-Сұлтан қ. халықаралық әуежайын қоса алғанда Нұр-Сұлтан қ. TDM-нан IP технологиясына көшу аяқталды.

Ақпараттық қауіпсіздікке мониторинг жүргізу, жауап қату және қауіптерін талдау қызметтерін көрсету үшін SOC (Security Operations Center) жобасының жарғысы мен тұжырымдамасы дайындалды. 2018 жылы DRaaS (Disaster Recovery as a Service) және BaaS (Backup as a Service), DDoS шабуылдарынан қорғау қызметтері сияқты жаңа бұлттық сервистер іске қосылды. Алматы қ., Абай даңғ. 109 В мекенжайында ДӨО салынды.

2018 жылдың 31 желтоқсанында активтер 4 808,9 млн. теңгені, меншікті капиталы 2 264,9 млн. теңгені, таза табыс 885,4 млн. теңгені құрады.

### «QPayments» АҚ

«Qpayments» АҚ – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың еншілес ұйымы, ол деректерді өңдеу және сақтау бөлігіндегі процессингке технологиялық қолдауды, атап айтқанда, банктің және агент банктердің карта ұстаушылары қарталық операцияларды жүргізу барысында жасақталатын деректерді жинаумен, өңдеумен және сақтаумен байланысты қызметтерді қамтамасыз етеді.

2018 жылдың 31 желтоқсанында АО «QPayments» активтері 387 млн. теңгені, меншікті капиталы 366,5 млн. теңгені құрады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «QPayments» АҚ 79,9 млн. теңге мөлшерінде таза пайда алды.



## ИНКАССАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫ

### «Halyk Инкассация» ЖШС

Банкноттар, монеталар мен құндылықтарды инкассалау қызметі нарығында көш басшы, еліміздегі ең ірі инкассаторлық ұйым «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС «Halyk» қаржылық тобында бір жағынан клиенттерге өз бетімен қызмет көрсететін еншілес компаниялардың бірі ретінде орын иеленсе, екінші жағынан Банктің сату арналарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ете отырып жайғасты.

2018 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның активтері 3 848 млн. теңгені, меншікті капиталы – 3 042 млн. теңгені, жарғылық капиталы – 406,5 млн. теңгені құрады. 2018 жылы «Halyk Инкассация» ЖШС-тің таза табысы 1 936 млн. теңгені құрады.

«Halyk Инкассация» ЖШС-тің филиалдар желісінің құрамына клиенттерге инкассациялау қызметтерін барлық облыстық, аудандық орталықтарда, ірі және шағын қалаларда, яғни ҚР барлық аумағында көрсететін Қалалық инкассациялау басқармасы (Алматы қ.), 18 филиал, 37 бөлімше кіреді. Компанияның материалдық-техникалық базасы ең заманауи талаптарға сәйкес келеді. Құндылықтар арнайы брондалған автокөліктермен ғана тасымалданады, олардың қозғалысы GPS-мониторинг жүйесі арқылы бақыланып отырады. Компания іске асыратын инкассация операциялары Cloud's сақтандыру нарығында тәуекелдерді сақтандыра отырып, қаржылық тұрақтылығы А+ төмен емес рейтингі бар бірінші санатты сақтандыру ұйымдарында сақтандырылған.

## СТРЕТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА КОМПАНИЯЛАР

Компания қызметінің негізгі мақсаты Банктен заемдық қаражат есебінен күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу арқылы Банктің несиелік портфелін сауықтыру, активтерді сапалы басқару және «Halyk» тобының кредиттік шығынын азайту үшін оларды оңалту және Банк алдындағы компаниялардың міндеттемелерін толық өтеу болып табылады.

2018 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk» тобының күмәнді және үмітсіз активтерін басқару жөніндегі компаниялардың активтерінің жалпы сомасы 162,8 млрд. теңгені құрады.

### «Халық Жоба» ЖШС

«Қазақстан Халық Банкінің күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі «Халық Жоба» еншілес ұйымы» ЖШС Халық Банкінің еншілес ұйымы 2012 жылы құрылды. «Халық Жоба» ЖШС ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды. Халық Банкі күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымды құру туралы реттеушінің келісімін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің ішінен бірінші болып алды.

2018 жылы Банк 17,7 млрд. теңге сомаға 13 актив табыстады. 2018 жылдың 31 желтоқсанында активтердің портфелі 56,5 млрд. теңгені құрады.

Активтерді өткізуден және қызметтерді көрсетуден алынған кіріс сомасы 2018 жылы 10,3 млрд. теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен операциялық пайда 2,5 млрд. теңгені құрады.

### «ҚУСА ККБ-1» ЖШС, «ҚУСА ККБ-2» ЖШС, «ҚУСА ККБ-3» ЖШС

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес ұйымдары «ҚУСА 1» ЖШС, «ҚУСА 2» ЖШС, «ҚУСА 3» ЖШС (бұдан әрі – компаниялар) 2012-2014 жылдары ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2018 жылы «Казкоммерцбанк» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ компанияда 134,2 млрд. теңге сомаға 581 актив, 53,9 млрд. теңге сомасына объектілер сатылды. 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы активтер портфелі 97,5 млрд. теңгені құрады.

### «Халық-Лизинг» АҚ

«Халық-Лизинг» АҚ Қазақстан Республикасындағы алғашқы лизингтік компаниялардың бірі болып табылады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың мәлімделген негізгі қызметі арнайы техниканы, оның ішінде ауыр және өзге құрылыс, жол-құрылыс техникасын, өндіріс жабдығын, мұнай жабдығын, өндіру және тау-кен өндіру жабдығын, ауылшаруашылық техникасын және жабдығын, жүктерді және жолаушыларды тасымалдауға арналған коммерциялық көлік құралдарын және т.б. сатып алу және қаржы лизингіне беру болып табылады.

2018 жылдың 31 желтоқсанына «Халық-Лизинг» АҚ-тың активтері 6 745 млн. теңгені құрады, 2018 жыл қорытындылары бойынша таза шығын – 258,8 млн. теңгені құрады. 2018 жыл шығынының негізгі бөлігі 189 млн. теңге сомасына ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалаудың таза кері нәтижелерімен шартталған. 2018 жыл кезеңінде ҚҚС қоспағанда 234 млн. теңге сомасына жылжымайтын мүлік, ҚҚС қоспағанда 52,4 млн. теңге сомасына жылжымалы мүлік өткізілді.



13

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ  
БАСҚАРУ



## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



Топтың тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Топ қызметінің ауқымы мен сипатына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту сұранысына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Топ тәуекелдерді анықтау, оларды басқару, сондай-ақ бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде және біріді жүзеге асыра отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды одан әрі жалғастырады.

### КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте тәуекел-менеджмент жүйесі және сату мен тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуін ескеретін қолданыстағы бизнес-процестер енгізілді, кредиттік тәуекелдерді бағалау және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы жасақталды.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару мыналар арқылы жүргізіледі:

- «үш жолды қорғаныс» – бастама жасайтын бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы, ішкі аудит бөлімшесі тарапынан бақылау;
- (кредиттік) операциялар немесе өнімдер түрлеріне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- заемшылар, салалар және географиялық деңгейде тәуекелдіктің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау мақсатында кредиттік портфельді әртараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру

үшін кредиттік портфельге мониторинг жүргізу;

- барабар резервтерді мүмкін болатын ысырапқа жасақтау.

Банкте кредиттік шешімдерді қабылдау жүйесі Директорлар кеңесінің тиісті алқалы органдарға белгілі бір өкілеттіктерді беруіне және әрбір орган үшін қаржыландыру лимиттерін белгілеуіне негізделеді. Корпоративтік заемшылар бойынша өтінімдерді қарауды ҚД жүзеге асырады. ҚД-ның өкілеттігінен асатын кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуін талап етеді. ШОБ заемшылары бойынша өкілеттіктер ШБ ШҚО-ға/ФКК-не және ФЖКК-не берілген, бөлшек қаржыландыру мәселелері бойынша – ШҚО-ға және БКК-не берілген. Стандартты кепілсіз бөлшек өтінімдер бойынша кредиттік шешімдерді қабылдау автоматтандырылған андеррайтинг, ішкі және сыртқы базалар бойынша тексерулер, өтініш берушінің скорингтік бағасы және т.б. кіретін арнаулы бағдарламалық модуль арқылы іске асырылады. Стандартты емес кепілсіз өтінімдер ШҚО/БКК арқылы кредиттік мақұлдау процедурасына жатады.

Еншілес банктердің кредит комитеттеріне оның аясында шешімдер қабылданатын белгілі бір өкілеттіктер берілген. Банк мерзімді негізде мониторинг жүргізеді және, қажет болған жағдайда, еншілес банктердің кредит комитеттерінің өз бетімен шешім қабылдауының және өкілеттіктерінің лимиттерін қайта қарастырады.

Банктің даму стратегиясына және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейін сипаттайтын негізгі өлшемдер қайта қаралды және толықтырылды, олардың сәйкестігіне Банк бақылау жасайды.

ШБ ШҚО, ФКК/ФЖКК орта және шағын бизнес бойынша бизнес мақсаттарға өз бетінше кредит берудің жаңа лимиттері бекітілген және ШОБ кредиттік процесі оңтайландырылған.

Сыртқы және ішкі нарықтарда макроэкономикалық жағдайдағы жағымсыз өзгерістердің ықпал ету тәуекеліне Банктің ұшырағыштығын бағалау, сондай-ақ стрестік сценарийлерді жүзеге асырудан болатын әсерді анықтау (провизиялар деңгейі, кредиттік рейтингтердің миграциясы, жұмыс істемейтін заемдардың үлесі) мақсатында Банк кредит портфелінің стресс-тестілеуін мерзімді жүргізіп отырады. 2018 жылы мұнай бағасының және ЖІӨ деңгейінің төмендеуі бойынша консервативті болжамдарды қолдану арқылы стресс-тест жүргізілді, нәтиже капиталдың активтер сапасының төмендеуіне тұрақты екенін көрсетті.

Дефолттың ықтималдығын бағалау үшін/КБ және ОБ клиенттері бойынша онымен ұқсас рейтинг үшін Банкте қолданылатын Risk Analyst рейтингтік үлгісі заемның құнсыздану критерийлерінің біреуін анықтау үшін, сондай-ақ жеке маңызды заемдар бойынша стресс-тестілеу жүргізіп кезінде кеңінен пайдаланылады. Рейтингтік үлгіні өзекті күйінде ұстап тұру, сонымен қатар Банктің үлгі жұмысының сапасын тұрақты негізде жақсартып отыруы мақсатында оны валидтеу жүргізіледі; Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі өкілінің қатысуымен үлгіні келесі валидтеу 2019 жылға жоспарланған.


2018 жыл ағымында проблемалық берешекпен, кепіл мүлкін сату арқылы өтеуді қамтамасыз ету, кінәрат-талап қою жұмысы, КАБҮ басқармасына активтерді беру, сонымен қатар үмітсіз берешекті есептен шығару жұмыстары жалғасты. Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде мерзімі өткен берешек үлесі төмендеді.

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Налық»



тобының несиелік портфелінің құрылымында елеулі меншікті салмақты бөлшек заемдар – 25 % (оның ішінде 18 % – тұтынушылық заемдар және 7 % – ипотекалық заемдар) алады. Салалар бойынша едәуір үлесті қызмет (17 %), көтерме сауда (10 %), құрылыс (6 %) жылжымайтын мүлік (8 %) және бөлшек сауда (6 %) секторына берілген заемдар иеленеді.

Экономика секторлары бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымы, %




#### АКТИВТЕРДІ/ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ

«Тәуекел-табыстылық» арақатынасын басқаруға теңдестірілген амалды қамтамасыз ететін банктік активтердің оңтайлы құрылымын жасақтау мақсатында Топ

ішкі және сыртқы активтерге банктік өнім түрлері, экономика сегменттері, валюта түрлері және өтеу мерзімдері бойынша әртараптандырылған салымдарды іске асырады.

2018 жыл үшін Топ активтерінің құрылымы былайша көрсетілген:

«Halyk» тобы активтерінің құрылымы, %



2018 жылы «Halyk» тобының активтері 1,1%-ға өсті. Есепті кезең үшін баланс валютасының өсуіне ең басты бағалы қағаздар портфелі көлемінің – 240,1 млрд. теңгеге (клиенттерден тартылған еркін өтімділікті орналастырумен байланысты 9,0%-ға), нетто негізде несиелік портфельдің – 230,0 млрд. теңгеге (7,1%-ға) ұлғаюы, сондай-ақ туынды қаржы құралдары бойынша жағымды қайта бағалау аталған өсімнің негізгі себебі болып табылатын басқа активтердің – 146,0 млрд. теңгеге (89,1%-ға) өсімі ықпал етті. Несиелік

портфель «Halyk» тобы активтерінің құрылымындағы ең ірі бабы болып отырғанын жалғастыруда, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның үлесі 38,9 % құрады. Баланс құрылымындағы өзге ірі баптар – бағалы қағаздар портфелі, сондай-ақ үлесі активтер құрылымда сәйкесінше 32,5 % (бағалы қағаздардың сауда және инвестициялық портфелі) және 19,6 % құрайтын ақшалай қаражат пен оның баламалары болып табылады.

Топ контрагент-банктер үшін әрекет ететін қолданыстағы лимиттердің ағымдағы позициясының Топтың тәуекел-табетіне сәйкестік тұрғысынан тұрақты мониторинг жүргізіп отырады. Контрагент-банктердің және/немесе олар операция жүргізетін елдердің қызметінде жағымсыз факторлар анықталған жағдайда, Топ жедел тәртіпте белгіленген лимиттердің мерзімі мен мөлшерін қысқарту бойынша түзету шараларын жүргізді.


Сондай-ақ өтімділікті басқару мақсатымен Топ белгілі бір мерзімге тартылған ресурстарды және талап етілгенге дейінгі қаражатты қамтитын пассивтердің тұрақты әрі әртараптандырылған құрылымын қолдайды.

Сондай-ақ 2018 жылы Базел III стандарттарына көші шеңберінде өтімділік бойынша жаңа реттеуші коэффициенттер LCR (Liquidity Coverage Ratio) және NSFR (Net Stable Funding Ratio) енгізілді; Банк аталған реттеуші талаптарға сәйкес келеді.

Топтың 2017 және 2018 жж. міндеттемелерінің құрылымы мынадай:



### Топ міндеттемелерінің құрылымы, %



2018 жылы міндеттемелер құрылымындағы негізгі өзгерістер клиенттердің қаржысынан болды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қаржысы абсолюттік мәнде 395,2 млрд. теңгеге (6,4 %-ға) өсті және міндеттемелер құрылымында ең үлкен меншікті салмақты алып отыр, ол 2017 жылы 77,4 %-ға қарағанда 82,7 %-ды құрады.

Клиенттер қаржысының құрылымында мерзімді салымдардың және ағымдағы шоттардың бөлінуі айтарлықтай өзгерген жоқ, 2017 жылғы 71,7 % және 28,3 % қарағанда есепті күні 65,8 % және 34,2 % құрады.


2018 жылы жеке тұлғалардан тартылған қаражат 9,4 % ұлғайды, заңды тұлғалар қаражаты 3,4 % ұлғайды.

2018 жылы жеке тұлғалардың депозит нарығында маңызды өзгерістер орын алғанын айта кету керек. 2018 жылғы 1 қазаннан бастап «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру

қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКҚ) жеке тұлғалардың ұлттық валютада жаңадан тартылатын депозиттері бойынша талаптарды өзгертті. Енді жеке тұлғалардың салымдары мерзімді, мерзімді емес және жинақ салымдар деп жіктеледі. Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері салымның түрі мен мерзіміне, мерзімінен бұрын алу және толықтыру құқығына байланысты сараланады. Осыған байланысты ҚДКҚ Шекті сыйақы мөлшерлемесін есептеу бойынша жаңа әдістемені бекітті, оның нәтижесінде жеке тұлғалардың ұлттық валютада жаңадан тартылатын депозиттері бойынша ең үлкен тиімді сыйақы мөлшерлемесі 14 %-дан 10,5 %-ға төмендеді және тұрақты түрде тоқсан сайын қайта қаралуы тиіс.

Валюталық салымдар бойынша тең дәрежеде айырбастау бағамының өзгерісінен табыс немесе зиян келуі мүмкін екенін ескергенде, жинақ салымдар аса тартымды әрі тұрақты салым құралы болып табылады. Жинақ салымдар алдын ала айтылған табыстылықты тіркейді, тәуекелі аз болып келеді және ҚДКҚ-ның 15 млн. теңге жоғары кепілдігін қамтамасыз етеді.


### Топ клиенттерінің қаржысы, млрд. теңге



Ішкі нарықтан қорландыруды тартуға көзделу Банкке клиенттердің қаржысын тарту бойынша нарықтағы көшбасшы позицияларды сақтап қалуға мүмкіндік берді. Осылайша, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Халық Банк 37,9% (2017 жылдың аяғында 36,9%) жиынтықты үлесі бар жеке тұлғалардан, сонымен қатар 39,1% (2017 жылдың аяғында 37,7%) үлесі бар заңды тұлғалардан тартылған қаржының көлемі бойынша нарықта көшбасшы болып табылады.

### Нарықтағы үлестері бойынша Халық Банк клиенттерінің депозиттері, %

Банктің өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын бағалау мақсатында Банктің өтімділік жағдайына шоғырланумен клиенттер қаржысының жылыстауына ықпалы бойынша Банк үнемі стресс-тестілеу, сондай-ақ ҚРҰБ-нің сценарийі мен параметрлері бойынша жыл сайынғы bottom-up стресс-тестілеуді жүргізеді.






## НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2018 жыл ішінде Банк барлық валюталарда бейтарап позиция ұстана отырып, валюталық позицияларды басқаруда консервативтік саясатын одан әрі жалғастырды.


Теңгедегі активтердің салыстырмалы салмағы 2017 жылы 63,3% салыстырғанда Топтың қаржылық активтерінен 60,9% құрады, бұл ретте теңгедегі несиелік портфелінің үлесі 70,3%-дан 67,2%-ға дейін төмендеді.

Топтың депозиттік қорының теңгедегі және шетел валютасындағы үлесі бұрынғы деңгейде қалып, тиісінше 44,5% және 55,5% құрады.


### «Налық» тобының қаржылық активтері, валюталар бойынша, %



### «Налық» тобының несиелік портфелі (нетто), валюталар бойынша, %



### «Налық» тобы клиенттерінің қаражаты, валюталар бойынша, %



Топ пайыздық тәуекелдің мынадай көздерін айқындайды: бағалы қағаздардың портфелі бойынша пайыздық тәуекел, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) салдарынан туындайтын пайыздық тәуекел. Топ оң

пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық мөлшерлемелер бойынша Топтың позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Нарықтық тәуекелдің (валюталық, пайыздық, бағалық) мөлшерін шектейтін ішкі лимиттерді уәкілетті органдар рұқсат етілген тәуекел деңгейінің бекітілген мөлшері аясында белгіленеді, олардың сақталуына мониторинг күнделікті жүргізіліп отырады. Белгіленген лимиттердің мөлшері Топтың тәуекел-тәбеті мен нарықтық талаптарға өзектілігі мен сәйкестігіне үнемі қайта қаралып отырады.

### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк өз қызметі барысында операциялық тәуекелге тап болу ықтималдығы бар. Барабар емес немесе жеткіліксіз ішкі үдерістер, адам ресурстары және жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан шығындардың пайда болу ықтималдығы, соның ішінде құқықтық тәуекелді (стратегиялық және беделден айырылу тәуекелін қоспағанда) қоса алғанда операциялық тәуекелді білдіреді.

Банктің Тәуекел-менеджмент қызметі құрамындағы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше өз қызметінде операциялық тәуекел-менеджменттің мынадай алуан түрлі құралдарын жасап қолданады:

- Банкте жаңа өнімдерді/қызметтерді, жүйелер мен бизнес-үдерістерді енгізген кезде немесе қолданыстағы өнімдерге/қызметтерге, жүйелер мен бизнес-үдерістерге елеулі өзгерістер енгізген кезде операциялық тәуекелдің бар-жоқтығын бағалау жұмыстары



жүргізілуде. «ORAP» құралы толық жұмыс істейді және 2010 жылдан бері Банк қызметінің маңызды салаларын қамтып, кең пайдаланылады. 2018 жылы «ORAP» құралы жеке/заңды тұлғаларға қашықтықтан қызмет көрсету, жаңа сату арналарын, қызметтер мен өнімдерді енгізу, кредиттеу, шоттарды ашу процестерін оңтайландыру және т.б. сияқты қызметтер бағытын қамтыды;

- Банктің операциялық тәуекелдері жүзеге асырылатын оқиғаларды жинақтау және талдау ұдайы жүргізіліп отырады. Операциялық тәуекелдердің оқиғалары тіркеледі және ондағы ақпарат бұдан әрі операциялық ысырапты тұтастай азайту бойынша түзету іс-шараларын талдау және қабылдау мақсатымен операциялық тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік жасау үшін пайдаланылатын арнаулы мәліметтер базасында тиісті түрде жіктеледі; сомасы реттеуші белгілеген шекті деңгейге тең операциялық тәуекелдерден жүзеге асырылған шығындар бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде жіберіледі;
- Банк операциялық тәуекел-менеджменттің құралын – тәуекелдің негізгі индикаторларын дамытуды жалғастыруда. Қазіргі таңда Банкте Банк үшін аса маңызды АТ жүйелер мен сыни бизнес үдерістер бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлі бағыттар бойынша тәуекелдің 27-ден артық негізгі индикаторлары жұмыс істейді.

- Банкте сценарийлік талдау бойынша жобаларды жүргізу аясында басқа ЕДБ-де жүзеге асырылған алаяқтық операциялар бойынша сценарийлер, олардың Банкте жүзеге асырылуын болдырмау мақсатында; сценарийлік талдау бойынша жүргізілген жобалардың нәтижелері бойынша үдерістерде негізгі кемшіліктер анықталды. Іске қосылған бөлімшелерге Банкте қарастырылатын сценарийлерді іске асырудың ықтималдығын болдырмау/барынша азайту мақсатында тиісті ұсынымдар берілді, тәуекелді жоятын іс-шаралар әзірленді;
- «Бақылау жүйесінің өзін өзі бағалауы» жобасы жүзеге асырылды, оның нәтижесі бойынша Банк тәуекелдерінің картасы мен матрицасы құрылды;
- Операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі түрлі жобалар, сондай-ақ алаяқтық әрекеттерді барынша азайтумен («Ішкі/сыртқы алаяқтықтың бөлшек тәуекелдерін барынша азайту» жобасы), шеккен шығындардың себебін тергеумен байланысты, болып жатқан проблемаларды, тәуекел аймақтарын талдау комиссиясын құрумен байланысты мәселелер бойынша Банктің жұмыс тобының тұрақты қатысушысы болып табылады.

### ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Төтенше жағдайлар жағдайларында уақтылы және тиімді іс-шараларды құру мақсатында Банк нормативтік құқықтық құжаттарды, инфрақұрылымды, құзырлы қызметкерді және жалпы үздіксіз қызмет процесін басқаруға мүмкіндік беретін басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесінің

бар болуын және қолдау көрсетуін қамтамасыз етеді.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Банктің инфрақұрылымы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Деректерді өңдеу резервтік орталығынан («Disaster Recovery site» немесе DR-сайт) және қажетті жабдықтармен және технологиялармен жабдықталған Алматы қаласындағы екі альтернативті алаңнан тұрады.

2018 жылдың ішінде Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- бизнеске ықпал етуге талдау және болжанбаған жағдайлардың тәуекелдеріне талдау жүргізілді;
- Банк қызметінің үздіксіздігін және қалпына келтіруді қамтамасыз ету жоспарлары; АТ-жүйелерінің резервтік серверлерге, сыни АЖ-нің резервтік көшірмелерінен тесттік қалпына келтіруге өтуі бойынша; қалпына келтіру бригадасының мүшелерін Банктің альтернативті алаңдарына нақты операцияларды орындаумен («жұмыстық» режимде) жұмылдыру бойынша оқытулар (тестілеу) жүргізілді;
- қызметтің үздіксіздігі мен қалпына келуін қамтамасыз ету процесіне қатысатын қызметкерлер үшін кейінгі тестілеумен оқыту ұйымдастырылды;
- Банк қызметінің үздіксіздігін басқарудың тиімді жүйесін құрудағы жұмысты ұйымдастыру тәртібін, тәсілдерін, қағидаларын, сондай-ақ Банкте осы процестің жүзеге асырылғаны үшін жауап беретін Банктің органдары мен бөлімшелерін анықтайтын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ





қызметінің үздіксіздігін және қалпына келуін қамтамасыз ету қағидасына, Саясатқа өзгерістер енгізілді.

### АТ ЖӘНЕ АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

2018 жылы Банк ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – АТ) және ақпаратты қауіпсіздік (бұдан әрі – АҚ) тәуекелдерін басқаруды ұйымдастырумен және үйлестірумен байланысты қызметтің жүзеге асырылуын, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесінің дамуын (бұдан әрі – АТ және АҚ ТБЖ) жалғастырды. 2018 жылы Банк мынадай іс-шараларды жүзеге асырды:

- АТ және АҚ ТБЖ бойынша ішкі нормативтік құжаттарға (бұдан әрі – ІНК) өзгерістер енгізілді;
- Бекітілген ІНК сай банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бойынша АТ және АҚ тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралардың толық циклі (бағалау, өңдеу, мониторинг) жүргізілді. Аталған іс-шаралардың нәтижесінде АТ және АҚ тәуекелдерінің тізілімі мен карталары, АТ және АҚ бақылауларының тізілімдері жасақталды, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді;
- Банктердің («Казкомерцбанк» АҚ және «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ) бірігуін ескере отырып, тәуекелдің негізгі индикаторлары құралы бойынша деректер өзектендірілді: жаңа ақпараттық жүйелер қосылды және тәуекелдердің деңгейі және тұрып қалу уақыты бойынша лимиттер қайта қаралды;
- Ақпараттық ресурстарды қорғау департаментімен бірге ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалаудың негізінде

ақпараттың сыншылдығы және Банк активтерінің сыншылдығын анықтау рәсімі әзірленді және бекітілді.

### КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

2018 жылы Банк Топтың барлық ұйымдарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мен заемдық және меншікті қаражаттың арақатынасын оңтайландыру мақсатымен капиталды басқаруды жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды. Есепті кезең ішінде Банк реттеушінің нормативтерімен және Капитал туралы Базель келісімінің талаптарымен белгіленген, капиталға қатысты қойылатын талаптардың сақталуына бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды.

2016 жылдың 1 қаңтарынан Топ капиталының жеткіліктілігі қазақстандық реттеуші органы банктерге Базель Комитетінің ұсынымдарын есепке алып тағайындайтын пруденциялық нормативтерге сәйкес есептеледі. Жалпы, реттеушілік меншікті капиталды, оның компоненттерін есептеу бойынша ҚРҰБ әдістемесі Базель III стандарттарына сәйкес келеді. Онымен қоса, әдістемеді Базель III стандарттарымен көзделмеген, бірақ жергілікті реттеуші органдардың қосымша әдістемелік түзетулерді қолдануы бойынша Базель III ұсынымдары шеңберінде рұқсат етілген жекелеген реттеушілік түзетулер қолданылады. Банк бекітілген нормативтерді беріктіктің мол қорымен орындай отырып, меншікті капиталдың мөлшері мен жеткіліктілігі бойынша барлық реттеушілік талаптарына сай келеді.

Банктің макроэкономикалық жағдайдың жағымсыз өзгерістерінің тәуекеліне ұшырағыштығын бағалау мақсатында Банк капиталдың жеткіліктілік көрсеткішіне түрлі

макроэкономикалық факторлары өзгеруінің әсері бойынша стресс-тестілеу, оның ішінде ҚРҰБ-нің талабы бойынша жыл сайынғы bottom-up стресс-тестілеуді жүргізеді.

### КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк комплаенс-тәуекелді Банк және оның қызметкерлерінің ҚР заңнамасы талаптарын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтамауы салдарынан туындайтын шығындардың ықтималдығы ретінде белгілейді. Банкте комплаенс-тәуекелді басқару төрт негізгі элементті: тәуекелді анықтау, сәйкестендіру, бағалау және өлшеу, сондай-ақ мониторинг жасау мен бақылауды қамтитын процесс ретінде тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру мақсатында Банкте қорғаныстың үш желісіне негізделген, функционалды және ұйымдық өзара әрекеттесу жүйесі құрылды:

- қорғаныстың бірінші желісі Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің тәуекелді анықтауын және мониторинг жүргізуін, комплаенс-тәуекелді барынша азайту мақсатында ағымдағы бақылау жасауын және түзету шараларын қолдануын білдіреді;
- қорғаныстың екінші желісінде комплаенс-тәуекелді басқару саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді және комплаенс бақылау қызметін Банктің комплаенс



қызметі жүзеге асырады, оның құрамына Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін Бас комплаенс-бақылаушы және Комплаенс бақылау департаменті кіреді. Комплаенс бақылау департаменті Бас комплаенс-бақылаушыға есеп береді. Бас комплаенс-бақылаушыны Банктің Директорлар кеңесі тағайындайды;

- қорғаныстың үшінші желісі ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің тәуелсіз бағалауын білдіреді.

Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі әдістері мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР заңнамасының және Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтауына бақылау жүргізу;
- Банктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ҚР заңнамасын және Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын дұрыс түсінуін және қолдануын қамтамасыз ету;
- комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіру, өлшеу, мониторинг жасау және бақылау, соның ішінде жаңа банктік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және құрылымдау, жаңа бизнес процестерді,

технологияларды және т.с.с. ендіру кезінде;

- реттеушінің/уәкілетті органның міндетті талаптарын уақтылы және сапалы орындалуын бақылау;
- Комплаенс бақылау департаментінің Банк бөлімшелерінің қызметіне комплаенс мониторинг (тексеру) жүргізуі;
- Комплаенс-тәуекелдерді анықтау/бағалау бойынша түрлі құралдарды, соның ішінде бақылаушы бөлімшелердің өз қызметін бағалау бойынша құралдарды Банкте қолдану;
- Банктің инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар тұлғалар тізімінің жүргізілуіне және қолданыстағы күйде сақталуына бақылауды қосқанда, инсайдерлік ақпаратқа кіру құқығына шектеу қойылуын бақылау және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға (КЖ/ТҚҚ) бағытталған шараларды Банктің сақтауын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мүдделер қайшылығының алдын алу бойынша талаптарды сақтауына бақылау жүргізу.

Комплаенс-бақылау қызметін орындау үшін, мүмкін болатын комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту, алдын алу мақсатында Комплаенс бақылау департаменті мынадай іс-шаралар жүргізеді:

- Банк бөлімшелерінің өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің ішкі

құжаттарына сәйкес келуіне өзін-өзі бағалайтын құралдың қолданылуын ұйымдастырады және үйлестіреді. Комплаенс-тәуекелдерді бағалау нәтижелері комплаенс және ішкі бақылау мәселелері бойынша есептің аясында Банк Басқармасының қарауына ай сайын, Директорлар кеңесіне тоқсан сайын жөнелтіледі. Көрсетілген жұмыс нәтижелері бойынша орташадан жоғарыға дейін берілген деңгеймен, өзін-өзі бағалау барысында анықталған комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары жасалады. Іс-шаралар жоспарының орындалуын Комплаенс бақылау департаменті бақылайды;

- Банкте Банкке тән комплаенс-тәуекелдің деңгейін сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, Банкте бар бақылау жүйесін тиімділігінің деңгейі бағаланады, қалдық комплаенс-тәуекелдер деңгейі анықталады. Мұндай бағалау нәтижелері тиісті есеппен ресімделеді және Банк Басқармасына ай сайын және Директорлар кеңесіне тоқсан сайын жөнелтіледі. Бақылау тиімділігін жақсарту және қалдық комплаенс-тәуекелдер деңгейін төмендету үшін іс-шаралар жоспары құрылады, оның орындалуын Комплаенс бақылау департаменті бақылайды;
- Комплаенс бақылау департаменті комплаенс мәселелері бойынша, соның ішінде КЖ/ТҚҚ бойынша, сондай-ақ FATCA мәселелері бойынша Банк қызметкерлері үшін оқытуды ұдайы жүргізіп отырады. Жыл сайын Банкке жаңадан қабылданған қызметкерлерге, сондай-ақ Банктің жауапты



бөлімшелерінің қызметкерлеріне де оқу өткізіледі. 2018 жыл ішінде Оқыту туралы бекітілген жоспарға сәйкес интерактивті түрде де, сонымен қатар қашықтан да (on-line режимінде) жүргізілді. Жоғарыда аталған іс-шаралар жауапты қызметкерлердің комплаенс мәселелері және КЖ/ТҚК, FATCA рәсімдері бойынша хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған.

Бұдан бөлек, Комплаенс бақылау департаментінің негізгі міндеттерінің бірі КЖ/ТҚК бөлігіндегі Банк қызметінің ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Банкте қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған барлық қажетті рәсімдер, сондай-ақ клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті түрде тексеру бойынша рәсімдер қарастырылған және сақталады, оларға мыналар кіреді:

- тәуекел деңгейі бойынша клиентті жіктеу (тәуекелге бағытталған тәсіл), клиентке берілген тәуекел деңгейіне байланысты оңайлатылған немесе күшейтілген сәйкестендіру, атап айтқанда, клиент туралы мәліметтерді жинау және белгілеу жүргізіледі;
- санкцияланған (халықаралық/жергілікті) тізімдер бойынша клиенттерді/әлеуетті клиенттерді тексеру;

- әлеуетті клиенттің «Шетелдік жария лауазымды тұлға» санатына қатыстылығын тексеру;
- клиенттің беделін тексеру;
- өзге тексерулер (операцияларды, мәмілелерді және т.с.с. тексеру).

Клиентті тиісті түрде тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда мұндай клиентпен іскерлік қатынас орнатылмайды, операциялар жүргізілмейді;

Банк, қаржылық мониторинг субъектісі бола тұра, КЖ/ТҚК бөлігіндегі ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес қаржылық мониторингке жататын, Банк клиенттері жүргізген операциялар (шекті және күдікті) туралы уәкілетті органды хабардар етеді. Банкте енгізілген тұрпаттама, схемалар және сценарийлер негізінде қаржылық мониторингке жататын операцияларды анықтауға және деректерді уәкілетті органға жөнелтуге мүмкіндік беретін қажетті ақпараттық жүйелер бар. Бұдан бөлек, Банктің ішкі рәсімдеріне сай жауапты бөлімшелер автоматтандыруға жатпайтын, олар бойынша ақпаратты кейіннен Комплаенс бақылау департаментіне жіберілетін күдікті операцияларды анықтау процесіне қатысады.

Бұдан бөлек, Банк клиенттерге қызмет көрсету және контрагенттермен ынтымақтасу кезіндегі халықаралық экономикалық санкцияларды сақтайды. Бұл мақсаттар үшін транзакциялардың автоматты скринингі мен қолмен жасалатын бақылаулар енгізілген. Банк өз қызметінде

ашықтық, әділдік және дүниежүзілік қауымдастыққа бірігу қағидаттарын ұстанады.



14

КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ТУРАЛЫ  
ЕСЕП



14





## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Жоғары сапалы корпоративтік басқару Банктің еркін және бәсекелі нарықта табысты қызмет етуі үшін қажетті талап болып табылады. Банк озық тәжірибені есепке алып, корпоративтік басқарудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құруға талпынады. Мұндай жүйе компания құнының өсіміне жәрдемдеседі және инвесторларға және акционерлерге олардың ақшасының тиімді пайдаланылып жатқандығына кепілдік береді.

2006 жылы халықаралық нарықта Банктің GDR нысанындағы жай акциялары орналастырылған сәттен бастап корпоративтік басқаруды дамытуға ерекше мән береді. Акциялардың жария орналастырылғанына қарамастан бастапқы кезде ол қаржы құралдарын тарту бойынша рәсім болып табылған, сондай-ақ ол корпоративтік басқарудың әлемдік деңгейдегі заманауи қаржы институтына сәйкес келуі тиіс халықаралық жоғары стандарттар мен принциптерге сәйкес келетін жүйесін құрудың бастапқы нүктесі болып табылды.

Банктің корпоративтік басқару жүйесін әрі қарай дамыту және жетілдіру қажеттілігі:

- екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару жүйесінің және корпоративтік басқару жүйесінің қызмет етуіне қатысты ҚР заңнамасының ұдайы өзгерістерімен, реттеушінің тарапынан банктердің қызметіне бақылауды күшейтумен;
- өз қызметі аясында қаржы ұйымдары соқтығысатын жаңа тәуекелдермен және клиенттер үшін бәсекелестікті күшейтумен;
- өз жұмысында ӘДҮ-на/G20 кіретін мемлекеттердің аумағында қабылданған корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибелері мен стандарттарын пайдаланатын тиімді, ашық, тұрақты және инновациялық қаржы институтын құру бойынша жұмысты жалғастыруға ұмтылысымен қамтамасыз етілген.

### БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

2006 жылдың желтоқсанында Банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен принциптерді, Банк органдарының жұмыс істеу және шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексі ҚР заңнамасының ережелеріне, уәкілетті органның ұсынымдарына, Үлгілік кодекске сәйкес, сондай-ақ акциялары халықаралық кор биржаларында бағаланатын компаниялардың корпоративтік басқару тәжірибесін есепке алып, этикалық нормаларға, дамудың ағымдағы кезеңінде Банк қызметінің нақты талаптарына сәйкес әзірленді.

Банк өзінің корпоративтік басқару жүйесінің қалыптасу, қызмет ету және жетілдіру процесінде басшылыққа алатын негізгі бағыттарды анықтау мақсатында Банктің корпоративтік басқару кодексімен корпоративтік басқарудың мынадай принциптері бекітілді:

- акционерлерге Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- Банк акционерлері үшін Банктің таза кірісін бөлуге (дивидендтер алу) қатысуға нақты мүмкіндік жасау;
- Банк акционерлері мен инвесторлардың негізді шешімдер қабылдауы үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштерге, қызмет ету нәтижелеріне және Банкті басқарудың құрылымына қатысты шынайы ақпараттың уақытылы және толық берілуін қамтамасыз ету;

- Банк акционерлерінің барлық санаттарына тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Банктің лауазымды тұлғаларының қызметтерінің максималды ашық болуын қамтамасыз ету;
- Банктің Директорлар кеңесінің қоғам қызметіне стратегиялық басқаруды және өз тарапынан қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ Директорлардың оның акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету;
- Банк Басқармасына Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді адал ниетпен жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ Банк Басқармасының Банктің Директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне есеп берушілікті белгілеу;
- Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды белгілеу;
- Банктің ішкі бақылауының тиімді жүйесінің жұмыс істеуін және оның әділ бағаланып қамтамасыз ету.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы Банк қызметінің Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген корпоративтік басқарудың принциптері, ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетін рәстайды.

Банктің корпоративтік басқару ережелерін, Банк Жарғысын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды қабылдай, жетілдіре және мұлткісіз сақтай отырып, Банк тиісті түрде корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесуге өз ниетін растайды.

### ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның қаржылық реттеу және қадағалау бойынша басқармасын ашу және транспаренттілік қағидаларын корпоративтік басқару туралы ережеге сәйкес әзірленді.





GDR Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне кіргізілген шетел компаниясы ретінде Банк Ұлыбританияның тәуелсіз реттеушісі – қаржы есептілігі жөніндегі кеңес жариялаған. Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін сақтауға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2. сәйкес, Банк өзінің жылдық есебінде сақталуы ҚР заңнамасымен талап етілетін, тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпаратты сияқты қазақстандық корпоративтік басқару кодексін де сақтайтыны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Банк Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту үшін бағдар ретінде қарастырады.

Банктің қолданыстағы корпоративтік басқару кодексінң төменде көрсетілген Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінен айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық ішінара Қазақстанның корпоративтік басқару кодексін және заңнаманың және қазақстанның реттеушісі – ҚРҰБ-нің талаптарын сақтау қажеттілігімен, және ішінара – Банк қызметінің жергілікті талаптарының реалияларымен байланысты.

### **БАНКТИҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ**

Банктің корпоративтік басқару кодексінң Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінен біршама айырмашылықтары бар. Төменде негізгі айырмашылықтары келтірілген:

### **ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ**

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін Директорларды қайта сайлау үшін ең жоғары үш жылдық мерзімді қарастырады.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін тәуелсіз директорлардың кемінде жылына бір рет жекелеген отырыстарды өткізуін, атап айтқанда, Директорлар кеңесін Төрағасының қызметін бағалау үшін қарастырады.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін Төрағаны қоспағанда, Директорлар кеңесін құрамының кем дегенде жартысы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс екенін қарастырады.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуін жете талдауы, оның қызметіне бақылау жасауы тиіс, сондай-ақ ұсынылып отырған қаржы ақпаратының толықтығына, сондай-ақ қаржы бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйесінң тиісінді және сенімді болып табылатынына көз жеткізуі тиіс екенін қарастырады.

Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін Директорлар кеңесінң компанияда және Директорлар кеңесінде дағдылар мен тәжірибенің тиісті теңгерімін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Директорлар кеңесінң кадрлық құрамын бірте-бірте жанартуды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінң және компанияның жоғары басшылығының мүшелерін тағайындайтын кезде сабақтастылықты тиісті түрде жоспарлаудың бар екеніне көз жеткізуі тиіс екенін қарастырады.

### **БАНКТИҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ**

Банктің корпоративтік басқару кодексін Директорлар кеңесін ұдайы қайта сайлау талап етпейді. Оның орнына, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне Директорлар кеңесінң өкілеттік мерзімін белгілеу кіреді. 2017 жылдың 21 сәуірінде өткізілген акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінң осы құрамының үш жылдық өкілеттігі белгіленді.

2018 жылдың ішінде корпоративтік басқару процестерін жетілдіру, стратегия, Директорлар кеңесінң қызметі, Корпоративтік хатшының жұмысын жақсарту мәселелерін талқылаумен Корпоративтік хатшының және тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейресми кездесулер өткізілді.

Банктің корпоративтік басқару кодексінде Қазақстан заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты мұндай тікелей талап жоқ, оларға сәйкес Директорлар кеңесінң құрамында тәуелсіз директорлардың кем дегенде үштің бір бөлігі болуы тиіс. Алайда, акционерлердің 2017 жылғы 21 сәуірдегі жалпы жиналысында сайланған Директорлар кеңесінң құрамына Директорлар кеңесінң жеті мүшесінң ішінен бес Тәуелсіз директор қосылады.

Банктің корпоративтік басқару кодексін мұндай жауапкершілікті Банктің Директорлар кеңесінң барлық мүшелеріне жүктейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексін Директорлар кеңесін мүшесін қуру тәртібін және Директорлар кеңесінде үміткерлерге қойылатын белгілі бір талаптарды Директорлар кеңесінң тиісті жұмыс істеуі үшін қажетті тәжірибе мен білімінң оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында анықтайды.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Қазақстанның корпоративтік басқару кодексі дегеніміз 2005 жылдың ақпанында Эмитенттер кеңесі және 2005 жылдың наурызында Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының кеңесі мақұлдаған (2007 жылдың шілдесіндегі өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) Корпоративтік басқару кодексі болып табылады. Қазақстанның корпоративтік басқару кодексін әзірлеу кезінде кең ауқымды халықаралық және қазақстандық тәжірибе пайдаланылды. Осы кодекс қазақстандық компаниялар үшін үлгілік нысан болып табылады.

Банктің корпоративтік басқару кодексі Қазақстанның корпоративтік басқару кодексін, заңнама талаптарын, қазақстандық реттеушінің ұсыныстарын, этикалық нормалар мен басқа да факторлар ескеріле отырып әзірленген. Тиісінше, Банктің корпоративтік басқару кодексі Қазақстанның корпоративтік басқару кодексімен салыстырғанда мейлінше кеңейтілген ережелерді қамтиды, бұл корпоративтік басқарудың тәжірибесін қамқартуға септігін тигізеді.

Банк «Налук» тобының басқа ұйымдарына да корпоративтік басқарудың ұқсас тәжірибесін енгізуде және бұл барлық Топта корпоративтік басқарудың қағидадтарын жетілдіруге және оларды бірыңғай түсінуге септігін тигізеді деп есептейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексінің Қазақстанның корпоративтік басқару кодексінен негізгі айырмашылықтары:

- Банк органы құрамының сапасын арттыруға және мүдделер қайшылығын болдырмауға бағытталған қазақстандық реттеушінің ұсыныстарына сәйкес

Директорлар кеңесіне және Басқармаға үміткерлер үшін шектеулер қосылған;

- Директорлар мен Басқарманың жауапкершілік принциптері қосылған;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың функцияларын нақты шектей отырып қызметін ұйымдастыру жайы сипатталған;
- Директорлар мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы мәселелерін қарастыру принциптері толықтырылған.

Банктің корпоративтік басқару кодексінің мәтіні Халық банктің сайтына орналастырылған:

<http://www.halykbank.kz/ru/about/corporate-governance>.

### 2018 жылы болған корпоративтік басқару оқиғалары:

- Банк акционерлерінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі жылдық жалпы жиналысында 2017 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акция үшін 6,31 теңге есебінен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды, төлем 5 323 акционерге 69 161,02 млн. теңге сомасына іске асырылды. Бұл ретте 2018 жылы 2,48 млн. теңге жалпы сомада 261 акционердің өтініштері бойынша Банктің жай акциялары бойынша өткен жылдарға дивиденд төлеу бойынша жұмыс жалғастырылды.
- Банк мына төмендегілерді ұйымдастыру және сәтті өткізу бойынша жұмыс жүргізді:
  - 2018 жылғы 20 сәуірде Банк акционерлерінің жалпы жылдық жиналысы, онда қарастырылатын мәселелер бойынша 9 шешім қабылданды;
  - 2018 жылғы 20 сәуірде Банк және ККБ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы, онда қарастырылатын мәселелер бойынша 5 шешім қабылданды;
  - 2018 жылғы 26 шілдеде Банк акционерлерінің

кезектен тыс жалпы жиналысы, онда қарастырылатын мәселелер бойынша 3 шешім қабылданды;

- 2018 жылғы 26 шілдеде Банк және ККБ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысы, онда қарастырылатын мәселелер бойынша 3 шешім қабылданды.
- 2018 жылғы 24 сәуірде Банк «Altyn Bank» АҚ акционерлік капиталының 60% үлесін сату бойынша мәмілені аяқтады: China CITIC Bank Corporation Limited 50,1% мөлшерінде және China Shuangwei Investment Co., Ltd. 9,9% мөлшерінде.
- 2018 жылғы 28 шілдеде 2018 жылғы 27 шілдедегі жағдай бойынша өткізу актісіне қол қойылды. Аталған өткізу актісі ККБ-ның Банкке қосылу нысанында Банктің және ККБ-нің ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы аясында Банкке ККБ-нің барлық мүлкін, барлық құқықтары мен міндеттемелерін табыстау фактісінің заң жүзінде ресімделуі болып табылады. Аталған өткізу актісін бекіту туралы шешімдер 2018 жылғы 26 шілдеде Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында, ККБ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында және ККБ мен Банк акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында қабылданды.
- 2018 жылғы 29 тамызда «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ мен «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ арасында 2018 жылғы 29 тамыздағы жағдай бойынша өткізу актісіне қол қойылды. Аталған өткізу актісі «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ-тың «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-қа қосылу нысанында «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ-тың және «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-тың ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы аясында «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-қа «Казкоммерц-Полис» СК» АҚ-тың барлық мүлкін, барлық құқықтары мен міндеттемелерін табыстау фактісінің заң жүзінде ресімделуі болып табылады.



- 2018 жылғы 14 қыркүйекте Банктің Директорлар кеңесі «Halyk» тобының 2019-2021 жылдар кезеңіне жаңа даму стратегиясын бекітті.
- Банктің жеке тұлға – акционерлеріне 2017 жылы Банктің бір жай акциясына 2 теңге мөлшерінде материалдық көмек төлеу туралы Банк Басқармасының шешімін орындау мақсатында 2018 жылы аталған материалдық көмекті төлеу бойынша жұмыс жалғасты және аяқталды (өтініштерді қабылдау 2018 жылғы 30 сәуірде аяқталды). 2017-2018 жылдары 229 жеке тұлға – акционерге төленген материалдық көмектің жалпы сомасы 2,77 млн. теңгені (оның ішінде төлем көзінен ұсталатын салық сомасы) құрады.
- Банк 2018 жыл бойы меншікті жай акцияларын өтеуін төлеп алуды жалғастырып жатты. Сонымен, есепті 2018 жылы өтініштерге сәйкес жалпы сомасы 5,56 млн. теңгеге 28 жеке тұлға-акционерден 101 100 дана меншікті жай акцияны өтеуін төлеп алды.
- Акциялар бойынша дивидендтер, материалдық көмек төлеуге, Банк акционерлерінің дербес деректерін жаңарту қажеттілігіне, Банктің акцияларды өтеуін төлеп алу тәртібіне, Банк акциясына меншік құқығына, ұсталған табыс салығы туралы мәліметтер беруге және Банк қызметі туралы басқа да мәселелерге, сондай-ақ ҚР Бағалы қағаздар туралы заңнамасына қатысты Банк акционерлерінің 20 ресми өтініші қарастырылды.
- 2018 жыл ішінде Басқарма құрамында өзгерістер болды;
- Корпоративтік басқару мәселелері бойынша оқыту курсы әзірленді және «Halyk» тобының корпоративтік хатшысымен оқыту іс-шаралары өткізілді;

- 2019 жылға жалпы экономикалық сценарий бойынша (сценарийлік талдау арқылы) Банктің стресс-тестілеу нәтижелері қаралды.
- Басқарушылық тәуекелдерді оңтайландыру мақсатында Банктің, оның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің жауапкершілігін сақтандыру көзделді (D&O).
- Корпоративтік басқаруды дамыту аясында, Банк құрылымында жаңа бөлімше – Корпоративтік хатшының аппараты құрылды, оның негізгі міндеттері мыналар болып табылады: Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету; акционерлердің жалпы жиналыстарын әзірлеу және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарларын жүзеге асыру; Директорлар кеңесінің және Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын бақылау; корпоративтік басқарудың белгіленген қағидаттарын, соның ішінде корпорация ішіндегі мінез-құлықтың моральдық-этикалық ережесін Банк органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің сақтауына мониторинг жүргізу; Корпоративтік хатшының оған Банктің ішкі нормативтік құжаттармен жүктелген функцияларды тиімді орындауын қамтамасыз ету.

#### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Банк Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультациялық-кеңес беру органдары әрекет етеді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. Осы Комитеттердің жұмысы туралы мейлінше толық есеп төмендегі шағын тарауда орналастырылған.

Басқарманың жанында дирекциялар арқылы бірнеше жұмыс органдары, Комитеттер және жұмыс топтары құрылған. Бұл жеке алынған әрбір сегмент бойынша ауқымды мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыруға

мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда және заңнама талап еткен кезде, осындай мәселелер бойынша жұмыс органдары қабылдаған шешімдер Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудиторлар, Ішкі аудиттің басшысы, Тәуекел-менеджменттің басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы, Бас заң кеңесшісі, Корпоративтік хатшы және т.с.с. көмек көрсетеді.

Банкте ішкі аудит қызметі, тәуекел-менеджменті, комплаенс-бақылаушы, сондай-ақ корпоративтік басқару мәселелеріне жауап беретін Корпоративтік хатшы институты бар.

«Halyk» тобы ұйымдарының қаржылық есептілігін растау үшін, Банк «Үлкен төрттік» аудиторлық компанияларын жұмысқа тартады. 2018 жылы осы функцияны «Делойт» (Deloitte, LLP) ЖШС компаниясы атқарды.

Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы функцияларды бөлу ҚР заңнамасына сәйкес жүргізілген. Директорлар кеңесінің құзыретіне төмендегідей аса маңызды мәселелер кіреді:

- Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау, ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банктің даму стратегиясын бекіту шеңберінде Банктің даму стратегиясын бекіту, тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін белгілеу және бекіту, Банктің даму стратегиясын орындау мониторингін жүзеге асыру және оның ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профилі мен қаржы потенциалына, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкестілігін бағалау, тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін есептеу нәтижелері туралы есепті қарастыру және оларды Банк тәуекелдерінің ағымдық деңгейімен салыстыру;
- Банк жарғысының ҚР заңнамасының талаптарына





сәйкестілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оны өзекті жай-күйде сақтау;

- жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;
- Банк Басқармасының қызметіне мониторинг, бақылау және бағалау жүргізу;
- Банктің ұйымдастыру құрылымын бекіту, оның Банк қызметінің көлеміне, құрылымына, сипатына және күрделілік деңгейіне сәйкестілігін қамтамасыз ету;
- тиісті жылға Банк бюджетін бекіту және оның орындалуына бақылау жүргізу;
- Басқарма мүшелерін, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беруші қызметкерлерді тағайындау талаптары мен рәсімдерінің айқын және тиімді жүйесін белгілеу, олардың сыйақысының мөлшерін белгілеу;
- Банкте тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің жұмыс жасауын, соның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тиісті ішкі құжаттарды бекіту, мониторинг қорытындылары бойынша дайындалған ақпарат пен есептерді қарастыру арқылы бақылауды және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарында көзделген жағдайларда және оларға сәйкес тәуекелдерді басқару, аудит, ҚР заңнамасы мен Банк ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мәселелерін бақылауды қамтамасыз ету;
- мүдделер қайшылығын анықтау мен реттеу жүйесін жасау;
- Банктің меншікті капиталынан бес пайызға артатын заемдарды берудің мақсатқа сәйкестілігін талдау, бағалау жүргізу және осындай қарыздарды беру туралы шешім қабылдау;

- ірі мәмілелер, жасалуында мүдделілік бар мәмілелер мен Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешімдер;
- басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық пайызын (қатысу үлесін) сатып алу туралы шешімдер;
- Банк акционерлерімен тұрақты диалог орнатылуын қамтамасыз ету;
- нормативтік құқықтың актінің талаптарына сәйкес Банктің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша уәкілетті алқалы органдарын құру, соның негізінде өздері қызметін жүзеге асыратын Банктің ішкі құжаттарын бекіту;
- реттеуші есептіліктің толық, шынайы және уақытылы жасалуына мониторинг және бақылау жүргізу.

Басқарманың құзыретіне Банктің ағымдық қызметіне басшылық жасау мәселелері кіреді, соның ішінде:

- Банктің даму стратегиясын әзірлеу, Банктің даму стратегиясын орындауды қамтамасыз ету;
- бекітілуі Банктің басқа органдарының құзыретіне жататын құжаттарды қоспағанда, Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекіту;
- Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ уәкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөлу;
- Банк бюджетін әзірлеу және оның орындалуына мониторинг жүргізу;
- Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына ҚР заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік ұсыну;
- жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және

меншіктен шығару туралы шешім қабылдау;

- Банктің өзге органдарының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банктің үшінші тұлғаларға ұсынатын заемдарының (кепілдіктерінің, кепілгерліктерінің) мөлшерін анықтау (лимиттерін белгілеу);
- ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте Банк филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау (сайлау) туралы шешім қабылдау;
- Банк штатын, ішкі еңбек тәртіптеме ережесін, оның құзыреті шегінде жаза қолдану мен ынталандыру ұсынуды реттейтін ішкі ережелерді бекіту;
- Банктің ұйымдастыру құрылымын жасау;
- ҚР заңнамасына сәйкес ұжымдық шарттар жасау туралы шешім қабылдау және қарастыру;
- ҚР заңнамасына, Жарғысына қайшы келмейтін және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын өзге функцияларды жүзеге асыру.

#### Директорлар кеңесінің құрылымы

2017 жылғы 21 сәуірде өткен Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы келесі шешімдер қабылдады:

- саны 7 (жеті) адамнан тұратын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы бекітілсін;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жаңа Директорлар кеңесі сайланатын, мерзімі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін сәтте аяқталатын, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 (жыл) деп белгіленсін;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері етіп келесі тұлғалар сайлансын: Александр Сергеевич Павлов, Әнуар Фалимоллаұлы Сәйденов,



Арман Ғалиасқарұлы Дунаев, тәуелсіз директорлар ретінде Кристоф Рель және Фрэнк Кайларс, «АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ өкілі ретінде Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев, Үміт Болатханқызы Шаяхметова.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы мынадай болды:

#### Директорлар кеңесінің құрамы

Павлов Александр Сергеевич	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
Дунаев Арман Ғалиасқарұлы	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Кайларс Фрэнк	Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ өкілі
Рель Кристоф	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор
Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы	Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
Шаяхметова Үміт Болатханқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы
<b>Барлығы</b>	<b>7 Директор</b>

Директорлардың тәуелсіздігін анықтайтын кезде Қазақстан заңнамасымен белгіленген өлшемдер қолданылды.

#### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



#### Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі

Халық Банкі Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен ой-өрісінің ең таңдаулы теңгерімін қалыптастыруға талпынады. Мәселелерді талқылауда түрлі көзқарастардың бар болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын барынша тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін барынша тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық болжампаздық, Банк өз операцияларын жүзеге асыратын ірі салалардың ерекшелігін білу, корпоративтік басқару, тәуекел - менеджмент бойынша білімдері мен тәжірибелерін үлес етіп қосады.

Сонымен бірге, барлық Директорлар банктік бизнес, жалпы қаржы саласы бойынша, адами ресурстарды басқару, оның ішінде сыйақы мәселелері бойынша білімге ие.

Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесі туралы жиынтық ақпарат беріледі:

#### Директорлардың дағдылары мен тәжірибесі

Банктік іс	7 Директор
Мұнайгаз және тау-кен саласы	4 Директор
Нақты сектордың басқа да салалары	5 Директор
Қаржы	7 Директор
Көшбасшылық	7 Директор
Тәуекелдерді басқару	4 Директор
Халықаралық тәжірибе	5 Директор
Стратегиялық болжам	7 Директор
Корпоративтік басқару	7 Директор
Адами ресурстарды басқару	7 Директор
<b>Барлығы</b>	<b>7 Директор</b>

#### Басқарма құрылымы

2018 жылдың ішінде Басқарма құрамы біршама өзгерістерге ұшырады. 2018 жылғы 26 наурыздан бастап Боданов Айвар Жиреншеұлы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма мүшесі болып қайта сайланды. 2018 жылғы 2 маусымнан бастап Марат Бүркітбайұлы Әлменовтың басқа лауазымға ауысуына байланысты оның Банк Басқармасының мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды. Сонымен қатар, КҚБ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа қосылу нысанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың қайта ұйымдастырылуы процесі аяқталғаннан кейін 2018 жылғы 29 шілдеден бастап Басқарма мүшелерінің басшы



қызметіне: Жағыпаров Нұрлан Төлеужанұлы, Сартаев Дәурен Жанкісейіулы, Сатубалдина Жаннат Сағандыққызы тағайындалды: 01.01.2019 жылғы жағдай бойынша Басқарма құрамы мынадай болды:

Басқарма құрамы	
Шаяхметова Үміт Болатханқызы	Басқарма төрағасы <i>HR, Қазынашылық, Стратегиялық офис, Заң бөлімі, Compliance, Халықаралық қызмет</i>
Боданов Айвар Жиреншеұлы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Қауіпсіздік және проблемалық кредиттер</i>
Қарпықова Әлия Сәкенқызы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Қаржы және бухгалтерлік есеп, Еншілес компаниялар</i>
Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Корпоративтік бизнес</i>
Құсайынбеков Қуат Қайроллаұлы*	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Ақпараттық технологиялар</i>
Сәлімов Ертай Исмаилұлы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Бөлшек бизнес, Байланыс орталығы</i>
Талпақов Аслан Бақтыгерейұлы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Ұлттық компаниялармен өзара әрекеттесу</i>
Жағыпаров Нұрлан Төлеужанұлы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Транзакциялық бизнес, Инновациялық технологиялар, Notebank</i>
Сартаев Дәурен Жанкісейіулы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Шағын және орта бизнес, PR</i>
Сатубалдина Жаннат Сағандыққызы	Басқарма төрағасының орынбасары <i>Операциялық қызмет, Ресурстар және Кеңсе</i>
Барлығы	10 Басқарма мүшесі

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Жалпы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері өз жұмыстарын тиісті кезеңдерге арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді.

2018 жылы Директорлар кеңесі 6 жүзбе-жүз отырыс және 94 сырттай отырысты қосқанда барлығы 100 отырыс өткізді.

Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстар барысында төмендегідей аса маңызды стратегиялық мәселелер қарастырылды:

- «Halyk» тобының 2019–2021 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясы;
- «Halyk» тобының 2016–2018 жылдарға арналған стратегиясын орындаудың 2017 жылғы нәтижелері;
- «Halyk» тобының 2016–2018 жылдарға арналған даму стратегиясын орындаудың 2018 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелері;
- Банк және «Halyk» тобы ұйымдары қызметінің және бюджетті орындауының 2017 жылғы және 2018 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелері;
- «Halyk» тобының (ХҚЕС) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2019 жылға арналған шоғырландырылған бюджетін бекіту;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2020 жылға дейін Трансформациялау бағдарламасын және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ АТ-Трансформациялау бағдарламасын іске асырудың қорытындысы туралы есепті қарастыру;
- Банктің оған ККБ-ның ерікті түрде қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылуы бойынша процесті жүзеге асырумен байланысты мәселелерді, сондай-ақ Банктің кейбір еншілес ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы мәселелерді алдын ал қарастыру;

- 2019 жылға арналған Ішкі аудит департаментінің (бұдан әрі – ІАД) жұмыс жоспары және 2020–2022 жылдарға арналған ІАД жұмысының ұзақ мерзімді жоспары;
- Банктің ең ірі жобалары;
- Банктің 2017 жылғы жылдық қаржы есептемесін алдын ала бекіту және Басқарманың қызмет нәтижелері туралы тоқсандық есептері;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ комплаенс-тәуекелдерін басқару тиімділігі және бақылау туралы, сондай-ақ ішкі бақылау мәселелері бойынша Бас комплаенс-бақылаушының тоқсандық есептері;
- Банк портфелінің сапасын талдау;
- Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелерді талдау және т.б.

Сырттай дауыс беру заңнамалық және ішкі құжаттармен Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша және келесі жүзбе-жүз отырысқа дейін келінге шегеруге келмейтін аса жедел мәселелер бойынша өткізілді.

### Комитеттердің жұмысы бойынша егжей-тегжейлі есеп ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады. Комитеттер әзірлейтін ұсыныстардың барлығы Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын нұсқаулар болып табылады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат төменде тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде беріледі.

\* Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне 2019 жылғы 4 наурыздан бастап Каблашев Михаил Никитович тағайындалды. Қуат Қайроллаұлы Құсайынбековтың басқа жұмыса ауысуына байланысты Басқарма Төрағасы мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды.



Комитеттердің барлығы қызметтерін өз Ережелерінің негізінде жүргізеді.

#### АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған. Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен құралады. Бұл ретте Комитеттің кем дегенде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Комитеттің құрамы мыналар:

**Рель Кристоф** – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;

**Павлов Александр Сергеевич** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

**Сәйденов Әнуар Ғалимолаұлы** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салықтық есеп, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласындағы білімі мен тәжірибесі бар.

#### КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығы, Банк пен еншілес ұйымдарының заңнама және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкестігі (комплаенс-бақылау), сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің лайықтығы мен тиімділігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, сондай-ақ ішкі аудит жұмысын үйлестіреді.

#### КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЯҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен құралады. Бұл ретте Комитеттің кем дегенде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Комитет құрамына кіретіндер:

**Кайларс Фрэнк** – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;

**Павлов Александр Сергеевич** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

**Шаяхметова Үміт Болатханқызы** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы.

Комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитет мүшелерінің барлығы сыйақы мәселелерін қоса алғанда қызметкерлерді басқару бойынша ауқымды тәжірибеге ие.

#### КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер туралы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбек ақысын төлеу туралы нұсқаулар енгізеді.

КҚБ Басқармасы мүшелерінің сыйақыларын қоса алғанда Банк Басқармасы мүшелерінің сыйақы сомасы 2018 жылы 2 525 млн. теңгені құрайды.

#### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланған Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен

және төрт сарапшыдан – қызметтің жекелеген бағыттарына жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінен тұрады.

Комитет құрамына кіретіндер:

**Дунаев Арман Ғалиасқарұлы** – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;

**Павлов Александр Сергеевич** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

**Сәйденов Әнуар Ғалимолаұлы** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

**Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы** – Комитет мүшесі, директор;

**Шаяхметова Үміт Болатхановна** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы;

**Көшенов Мурат Ұзақбайұлы** – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

**Құсайынбеков Қуат Қайроллаұлы** – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

**Талпақов Аслан Бақтыгерейұлы** – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

#### КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне «Halyk» тобының стратегиясын қарастыру, стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау, сыртқы ортаға және Топтың стратегиялық жоспарларына оның тигізетін ықпалына мониторинг жүргізу мәселелері бойынша қолдау көрсетеді.

#### ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2012 жылдың сәуірінде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым



дауысымен сайланған Директорлар кеңесінің үш мүшесінен және екі сарапшыдан – демеушілік және қайырымдылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшесінен, Маркетинг және PR департаментінің басшысының орынбасарынан тұрады. Сарапшыларды қоспағандағы барлық Комитет мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады. Комитет құрамына кіретіндер:

**Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы** – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор.

**Кайларс Фрэнк** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор

**Рель Кристоф** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор

**Сартаев Даурен Жанкісейұлы** – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)

**Шүнкеев Сағынбек Қуанышбекұлы** – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

#### КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы саясатына, Банк қызметінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігіне, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында болуы мүмкін тәуекелдер және оларды азайтуға, Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі туралы есеп дайындау мен жариялауға және тиісті кезеңге арналған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы шығындар бюджетін алдын ала қарастыруға қатысты мәселелер бойынша қолдау көрсетеді.

#### МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара әрекеттесу

жүйесі тұрақты жетілдіріле түсуде, соның арқасында акционерге өзі үшін ыңғайлы кез келген тәсілмен (жазбаша хабарласу және/немесе электрондық почта арқылы) өз сұрағын қоюға және қажетті кеңесті алуға болады.

Миноритарлық акционерлердің арыз-өтініштерінің және олардың арман-тілектерінің құрылымы тұрақты талданады. Банк өз акционерлерін барлық маңызды жаңалықтар туралы, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және жоспарланып отырған іс-шаралар туралы Банктің корпоративтік сайты, Банк акцияларымен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сайттары және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы хабардар етіп отырады.

Бас Банктің қызметкерлері қажеттілігіне қарай Банк акционерлерімен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша филиал қызметкерлеріне дивидендтерді есептеу, банктік деректемелердің және акционерлердің дербес деректерінің өзгеруі, мирасқорлық бойынша меншік құқықтарының өтуі және т.с.с. бойынша кеңес береді.

#### ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Акционерлердің дивидендтерді алуы бойынша құқықтары мен оларды төлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген Банк Жарғысында және Банктің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

Банктің Директорлар кеңесі 2012 жылғы қыркүйекте Халық банкінің Дивидендтік саясатын бекітті. Бұл шешім дивидендтерді төлеудің түсінікті және анық механизмін орнату мақсатында және жеке икемді ішкі нормативтік құжаттың болу қажеттілігіне байланысты қабылданған болатын.

Банктің Дивидендтік саясатының негізгі мақсаты төмендегі

талаптарды ескеріп, дивидендтерді төлеудің анық және түсінікті механизмін және дивидендтер төлеу, мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау тәртібін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу болып табылады:

- Банктің бөлуге жататын таза пайдасының болуы;
- ҚР заңнамасымен көзделген дивидендтерді төлеуге шектелердің болмауы, сондай-ақ Банк үшінші тұлғалармен, атап айтқанда шетелдік қаржы ұйымдарымен (ковенанттар) жасаған шарттардағы өзге шектеулердің болмауы;
- дивидендтер төлеген жағдайда, Банк меншікті капиталының жеткіліктілік нормативтерін ҚР екінші деңгейдегі банктің қаржы есептілігінің жалпы салалық нормативтерінен төмен емес көрсеткіште сақтау;
- Банктің халықаралық кредит рейтингтерін сақтау (ұстап тұру);
- Тиісті кезең үшін Банктің қаржы есептілігінің аудитін жүргізу;
- Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі.

Жай акциялар (ковенанттар) бойынша дивидендтерді төлеудің бар шектеулері бойынша мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- төлем жүргізілетін кезең үшін таза пайданың 15 %-ынан кем емес және 50 %-ынан аспайды (ХҚЕС бойынша «Halyk» тобының аудиттелген есептілігімен анықталады);
- Банктің Директорлар кеңесі Банктің стратегиялық мақсаттарына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысына «Halyk» тобының аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жыл үшін таза кірістің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді ұсынуға құқылы;



- дивидендтерді күнтізбелік жыл ішінде кемінде бір рет төлеу;
- Банк дефолтқа жол бергенде немесе мұндай төлем Банктің міндеттемелері бойынша дефолтқа алып келуі мүмкін болса, дивидендтерді төлеуге тыйым салынады.

Жай акциялар бойынша дивидендтердің төлемі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер бар болған кезде дивидендтерді төлеу не деректемелерді өзектендіру туралы шешім қабылданған сәттен тоқсан күннен кешіктірмей іске асырылады.

Қаржы жылдарының қорытындысы бойынша Банк дивидендтерінің жалпы мөлшері:

млрд. теңге								
	2017 ж. қорытындысы бойынша	2016 ж. қорытындысы бойынша	2015 ж. қорытындысы бойынша	2014 ж. қорытындысы бойынша	2013 ж. қорытындысы бойынша	2012 ж. қорытындысы бойынша	2011 ж. қорытындысы бойынша	2010 ж. қорытындысы бойынша
Артықшылықты акциялар бойынша	Айналыста жоқ		0,338	2,61	1,81	2,24	5,24	5,49
Жай акциялар бойынша	69,38	-	-	34,26	8,55	12,22	-	-
Жиыны	69,38	-	0,338	36,87	20,35	14,46	5,24	5,49

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҚИТУ

Банкте Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін кіріспе курс (introduction package) әзірленген, онда Банк пен «Halyk» тобының тарихы мен ағымдағы ұстанымдары, Банктің ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі

мүшесінің міндеттері, сондай-ақ соңғы есептік күнге шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізгі нысандары туралы негізгі ақпарат қамтылған.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сондай-ақ банктік заңнамадағы негізгі өзгерістер туралы ақпарат жеткізіліп отырады.

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің ақпараттандырылуы мен біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жүргізуге және оны алдағы уақытта жетілдіруге ниетті.

### ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ РӨЛІ МЕН ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Банкте тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты қызметтер мынадай тәсілмен бөлінген:

- Директорлар кеңесі Банк ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша стратегиялық басшылық жүргізіп, саясаттарды бекітеді және жүйелі түрде қарастырып отырады. Аудит комитеті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің жұмыс органы болып табылады.
- сондай-ақ Директорлар кеңесі Банктің ірі мәмілелерін, оның орындалуына мүдделі мәмілелерді және Банкпен

ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелерді, соның ішінде жеңілдетілген талаптардың болмауына қатысты қарастырады.

- Басқарма тәуекелдерді басқару саясатының жүзеге асырылуына жауапты орган болып табылады. Банкте тәуекелдермен басқару мен бақылау бойынша түрлі қызметтерді атқаратын мынадай негізгі Комитеттер әрекет етеді: кредит комитеттері (КД (Бас Банктің Кредиттік комитеті)), ФКК, ӨКК, Проблемалы кредиттер жөніндегі комитет, активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет.
- Банктің құрылымдық бөлімшелері өздерінің қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға, бақылаудың дұрыстығына және өз қызметінің үздіксіздігіне жауапты.
- тәуелсіз тәуекел-менеджменті қызметтері мен комплаенс-кредиттік, операциялық, нарықтық және комплаенс-тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерінің сәйкестігін, бағалануын, бақылануын және қадағалануын қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдастырылуына жауап береді. Тәуекел-менеджменті қызметі мен комплаенсқа Тәуекел-менеджментінің басшысы, Комплаенс-бақылаушы басшы басшылық етеді.
- ішкі аудит қызметі тәуелсіз және объективтік тексерулерді жүргізіп, «Halyk» тобының қызметін жетілдіруге бағытталған кеңестерді ұсынады. Ішкі аудит тәуекелдермен басқару процестерінің тиімділігін арттыруға және бағалауға, бақылауға және корпоративтік басқаруға жүйелі түрде және рет-ретімен келуін пайдалана отырып, Топтың алға қойған мақсаттарына қол жеткізуге қолғабыс етеді.
- Төмендегі диаграммада тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару және бағалау процесіне қатысатын Банктің органдары, Комитеттері және Банк бөлімшелері көрсетілген.



#### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ:

- Саясаттарды бекітеді;
- Жоғарыдан төмен» сарынын қалыптастырады
- Ірі мәмілелер;
- Байланысқан тараптармен мәмілелер

#### АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ:

- Директорлар кеңесі жанындағы жұмыс органы;
- Сыртқы және ішкі аудиттің мәселелерін қарау;
- Тәуекел-менеджмент үдерістерін жалпы үйлестіру.

#### ІШКІ АУДИТ:

Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік бақылау жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру

#### БАСҚАРМА:

- Саясаттарды жүзеге асыру;
- Бақылау тетіктерін дәйектеу.

Коммерциялық дирекция

Филиал мен филиалдар желісінің  
Кредит комитеттері

Бөлшек кредит комитеттері/ББ және ШБ  
бойынша Шешімдер қабылдау орталықтары

Проблемалы кредиттер бойынша комитет

Активтер мен пассивтерді басқару  
жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Құрылымдық бөлімшелер

Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі  
(қаржы институттары)

Операциялық тәуекелдер; ком-  
плаенс –тәуекелдер; ішкі бақылау  
жүйесі, АТ және АҚ тәуекелдері

Операциялық тәуекелдер мен  
комплаенс-тәуекел

#### ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ҚЫЗМЕТІ/COMPLIANCE DIVISION:

- Тәуекелдерді (кредиттік, нарықтық, өтімділік, операциялық, комплаенс, АТ мен АҚ) басқару жүйесін ұйымдастыру.
- Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау мен бақылауды қамтамасыз ету, қажетті ұсыныстар әзірлеу.
- Лимиттерді есептеу және мониторинг жасау;
- Банк қызметінің реттеуші талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

#### ҮШ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банктегі тәуекелдерді басқару үш деңгейлі қорғаныс жүйесінің базасында құрылады. Бірінші қорғаныс желісіне топ-менеджмент және құрылымдық бөлімшелер, екінші қорғаныс желісіне – Тәуекел-менеджменті комитеттері/

тәуекел-менеджменті қызметтері және комплаенс, үшінші қорғаныс желісіне – ішкі аудит кіреді.

- Банктегі бірінші қорғаныс желісі Банктің түрлі бизнес-құрылымдарының күнделікті операцияларды дұрыс орындауын қамтамасыз ету үшін жасалған бақылаулардан құралады. Бақылауларды бизнес-

құрылымдар әзірлейді және бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың айқын дизайны тәуекелдерді азайту және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ сыртқы реттеу талаптарын сақтау үшін лайықты деңгейде болу қажеттігін меңзейді. Бақылауларды басқару мен



мониторингті бөлімшелердің өздері жүзеге асырады, ол бизнес-құрылымдардың тәуекелдерді, бизнес-үдерістердің әлсіз жақтарын, болуы мүмкін болжаусыз оқиғаларды анықтай алу және оларға дер кезінде жауап қайтару қабілеттілігі болуы қажеттігін болжайды.

- екінші қорғаныс желісіне тәуекелдерді басқару комитеттері және тәуекел - менеджменті қызметі және комплаенс кіреді. Тәуекел-менеджменті комитеттері мен қызметі белгіленген тәуекел-тәбет шеңберінде тәуекелдерді басқару үшін жауап береді. Екінші қорғаныс желісінің негізгі буыны тәуекел-менеджменті қызметі болып табылады. Лайықты бақылаулар деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекел-менеджменті қызметі тәуекелдерді (кредиттік, қаржылық, операциялық) бағалау, тәуекелдер мониторингі рәсімдерін айқындайды. Тәуекел-менеджменті қызметі тәуекелдерге тұрақты тәуелсіз мониторинг жүргізеді, бірінші қорғаныс желісі деңгейінде тәуекелдерді тиімді басқару үшін бақылау құралдарын әзірлейді, комплаенс қызметімен бірлесіп отырып бизнес-бөлімшелерге тиісті салалардағы реттеу талаптарына сәйкестікке қатысты қолдау көрсетеді;
- үшінші қорғаныс желісін ішкі аудит бөлімшесі ұсынды («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

Банк қызметіне тән тәуекелдерді толығымен жоққа шығару мүмкін еместігін Банк мойындайды. Алайда Банк қолданысқа енгізілген тәуекелдерді басқару жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді деген сенімде.

### МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

Банк қызметкерлерімен және клиенттермен қарым-қатынастарды заңдылық, өзара сыйластық және бір-біріне сенімділік қағидаттарында құрайды.

2013 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Корпоративтік этикасының ережесі бекітілді, оның мақсаты төмендегідей болып табылады:

- миссияны, құндылықтарды, іскерлік әдеп пен тәртіп ережелері мен нормаларын бекіту;
- жоғарғы әдеп стандарттарына негізделетін бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара сыйласу және адалдық атмосферасын сақтау;
- Банк акционерлерінің, клиенттерінің, іскерлік серіктестерінің, мемлекеттік билік органдарының, жұртшылық пен өзге де мүдделі тұлғалар тарапынан Банкке деген сенімді арттыру және сақтау, қаржы нарығының ашық және адал қатысушысының беделін нығайту;
- мүдделі тұлғалармен тиімді қатынас құруды қолдау;
- Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларын Банк қызметкерлерінің бізуына жол бермеу.

Жоғарыда көрсетілген Ережені реттеу объектісі Банктің лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерінің өз міндеттемелерін орындауы барысындағы өзара, акционерлермен, клиенттермен, іскерлік серіктестермен, мемлекеттік билік органдарымен, жұртшылықпен және Банкпен қарым-қатынас құратын өзге де тұлғалармен қарым-қатынастардағы кәсіби тәртібі болып табылады.

Банк басшылары өзінің жеке үлгісімен Банкке деген шынайы берілгендігін көрсетеді, Банктің кадрлық резервін құруға, кеңес беруге және тәлімгерлік етуге, ұжымды жалпы миссия, құндылықтар және қағидаттар арқылы біріктірілген командаға жұмылдыруға көңіл бөледі.

Әр қызметкер Банктің имиджі мен іскерлік беделін жоғары деңгейде ұстауға тырысады.

### ІШКІ АУДИТ

Стандарттарға<sup>1</sup> сәйкес ішкі аудиттің миссиясы – тәуекелге бағытталған тәсілдеменің және ұсынымдар берудің негізінде объективті аудиторлық тексерулер және консультациялар жүргізу арқылы «Halyk» тобының құнын сақтауды және арттыруды білдіреді.

Ішкі аудит өз қызметінде реттеушінің нормаларын, Банктің Стандарттарын және ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін функциялық тұрғыдан ІАД Директорлар кеңесіне бағынышты және оған есеп береді. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерімен өзара әрекеттесу Аудит жөніндегі комитет арқылы, сол сияқты тікелей жүзеге асырылады.

ККБ-мен бірігуден кейін «Halyk» тобының өскенін ескере отырып, ІАД штаты 2018 жылы кеңейтілді.

ІАД-нің жылдық жұмыс жоспарын Аудит жөніндегі комитет Банк Басқармасы мүшелерінің ұсыныстарын есепке алумен мақұлдап, Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасының және Банк Басқармасы төрағасының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс аудиторлық тексерулер жүргізілуі мүмкін.

2018 жылы PricewaterhouseCoopers LLP тәуелсіз сыртқы кеңесшісі 2017 жылы расталған Стандарттарға толық сәйкес келуін қолдау бойынша жұмыстар жалғасуда.

ІАД қызметкерлерінің біліктілігін арттыру (соның ішінде халықаралық сертификаттар алу бойынша) және қызметін автоматтандыру бойынша шаралар қолданылды.

ІАД тұрақты негізде Банктің, соның ішінде ККБ-мен бірігуден кейін «Halyk» тобына қосылған еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметінің қызметін Стандарттарға сәйкес келтіру бойынша әдістемелік көмек көрсетеді.

### ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ШАРТ БЕКІТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (РӘСІМДЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ)

Директорды лауазымға тағайындаған кезде мінсіз іскерлік

<sup>1</sup> Ішкі аудиторлар институтының ішкі аудиттің 01.01.2017 жылдан күшіне енген халықаралық кәсіби стандарттар.





беделдің болмау критерийлерін қосқанда, Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін беру қағидаларына сәйкес Қазақстандық реттеушімен келісу қажет.

Директорлармен шарт жасау Халық Банкі басшы қызметкерлерінің еңбекақысы және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та бір жыл бойы жұмысының қорытындылары бойынша сыйақылар қорын қалыптастыру саясатының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Директорларға (Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Банк Басқармасы Төрағасынан басқа) сыйақыларды төлеу және олардың жеке көлемдерін бекіту туралы шешімді Банк Директорлар кеңесінің жанындағы Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің ұсыныстары негізінде Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

Директорлармен (Банк Басқармасының төрағасынан басқа) сыйақының жеке мөлшерін, мерзімділігін, талаптарын және ҚР заңнамасына сәйкес ұсталатын міндетті төлемдерді айқындайтын шарттарды Банк атынан Банк Басқармасының төрағасы жасайды.

### **БАНКТІҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ**

Банктің Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы дұрыс емес және қате басқарушылық шешімдерден немесе әрекеттерден туындайтын тәуекелдерді түсінеді.

Акционерлерді осындай оқиғалардың салдарынан ықтимал зардап шегуден қорғау үшін Банк Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандырады.

### **КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ:**

Корпоративтік хатшы Банктің ұйымдастыру құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесінде Банктің Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және есеп береді.

Өз мәртебесіне сәйкес, Корпоративтік хатшы:

- ҚР заңнамасында белгіленген корпоративтік басқару рәсімдерін жүзеге асыруға, сондай-ақ Банк қабылдаған және Директорлар кеңесі немесе акционерлер бекіткен оның ішкі құжаттарында бекітілген «корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі» ұсыныстарын орындауға жауапты тұлға болып табылады;
- Банк пен акционерлер арасындағы, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит департаменті, Банк Басқармасы мен өзге органдары арасындағы, Банк пен оның мүдделі тұлғаларының арасындағы жүйелі қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тұлға;
- ҚР корпоративтік басқару саласындағы заңнамасына (корпоративтік заңнама) және «корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі» үрдісіне жүйелі түрде мониторинг жүргізетін тұлға болып табылады.

### **БАНКТЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖАҚСARTY BOЙЫНША НЕГІЗГІ САЛАЛАР:**

Корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту мен жетілдіру қажеттілігін түсіне отырып, «Halyk» тобы 2019-2021 жылдардың ішінде жақсартуды талап ететін келесі негізгі салаларды анықтады:

1. **Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өзара әрекеттесу және ақпаратпен алмасу процесін жақсарту мақсатында:**
  - Мәселенің мазмұнын көрсететін қысқаша аналитикалық анықтамамен толықтыра, Директорлар кеңесінің қарауына берілетін материалдардың форматы мен көлемін жетілдіру;

- Директорлар кеңесінің қаралатын мәселе бойынша шешім қабылдау нәтижелерінен туындайтын және (немесе) байланысуы мүмкін тәуекелдер туралы Банктің/«Halyk» тобы компанияларының негізгі бөлімшелерінің пікірін қосқанда, Директорлар кеңесі үшін материалдардың ағымдағы форматындағы толығырақ материалдар әзірлеу, қажет болғанда, қосымшаға қосу;
  - Жұмыстағы мәселелерді талқылау үшін Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасында бейресми кездесулерді тұрақты негізде жүргізу қажет.
- 2. Корпоративтік хатшының құқықтары мен міндеттерін кеңейту:**
- «Halyk» тобының Корпоративтік хатшылар институтын олардың ұйымдағы рөлін қайта қарастыру және функционалын кеңейту арқылы сапалы дамытуды іске асыру;
  - «Halyk» тобына кіретін барлық компаниялар үшін корпоративтік хатшылар алқасының біріктірілген функциясын құру қажет;
  - Корпоративтік хатшы жұмысының бірыңғай стандарттары мен қойылатын талаптарды әрбір компанияның ішінде тиісті ішкі нормативтік құжатты әзірлеу және бекіту жолымен «Halyk» тобы компанияларына енгізу;
  - Корпоративтік хатшылар институтын дамытуға қатысты «Halyk» тобы компанияларының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
  - Корпоративтік басқару мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жобаларды жүзеге асыруға «Halyk» тобының корпоративтік хатшыларының қатысуын қамтамасыз ету;
  - «Halyk» тобының корпоративтік хатшыларын ішкі және сыртқы оқыту шараларында (семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер және т.с.с.) ұдайы оқыту және біліктіліктерін арттыру.



**3. Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік басқарудың үздік халықаралық стандарттарын енгізу:**

- Ақпараттық технологияларды дамытуды есепке алып, Банкте және «Halyk» тобының компанияларында корпоративтік басқару процесін оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру;
- Олар бойынша шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қарастыру (жүзбе-жүз және сырттай отырыстар шеңберінде) бойынша жұмысқа Директорлар кеңесінің барлық мүшелерін барынша тартуды қамтамасыз ету;
- «Halyk» тобына кіретін әрбір жекелеген компанияның атқарушы органы қызметінің тиімділігіне Директорлар кеңесінің кезеңдік бағалау жасауы (екінші деңгейдегі банктерге ғана қолданылады);
- Директорлар кеңесіне мұндай тапсырмалардың орындалу мәртебесі туралы жүйелі есептерді бере отырып (жартыжылда кемінде 1 рет кезеңділікпен) Банктің Директорлар кеңесі тапсырмаларының орындалуын мониторингтеу және бақылау жүйесін құру;
- (мажоритарлық және миноритарлық) акционерлермен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ реттеушімен өзара қарым-қатынаста «Halyk» тобына кіретін компаниялар қызметінің ақпараттық ашықтығының жоғары деңгейін:
  - «Halyk» тобы компанияларының корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты заңнама талаптарына сәйкес Қаржы есептемесі депозитарийінің/Қазақстан қор биржасының корпоративтік сайттарында және интернет-ресурстарында жариялау арқылы;

- «Halyk» тобы компанияларының ресми сайттарында «Корпоративтік басқару» атты бөлікті құру және қолдау, ол бөлікке мыналар кіреді: ішкі құжаттар кітапханасы (жарғы, корпоративтік басқару кодексі, дивидендтік саясат және т.с.с.); корпоративтік оқиғалар туралы жаңалықтар; корпоративтік басқару саласында заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер туралы аналитикалық анықтамалар және инвесторлар мен акционерлер үшін пайдалы болуы мүмкін өзге ақпарат арқылы ұйымдастыру.

**4. «Halyk» тобында корпоративтік басқаруды дамытудың қосымша іс-әрекеттері:**

- Бүкіл «Halyk» тобы бойынша тәсілдер мен рәсімдер бөлігінде біркелкілікті мыналар арқылы қамтамасыз ету:
  - Банк тарапынан корпоративтік басқару процестерін үйлестіру;
  - Корпоративтік басқару реттеушілік талаптар Банк стандарттарымен салыстырғанда тым шектелген еншілес ұйымдардың хүкіметін қосқанда, бірыңғай стандарттар енгізу.
- «Halyk» тобының компанияларында корпоративтік басқару тәжірибесін кезеңдік сыртқы және ішкі бағалау тәсілдерін ұстану:
  - Директорлар кеңесі қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесінің «Halyk» тобы компанияларының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ оның қызметінің ауқымына және қабылданатын тәуекелдерге сәйкес келуінің тұрақты негізде талдамасын болжамдайтын корпоративтік басқарудың тәжірибесіне бақылау жасауы тиіс;
  - Корпоративтік басқаруға бағалау жүргізгенде

негізгі назар «Halyk» тобына кіретін компания органының өкілеттігін шектеуге және жауапкершілігін анықтауға бөлінуі тиіс;

- Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіруге бағытталған, және қажет болған жағдайда «Halyk» тобына кіретін компаниялардың жарғысына және ішкі құжаттарына тиісті өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға кеңес беріледі.
- Банктің шетелдегі еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасын жүргізу және оны жақсарту бойынша есеп пен ұсынымдар әзірлеу;
- «Halyk» тобына кіретін компаниялардың клиенттері арасында корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесін жылжытуға жәрдемдесуі қажет;
- Банкте және «Halyk» тобы компанияларында «корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік» институтының әрі қарай дамуын жүзеге асыру;
- Банктің және «Halyk» тобы компанияларының дивидендтік саясатының тиімділігіне кезеңдік бағалау жүргізу;
- Банктің және «Halyk» тобы компанияларының Басқару және Директорлар кеңесі мүшелерінің фидуциарлық жауапкершілігін сақтандыру бойынша тәжірибені дамыту.



15

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЕСЕП





## КІРІСПЕ

Халық Банктің ең соңғы тарихында қайырымдылық - оның қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі. Халық Банк әлеуметтік тұрғыдан жауапты институт ретінде қазақстандық қоғамның өмірінде өзінің жүйе құрушы ролін мойындайды және жыл сайын еліміз үшін жоғары әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдау үшін ондаған миллиард теңге бөледі.

Қайырымдылықпен жүйелі негізде, мақсатты және барынша тиімді айналысу үшін Halyk Group акционерлері 2016 жылдың көктемінде «Халық» қайырымдылық қорын құрды. Сол кезден бері Халық Банкі оның қаржы «доноры» болып келеді.

Қордың басты міндеті – әлеуметтік және қайырымдылық жобаларға инвестиция құю арқылы қоғамдық өмірде позитивті өзгерістерге жағдай туғызу, азаматтар мен ұйымдарға маңызды әлеуметтік тапсырмаларды шешуге көмектесу. Қор қызметінің негізгі бағыттарының аясына ұлттық мәдениет пен өнерді, спорт пен денсаулық сақтауды, білім беру мен әлеуметтік тұрғыдан әлсіз азаматтарды қолдау кіреді.

## «ИГІ ІСТЕР ФЕСТИВАЛІ»

2018 жылы Халық Банкіне 95 жыл толды. Мерейтой құрметіне Банк бір жыл бойына қайырымдылық акцияларын өткізуді көздеген игі істің ауқымды эстафетасы – «Игі істер фестивалін» бастамалады. Әр ай барлық қазақстандықтар үшін жалпы тақырыпқа: спортқа және салауатты өмір салтына, ұлттық дәстүрлерге, өсіп келе жатқан ұрпаққа және қарт адамдарға қамқор болуға,

сондай-ақ мәдениет пен өнерге арналған болатын.

«Фестиваль» аясында жүзеге асырылған аса маңызды қайырымдылық жобалары арасында «Мектепке жол», «Инватакси» және «Спорттық-ойын алаңдары» акциялары болды.

## ЖАППАЙ СЫРҒАНАУ

20-21 қаңтарда Халық Банк Қазақстанның 20 қаласында барша адамдарға арнап мұз айдынында тегін сырғанау ұйымдастырды. Бұл күндері мұз айдынына 80 мыңға жуық қазақстандық шықты. Акцияның жалпы бюджеті 18,5 млн. теңгені құрады.

## МҰРАЖАЙЛАР МЕН ТЕАТРАЛДАРҒА ЭКСКУРСИЯЛАР

Ақпан айында Банк еліміздің 19 қаласында облыстық өлкетану мұражайына тегін экскурсиялар ұйымдастырды. Астана мен Қостанайда барлық қалалық мұражайларға кіру жыл бойы тегін, Банк жергілікті қазақ және орыс драма театрына тегін кіруді ұйымдастырды. 17-18 және 24-25 ақпан - демалыс күндері келушілердің жалпы саны 29 мың адамнан артты. Акцияның жалпы бюджеті 9,7 млн. теңгені құрады.

## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз айында, Наурыз мейрамы қарсаңында, бүкіл Қазақстан бойынша филиалдардың әрқайсысы өз клиенттері үшін мерекелік дастархан жайды. Банк жыл сайын, Наурыз мейрамы қарсаңында, қазақ халқының мәдени-тарихи дәстүрлерін қолдау үшін өз клиенттеріне мерекелік дәм татқызады. 2018 жылы бұл акцияның жалпы бюджеті 21,2 млн. теңгені құрады.

## АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ

Сәуір айында Банк еліміздің 22 қаласында ағаш отырғызу бойынша экологиялық акция ұйымдастырды. Бұл шараға Банк филиалдарының қызметкерлері, олардың отбасыларының мүшелері мен еріктілер қатысты. Шара аясында барлығы 2 000-нан астам ағаш – әр филиалда 95 көшеттен отырғызылды. Акцияның жалпы бюджеті 13,9 млн. теңгені құрады.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

### ЖЕҢІС МАРАФОНЫ

Кеңес әскерлері мен тылда жұмыс істегендердің ерліктеріне құрмет көрсете отырып, Банк дәстүрлі Жеңіс марафонын өткізді. Аталған республикалық акция аясында материалдық көмек ҰОС ардагері мен еңбек майданының қатысушылары болып табылатын 215 салымшыға көрсетілді. Аударылған қаржының жалпы сомасы 6,5 млн. теңгеден асты.

Сондай-ақ 9-мамыр қарсаңында Банк Қазақстанның 22 өңіріндегі әрбір бөлімшеде клиенттер үшін дастархандар жайды. Жалпы бюджет 27,4 млн. теңгені құрады.

Соңғы 9 жылда Халық Банкі ардагерлік ұйымдар мен ҰОС қатысушыларға 103 млн. теңгеден астам қаржылай көмек көрсетті.

## БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Халықаралық балаларды қорғау күніне Банк «Балаларға ғажайып сыйла» акциясын ұйымдастырды. Қазақстанның 22 қаласында медициналық мекемеде ем қабылдап жатқан екі мың ең кішкентай емделушілерге аниматорлар,



клоундар мен мультфильмдердің сүйікті кейіпкерлері келді. Олар балаларға нағыз мейрам сыйлады – көңіл көтеретін бағдарламалар жүргізді, ойыншықтар, тәттілер мен дамытатын ойындар сыйлады. Бұл шара балалардың көңілін көтеріп қана қоймай, ғажайып, ертегі және мейрамды сезіну арқылы бүлдіршіндердің ауруханада болуын аз уақытқа болса да әсемдеуге мүмкіндік берді. Шараның жалпы бюджеті 11,8 млн. теңгені құрады.

Банк қызметкерлері Балаларды қорғау күніне орай қайырымдылық іс-шараларына жыл сайын балалар үйінің тәрбиеленушілеріне киім-кешек, кітаптар мен ойыншықтар сатып алуға көмектесе отырып қатысатынын атап өту қажет.

#### «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

Тамыз айында Банк Білім және ғылым министрлігінің аясында қатарынан 9 жыл өткізіліп келе жатқан «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясына қосылды. Акцияның мақсаты – табысы аз және көп балалы қазақстандық отбасыларға мектепке керек-жарақтарды сатып алуға көмектесу.

«Халық» қайырымдылық қорының қаржылай көмегінің арқасында күнкөрісі төмен және көп балалы отбасылардан шыққан 2090 бірінші сынып оқушылары (әр қаладан 95 баладан) мектепке қажетті заттардың барлығын: рюкзактар, дәптерлер, бояулар және басқа да мектеп керек-жарақтарын алды. Шараның жалпы бюджеті 24,7 млн. теңгені құрады.



#### СПОРТТЫҚ-ОЙЫН АЛАҢДАРЫ

Қазан айында Банк еліміздің 19 қаласында балаларға арналған спорттық-ойын алаңдарының құрылысын қаржыландырды. Әр алаңның 64 шаршы метрінде 1 жастан 10 жасқа дейінгі балаларға арналған ойын және спорт кешендері және бау-бақ жиһаздары орнатылды. Алаңдарды жабдықтау балаларға арналған спорт құрылысының қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттарға жауап береді. Жобаның жалпы сомасы 62,6 млн. теңгені құрады.

#### ИНВАТАКСИ

«Инватакси» ауқымды әлеуметтік жоба шеңберінде Банк «Халық» қорымен ынтымақтасып, қозғалысы шектеулі

азаматтарды тегін тасымалдау үшін 21 арнайы автомобиль сатып алды. Бұл арнайы көлік Қазақстанның 21 қаласындағы мүгедектердің өңірлік қоғамдарына өтеусіз берілді. Жобаның жалпы құны 200 млн. теңгені құрады.

#### «ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕ»

Жаңа жыл қарсаңында «Халық» қоры «Жаңа жылдық мереке» атты қайырымдылық акциясын өткізді және табысы аз отбасылардан шыққан балалар, жас жетімдер мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар үшін жаңа жылдық дәмдер сатып алуға кеткен шығындарды төледі. Акцияның жалпы бюджеті 6,6 млн. теңгені құрады.

#### МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІ ҚОЛДАУ

Мәдени мұраны сақтау және арттыру, өнерді дәріптеу, мәдениет және өнер саласында заманауи үрдістерді қолдау, Қазақстан халықтарының рухани асыл қазысын толықтыру – «Халық» қорының және Халық банктің қайырымдылық қызметінің негізгі бағыттарының бірі.

Мәдениет саласында міне көп жылдан бері Банктің демеушілік көмегінің негізгі алушылардың бірі - «Астана Опера» театры. 2018 жылы ККБ-мен біріккен соң Халық Банк Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрын қолдау эстафетасын қабылдады және оның бас серіктесі болды.

#### «АСТАНА ОПЕРА»

2013 жылдан бері Халық Банк тек Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар басқа да елдердің көрермендерінің назары мен қызығушылығын тартатын, республикамыздың бас сахна алаңының бірі - «Астана Опера» опера және



балет театрының бас серіктесі болып табылады.

2018 жылы Банк «Астана Операның» 6-шы театрлық маусымына қолдау көрсетті. Оның шеңберінде орасан зор премьералар ұсынылды: М. Фокиннің күміс ғасырының балеттері, Дж. Россинидің «Севильский цирюльник» операсы, П.И. Чайковскийдің «Евгений Онегин», П. Масканыдің «Сельская часть», Р. Леонаваллоның «Паяцы» опералары және әлемдегі ең танымал балеттердің бірі Л. Делибаның «Коппелия» балеті.

Қазанда «Астана Опера» театры «Карло Феличе» (Генуя, Италия) театрына, сондай-ақ София патшайымының өнер сарайына (Валенсия, Испания) гастрольге шықты. Банктің қолдауы арқасында жетекші режиссерлер мен әлемнің ең ірі театрларымен бірқатар бірлескен спектакльдер жүзеге асырылды.

Қысқа уақыттың ішінде театрда бүкіл әлемге танымал әрі еңбегі сіңген артистер мен музыканттар шығып үлгерді: А. Нетребко, М. Альварес, А. Пирроцци, А. Мастромарино, Е. Образцова, Х. Каррерас, С. Захарова, Д. Мацуев, М. Мудряк және әлемдік деңгейдегі көптеген жұлдыздар. Театрға көрсетілген демеушілік көмектің сомасы 100 млн. теңгені құрады.

#### «АБАЙ АТЫНДАҒЫ МАОБТ»

Сәуір айында Халық Банктің қолдауымен Д. Россинидің «Севильский цирюльник» операсының жаңа қойылымы ұсынылған болатын. Шақырылған қойылым қоюшылардың ішінде: дирижер В. Паризия, режиссер К. Чистерна және суретші П. Марин болды. Демеушілік көмектің сомасы шамамен 30 млн. теңгені құрады.

Маусым айында Банк Nessun dorma халықаралық фестиваліне



қолдау көрсетті, оның аясында Д. Пуччинидің «Турандот» операсының соңғы актісінен ария орындалды – тенор репертуарында ең танымал арияларының бірі. Фестиваль қатысушылары – С. Лаколла (Италия, «Турандот» операсы), Г. Росси (Италия), Р. Вирджили (Италия, «Күлшеқыз» опера), Г. Акпюн (Түркия, «Севильский цирюльник» операсы), Р. Балло (Италия, «Лебединое озеро» балет) секілді бүкіл әлемге әйгілі жұлдыздар болды.

#### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТТЫ ҚОЛДАУ

Көп жыл бойы Халық Банк «Халық» қорымен бірге Қазақстанда жастар спортын дамытуға ондаған миллион теңге бөлуде. Бұл жұмыстың мақсаты – спортшылардың жаттығуы үшін отандық спорт ұйымдарына қажетті материалды база құруына көмек беру, сондай-ақ жұрт арасында салауатты өмір салтын насихаттау. Қазақстандық спортқа инвестиция жасау кәсіби және әуесқой жарыстар өткізуге мүмкіндік береді, халықаралық аренада еліміздің спорттық ар-намысын қорғайтын жас спортшыларды ынталандыруға көмектеседі. Мүмкіндігі шектеулі спортшыларды қолдауға ерекше назар аударылған.

#### «ХАЛЫҚТЫҚ ЛИГА»

2005 жылдан бері Банктің бастамасы бойынша және оның материалдық қолдау көрсетуінің арқасында «Халықтық лига» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – бүкіл Қазақстан бойынша қамқорлықтағы балалар үйі мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арасында баскетбол қозғалысын дамыту. Бұл командалық спорт түрі жасөспірімдердің жігерін, табандылығын және командалық рухын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.



Жобаның арқасында 18 қамқорлықтағы балалар үйінің және мектеп-интернаттарының кемінде 500 тәрбиеленушісі ұдайы жаттығып жүреді. Қор бапкерлер қызметінің төлемін және балаларға арналған спорттық жабдықтар сатып алуға жұмсалған шығынды өтейді. Жобаның 12 жылдық жұмысында оның жүзеге асырылуына шамамен 335 млн. теңге жөнелтілді.

#### «ҮМІТ КУБОГЫ»

Мамырда «Халық» қоры Ұлттық баскетбол федерациясының қолдауымен баскетболдан «Үміт кубогы» чемпионатын өткізді. Бұл жыл сайынғы спорт жарысы қазақстандық балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арасында 2005 жылдан бері жүргізіліп келеді.



2018 жылы «Достық» Алматы спорт кешенінің базасында өткен чемпионатқа еліміздің 18 өңірінен 18 команда құрамында 216 бала қатысты. Жыл сайын жаттығуға 500–ден аса тәрбиеленуші тартылады. Жобаның тарихында «Үміт кубогы» 12 турнир өтті, оған 2 500 астам бала қатысты. Сол балалар үйінің және мектеп-интернаттың 110 тәрбиеленушісіне «Спорт шеберлігіне үміткер» дәрежесі берілді.

2018 жылы төрешілер корпусын, дәстүр бойынша, Ұлттық баскетбол федерациясының халықаралық санаттағы төрешілері өкілдік етті. Чемпионаттың құрметті қонақтары болып баскетболдың ардагерлері Әлжан Жармұхамедов пен Иван Едешко – олимпиада чемпиондары, 1972 жылы Мюнхенде өткен КСРО мен АҚШ арасында аңызға айналған матчтың қатысушылары. Олар чемпионат қатысушылары және Алматы баскетбол академиясының тәрбиеленушілері үшін мастер-класс өткізді. Чемпионаттың өткізілуіне Қор 35 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді.

### SPECIAL OLYMPICS

2018 жылы «Халық» қоры ақыл-ой дамуы бұзылған жас спортшыларды қолдайтын Special Olympics қоғамдық бірлестігіне көмек беру дәстүрін жалғастырды. Спорт күшінің арқасында бұл балалар өздері үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, табысқа қол жеткізуде. Special Olympics жандық қозғалысы бүкіл әлемдегі адамдардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге көмектеседі, спортпен шұғылдандудан қуанышқа бөленуге мүмкіндік береді. Банк пен Special Olympics арасындағы 7 жылдық ынтымақтасуда 13,5 млн. теңге материалдық көмек жіберілді.

### ҚАЗАҚСТАН ГИМНАСТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ

Халық Банк пен Қазақстан гимнастика федерациясы арасындағы көп жылдық ынтымақтастық 2018 жылы да жалғасын тапты. 2016 жылы төрт жылдық мерзімге осы спорт ұйымының президенті етіп қайтадан Халық Банктің Басқарма төрағасы Үміт Шахметова сайланды.

2018 жылдың ақпанында спорттық гимнастика бойынша жарыс – Қазақстан гимнастика федерациясы президентінің ашық Кубогы ұйымдастырылды. Сәуірде, қыздар арасында көркем гимнастика бойынша қазақстандық чемпионат шеңберінде Қазақстан гимнастика федерациясы президентінің кубогы өткізілді. Жарысқа 6 мемлекеттен (Қазақстан, Ресей, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан, Иордания) 115 спортшы қатысты.

Қазақстандық спортшылар барлығы бір жылда спорттық және көркем гимнастикадан, сондай-ақ спорттық акробатикадан 20 алтын, 10 күміс және 9 қола медаліне ие болды. Жарысқа Р. Абитова (көркем гимнастика), А. Молдағалиев (спорттық гимнастика), Д. Немеренко және А. Архипова (спорттық акробатика) секілді дарынды спортшылар қатысты.

Қазақстандық аэробты гимнастиканы дамыту үшін Алматыда бапкерлерге арналған жаттығу жиыны өткізілді, онда Қазақстан, Моңғолия, Өзбекстан, Үндістан, Шри-Ланка, Иран мен Гонконгтың өкілдері қатысты. Курсты Таиланд құрамасының жаттықтырушысы, аэробты гимнастика бойынша болгарлық жаттықтырушы

Д. Богушева жүргізді. 2018 жылы Қазақстанның гимнастика федерациясын қолдауға Банк 100 млн. теңге бөлді.

### СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ФУТЗАЛ БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

2016 жылдан «Халық» қоры студенттер арасында жаппай спорт – футбол бойынша чемпионаттың бас демеушісі болыптабылады. Бұл жарыс Ұлттық студенттер лигасының (ҰСЛ) қамқорлығымен жүргізіледі. Бүгінгі таңда ҰСЛ қазақстандық жетекші ЖОО мен колледждерін және еліміздің барлық студент жастарын біріктіреді.

2018 жылдың тамызында қор футбол бойынша әлем чемпионатына қолдау көрсетті, онда 16 ерлер және 9 әйелдер – әлемнің 17 елінен құрылған 25 үздік құрама командалары жарысқа түсті. Командалар құрамына тек студенттер ғана емес, сондай-ақ Европа мен Латын Америкасының жетекші клубтарының кәсіби ойыншылары да кірді.

Мұндай чемпионат Халықаралық Студенттер Спорттың Федерациясы (FISU) аясында әрбір екі жылда өткізіліп тұрады. Қазақстанда ойындар Алматының спорт алаңдарында Almaty Arena және Halyk Arena өткізілді. Әйтсе де біздің еліміз Студенттер футболы бойынша әлем чемпионатын алғаш рет өткізуіне қарамастан, FISU өкілдері бұл ойындарды чемпионат тарихында ең үздік деп таныды. Қазақстан құрамасы үздік нәтиже көрсетіп, Чемпионаттың күміз жүлдегері болды. Қор оның өткізілуіне 50 млн. теңгеден астам қаржы бөлді.



### «ҚАЙРАТ» ФУТБОЛ КЛУБЫ

2018 жылы Банк «Қайрат» футбол клубының бас серіктесі болды. Осы қаржылай көмектің арқасында балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға бағытталған жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ қаңтардан қарашаға дейін Қазақстанда футбол бойынша республикалық чемпионат және европа лигасының ойындары өтті. Жарысқа Андоррадан, Чехия мен Нидерландыдан келген командалар қатысты. Осы футбол маусымында «Қайрат» клубы 780 мың евро табыс тапты. Футбол бойынша республикалық чемпионаттың және европа лигасы ойындарының өткізілуіне Халық Банк барлығы 20 млн. теңге бөлді.

### HALYK ARENA

2016 жылы Халық Банк 3 мың орынды мұз кешенін дамыту туралы Алматы қ. әкімдігімен келісім жасады. Спорт ғимараты классикалық брендтеу және спорт неймингінің қазақстандағы алғашқы үлгі боларлық жағдайын жасай отырып, Halyk Arena атауына ие болды. Банк, «Халық» қоры мен Halyk Arena кешені арасындағы ынтымақтастық мұздағы хоккейді қоса түрлі спорт бағдарламаларын әзірлеуді қамтиды.

2018 жылы Банктің қаржылай көмегінің арқасында Halyk Arena алаңында 7 жаппай спорт шаралары өткізілді, келушілер саны 64 мыңнан астам болды. Аударылған қаражаттың жалпы көлемі 490 млн. теңгені құрады.

### БІЛІМ БЕРУДІ, БАЛАЛЫҚ ШАҚ ПЕН ЖАСТЫҚ ШАҚТЫ ҚОЛДАУ

«Халық» қайырымдылық қоры мен Халық Банк Қазақстанда білім беру жобаларын жүзеге асыруға зор ынтымақпен және жан-тәнімен толық беріліп қатысады. Бұл жұмыс баға жетпес мәліметтерді жас қазақстандықтарға беру үшін бүкіл әлемнің зерттеушілері мен ғалымдарының білімдері мен тәжірибелерін қорытуға мүмкіндік береді. Банк білімге инвестиция жасау қазақстандық қоғамның болашақ игілігі үшін сенімді іретасы, оның әрі қарай өсіп-өркендеуі мен дамуының кепілі деп есептейді. Осы жобалардың маңызды құрамдас бөлігі табысы аз отбасылардың балаларын, жас жетімдерді және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау болып табылады.

### HALYK SMART

Соңғы жылдары, «Астана ЭКСПО 2017» халықаралық көрмесінің өткізілуіне байланысты, ғылым мен инновациялардың тақырыбы Қазақстанда аса танымал бола бастады. Заманнан қалыспауға тырыса отырып, «Халық» қоры 2017 жылдың маусымында Halyk Smart – білім беру Youtube-арнасын іске қосты [https://www.youtube.com/watch?v=K5suHp\\_j\\_wE](https://www.youtube.com/watch?v=K5suHp_j_wE). Мұнда түрлі ғылыми-көпшілік бейнелерді қазақ және орыс тілдерінде табуға болады.

Жоба мақсаты – мектеп оқушылары мен студенттер тарапынан ғылымға деген қызығушылықты арттыру, олардың білім деңгейін жақсарту, оларға ЖОО-на түсу кезінде болашақ кәсібін таңдауға көмектесу.

Жобаның ерекше мәні қазақ тілін, оның ғылыми-техникалық лексикасын игеруге көмек бере отырып датытуға арналған. 2018 жылы YouTube-арнаға жазылушылар саны 80 мың адамға жетті, ал қарап шығу саны 7 миллионнан асты.

Жобаның әрі қарай дамуында зор перспективаларды көріп, қор Halyk Smart-ты ілгері тиімдірек жылжыту үшін Қазақстандағы басқа да білім беру платформаларымен ынтымақтасуға және роликтердің тақырыптамасын кеңейтуге ниет білдірді. 2018 жылы Halyk Smart YouTube-арнасында химия мен физикадан жаңа білім беру роликтері шықты. Бұл мақсаттарға қор 6,2 млн. теңге бөлді. Барлығы 2 жылда жобаны жүзеге асыру үшін 13,4 млн. теңге аударылды.

### БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ

Халық Банк тұрақты және жүйелі түрде қазақстандағы балалар үйлеріне қолдау көрсетіп келеді. Олардың материалдық және техникалық жағдайын жақсарту үшін Банк жиһаздар, жабдықтар, киімдер, кеңсе тауарларын сатып алуға, мерекелік, спорт және білім беру шараларын өткізуге қаражат бөліп отырады.

2017 жылдың көктемінде, Алматы қаласының әкімдігімен және Н. Назарбаевтың білім беру қорымен жасалған меморандум шеңберінде «Халық» қоры №1 алматы балалар үйіне қамқоршы болды. Мекеменің материалдық-техникалық базасын жақсартудағы көмек беруден бөлек, қор арнайы білім беру бағдарламасын қолдауға міндеттелді.

Мұндай қамқорлық жасаудың басты мақсаты – балалардың ойырін кеңейту және оларға кәсіптік





бағдарға және бұдан әрі қоғамға бірігуге жәрдем беру. Жетім балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі айрықша рольді тәрбиелеушілер, психологтар мен педагогтар атқарады. Олар тәрбиеленушілерге негізгі ұғымдарды, нормалар мен құндылықтарды меңгеруге, әлеуметтік жүріс-тұрысты ынталандыруды қалыптастыруға көмектеседі.

Осы маңызды міндеттерді шешу үшін «Халық» қоры Н. Назарбаев атындағы білім беру қорымен бірлесе отырып, 2018 жылы №1 балалар үйінің педагогтары үшін педагогикалық және психологиялық көмек беру курстарын ұйымдастырды. Оқу орнының тәрбиеленушілері үшін психологтармен сабақтар, шетел

тілдерін, фото үйірмелерді және ағаш қолөнерін қоса түрлі дисциплиналар бойынша сабақтар өткізілді.

Аталған білім беру бағдарламасының арқасында №1 балалар үйінің барлық түлектері – ал бұл деген 20-дан астам тәрбиеленуші – Алматының ЖОО мен колледждеріне грантқа түсті. Жобаның жүзеге асырылуына қор 11,8 млн. теңге аударды.

«Халық» қорының қайырымдылық саясатының басым бағыттарының бірі жақын уақыттан бері оқу процесіне ақпараттық технологияларды ендіру және компьютерлік сауаттылықты дамыту болып табылады. Осындай мақсатпен қор 2018 жылдың күзінде №1 балалар үйін 16 орынды компьютер сыныбын жабдықтады. Сыныптың ұй-жайы заманауи жиһаздармен, компьютерлік моноблоктармен, принтермен, проектормен, заманауи интерактивті тақтамен, сондай-ақ барлық қажетті инженерлік желілермен жабдықталды. №1 балалар үйіне қамқоршы болған 2 жылдың ішінде қор материалдық көмек ретінде 45,1 млн. теңге аударды.

Бұдан бөлек, Халық Банктің қызметкерлері балалар үйінің ересек тәрбиеленушілері үшін қаржылық сауаттылық курсы өткізіп, балаларды әртүрлі күнделікті тұрмыстағы жағдайлармен таныстырып, әсіресе қай кезде ақшаның құнын ескеру керектігін түсіндіріп және де ақша жинауға және оларды дұрыс жұмсауға үйретті.

#### «ДАМУҒА АРНАЛҒАН КАБИНЕТ»

Наурызда қор «Дамуға арналған кабинет» қайырымдылық

жобасын іске қосты, бұл кабинет 14 мамандандырылған балалар мекемелерін Монтессори кабинеттерімен, логопедтік кабинеттермен және сенсорлық бөлмелермен жабдықтауды көздейді. Мұндай дамуға арналған кабинеттер әртүрлі жастағы балалар келіп тұрады. Мұнда олар гуашьпен, акварельмен және қарындаштармен сурет салуға үйренеді. Сурет салу барысында балалар зейіні мен есте сақтау қабілетін дамытады, бір-бірімен араласып, өз сезімдерін, эмоцияларын, ықыластары мен көңіл-күйлерін қағазға түсіріп білдіре алады.

#### «ХАЛЫҚТЫҚ СТУДЕНТТЕР» ЖОБАСЫ

2007 жылдан бері «Халықтық студенттер» бағдарламасы аясында Банк ай сайынғы негізде бүкіл еліміз бойынша 37 балалар мекемелеріне қаржылай көмек көрсетеді. Банктің берген көмегінің арқасында қамқорлықтағы балалар үйлерінің және мектеп-интернаттардың 30 астам тәрбиеленушілері жоғары білім алды, ал 9 бітіруші Халық Банкіне жұмысқа орналастырылды. Бағдарлама 2018 жылы аяқталды.

Шығыс Қазақстан облысының қамқорлықтағы балалар үйінің соңғы тәрбиеленушісі С.Аманжолов атындағы университетте оқуын аяқтауда. Халық Банк оның оқу ақысын және де ай сайын шәкірताқсын төлеп отырады. Аталған студенттің үш жылдық оқуына Банк жалпы алғанда 1,1 млн. теңге аударды.

#### ЖАҢА ЖОБАЛАР

##### «БІРГЕМІЗ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

Қараша айында, «Жомарт сейсенбі» халықаралық қайырымдылық күнінің қарсаңында «Халық» қоры Birgemiz.kz краудфандингтік интернет-платформаны іске



қосты. Бұл платформа аттас мобильдік қосымшамен бірге қайырымдылықты тіркеусіз, екі рет шертіп, кез келген банктің картасынан жасауға мүмкіндік береді. Қайырымдылық көмекті алушылар түрлі әлеуметтік салалардан жобалар болуы мүмкін: денсаулық, жануарларды қорғау, қарттарға көмек.

Қайырымдылықтың ең аз мөлшері – 500 теңге. Қайырымдылықты жинау әр жобаға орнатылған есептеуіштің көмегімен нақты уақыт режимінде қадағалап отыруға болады.

Қайырымдылықты жұмсаудың қауіпсіздігі мен ашық болу мақсатында платформа порталда тіркеу рәсімінен өткен авторластырылған қоғамдық қорлармен ғана жұмыс істейді. Жеке тұлғалар да тіркеле алады, алайда, олар үшін көмек жинау авторластырылған қорлар арқылы ғана жүзеге асырылатын болады.

Порталды іске қосатын сәтте онда үш қайырымдылық қорынан 10 жоба орналастырылған болатын. Платформаның жұмысы пилоттық режимде Халық Банкі мен «Халық» қоры қызметкерлерінің қатысуымен сыналды. Олардың белсенді қатысуының арқасында, платформа жұмысың бірінші айында 600 мыңнан астам теңге жиналды.

«Халық» қоры пайдаланушылар мен еріктілердің көмегіне жүгіне отырып, порталдың жұмысын үнемі жақсартып және дамытып отыруға ниетті екенін атап өткен жөн. Бұдан бөлек, қор жобаларды ортақ қаржыландыруға қатысады – жиналған қаражаттан 20% мөлшерде. Платформа іске

қосылған күні ортақ қаржыландыру деңгейі жиналған қаражаттан 40% дейін уақытша ұлғайтылды.

Жыл қорытындысы бойынша, қазаннан желтоқсанға дейін, платформаны пайдаланушылар қайырымдылық жобаларға шамамен 4 млн. теңге қайырымдылық жасады.

### **ХАЛЫҚ БАНКІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ**

Банктегі еңбекті ұйымдастыру жүйесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне, Қазақстан Республикасының «Банктер және Қазақстан Республикасындағы банктік қызмет туралы» заңына сәйкес реттеледі.

Банктің Кадр саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- ұйымдық құрылымды жетілдіру, кадрлық жоспарлау;
- қызметкерлерді іріктеу және орналастыру;
- қызметкерлерді оқыту және дамыту, қызметкерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
- қызметкерлердің нәтижелілігін және уәждемесін басқару, еңбекті төлеу;
- қызметкерлердің корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және әлеуметтік қолдау көрсету.

Банкте Банктің бизнес үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жүйелі және ретті жұмыстар

жүргізіледі, бұл қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Банктің ұйымдық құрылымы мен штаты олардың Банк құрылымына, сипатына және қызметінің бағыттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында ұдайы түрде қайта қаралады.

«Halyk» тобының корпоративтік стратегиясына негізделген, Банктің кадр саясаты Банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекелдер бейініне, қол жеткізген нәтижелерге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

Екі банктің үздік элементтерінің қосылу есебінен тиімді экономикалық қызметті, тиімді басқаруды және максималды синергияға қол жеткізуді іске асыру мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметкерлердің құрылымын, штатын, сандық құрамын өзгерту туралы шешімді «Казкоммерцбанк» АҚ-тың барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін «Казкоммерцбанк» АҚ-тың құқықтық мирасқоры ретінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа беру туралы Өткізу актісіне қол қойылған күннен қабылдады.

Қазақстан Республикасындағы ең ірі екі банктің бірігуі және біріккен банкті құру шеңберінде Қызметкерлерді басқару департаменті қызметкерлер бойынша бірігудің егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу және оның әрі қарай табысты жүзеге асырылуы бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

Сонымен, қызметкерлерді біріктірудің бекітілген схемасы негізінде Банктің бизнесі мен қызметінің талаптарына сәйкес келетін, филиалдардың және Бас Банктің жаңа



мақсатты ұйымдық құрылымы әзірленіп бекітілді, сондай-ақ облыстық, өңірлік филиалдардың және Бас Банктің штаты бекітілді. «Налук» тобы үшін екі банктің дарындылар командасын сақтап қалу және оны нығайту аса мыңзды болды. Бұл ретте біріккен Банктің қызметкерлер санының өсімі екі банктің қызметкерлер санын барынша аз қысқартуға байланысты болды.

#### 2007-2018 ЖЖ. БАНКТИҢ ШТАТ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру мақсатында Басқарманың жаңа сандық құрамы бекітілді, Банк Басқармасының жаңа мүшелері сайланды және бөлімшелердің жетекшілігі белгіленді, сондай-ақ Басқарма

мүшелері болған кезде өзара алмасушылық белгіленді.

Үздіксіз қызметті іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бас Банкте бірінші басшылар, сондай-ақ облыстық/өңірлік филиалдардың басшылары келісіліп тағайындалды. Халық командасы Банк қызметінің барлық бағытында мықты мамандармен толықтырылды.

Банктің АТ-бөлімшелерінің мықты командасының Қызметкерлерді басқару департаментімен бірлескен жұмыс істеуі арқасында қызметкерлер бөлігінде деректерді барынша «жіксіз» техникалық біріктіру жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша, барлық деңгейде - техникалық, әдістемелік, заңнамалық деңгейде бірігу белгіленген мерзімде сәтті аяқталды.

Өткен біріктіру шеңберінде қызметкерлерді басқару жүйесі қолданыстағы тиімді жай-күйде іздеу және таңдаудың қолда бар процестерін сақтауға бағытталған: бос лауазымдарды толтыру мақсатында қызметкерлерді іздеу мен таңдаудың толық циклі орындалды. Бұл ретте, бірігу аясында қызметкерлерге деген қажеттіліктің үлкен бөлігі КҚБ-дан қызметкерлерді қабылдау есебінен толықтырылғанын атап кеткен жөн. Бұдан басқа, алдағы уақытта кадрлық резерв жасау және тәжірибеден өтуге/әрі қарай жұмысқа орналастыруға перспективті жас мамандарды Банкке тарту үшін жоғары оқу орындарымен үздік бітірушілерді жұмысқа орналастыруға тарту үшін өзара әрекеттестік жақсартылды: бос орындар жәрмеңкелерінің бірқатарына және еліміздің

Бизнес сала	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	Ауытқу 2018 / 2007	
Филиалдар	8 253	8 306	7 792	7 725	7 470	7 394	7 395	7 308	7 367	7 074	7 254	10 187	23%	1 934
Бас банк	1 554	1 602	1 522	1 524	1 491	1 496	1 534	1 638	1 744	1 761	1 835	2,89	86%	1 340
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>9 806</b>	<b>9 907</b>	<b>9 314</b>	<b>9 188</b>	<b>8 962</b>	<b>8 890</b>	<b>8 928</b>	<b>8 946</b>	<b>9 112</b>	<b>8 835</b>	<b>9 089</b>	<b>413 081</b>	<b>33%</b>	<b>3 275</b>
Ауытқу	687	101	-594	-126	-226	-72	38	18	166	-276	254	3 992		
% Филиалдар	5%	0,6%	(6,2%)	(0,9%)	(3,3%)	(1,0%)	0,0%	(1,2%)	0,8%	(4,0%)	2,5%	40,4%		
% Бас Банк	23%	3,1%	(5,0%)	0,2%	(2,2%)	0,3%	2,6%	6,7%	6,5%	1,0%	4,2%	57,7%		
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>8%</b>	<b>1%</b>	<b>-6%</b>	<b>-1%</b>	<b>-2%</b>	<b>-1%</b>	<b>0,4%</b>	<b>0,2%</b>	<b>1,9%</b>	<b>(3,0%)</b>	<b>2,9%</b>	<b>43,9%</b>		



алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының ашық есік күндеріне қатысу болды.

2018 жылы, қызметкерлерді кәсіби дайындауды бағалаудың ашықтығын арттыру мақсатында, Қызметкерлерді басқару департаменті қызметкерлердің кәсіби білімін бағалау процесін, сондай-ақ қызметкердің атқаратын қызметіне сай болуын, оның біліктілігін арттыру немесе қайта дайындау қажеттілігін анықтау, оның кәсіби білімі мен жалақысының сәйкестігін және қызметкерді кейіннен кадрлық резервтер құрамына кіргізу мүмкіндігін анықтау процесін сипаттайтын, Банк қызметкерлерін аттестаттау қағидалары регламенттелген.

Корпоративтік мәдениетті дамыту аясында заманауи талаптарға жауап беретін, Бас Банк қызметкерлерінің сыртқы түрінің жаңа стандарты әзірленді.

### Қызметкерлердің дамуы

2018 жылы қызметкерлерді оқыту және дамыту саласындағы Банктің саясаты Банктің бизнес бөлімшелері қызметкерлерінің кәсіби білімдерінің деңгейін үздіксіз арттыру және БЖ-да жұмыс істеуінің тәжірибелік дағдыларын жетілдіру бағытында іске асырылды, сондай-ақ бір команда құруға және біріккен Банктің қызметкерлері мен бөлімшелері арасында тиімді байланыс орнатуға бағытталған.

Интеграция кезеңінде Қызметкерлерді басқару департаменті жұмыстың бірыңғай стандарттарына ауыртпалықсыз көшуге және біріккен Банктің еселі еңбегі үшін қызметкерлердің жекелеген санатының біліктілігін

арттыруға бағытталған барлық оқыту процестерінің үйлестірушісі болды. Оқыту процесі аясында: ББ, ШОБ, ОПЕРБ және Транзакциялық бизнестің қызметкерлеріне екі банктің өнімдері мен процестері бойынша 30-дан астам қашықтықтан оқыту курстары мен сынақтары енгізілді және жаппай тағайындалды; Premium және VIP клиенттермен жұмыс істеу бойынша вебинарлар мен жүзбе-жүз тренингтер өткізілді; ККБ кассирлері банк жүйелерінде жұмыс істеу дағдыларына үйретілді; Халық Банкте ККБ қызметкерлерінің Халық Банктің процестеріне және БЖ-на бейімделуіне бағытталған жаппай және нүктелі тағылымдамалар ұйымдастырылды; ББ және ОПЕРБ қызметкерлері үшін тестілік ортаға қолжеткізуді беру процесін үйлестіру бойынша жұмыс, сондай-ақ ББ қызметкерлері үшін тестілік ортада дағдыларын пысықтау үшін бейне материалдарды бизнес бөлімшелер үшін дайындау бойынша жұмыс жүргізілді.

Бірігуден кейінгі кезеңде акцент жаңа қызметкерлерді Банк ұжымына тиімді бейімдеуге, олардың бейімділігін арттыруға және Банкте жағымды іскерлік ахуалды ұстауға бағытталған бейімделу іс-шараларына жасалды.

Бейімделу процестері аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді, соның ішінде: Басқарма Төрағасының Банктің филиалдар желісінің жаңа қызметкерлерімен бейне конференциясы; филиалдар желісінің қызметкерлері үшін «Бейімделу шегі» вебинары; Бас Банк қызметкерлері үшін «Іскерлік қатынас» жүзбе-жүз бейімделу тренингі; Банктің тарихы, миссиясы мен стратегиясы, корпоративтік мәдениеті және Банкте қабылданған негізгі қағидалар/ережелер және т.б. туралы

ақпарат қамтылған, жаңа қызметкерлерге арналған арнайы қашықтан оқыту курсы.

Банктің филиалдар желісінің қызметкерлері үшін корпоративтік форматта ішкі оқыту жүргізіген кезде акцент тиімді байланыстар жасауға және команда құруға жасалған болатын, және 2018 жылдың бірінші жартыжылдығынан бастап оқуға екі банктің: Халық Банк пен ККБ қызметкерлері жұмылдырылды.

«Команданың құрылуы. Ішкі байланыстарды дамыту» тақырыбына тренингтер циклы, сондай-ақ филиалдар желісі бөлімшелерінің басшыларына арналған «Команданы құру құралдары» тақырыбына тренингтер өткізілді.

2018 жылы Қызметкерлерді басқару департаменті Банктің кадрлық резервіне кіргізілген қызметкерлер мен басшыларды жүйелі оқыту бойынша жұмыс жалғастырылды. «Болашақтың көшбасшылар» және «Басқарушылық дағдыларын дамыту» тренингтері өткізілді. Ішкі бизнес тренерлер институты дамуда, олар кадрлық резерв қатысушыларының негізгі құзыретін дамыту шеңберінде «Келіссөздер - іскерлік дуэль», «Уақыт шегін модельдеу», «Тәлімгерлік – қызметкерлердің дамуының тиімді технологиялары» және «Эмоциялық зият» тақырыптары бойынша тренингтер әзірледі.

Қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесін дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды (ҚОЖ). Банкте қолданыстағы ҚОЖ мүмкіндіктері, қашықтағы қызметкерлерді жаппай қамтитын оқытудың осы түрінің танымалдығының жүйелі өсімі 2018 жылы оқытылған қызметкерлердің және жүзеге асырылған, соның ішінде



бірігу процесінің шеңберіндегі оқыту бағдарламаларының санын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді.

2018 жылы банктің қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесіне «Halyk» тобының келесі еншілес ұйымдары қосылды: «Қазтелепорт» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Халық Жоба» ЖШС, «Халық Финанс» АҚ, КАБҰ және Қырғызстандағы еншілес банкпен де жұмыс жалғастырылды.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ УӘЖДЕМЕСІ ЖӘНЕ БАНККЕ БЕЙІЛДІЛІГІН АРТТЫРУ

Қызметкерлердің бейілділігін арттыру бағдарламасы шеңберінде және қызметкерлер мен басшылықтың арасындағы екі жақты байланысты қамтамасыз ету үшін Банк бөлімшелерінде әлеуметтік-психологиялық ахуалды зерттеу бойынша жұмыс жалғасуда.

Банктің мақсаттарына қол жеткізу үшін қызметкерлердің еңбек тиімділігін арттыру мақсатында бөлшек, транзакциялық, шағын және орта бизнес қызметкерлерін уәждемелеу жүйесі KPI-дың орындалуына байланысты әзірленіп ендірілді.

Үздік қызметкерлерді көтермелеу мақсатында Банк 2018 жылдың мамырында Банк қызметкерлерінің 2017 жылы қол жеткізген жетістіктерінің бағдарламасы бойынша қорытынды шығарылды және үш номинацияда үздік қызметкерлерге ақшалай сыйақы төлеумен, мақтау қағаздары мен стеллаларды табыстаумен марапаттау ұйымдастырылды:

- Банктің үздік қызметкері «Кәсіпқойлық және Банктің құндылықтарына адалдық» (I дәрежелі номинация);

- Банктің үздік қызметкері «Ынта және табысқа ұмтылыс» (II дәрежелі номинация);
- «Жылдың үздік қызметкері» (III дәрежелі номинация).

I және II дәрежелі номинацияның жеңімпаздарына стеллалар, мақтау қағаздарын табыстау және Банк Басқармасының мүшелерімен салтанатты қонағасына қатысу үшін олар Алматы қ. шақырылып салтанатты іс-шара ұйымдастырылды, сондай-ақ жеңімпаздар үшін Алматы қ. бойынша экскурсия ұйымдастырылды.

Филиалдардың бөлімшелерін уәждемелеу және көтермелеу мақсатында 2017 жылдан бастап жыл сайын филиалдар арасында «Қызмет бағыты бойынша үздік бөлімше» байқауы өткізіледі. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар құрмет грамоталарымен және ақшалай жүлделермен марапатталады.

Әр қызметкердің Банк процестерін және еңбек жағдайларын оңтайландыруға және жақсартуға үлес қосуына мүмкіндігі бар. Ұсыныстары енгізілетін қызметкерлер, сондай-ақ ең бастамашыл қызметкерлер бастамаларды дамыту бағдарламасы шеңберінде құрмет грамоталарымен және ақшалай жүлделермен марапатталады.

Жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін «Ұжымдастар қатарына қабылдау күні» тұрақты түрде өткізіліп, оларға Банктің логотипі бар өнімдер табысталады.

Банк қызметкерлерінің корпоративтік және спорттық рухты дамыту және нығайту үшін түрлі іс-шаралар мен байқаулар өткізіледі:

- мерекелік іс-шаралар: 8 наурыз халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу»

ғашықтар күні, 9 Мамыр – Жеңіс күні және 7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні, екі банктің қосылуы себепті Бас Банктің қызметкерлері үшін жасалған іс-шара, Банктің туған күні, ұлттық валюта – теңге күні, жаңажылдық іс-шаралар, табиғатқа шығу;

- байқаулар: «Қазақтың «Ою-өрнек» өрнегімен үздік сурет», Сүйген адамыңызға үздік өлең жолдары, 7 мамырға орайластырылған жылы лебіздер жазылған лотерея, «Көңіл күйдің түсі – Халық» атты Банктің корпоративті түстерінің элементтері бар киім бойынша байқау, «Білгішсымақ қаржыгер», «Жаңа жылға үздік креативті безендіру», Жаңа жылға орайластырылған лотерея;
- Банк және шет ұйымдар ұйымдастырған спорт шаралары: Басқарма Төрағасының кубогы үшін Бас Банктің командалары арасында өткізілген мини-футбол бойынша банкішілік турнир, «Ең спорттық банк» атағы үшін World Class Lite фитнес клубында өткен жарыстар, Алматы қаласының қаржы институттарының қызметкерлері арасында шахмат бойынша KPMG турнирі, «Бірінші болу батылдық!» атты VII қайырымдылық марафонына ББ 340 қызметкері қатысты, «Титандар шайқасы» турнирі (бильярд, картинг, боулинг, караоке), Алматы қаласының қаржы институттары арасында өткен спартакиада.

Банк және оның қызметкерлері әлеуметтік маңызы бар жобаларға белсенді қатысады. Жыл бойы қайырымдылық акциялары өткізіледі және Банктің жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне 9 мамыр қарсаңында және 1 қазан күні, мерейтойлық күндері көмек көрсету, Банк қызметкерлерінің қаңтарда, маусымда және қыркүйекте балалар үйлеріне қайырымдылық жасау мақсатымен баруы.



16



ЖАУАПКЕРШІЛІК  
ТУРАЛЫ  
МӘЛІМДЕМЕ

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ



Осы арқылы бізге төмендегілер мәлім болғанына байланысты:

- осы жылдық есептегі шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған және Халық Банк пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың қызметтерінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететінін; және
- жылдық есептің шоғырландырылған есептілікте қамтылған әрі тұтастай қарастырылып отырған Халық Банк пен оның еншілес ұйымдарының дамуына және қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жай-күйіне, Халық Банк тап болып отырған негізгі тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарға жасалған әділетті шолуды қамтитынын растаймыз.

**Ү.Б. ШАХМЕТОВА**  
БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ



17



ДАМУ  
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ





## ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



Бүгінгі таңда «Halyk» тобы – бұл көрсетілетін қаржы қызметтерінің барлық нарықтарындағы негізгі ойыншы, бекемдіктің айтарлықтай қорына ие, мықты қаржылық, материалдық және технологиялық базасы, білікті мамандары мен табысты басқарушы командасы бар белсенді, қарқынды дамып келе жатқан қаржы тобы.

«Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған даму стратегиясының міндеттерінің аясында «Halyk» тобы мен Халық Банктің сапалы трансформациясы бойынша клиенттермен белсенді өзара әрекеттесуге бағытталған бірқатар стратегиялық бастамалар жүзеге асырылды. Аталған стратегиялық кезеңде «Halyk» тобының негізгі күш-жігері клиенттердің жоғары сервис пен қызмет көрсету сапасына, жоғары технологиялық қаржы қызметтері мен өнімдерінің қолжетімділігіне талаптарын есепке алумен бизнесті жүргізу үлгісінің жаңа элементтерін ендіру және қолданыстағы үлгісін жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған. Осындай күш-жігердің нәтижесінде көрсетілетін қаржы қызметтері нарығында «Halyk» тобының жайғасымын қорғаудың және жақсартудың стратегиялық мақсатына қол жеткізілді, бұл келесі стратегиялық кезеңге жаңа, аса күрделі міндеттерді қоюға мүмкіндік берді.

2018 жылғы шілдеде «Halyk» тобы үшін маңызды, «Halyk» тобының жұмыс істеу шарттары мен негізгі басымдықтарын түбегейлі өзгерткен оқиға – «Halyk» брендині сақтай отырып технологиялық және заң жүзінде қосылу сценарийі бойынша ККБ-ның Халық Банкке қосылу нысанында Халық Банк пен ККБ-ның бірігуінің аяқталуы болды.

Рекордтық қысқа мерзімде (шешім қабылданған сәттен бастап ККБ деректері Халық Банктің платформасына ауысқанға дейін 7 ай) Қазақстанның екі ең ірі жүйе құрушы әмбебап банктердің бірігуі бойынша бірегей жоба іске асырылды (банк қызметтерінің барлық негізгі нарықтарындағы бірінші және екінші жайғасым). Жоба посткеңестік кеңістікте қаржы институттарының ең ауқымды бірігу болды, ал орындалған міндеттердің мерзімі мен көлемі бойынша ол әлемдік тәжірибедегі ірі қосылулардың үлгілеріне сай келеді (және тіпті асып түседі). Екі банктің толық бірігуінің барлық қиындықтарына қарамастан бірігу жылдамдығының басымдығын сақтай отырып технологиялық және заң жүзіндегі бірігудің үйлесімділігі, бір платформада бірыңғай банк құру міндеттері шешілді.

Бірігу шеңберінде Халық Банкке көшіру мақсатқа сай деп танылған ККБ-нің бизнес және операциялық үлгілерінің элементтері анықталды, бұл ретте жекелеген компоненттер көшірілген кезде Халық Банктің АТ-сәулетіне өзгерістер енгізу қажеттілігі ескерілді. Бұдан басқа, екі банктің барлық басқарушылық процестерінің және жүйелерінің – жоспарлау, бизнес процестер, жобалық басқару, қызметкерлерді ынталандыру және қызметінің тиімділігін басқару жүйелерінің толық бірігуі жүзеге асырылды.

Мақсатты жүйелерді пысықтайтын кезде заңнаманы сақтауға, клиенттер базасы мен клиенттік деректерді сақтау бойынша талаптарды орындауға, жүйелердің тұрақтылығы мен өнімділігіне, клиенттерге үздіксіз қызмет көрсетуге бағытталған шаралар қолданылды. Нәтижесінде

операциялардың түрлері бойынша сыни шектеулерсіз клиенттерге қызмет көрсету, жүйелерде операциялық күндерді уақытылы ашу және жабу, бірігу күнінен кейін төлемдерді қабылдау, жалақылық, әлеуметтік және зейнетақылық жобаларға үздіксіз қызмет көрсету қамтамасыз етілді.

Бірігудің нәтижесінде – барлық көрсеткіштер бойынша (2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) көшбасшылық орынға ие, еліміздің банк секторының сөзсіз көшбасшысы, бәсекелестерден барлық негізгі параметрлер бойынша басым болатын, Қазақстанда және өңірде ең ірі коммерциялық банк пайда болды: активтердің көлемі бойынша нарықтың үлесі 34%, клиенттерге берілген заемдардың (нетто) көлемі бойынша 28%, депозиттердің көлемі бойынша 38% (соның ішінде бөлшек клиенттер бойынша 38% және корпоративтік клиенттер бойынша 39%), таза пайданың көлемі бойынша 45%.

Бұл маңызды оқиға Халық Банктің таңдалған даму стратегиясы мен үлгісінің табыстылығының, оның қаржы секторында мықты жайғасымының куәсі болды. ККБ мен оның еншілес ұйымдарын «Halyk» тобына біріктіру Қазақстанның қаржы нарығындағы негізгі ойыншысы ретінде «Halyk» тобы дамуының жаңа кезеңіне өту үшін шыққан жері болды.

«Halyk» тобының және Халық Банктің 2019-2021 жылдар кезеңіне арналған базалық даму стратегиясы қорғаныс стратегиясы емес, өсу стратегиясы ретінде анықталған. Аталған стратегиялық кезеңге басымдықтар қаратында:



- бәсекелестік артықшылықтарын пайдалану және күшейту қажеттілігі, әсіресе технологиялық, клиенттік тәжірибе мен қызмет көрсету сапасы бөлігінде;
- түрлі клиенттер тобы үшін Банкті негізгі серіктес ретінде және бірінші таңдаулы банк ретінде жайғастыру;
- көп клиенттер тобының мұқтаждықтарын есепке алу және қоғам үшін және жалпы алғанда ҚР экономикасы үшін құндылықтар жасау, табыстылық пен өтімділік көздерін әртараптандыру салдары сияқты;
- таңдаулы халықаралық экспансия.

2019-2021 жж. стратегиялық кезеңге мынадай негізгі стратегиялық қағидаттар қалыптастырылды:

### БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ КЛИЕНТТІК СЕГМЕНТТЕРДЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖАЙҒАСЫМДАР

- Халық Банк пен ККБ-ның нарықтағы бірлескен үлесін есепке алып (көптеген қосалқы нарықтар бойынша 30-50%) таңдалған клиенттік сегменттермен ғана жұмыс істеуге назар аудару орынсыз, себебі нарықтың жалпы үлесінің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін.
- Корпоративті клиенттердің кең шоғырымен және ашық («жалақтық емес») бөлшек бизнеспен жұмыс істеу есебінен әртараптандыру Банк табыстылығының/ өтімділігінің мемлекетпен байланысқан компаниялардан тәуелділігін төмендету үшін керек.
- Клиенттердің барлық сегменттері мен олардың

қажеттіліктері үшін Банктің ашықтығы мен қолжетімділігі оны басты серіктес ретінде жайғастыру үшін, сондай-ақ қарқынды өсіп келе жатқан бәсекелестерден қорғану үшін стратегиялық акцент болып табылады.

### КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУШЫЛЫҚ, СЕРВИСТІҢ САПАСЫНА НАЗАР

#### Үздік нарықтық тәжірибелер деңгейінде сандық сервистер және шешімдер

- Клиенттік тәжірибе және диджиталдау: банк қызметтерінің, әсіресе осы бағыттар бойынша клиенттер болжалдарының деңгейі үнемі артып отыратын ББ пен ШОБ үшін негізгі бәсекелестік айырмашылықтар;
- Осы аспектілерді ұзақ мерзімді жақсарту үшін бизнес және операциялық үлгінің (технологияларды есепке алмай) бірқатар өзгерістері қажет – инновация мәдениеті, шешімдер қабылдау тәсілдері, клиенттердің кері байланысын пайдалану, ынталандыру жүйесі.

#### Еліміздің бас транзакциялық банкі

- Бөлшек және корпоративті клиенттер үшін бірегей инфрақұрылымды пайдалана отырып, экономика ауқымындағы барлық төлем ағындары (қолма-қол және қолма-қол емес) үшін транзакциялық қызметтердің көшбасшы жеткізушісін құру (процессинг, эквайринг, банкоматтар мен терминалдардың инфрақұрылымы, т.б.), сондай-ақ бірқатар арнайы сандық сервистер мен төлемдік шешімдер;

- Ашығырақ жайғастырудың тағы бір элементі ретінде халықтың барлық сегменттері үшін банк қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

#### Іріктемелі халықаралық экспансия

- Өзбекстан Республикасы нарығында еншілес банктің ашылуы.

Аталған стратегиялық қағидаттарды іске асырудың нәтижесі – Халық Банкті клиенттердің барлық сегменттері үшін бірінші таңдаулы банк және негізгі транзакциялық банк ретінде, жоғары технологиялық және сапалы сервис ұсынатын банк ретінде жайғастыру.

18

2018 ЖЫЛҒА  
АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ  
АУДИТОРЛАРДЫҢ  
ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ  
ЕСКЕРТУЛЕР





- I. 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ
- II. ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ
- III. 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ:
  - ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
  - ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
  - ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
  - КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
  - АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
  - ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСЕРТПЕЛЕР



Басшылық «Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Банк») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп – «Топ») 2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес қаржылық ахуалын, және аталған күндерде аяқталған жылдар іші ақшалай қаражаттың қозғалысын және капиталы құрамындағы өзгерістерді, өзге жиынтық табыс, пайда мен залал туралы тиісті шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертпелер мен есептік саясаттың негізгі қағидаттарын ашуды (бұдан әрі – «шоғырландырылған қаржы есептілігі») сенімді көрсететін шоғырландырылған қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленуі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауапты болады:

- есеп беру саясатының дұрыс қағидаттарының таңдалуы және олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпараттың, оның ішінде есеп беру саясаты туралы мәліметтердің осындай ақпараттың орындылығы, шынайылығы, салыстырмалылығы және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беру;
- ХҚЕС талаптарының орындалуы есептілікті пайдаланушылар үшін мәмілелер, сондай-ақ басқа да оқиғалар немесе талаптардың қайсысының болмасын Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайына және шоғырландырылған қаржылық

нәтижелеріне тигізетін ықпалын түсіну үшін жеткіліксіз болатын жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және

- Топтың болжауға болатын болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар мыналарға жауапты болады:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тұтастай алғанда тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау көрсету;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, Топтың қаржылық жағдайы туралы кез келген күні жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ақпарат әзірлеуге және шоғырландырылған қаржы есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүйесін жүргізіп отыру;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Топтың осы 2018, 2017 және 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржы есептілігін Басқарма 2019 жылдың 7 наурызында бекіткен.

## БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА  
Басқарма Төрайымы

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ  
Бас Бухгалтер

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлеріне

## ПІКІР

Біз 2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептерді және сол күні аяқталған жылдар іші пайда мен залал, өзге жиынтық табыс пен ақшалай қаражаттың қозғалысы және капиталдағы өзгерістер туралы шоғындырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларын қоса шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулерді қамтыған «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржы есептілігі барлық елеулі аспектілерде Топтың 2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы қаржы жағдайын, сондай-ақ сол күні аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық нәтижелері және ақшалай қаражаттың қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсетеді.

## ПІКІР БІЛДІРУ ШІН НЕГІЗ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз қорытындының «Шоғырландырылған қаржы есептілігі аудитіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз бухгалтерлерге арналған Халықаралық этика стандарттары бойынша кеңестің («Кодекс») кәсіби бухгалтерлер этика кодексіне және Қазақстан Республикасында қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық нормаларға сәйкес тәуелсіздік танытамыз. Сондай-ақ біз осы талаптарда және Кодексте айқындалған басқа да әдептілік міндеттерімізді орындадық. Біз аудиторлық пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алдық деп ойлаймыз.

## АУДИТТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіптік пікірімізге сәйкес, есепті кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржы есептіліктеріне біздің аудиттің мәліметінінде және де осы есептіліктер туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралды. Біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.



## БІЗ НЕГЕ МӘСЕЛЕНІ АУДИТ ҮШІН НЕГІЗГІ ДЕП САНАЙМЫЗ?

Клиенттерге берілген заемдар бойынша күтілетін кредиттік залалды ұжымдық бағалау

2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген заемдардың жалпы сомасы 3,890,872 миллион теңгені құрады, оған қатысты күтілетін кредиттік залалдар ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілген заемдардың жалпы сомасы 1,256,758 миллион теңгені құрады, ол барлық заемдардың жалпы сомасының 32% құрайды. Осы бағалау нәтижесінде алынған күтілетін кредиттік залалдар сомасы («ККЗ») 183,364 миллион теңгені құрады.

Ұжымдық негізде бағаланатын заемдар бойынша, ККЗ бағалау кезінде пайдаланылатын шығыс ақпаратта қате болу тәуекелі бар, соның ішінде несиелер бойынша дұрыс емес деректерді (өтеу күні, берешек сомасы), дефолттың ықтималдығын бағалау үшін нақты немесе толық емес шығыс жорамалдарды (PD), дефолт барысында ысыраптардың деңгейін (LGD), сондай-ақ тарихи және болжалды ақпараттың нарық индикаторларына сәйкес келмеуін қоса алғанда.

Топ басшылығы пайдаланатын пайымдаулардың маңыздылығы мен субъективтілігі және ұжымдық негізде бағаланатын заемдар көлеміне байланысты, біз ұжымдық негізде бағаланатын заемдардың құнсыздануын аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық.

Шоғырландырылған қаржы есептілігінің 3- және 36- ескертпелерінде Топ саясатының сипаттамасы ұсынылған және жалпы заемдардың баланстық құнымен қатар оның резервтері ашып көрсетілген.

## АУДИТ ШЕҢБЕРІНДЕ НЕ ЖАСАЛДЫ?

Ұжымдық негізде бағаланатын Клиенттерге берілген заемдар бойынша кредиттік тәуекелдер мен ККЗ бағалауын басқаруға, заемдарды беруге қатысты процестер мен бақылау рәсімдерін түсінуге қол жеткіздік.

Ұжымдық негізде бағаланатын заемдар бойынша резервтерді есепке алу әдістемесінің негізділігін және ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес болуын талдадық.

PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын шығыс деректері мен негізгі жорамалдар шеккен кредиттік залал туралы тарихи деректерді ескеретінін, сондай-ақ бағалауға ықпал ететін макроэкономикалық деректерге қатысты болжалды ақпаратты тексердік.

Біз таңдамалы тұрғыда ККЗ модельдеріне қосылған, оның ішінде ККЗ модельдерінде пайдаланылатын ақпаратты салыстыру және қайта есептеу арқылы заемдарды қалпына келтіру бойынша статистика мен кепілдердің құнына қатысты шығыс деректерінің нақтылығы мен толықтығын талдадық және болжалды ақпараттың есебіне дұрыс қосылуын бағаладық.

Ұжымдық негізде бағаланатын заемдар үшін бағалау бойынша мамандардың көмегі арқылы Біз Топ басшылығымен дефолттың ықтималдығын (PD) бағалау барабарлығын талдадық. Таңдамалы негізде біз шығыс және қорытынды параметрлер мен ККЗ сомасының сәйкес келуін тексеру үшін, ұжымдық негізде бағаланатын заемдар бойынша резервтерді қайта есептедік.

Біз шоғырландырылған қаржы есептілікте клиенттерге берілген заемдар бойынша ақпараттың өзектілігі мен толық ашылуын ХҚЕС стандарттарына сәйкес бағаладық.

Тестілеу барысында біз елеулі ауытқуларды таппадық.



#### Клиенттерге заемдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды жеке бағалау

2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке негізде бағаланатын заемдардың жалпы сомасы 2,634,114 миллион теңгені құрады, ол барлық заемдардың жалпы сомасының 68% құрайды. ККЗ тиісті сомасы 226,429 миллион теңгені құрады.

ККЗ бойынша жеке елеулі заемдарға қатысты резервтің көлемі Топтың резервтер жүйесінде құнсыздандырудың белгілі бір деңгейіне дұрыс қатыстыруға байланысты. Атап айтқанда, жеке елеулі заемдар үшін кредиттік тәуекелді едәуір ұлғайту немесе кредиттік құнсыздандыру (1 деңгей, 2 деңгей және 3 деңгей арасындағы қозғалыс) есептік күнге толық немесе нақты анықталмаған/топтастырылмаған, себебі кредиттік тәуекелді едәуір ұлғайған деңгейін немесе кредиттік құнсыздандыру деңгейін бағалау кезінде барлық негізделген сапалы, сандық және болжалды ақпарат ескерілген.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа жеке құнсыздандырылған заемдар бойынша ККЗ 3 деңгейде негізделмеген немесе расталмаған ақпаратты пайдалану нәтижесінде болашақ ақша ағындарын бағалауда орын алған қателер үшін бұрмаланған болуы мүмкін.

Жеке негізде бағаланатын заемдар бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтердің маңыздылығының, сондай-ақ Топ басшылығы пайдаланатын пайымдаулардың күрделілігі мен субъективтілігінің нәтижесінде, біз аудиттің негізгі мәселелеріне жеке ККЗ бағалауын анықтадық.

Шоғырландырылған қаржы есептілігінң 36-ескертпесінде жеке елеулі заемдар бойынша құнсыздандыру көрсеткіштері мен жалпы баланстық құнымен қатар мұндай заемдарға оның резервтері көрсетілген.

Біз кредиттік тәуекелді басқару процесі мен заемдарды беру процесін түсінуге қол жеткіздік. Біз жеке негізде бағаланатын заемдар бойынша кредиттік тәуекелдер мен ККЗ бағалау үшін кредиттік құнсыздандыруды ұлғайту анықтамасына қатысты әдістемені талдадық.

Таңдамалы тұрғыда біз 1-деңгейдегі және 2-деңгейдегі заемдар бойынша заем алушылардың кредитке қабілеттілігі мен кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюына (2-деңгей) және кредиттік қамтамасыз етудің болуына (3-деңгей) қатысты Топтың талдауын сыни бағаладық. Біз ішкі кредиттік деңгей жүйесін, кредиттік тәуекел факторын бағаладық және есептелген пайыздық табысты немесе негізгі берешекті төлеудің мерзімінің ұлғаюы, қайта құрылымдау немесе қаржы көрсеткіштерінің төмендеуі сияқты құнсыздану оқиғаларын заемдарды құнсыздандырудың тиісті деңгейін бағалау үшін уақытылы анықталуын тексердік.

Таңдамалы тұрғыда біз 3-деңгейдегі жеке елеулі заемдар бойынша ККЗ бойынша резервтерді қайта есептедік, ол Топпен жасалған заем алушылардың кредитке қабілеттілігіне жасалған талдауға шолуды, сондай-ақ болашақ ақша ағындарын болжау үшін және кепілмен қамтамасыз етуді бағалау үшін пайдаланылған жорамалдар талдауын қамтыған және оларды растайтын құжаттармен негізгі жорамалдарды салыстырдық.

Тестілеу барысында біз елеулі ауытқуларды таппадық.





## ӨЗГЕ АҚПАРАТ – ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат, шоғырландырылған қаржы есептілігінен және ол туралы біздің аудиторлық қорытындыдан басқа, жылдық есептегі ақпарат болып саналады. Жылдық есеп бізге осы аудиторлық қорытынды күнінен кейін ұсынылады деп болжаймыз.

Шоғырландырылған қаржы есептілік жөнінде біздің пікіріміз өзге ақпаратқа тарамайды және де біз осы ақпарат бойынша қандай да бір сенімділіктің қандай да бір нысанын білдірмейміз.

Шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудитін жүргізуге байланысты біз өзге ақпаратпен ол бізге ұсынылған кезде, танысуға міндеттіміз. Танысу барысында біз өзге ақпаратты шоғырландырылған қаржы есептілігінің біз аудит барысында алған білімге, елеулі сәйкессіздіктер, сондай-ақ басқа да ықтимал бұрмалаушылық бойынша қараймыз.

Егер жылдық есеппен танысу барысында біз ондағы өзге ақпарат елеулі бұрмаланған деген пікірге келетін болсақ, біз ол туралы корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлауға міндеттіміз.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық шоғырландырылған қаржы есептілігін ХҚЕС-ке сәйкес әзірлеу және шынайы ұсыну үшін және басшылық шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеу үшін қажетті деп санайтын, жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан орын алатын елеулі бұрмалаулары жоқ ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігін әзірлеу кезінде басшылық Топтың қызметті үздіксіз жалғастыруға қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтерді ашу үшін, және де, басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті немесе басшылықта Топты таратудың, оның қызметін тоқтатудың баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті құрастыру үшін жауап береді.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеуді қадағалау үшін жауап береді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ҮШІН АУДИТОРЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсат шоғырландырылған қаржы есептілігінде жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан орын алған елеулі бұрмалаушылықтар берілмегені жөнінде ақылға қонымды сенімділіктен және біздің пікіріміз берілген аудитор есебін шығарудан тұрады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықтарды, олар болған жағдайда, әрқашан анықтайтынына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаушылықтар жосықсыз әрекеттер немесе қателердің нәтижесінде орын алуы мүмкін және де олар жекеше түрде немесе олардың жиынтығы түрінде шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсерін тигізуі мүмкін деп дәлелді түрде болжауға болса, олар елеулі болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пікірді қолданып, бүкіл аудиттің барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Одан басқа біз:

- Шоғырландырылған қаржы есептілігінің жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан орын алған елеулі бұрмалаушылықтары тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз, осындай тәуекелдеріне жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлеп, жүргіземіз, біз



пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті түрде берілген аудиторлық дәлелін аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде орын алған елеулі бұрмалаушылықты анықтай алмау тәуекелі қатенің нәтижесінде орын алған елеулі бұрмалаушылықты анықтай алмау тәуекелінен әлде-қайда жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер келісуден, жалған құжаттар ұсынуға, әдейі қалдырып кетуден, ақпаратты әдейі бұрмалап ұсынудан және қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін әрекеттерден тұруы мүмкін.

- Жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, алайда Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жөнінде пікір білдіру үшін емес, аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды түсінеміз.
- Қолданылатын есептік саясаттың тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалардың негізділігін және де басшылық дайындаған ақпараттың тиісті түрде ашылуын бағалаймыз.
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану орындылығы туралы қорытынды шығарамыз, ал, алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – олардың

нәтижесінде Топтың қызметті үздіксіз жалғастыру қабілеті елеулі күмән тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты, айтарлықтай белгісіздіктің болуы туралы қорытынды. Егер біз айтарлықтай белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржы есептілігінде ақпараттың тиісті түрде ашылуына назар аударуымыз қажет немесе тиісті түрде ашылмаған жағдайда, пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің қорытындылар аудиторлық қорытындының күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақ оқиғалар мен жағдайлар Топтың қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін.

- Шоғырландырылған қаржы есептілігін ұсынуға, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды ұсынудың нанымдылығын қамтамасыз етудің жалпы бағалауын жүргіземіз.
- Шоғырландырылған қаржы есептілігі туралы пікір білдіру үшін Топ компанияларының қаржылық ақпараты және олардың қызметі бойынша жеткілікті

және тиісті аудиторлық дәлелдерін аламыз. Біз Топтың аудитін жүргізу, басқару және бақылау үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толықтай жауап береміз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі проблемалар, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біздің аудиторлық тәуелсіздікке қатысты барлық қолданылатын этикалық талаптарды сақтау туралы мәлімдемені ұсынамыз және де негіздемелік түрде аудиторлардың тәуелсіздігіне әсерін тигізеді деп есептеуге болатын барлық сұрақтар туралы, ал қажет болған жағдайларда – қабылданған қауіпсіздік шаралары туралы хабардар етеміз.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды біз хабардар еткен сұрақтардың ішінен, біз аудиттің негізгі мәселелерін - есепті кезең үшін шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудиті үшін ең маңызды сұрақтарды анықтаймыз.

ЖӘНГІР ЖЫЛЫСБАЕВ  
Қазақстан Республикасының  
Білікті аудитори  
2012 жылғы 22 қарашадағы  
№МФ-0000116  
аудитордың біліктілік куәлігі

НУРЛАН БЕКЕНОВ  
«Делойт» ЖШС Бас директоры  
Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметті  
жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия  
№ 0000015, түрі МФЮ-2,  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген.

МАРК СМІТ  
Тапсырма бойынша серіктес  
Шотландияның лицензияланған бухгалтерлер  
институтының лицензияланған бухгалтері  
№ M21857 лицензия  
Глазго, Шотландия



# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>				
Ақшалай қаражат және оның баламалары	5	1,755,138	1,780,548	1,774,519
Міндетті резервер	6	115,741	111,039	76,122
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	7	186,836	144,976	328,737
Кредит мекемелеріндегі қаржы	8	55,035	87,736	35,542
Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	9	Қолданылмайды	2,565,425	599,624
Өзге жиынтық табыс арқылы бағаланатын қаржы активтері	9	1,765,933	Қолданылмайды	Қолданылмайды
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	10	1,055,907	Қолданылмайды	Қолданылмайды
Бағалы металдар		3,496	5,111	1,684
Қауымдастырылған ұйымға инвестициялар	17	20,437	-	-
Клиенттерге берілген заемдар	11, 40	3,481,079	3,251,102	2,319,583

2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ  
ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР  
(миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	12	58,868	37,517	30,146
Коммерциялық жылжымайтын мүлік	13	70,318	48,774	10,202
Ағымдағы салық активтері	25	34,478	15,320	3,222
Кейінге қалдырылған салық активтері	25	323	517	831
Негізгі құрал-жабдықтар	14	130,987	137,684	94,897
Материалдық емес активтер	15	8,435	8,251	9,179
Іскерлік бедел		3,085	3,085	4,954
Сактандыру активтері	19	65,651	40,162	28,354
Өзге активтер	20	91,148	68,129	20,590
Сатуға арналған активтер	16, 18	8,902,895	8,305,376	5,338,186
		56,129	552,405	10,297
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>8,959,024</b>	<b>8,857,781</b>	<b>5,348,483</b>

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>				
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>				
Клиенттер қаржысы	21, 40	6,526,930	6,131,750	3,820,662
Кредиттік мекемелердің қаржысы	22	168,379	255,151	162,134
Гайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері	7	7,022	5,831	2,841
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	900,791	962,396	584,933
Ағымдағы салық міндеттемесі	25	126	2,720	3,311
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	25	66,188	8,789	23,181
Резервтер	24	2,546	16,098	987
Сақтандыру міндеттемелері	19	182,441	139,543	64,374
Өзге міндеттемелер	26	38,955	66,419	20,467
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелері	16, 18	7,893,378	7,588,697	4,682,890
		-	334,627	-
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>7,893,378</b>	<b>7,923,324</b>	<b>4,682,890</b>

2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ  
ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР  
(миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>КАПИТАЛ</b>				
Жарғылық капитал	27	209,027	143,695	143,695
Эмиссиялық табыс		1,839	1,839	1,911
Құны өтеліп сатып алынған өз акциялары		(111,441)	(104,234)	(103,121)
Бөлінбеген пайда және өзге резервтер		966,215	820,716	623,108
Бақыланбайтын үлес		1,065,640	862,016	665,593
		6	72,441	-
<b>Капитал жиыны</b>		<b>1,065,646</b>	<b>934,457</b>	<b>665,593</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>8,959,024</b>	<b>8,857,781</b>	<b>5,348,483</b>

**БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:**

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА  
Басқарма Төрайымы

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ  
Бас Бухгалтер

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.



2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ  
ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР  
(миллион теңгемен, теңгемен берілген акция бойынша пайданы қоспағанда)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>ЖАЛҒАСЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТ</b>				
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кіріс	29, 40	675,699	497,597	306,557
Өзге пайыздық кіріс	29, 40	6,342	8,731	26,006
Пайыздық шығыс	29, 40	(333,772)	(257,805)	(160,549)
<b>ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВИНЕ БӨЛІНГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС</b>	29	348,269	248,523	172,014
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	24	(31,995)	(67,302)	(25,308)
<b>ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС</b>		<b>316,274</b>	<b>181,221</b>	<b>146,706</b>
Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер	30	113,241	87,640	57,697
Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар	30	(39,006)	(26,732)	(11,295)
Қызметтер және комиссиялар бойынша таза кірістер		74,235	60,908	46,402
Пайда немесе зиян арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза пайда/(зиян)	31	114,158	31,423	(12,710)
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен іске асырылған таза пайда (ХКЕС (IAS) 39 – сатуға арналған инвестициялық бағалы қағаздар)		2,428	1,064	2,623

2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ  
ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР  
(миллион теңгемен, теңгемен берілген акция бойынша пайданы қоспағанда)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Шетел валютасымен операциялардан түсетін таза пайда/(зиян)	32	(64,577)	(4,949)	18,506
Сақтандыру қызметінен түсетін кірістер	33	67,315	55,108	28,071
Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлесі	17	2,899	-	-
Өзге кірістер		21,765	23,618	6,486
<b>ӨЗГЕ ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР</b>		<b>143,988</b>	<b>106,264</b>	<b>42,976</b>
<b>Операциялық шығыстар</b>	<b>34</b>	<b>(137,223)</b>	<b>(105,797)</b>	<b>(66,341)</b>
Қаржылық емес активтерді құнсыздандырудан келген зиян		(27,308)	(6,533)	(2,218)
Кредиттік залалдар бойынша өзге шығыстарды қалпына келтіру/ (құру)	24	15,951	1,737	(44)
Қайта сақтандыруды шегергенде шеккен сақтандыру төлемдері	19, 33	(59,986)	(48,615)	(24,799)
<b>ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ШЫҒЫСТАР</b>		<b>(208,566)</b>	<b>(159,208)</b>	<b>(93,402)</b>
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		325,931	189,185	142,682
Пайда салығы бойынша шығыс	25	(82,474)	(25,598)	(22,183)



2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ  
ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР  
(миллион теңгемен, теңгемен берілген акция бойынша пайданы қоспағанда)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпелер	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖАЛҒАСЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ПАЙДА		243,457	163,587	120,499
<b>ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ</b>				
Жыл ішінде тоқтатылған қызметтен түскен пайда	16	9,974	9,876	10,913
<b>ТАЗА ПАЙДА</b>		<b>253,431</b>	<b>173,463</b>	<b>131,412</b>
Келесілерге қатысты:				
Бақыланбайтын үлеске		(807)	101	-
Жай акционерлерге		254,238	173,362	131,412
		<b>253,431</b>	<b>173,463</b>	<b>131,412</b>
<b>АКЦИЯ БОЙЫНША ПАЙДА</b> (теңгемен)	35			
Акция бойынша базалық және таратылған пайда		22.75	15.77	11.96
Жалғасып отырған қызметтен түсетін акция бойынша базалық және таратылған пайда		21.86	14.88	10.99

**БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:**

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА  
Басқарма Төрайымы

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ  
Бас Бухгалтер

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.



## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (теңгемен көрсетілген акцияға пайданы қоспағанда, миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЕСКЕРТПЕЛЕР



	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>ТАЗА ПАЙДА</b>	<b>253,431</b>	<b>173,463</b>	<b>131,412</b>
Өзге жиынтық табыс:			
Кейінінен пайда мен залалдар құрамына қайта жіктелмейтін баптар:			
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудан түскен пайда/(шығын) (2018, 2017 және 2016 жж. – салықты шегергенде – 56 миллион теңге, 222 миллион теңге, 192 миллион теңге)	2,151	(113)	539
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үлестік қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен пайда	558	Қолданылмайды	Қолданылмайды
Кейінінен пайда мен залалдар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Кезең ішінде құнсыздандыруды қоса алғанда өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен пайда/(зиян) (хқес (ias) 39 – сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар) (2018, 2017 және 2016 жж. – салықты шегергенде – нөл теңге)	(6,456)	32,592	6,348
Кезең ішінде өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің шығарылу нәтижесінде пайда мен залалдар құрамына қайта жіктелді (ХҚЕС (IAS) 39 – сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар) (салықты шегергенде – нөл теңге)	(2,428)	(1,064)	(2,623)
Қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық залал үлесі	(167)	-	-
Шетелдік қызметі қайта есептеудің бағамдық айырмасы (2018, 2017 және 2016 жж. - салықты шегергенде – нөл теңге)	2,784	1,473	402

2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ  
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР  
(теңгемен көрсетілген акцияға пайданы қоспағанда, миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бір жыл іші жиынтық табыс/(залал)	(3,558)	32,888	4,666
<b>БІР ЖЫЛ ІШІ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС, БАРЛЫҒЫ</b>	<b>249,873</b>	<b>206,351</b>	<b>136,078</b>
Мыналарға қатысты:			
Бақыланбайтын үлеске	(1,954)	2,942	-
Жай акционерлерге	251,827	203,409	136,078
	<b>249,873</b>	<b>206,351</b>	<b>136,078</b>

**БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:**

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА  
Басқарма Төрайымы

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ  
Бас Бухгалтер

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.



## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссия-лық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры *	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв *	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда *	Барлық капитал	Бақылан-байтын үлес	Барлық капитал
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>143,695</b>	<b>1,839</b>	<b>(104,234)</b>	<b>6,570</b>	<b>13,008</b>	<b>15,470</b>	<b>785,668</b>	<b>862,016</b>	<b>72,441</b>	<b>934,457</b>
ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану әсері	-	-	-	-	(9,539)	-	(33,467)	(43,006)	(11,857)	(54,863)
ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қайта есептелген бастапқы сальдо	143,695	1,839	(104,234)	6,570	3,469	15,470	752,201	819,010	60,584	879,594
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	254,238	254,238	(807)	253,431
Өзге жиынтық табыс/(залал)	-	-	-	2,784	(7,346)	2,087	64	(2,411)	(1,147)	(3,558)
<b>Өзге жиынтық табыс/(залал)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>2,784</b>	<b>(7,346)</b>	<b>2,087</b>	<b>254,302</b>	<b>251,827</b>	<b>(1,954)</b>	<b>249,873</b>
Өз акцияларын сатып алу	-	-	(935)	-	-	-	-	(935)	-	(935)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату	-	-	1,119	-	-	-	-	1,119	-	1,119

\* Бұл сомалар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің «Бөлінбеген пайда және өзге резервтер» бабына енгізілген.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕП



	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссия-лық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры *	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв *	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда *	Барлық капитал	Бақылан-байтын үлес	Барлық капитал
«Казкоммерцбанк» АҚ-тың артықшылық-ты акцияларын айырбастаудың әсері	-	-	-	-	-	-	(817)	(817)	6,175	5,358
Дивидендтер – жай акциялар	-	-	-	-	-	-	(69,363)	(69,363)	-	(69,363)
«Казкоммерцбанк» АҚ-пен заңды қосылу нәтижесінде үлесінің өзгеруі	65,332	-	(7,391)	303	(927)	4,127	3,355	64,799	(64,799)	-
Бұрын қайта бағаланған негізгі құрал-жабдықтардың тозуы және шығып қалуы нәтижесінде негізгі қаражатты қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	(714)	714	-	-	-
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>209,027</b>	<b>1,839</b>	<b>(111,441)</b>	<b>9,657</b>	<b>(4,804)</b>	<b>20,970</b>	<b>940,392</b>	<b>1,065,640</b>	<b>6</b>	<b>1,065,646</b>

\* Бұл сомалар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің «Бөлінбеген пайда және өзге резервтер» бабына енгізілген.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры *	Сатуға арналған, қолда бар инвестиц. бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві *	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві*	Бөлінбеген пайда *	Барлық капитал	Бақыланбайтын үлес	Барлық капитал
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>143,695</b>	<b>1,911</b>	<b>(103,121)</b>	<b>5,097</b>	<b>(15,679)</b>	<b>16,609</b>	<b>617,081</b>	<b>665,593</b>	<b>-</b>	<b>665,593</b>
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	173,362	173,362	101	173,463
Өзге жиынтық табыс	-	-	-	1,473	28,687	(113)	-	30,047	2,841	32,888
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>1,473</b>	<b>28,687</b>	<b>(113)</b>	<b>173,362</b>	<b>203,409</b>	<b>2,942</b>	<b>206,351</b>
Өз акцияларын сатып алу	-	(72)	(1,675)	-	-	-	-	(1,747)	-	(1,747)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату	-	-	562	-	-	-	-	562	-	562
Сақтандырушыларға сақтандыру бонустары	-	-	-	-	-	-	(171)	(171)	-	(171)
«Қазкоммерцбанк» АҚ қосымша жарғылық капиталын сатып алу	-	-	-	-	-	-	(1,387)	(1,387)	7	(1,380)
«Қазкоммерцбанк» АҚ акцияларын «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ-ға сату (2-ескерту)	-	-	-	-	-	-	(4,243)	(4,243)	(69,492)	65,249
Бұрын қайта бағаланған негізгі құрал-жабдықтардың тозуы және шығып қалуы нәтижесінде негізгі құрал-жабдықтардың қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	(1,026)	1,026	-	-	-
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>143,695</b>	<b>1,839</b>	<b>(104,234)</b>	<b>6,570</b>	<b>13,008</b>	<b>15,470</b>	<b>785,668</b>	<b>862,016</b>	<b>72,441</b>	<b>934,457</b>

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Жарғылық капитал			Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялар							
	Жай акциялар	Айырбас-талмайтын артықшылықты акциялар	Айырбас-талатын артықшылықты акциялар	Эмиссиялық кіріс	Жай акциялар	Артықшылықты акциялар	Бағамдық айырма қоры *	Сатуға арналған, қолда бар инвестиц бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві *	Негізгі қаражатты қайта бағалау резерві*	Бөлінбеген пайда*	Барлық капитал
<b>2015 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>83,571</b>	<b>46,891</b>	<b>13,233</b>	<b>2,039</b>	<b>(39,974)</b>	<b>(63,201)</b>	<b>4,695</b>	<b>(19,404)</b>	<b>16,416</b>	<b>485,662</b>	<b>529,928</b>
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	-	-	-	131,412	131,412
Өзге жиынтық табыс	-	-	-	-	-	-	402	3,725	539	-	4,666
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>402</b>	<b>3,725</b>	<b>539</b>	<b>131,412</b>	<b>136,078</b>
Өз акцияларын сатып алу	-	-	-	(32)	(427)	-	-	-	-	-	(459)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату	-	-	-	-	481	-	-	-	-	-	481
Дивидендтер – артықшылықты акциялар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	(333)	(333)
Артықшылықты акцияларды жай акцияларға айырбастау	60,124	(46,891)	(13,233)	(96)	(63,201)	63,201	-	-	-	-	(96)

\* Бұл сомалар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің «Бөлінбеген пайда және өзге резервтер» бабына енгізілген.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Жарғылық капитал			Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялар							
	Жай акциялар	Айырбас-талмайтын артықшылықты акциялар	Айырбас-талатын артықшылықты акциялар	Эмиссиялық кіріс	Жай акциялар	Артықшылықты акциялар	Бағамдық айырма қоры *	Сатуға арналған, қолда бар инвестиц бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві *	Негізгі қаражатты қайта бағалау резерві*	Бөлінбеген пайда*	Барлық капитал
Сақтандырушыларға сақтандыру бонустары	-	-	-	-	-	-	-	-	-	(6)	(6)
Бұрын қайта бағаланған негізгі құрал-жабдықтардың тозуы және шығып қалуы нәтижесінде негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	-	-	-	-	-	-	(346)	346	-
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>143,695</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>1,911</b>	<b>(103,121)</b>	<b>-</b>	<b>5,097</b>	<b>(15,679)</b>	<b>16,609</b>	<b>617,081</b>	<b>665,593</b>

\* Бұл сомалар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің «Бөлінбеген пайда және өзге резервтер» бабына енгізілген.

## БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА  
Басқарма Төрайымы

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ  
Бас Бухгалтер

2019 жылғы 7 наурыз  
Қазақстан, Алматы қ.





# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Барлық қаржы активтері, қаржы активін тиісті нарықта белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін және бастапқыда қаржы активтерін қоспағанда, әділ құны бойынша есепке алына отырып, мәміле бойынша шығыстармен бағаланатын келісімшарт бойынша сатып алынған немесе сатылатын болса, мәміле жасалған күні танылады және тоқтатылады пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша жіктеледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сатып алуға тікелей байланысты операциялық шығындар дереу пайдада немесе шығында танылады.

Қаржы құралдары ХКЕС-ке (IFRS) 9 сәйкес танылған барлық қаржы активтері қаржы активтерін басқаруға арналған ұйымның бизнес үлгісіне және қаржылық активтердің ақша ағындарының шарттық сипаттамаларына негізделген амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс.

Бұл ретте

- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу. Бұл бизнес-үлгі қаржы құралдарының қаржы құралдарының қызмет ету мерзімі ішінде негізгі соманы және пайыздық төлемдерді алу арқылы ақшалай қаражат қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шегінде қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру басымдық болып табылады, алайда мерзімінен бұрын жүзеге асыруға тыйым салынбайды.
- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу және қаржы активтерін сату. Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алуға және қаржылық активтерді сатуға бағытталған деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активін сатудан қолма-қол ақшаны алу - «Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу» бизнес-үлгісімен

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



салыстырғанда сатудың жоғары жиілігі мен сату көлемімен сипатталатын басымдық болып табылады.

- Басқа мақсаттар үшін активтерді ұстап қалу. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:
  - қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағындарын жүзеге асыруды басқару;
  - күнделікті қаржыландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
  - басқару мен нәтижелілікті бағалау әділ күн негізінде жүзеге асырылатын портфель;
  - сауда-саттыққа арналған анықтамаға сай келетін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған деп саналады, егер олар негізінен жақын уақытта сату (сатып алынған сәтке дейін), қысқа мерзімді пайда алу мақсатында сатып алынған болса (180 күнге дейін) немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржылық кепілдіктер немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

ХҚЕС-ке (IFRS) 9 сәйкес, қаржы активтері мынадай түрде жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын

активтер ретінде жіктелген банк заемдары, мақсаты шартпен көзделген негізгі заем сомасының шотына төленетін төлем және негізгі заемдың өтелмеген бөлігіне пайыз болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-үлгі шегінде ғана ұсталынады, ол тек негізгі борыш төлемдері және пайыздық төлемдерді қамтиды («SPPI»);

- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық заемдар/депозиттер, РЕПО операциялары әдетте амортизацияланған күн бойынша бағаланатын актив ретінде жіктеледі, яғни бизнес үлгі шеңберінде басқарылады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу, соның ішінде SPPI;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес үлгіні және SPPI-ді сақтауды ескере отырып, үш жіктеу санатының кез келгеніне жатқызылуы мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, кезең ішіндегі пайда мен залалдың өзгеруін көрсететін әділ құндағы құралдар ретінде жіктеледі.
- саудаға арналған бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары қаржы активтері ретінде кезең ішіндегі пайда мен залалдың өзгерістерін көрсететін әділ күн бойынша жіктеледі.

## ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ НЕМЕСЕ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Пайда мен залал арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы активтері мыналарды қамтиды:

- Активтер, шарттық ақша ағындары, ол бойынша заемдың және пайыздың негізгі төлемдерді ғана емес және/немесе
- Шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алу немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатында ұсталатын активтерді қоспағанда, бизнес-үлгі бойынша ұсталатын активтер;
- Әділ күн бойынша опционды қолдану арқылы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын активтер.

Қаржы міндеттемесі, Пайда немесе залал арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері, не болмаса түрлі қаржы міндеттемесі ретінде жіктелінеді.

Қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған міндеттеме ретінде жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада кері сатып алу үшін қабылданған болса;
- Топ бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



- хеджирлеу құралы ретінде айқындалмаған және тиімді емес туынды құрал болып табылса.

Саудаға арналған бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы төлеуге болатын қаржы міндеттемесі немесе шартты өтемақы болып табылмайтын қаржылық міндеттеме бухгалтерлік есепке қабылдану кезінде ПЗАӘҚ санатындағы қаржы міндеттемесі ретінде жіктелуі мүмкін, егер:

- осындай жіктеуді пайдалану, басқаша туындауы мүмкін активтерді немесе міндеттемелерді бағалау немесе есепке алудағы теңгерімсіздікті айтарлықтай жояды немесе айтарлықтай кемітеді;
- қаржы міндеттемесі Топтың инвестициялық стратегиясына немесе тәуекелдерді басқарудың құжатталған стратегиясына сәйкес әділ құн негізінде басқарылатын және бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері тобының немесе қаржы активтері мен міндеттемелер тобының құрамына кіреді және мұндай қаржы тобы туралы осы негізде ұйымның ішінде ұсынылатын болса;
- қаржылық міндеттеме бір немесе бірнеше енгізілген туынды құралдарды қамтитын құралдың бөлігі болып табылады және ХҚЕС (IFRS) 9 құралдың пайда немесе залал туралы есепте оның өзгерісін мойындай отырып, әділ құн ретінде тұтастай (актив немесе

міндеттеме) жіктелуіне мүмкіндік береді.

Пайда мен залал арқылы әділ құнмен есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері біріктірілген қаржы есептілігінде әділ құнмен есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе залал ретінде шегерілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық табыста немесе пайыздық шығында есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Өзге кірістер» деген жолда есепке алынады.

## АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰН БОЙЫНША НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАР.

Топ, активті басқару үшін пайдаланылатын Топтың бизнес үлгісі мен ақша ағындарының шартта көзделген тиісінше мақалаларының негізінде қаржы активі жіктелуіне бағалау жүргізеді және баға береді.

Активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалау үшін, тиісті шартты талаптары борыштың негізгі сомасына және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды ғана

қамтитын ақша ағынының пайда болуын қамтуы тиіс.

Белгіленген талаптарға сәйкес шартпен көзделген ақша ағынын тексеру кезінде, негізгі заемдардың негізгі сомасы, қаржы активінің бастапқы танудан кейінгі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржы активінің мерзімі ішінде заемдардың негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сомаға төлемдер болған жағдайда). Пайыздар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген берешектің негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін, сондай-ақ кредиттеуге байланысты басқа да қарапайым тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ пайдаға қатысты, пайдаға арналған шығындардың өтелуін қамтиды. Негізгі және пайыздық төлемдер қаржы активі көрсетілетін валютамен жүргізіледі.

Шартпен көзделген, өзіне тек борыштың негізгі сомасына және пайыз ретінде ғана төлемді қамтитын ақша ағындары негізгі кредит шартының талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде, шартпен көзделген ақша ағындарының тәуекелі немесе құбылмалылығын тудыратын шарт талаптары негізгі кредит шартына қатысты жоқ, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағасының өзгеруі тәуекелі шартпен көзделген ақша ағынын тудырмайды, онда тек қана негізгі заем сомасына төлемдер және негізгі заем сомасының өтелмеген бөлігі қамтылады. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі оның заңды нысанда заем болып табылатынына қарамастан, негізгі кредит шарты болуы мүмкін.



# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгілер қаржы активін жіктеу үшін ХҚЕС (IFRS) 9 бірінші қолдану күнінде бағаланды. Бизнес үлгісі ретроспективті түрде Топтың ХҚЕС (IFRS) 9 алғашқы қолдану күніндегі балансында танылған, барлық қаржы активтеріне қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-үлгі сол немесе басқа бизнес мақсатқа жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес-үлгісі басшылықтың жеке құралға қатысты ниетіне байланысты емес, бағалау жеке құралдар деңгейінде емес, біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде жүзеге асырылады.

Өзінің қаржы құралдарын басқару үшін Топ ақша ағындарын тудыру мақсатында, ақша қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес үлгілерді пайдаланады. Осы бизнес-үлгілер Топтың ақша ағынының шартпен көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болатынын анықтайды.

Бизнес-үлгіні бағалау кезінде Топ қолда бар барлық ақпаратты ескереді. Сонымен қатар, бағалау оның пайда болуын Топ болжамды түрде күтуге құқылы, мысалы, «нашар» сценарий немесе «күйзеліс» сценарийі тәрізді сценарийлер негізінде жасалмайды. Топ барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- осы бизнес-үлгі ұсталатын қаржы активтері мен бизнес-үлгісінің тиімділігін бағалау тетігі және негізгі басқарушы персоналға есеп беру;
- бизнес-үлгінің (осы бизнес-үлгі бойынша ұсталатын қаржы активтерінің) тиімділігіне және тәуекелдерді басқару әдісіне әсер ететін тәуекелдер; және де
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу себептері талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартпен көзделген ақша ағымдары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Топ жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес үлгісінің бөлігі болып табыла ма соны анықтайды немесе жаңа бизнес үлгісінің пайда болуын көрсетеді. Топ алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-үлгілерін қайта қарастырады. Ағымдағы есепті кезеңде Топ өзінің бизнес-үлгілерінде қандай да бір өзгерістерді анықтаған жоқ.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін бұрын басқа толық табыс арқылы танылған жиынтық табыс/шығыс өзіндік капиталдан пайда немесе залал санатына қайта жіктеледі. Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланған санатқа жатқызылатын инвестицияларды өзіндік капиталына тануды тоқтатқаннан

кейін, керісінше бұрын түрлі жиынтық табыс құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал, пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді, бірақ өзіндік капиталдың басқа бабының құрамына ауыстырылады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

## 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА ДЕЙІН ҚОЛДАНҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ БОЙЫНША ЕСЕП САЯСАТЫ

«Қаржы құралдары»: тану және бағалау ХҚЕС (IAS) 39 ережелеріне сәйкес, қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі; заемдар және дебиторлық берешек; өтуге дейін ұсталатын инвестициялар; немесе сату үшін қолда бар қаржы активтері. Топ қаржы активтерінің сипаты мен мақсаттарына қарай бастапқы тану кезінде қаржы активтерінің жіктелуін анықтайды.

## ЗАЕМДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Заемдар мен дебиторлық берешек - әрекет етуші нарықта айналымда болмайтын, тіркелімді немесе анықталып отыратын төлемдері бар, туынды емес қаржы активтері. Клиенттерге берілген заемдар бастапқыда осындай қаржы активтерін сатып алуға немесе жасауға тікелей байланысты шеккен операциялық шығындарды қоса

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



алғанда әділ құн бойынша есепте көрсетіледі. Бұдан кейін заемдар амортизациялық құнымен, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы көрсетіледі. Клиенттерге берілген заемдар құнсыздануға резервтерді шегере отырып көрсетіледі.

Қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте заемдар мен дебиторлық берешек клиенттерге берілетін заемдарға, кредит мекемелеріндегі қаржыға және өзге активтерге қосылады.

## ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҰСТАЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар - анықталатын немесе тіркелген төлемдермен бірге борыштық бағалы қағаздар болып табылады. Топ осы бағалы қағаздарды өтеуге дейін ұстауды жоспарлап отыр және оған қабілетті. Мұндай бағалы қағаздар құнсыздану резервін шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Өтеуге дейінгі кезеңдегі жеңілдіктер мен сыйлықақылардың амортизациясы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, өтеу мерзіміне пайыздық кіріс ретінде көрсетіледі.

## САТУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар сату үшін қолда бар ретінде жіктелетін және заем мен

дебиторлық берешек ретінде жіктелмеген, туынды емес қаржы активтері немесе өтеуге дейін ұсталатын немесе саудаға арналған немесе пайда арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялар немесе бастапқы танудан болған залал. Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы танудан кейін, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар инвестицияларды тануды тоқтату немесе құнсызданған деп танылғанға дейін бұрын бөлек капиталда есепке алынған пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетіледі, бұл ретте бұрын капиталда танылған жинақталған пайда немесе залал бойынша кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс пен бағам айырмасы пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төлемге жарияланған дивидендтер кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есептегі басқа да кірістерге енгізіледі.

Ұйымдастырылған қаржы нарықтарында белсенді айналымда болатын инвестициялардың әділ құны жұмыс күнінің соңында нарықтық бағаларды пайдалана отырып анықталады.

## КЕПІЛЗАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Топ қажет деп тапқан кезде клиенттердің міндеттемелеріне қатысты қамтамасыз етуді алады.

Кепілмен қамтамасыз ету әдетте клиенттің активтерін кепілдік нысанын қабылдайды, бұл Топқа осындай активтерді талап ету құқығын береді және клиенттің болашақтағы міндеттемелеріне байланысты.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН ҚАЙТА ЖІКТЕУ

Топтың белгілі бір қаржы активтеріне сәйкес бизнес үлгісі өзгерген жағдайда, осындай активтер қайта жіктеледі. Жаңа санатқа жатқызу мен бағалауға қойылатын талаптар, болашақта бірінші іскерлік модельдегі өзгерістерден кейін, Топтың қаржы активтерін қайта жіктеуге әкелген бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінен бастап қолданылады. Шартпен көзделген ақша ағындарындағы өзгерістер төмендегі есеп саясатына («Қаржылық активтерді өзгерту және тануды тоқтату») сәйкес талданады.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН ТҮРЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ТАМУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржылық актив бастапқы тану күні мен қаржы активін өтеу күнінің арасында активтің ақшалай қаражатының қозғалысын реттейтін шарт талаптарын қайта қарау немесе басқа түрдегі өзгерту болған жағдайда өзгертіледі. Өзгеріс шартпен көзделген ақша ағындарының сомасына және/немесе мерзіміне дәл сол уақыт сәтінде немесе болашақта уақыт сәтінде әсер етеді. Сонымен қатар, бұрыннан бар заем бойынша қолданыстағы ковенанттарды енгізу немесе түзету мұндай жаңа немесе түзетілген ковенанттар ақша

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



ағындарына дереу әсер етпесе де өзгерістерді білдіреді, бұл ретте, олар сақталмаған болса, ақша ағындарына да әсер етуі мүмкін (мысалы, ковенантты бұзған жағдайда заем бойынша пайыздық мөлшерлеме артуы мүмкін).

Мүмкіндігінше, Топ кепілдікті қамтамасыз етудің заемдарды қайта құрылымдауды көздейді. Мұндай қайта құрылымдау өту мерзімін ұзартуды және жаңа несиелер шарттарын келісуді қамтиды. Талаптар қайта қаралғаннан кейін, құнсыздану шарттардың өзгеруіне дейін есептелген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады, ал несиелер мерзімі өткен деп есептелмейді. Басшылық барлық критерийлердің орындалуын және болашақ төлемдер өте жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін қайта қаралған шарттармен несиені тұрақты түрде бақылайды. Несиелер бойынша бастапқы ТПМ-ді пайдалану арқылы жеке немесе ұжымдық түрде құнсыздану бойынша бағаланады. Қайта қарастырылған талаптар қаржылық жағдайдағы нашарлауы бар жеке негізде құнсыздануға бағаланған несиелердің құнсыздануының дәлелі болып табылады.

Топ қаражаттың қайтарылуын барынша жоғарылату және дефолт тәуекелін азайту үшін заемшымен қаржылық қиындықтар туындаған кезде клиенттерге берілген несиелерді қайта қарайды. Санкциялардан бас тарту заемшы түпнұсқа шарттық талаптарды орындауға барынша

негізделген ықтимал шараларды қолданған жағдайда, әдепкі дефолт тәуекелінің бар екендігі немесе дефолттың жоғары болуы немесе заемшы қайта қаралған келісімшарттық талаптарды орындай алатыны күтіледі. Талаптарды қайта қарау көбінесе несиені өтеу мерзімін ұзартуды, несиелер бойынша ақша ағымының уақытын өзгертуді (негізгі заем сомасы есебіне төлемдер және пайыздар), сондай-ақ кредиторға тиесілі (негізгі заем сомасы бойынша берешек немесе пайыздарды кешіруді) ақша ағымының сомасын азайтуды және ковенантты түзетуді қамтиды. Топта заңды тұлғаларға берілген несиелерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген несиелерге қатысты қолданылатын санкциялардан бекітілген бас тарту саясаты бар.

Қаржы активі өзгерген кезде Топ осы өзгерісті активті тануды тоқтатуға әкеп соға ма жоқ па соны бағалайды. Топтың саясатына сәйкес, егер түрлендіру шарт талаптарында елеулі айырмашылықтар тудырса, тануды тоқтатуға әкеп соқтырады. Өзгертілген шарттар бастапқы шарт талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетінін анықтау үшін Топ сапалы факторларды талдайды. Мысалы, шартта көзделген талаптарды өзгерткеннен кейін ақша ағындары негізгі заем сомасы пен пайыздар бойынша төлемдерді қамтиды, шарт немесе контрагент валютасы өзгерді. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру дәрежесі, өтеу мерзімі, ковенанттар да талданады.

Коммерциялық себептерге байланысты қаржы активін өзгерткен кезде, Топ әртүрлі сапалық факторларды (валютаның, пайыздық мөлшерлеменің, өтеу мерзімінің өзгеруі) ескереді және ескі заемды тануды тоқтату және әділ күн бойынша жаңа заемды тануды тоқтату керек пе деген қорытынды жасайды.

Қаржы активін тануды тоқтатқан жағдайда, ККЗ бойынша бағалау резерві осы күнге активтің таза баланстық құнын анықтау үшін тануды тоқтату күніне қайта бағаланады. Жаңа қаржы активінің қайта қаралған баланстық құны мен жаңа әділ құнының арасындағы айырмашылық жаңа талаптарға сәйкес пайданың туындауына әкеледі немесе тануды тоқтатудан залал тудырады. Жаңа қаржы активіне қатысты ККЗ бойынша бағалау резервінің мөлшері, егер жаңа несиелер пайда болған кезде кредиттік-құнсыздандырылған деп қарастырылатын жағдайларды қоспағанда, келесі 12 айдағы ККЗ мөлшері негізінде есептелетін болады. Бұл жаңа несиенің әділ құны оның қайта қаралған номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен танылған кезде ғана қолданылады, себебі өзгеріс нәтижесінде төмендетілмеген дефолт тәуекелі жоғары болып қалады.

## 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА ДЕЙІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН ҚАЙТА ЖІКТЕУ БОЙЫНША ЕСЕП САЯСАТЫ

Туынды емес қаржы активтері (бастапқы тану кезінде Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



алынатындардан басқа) мынадай жағдайларда Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланған санат бойынша қайта жіктелуі мүмкін:

- Заемды анықтауды және бастапқы тану кезіндегі дебиторлық берешекті (егер сатуға арналған ретінде қаржы активін жіктеу қажет болмаса) анықтауға болатын қаржы активтері, егер мұндай қаржы активтерін жақын болашақта немесе өтеу мерзіміне дейін ұстау ниеті мен мүмкіндігі болған жағдайда, Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін санат бойынша қайта жіктелуі мүмкін; және
- Қаржы активтері (бастапқы тану кезінде заемдар мен дебиторлық берешектің анықтамасына сәйкес келетін қаржы активтерінен басқа) сирек жағдайларда, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша басқа санатқа жатқызылған санат бойынша сирек жағдайларда жіктелуі мүмкін.

Егер қаржы активі жоғарыда сипатталғандай қайта жіктелген болса, бұл қаржы активі қайта жіктеу күніндегі әділ құн ретінде қайта жіктеледі. Пайда немесе залал туралы есепте танылған пайда немесе залал өтелмейді. Қайта жіктеу күніндегі қаржы активінің әділ құны оның қолданылатын түріне байланысты жаңа құнға немесе амортизацияланған құнға айналады.

## ҚҰНСЫЗДАНУ

Қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай факторларды ескере отырып есептелді:

- ККЗ есептеу үшін Банк заемды жеке және топтық негізде кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамаларына негізделген активтерді топтастырумен бағалайды.
- ККЗ - олардың ықтималдығы ескеріле отырып, кредиттік шығындардың сәйкес құнын бағалауды білдіреді. Бұл шығындардың бағалануы шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және тиісті актив үшін ТПМ арқылы дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдау негізінде Топ алатын ақшалай қаражаттың ағыны арасындағы айырмашылықтың сәйкес құнын білдіреді.
- Есептеу шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз алуға болатын ақылға қонымды және расталған ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақша ағымдарының дисконтталған құнын есептеу ақшалай қаражаттың ағындарын көрсетеді, бұл кепілдік беруді алудың ж. не сатудың құнын, сатып алудың ықтималдығы немесе ықтималсыздығы болған жағдайда өндіріп алудың нәтижесі болуы мүмкін. Резервтер Топтың өздерінің шығындарын талдау

тәжірибесіне және басшылықтың борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне және заем алушының кредиттік тарихына негізделген несие тәуекелінің әрбір санаты бойынша активтермен танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты жорамалдарға негізделген.

- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық заемдар мен депозиттер, корреспонденттік шоттар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсыздану есебі контрагенттің рейтингі, дефолт ықтималдығы, мәміле мерзімі және дефолт бойынша шығын деңгейін ескере отырып жасалады.
- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау жеке негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түрінде белгілі бір талаптарды қоспағанда).

Қаржы активтері келесі тәсілге сәйкес қоржынға бөлінеді:

- 1-кезең: актив танылғаннан бергі уақытта кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған кезде, алдағы 12 айдағы құнсызданудан күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 2-кезең: актив танылған кезден бастап несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар сомасында танылады;

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА).  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



- 3-кезең: Қаржы активі дефолт болып табылады немесе құнсыздану белгісі бар.

## Күтілетін кредиттік залалдар туралы ереже

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалауды өлшемі мыналарға тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- күтілетін шығындар келесі 12 айда, яғни, қаржы құралының барлық мерзімі ішінде несиелі шығындарының бөлігі, бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін құрал міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан күтілетін кредиттік залалдар («1-кезең»);
- міндеттемелердің қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының нәтижесінде туындаған қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдар шамасы («2 саты» және «3 саты»).

Кезеңдер туралы егжей-тегжейлі ақпарат 24-ескертпеде келтірілген.

Қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ККЗ-ның толық шамасының құрамында бағалау резервін құру үшін құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда ККЗ-ға арналған резервтер

ККЗ-ға 12 ай ішінде тең сомада қалыптастырылады.

- Таңдалмаған кредиттік қаражатқа сәйкес ККЗ Топ кредиттік қаражат іріктелген жағдайда алуды күтетін ақшалай қаражат ағыны және егер міндеттеме ұстаушы кредиттік қаражатты іріктеген кезде шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындары арасындағы сәйкес айырма құнын көрсетеді.
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККЗ ұстаушыдан, заемшыдан немесе кез келген басқа тараптан алатын соманы алып тастағанда, кепілдік берілген борыштық құралдың иесіне өтем төлеуге күтілетін төлемдер арасындағы айырманы көрсетеді.

ККЗ-ны бағалау жеке несиеге қатысты немесе тәуекелдің ұқсас сипаттамасы бар несиелі портфельдері бойынша жүргізіледі. ККЗ бойынша бағалау резервінің есебі (жеке немесе топтық негізде) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі - «ТПМ») пайдаланып, актив үшін күтілетін ақша ағынының сәйкес құнының негізінде есептеледі.

ККЗ шамасын анықтаған кезде, дефолттың анықтамасын қолдану өте маңызды. Дефолтты анықтау ККЗ-ның сомасын бағалау үшін пайдаланылады және бағалау резерві келесі 12 айға немесе бүкіл кредиттеу мерзіміне есептелген бе, соны анықтау үшін қолданылады, себебі «дефолт» түсінігі ККЗ-ны бағалауға ықпал ететін және кредиттік тәуекелді

айтарлықтай артуын анықтайтын «дефолт ықтималдығы» түсінігінің бір бөлігі болып табылады (4-ескертпеде көрсетілген). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес дефолттың анықтамасы 2016 және 2017 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚЕХС (IAS) 39 сәйкес анықтамамен салыстырғанда өзгермеген.

Негізделген бөлжалді ақпараттар туралы қосымша мәлімет алу үшін 36-ескертпені қараңыз.

## 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА ДЕЙІН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

2016 жыл және 2017 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануын бағалайды.

## Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын активтер

Егер амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған шығынның объективті дәлелдері бар болса, онда шығын сомасы активтің баланстық құны мен қаржы активінің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін (яғни бастапқы тану кезінде есептелген тиімді пайыздық мөлшерлемені) пайдалана отырып дисконтталған күтілетін болашақ ақша ағындарының ағымдағы құны (болашақтағы келтірілмеген заем шығындарын қоспағанда) арасындағы айырма ретінде бағаланады. Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



азайтылуы тиіс. Құнсызданудан болған залал сомасы пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Толтың құнсызданудан болған шығынды жеткілікті дәлелдемелерін алу үшін бағаланған факторларға борышкер немесе эмитенттің өтімділігі, төлем қабілеттілігі, іскерлік және қаржылық тәуекелдер, осындай қаржы активтері бойынша міндеттемелерді өтеу деңгейлері мен тенденциялары, ұлттық және экономикалық үрдістер мен шарттар, сондай-ақ бағалы қағаздардың әділ құны мен кепілдік құнын қамтиды. Осы және басқа да факторлар жеке немесе жиынтық түрде құнсызданудан болған шығын қаржы активі немесе қаржы активтері тобы үшін құнсызданудан болған шығынды тануға жеткілікті дәлелдемелерді ұсынады.

Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақшалай қаражат қозғалысының кезектегі құнын есептеу ақшалай қаражат ағынын көрсетеді, бұл өндіріп алуға жүгіну нәтижесі болуы мүмкін және өндіріп алуға жүгіну ықтимал ма немесе жоқ па оған қарамастан сатып алу шығыстарын алып тастағанда кепілзатпен қамтамасыз етуді іске асыру.

Резервтер заемшының кредиттік тарихына және борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне байланысты кредит тәуекелінің әрбір санатындағы актив бойынша танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты басшылықтың

жорамалына және шығындарды талдау бойынша Толтың өзіндік тәжірибесіне негізделген.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған залалдың мөлшері азаятын болса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде байланысты болса, онда бұрын танылған құнсызданудан болған залал қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған кез келген кейінге қалдырылған залал, активтің баланстық құны қалпына келтіру күніндегі амортизацияланған құнынан аспайтын пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржы активтері, егер осы активтер өтелмейтін ретінде анықталса және кепілзатпен өндіріп алуға жүгіну арқылы өтеуді қоса алғанда, құнсыздану резерві есебінен есептен шығарылады. Топ бұны қажет деп санаған кезде кредиттік қаржы құралдарын жабу үшін кепілзатпен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілзатпен қамтамасыз ету банктердегі депозиттерді, мемлекеттік бағалы қағаздарды және басқа да активтерді қамтуы мүмкін. Егер заемшы берешек сомасын белгіленген мерзімде төлемесе, Топ кепілзаттық қамтамасыз етуді иеліктен шығаруға құқылы. Қаржы активтері басшылық Толтың берешек сомасын өтеу үшін қолда бар барлық мүмкіндікті пайдаланғаннан кейін және Топ барлық қолда бар кепілзатты сатқаннан кейін есептен шығарылады. Барлық негізгі, артықшылықты, қамтамасыз етілмеген және инсайдерлік активтер бойынша

құнсыздану резервіне қарсы үмітсіз заемды есептен шығару туралы шешім заңды немесе нотариалдық органның рәсімдік құжаты арқылы расталады. Бұл құжат үмітсіз заемды есептен шығару туралы шешім қабылданған кезде соманы борышқордың есебінен өтеуге (немесе ішінара өтеуге) болмайтындығын растайды. Бұдан бұрын есептен шығарылған сомаларды кейінгі өтеу пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте меде қаржы активтерінің құнсыздану резервін құру сомасын азайтады.

Заемдар мен дебиторлық берешек ұжымдық негізде бағаланатын шығын заемдар мен дебиторлық берешекті қоспағанда құнсыздану бойынша жеке негізде бағаланады. Жеке бағаланатын және құнсыздану белгіленбеген заемдар мен дебиторлық берешек, сондай-ақ барлық жеке шамалы заемдар мен дебиторлық берешек, ол туралы объективті дәлел бар, бірақ әсері әлі танылмаған орын алған шығын салдарынан танылуы тиіс құнсыздануды анықтау үшін ұқсас тәуекелдік сипаттамалары бар актив топтарында ұжымдық түрде бағаланады. Ұжымдық негізде бағалау заем портфеліндегі ақпаратты (мерзімінен кешігу деңгейі, мақсатты пайдалану, кепілдік өтеу коэффициенті және т.б.) және тәуекелдің шоғырлануы мен экономикалық ақпарат (соның ішінде жұмыссыздық, жылжымайтын мүлік бағасы, елдік тәуекел және әр түрлі топтардың мінез-құлқы) тиімділігі туралы пайымдаманы ескереді.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар

Қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген, ұйымдастырылған нарықта айналыстағы және айналыста жоқ үлестік құралдар бойынша оларды сатып алу құнынан төмен болатын әділ құнның елеулі немесе ұзаққа созылған төмендеуі құнсыздандудың объективті дәлелі болып табылады. Егер сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар құнсызданған болса, онда олардың құны (негізгі сома төлемін және амортизацияны қоспағанда) және пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған құнсыздандудан кез келген залалды алып тастағанда олардың құны мен ағымдағы әділ құны арасындағы айырманы қамтитын жалпы сома капиталдан пайда мен залал туралы шоғырландырылған есептемеге аударылады. Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралдар үшін, бұрын пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылған құнсыздандудан болған залалдар пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп арқылы кері қайтарылмайды. Құнсыздандудан болған шығынды танудан кейін әділ құнның кез келген ұлғаюы басқа толық табыс арқылы танылады және сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау жөнінде резерв бабы бойынша жинақталады. Қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген борыштық бағалы қағаздарға қатысты құнсыздандудан болған залалдар, кейіннен, егер қаржылай салымның әділ құнының ұлғаюы,

құнсыздандудан болған шығын танылғаннан кейін орын алған оқиғамен объективті байланысты болғанда пайда немесе залал арқылы қалпына келтіріледі.

## РЕПО ЖӘНЕ КЕРІ РЕПО КЕЛІСІМДЕРІ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҰСЫНУ

Топ өз қызметінің барысында қаржы активтерін сату туралы және кері сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО келісімдері»), сондай-ақ сатып алу туралы және қайтадан кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі – «кері РЕПО келісімдері») бекітеді. РЕПО және кері РЕПО операцияларын Топ сауда жасау мақсатында өтімділікті басқару элементі ретінде пайдаланады.

РЕПО келісімдері қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде қарастырылады. РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі, егер кепілзаттық қамтамасыз етуді алған тараптың оларды сату, не болмаса қайта кепілдікке беру құқығы болса, мұндай бағалы қағаздар РЕПО келісімдері бойынша кепілдікке салынған бағалы қағаздар ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттеме кредит мекемелерінің немесе клиенттердің қаражатында атап көрсетіледі.

Кері РЕПО келісімдерінің негізінде сатып алынған бағалы қағаздар кредит мекемелеріндегі қаржы немесе

клиенттерге берілген заемдар немесе тиісінше ақшалай қаражаты және олардың баламасы ретінде есепке алынады. Сату мен кері сатып алу құны арасындағы айырма пайыздық пайда ретінде қарастырылады және РЕПО келісімдері әрекет ететін кезең үшін, тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Контрагенттерге заемға берілген бағалы қағаздар қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Үшінші бір тарапқа сатылған, оларды сату мен сатып алу «пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер ойынша таза пайдада» есепке алынатындарды қоспағанда, тартылған бағалы қағаздар қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді. Оларды қайтару бойынша міндеттемелер саудалық міндеттеме ретінде әділ құнмен көрсетіледі.

Топ бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен заемдар бойынша мәмілелер бекітеді, олар бойынша Банк кәдімгі нарықтық тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстандағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы («ТМД») елдеріндегі кері сатып алу операцияларының стандартты талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді алушы мәміле бойынша есеп айырысқан кезде, баламалы бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда қамтамасыз етуді сату немесе кепілге қайта салу құқығына ие.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУ

Қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу жүргізіліп, таза сомасы есепке алынған сомаларды есептеуге заңды тұрғыдан құқығы болған кезде және таза-негізде реттеуді жүргізу немесе бір мезетте активті сату және міндеттемені өтеу ниеті болған кезде қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Шығып кеткен болып танылмайтын қаржы активін есепке алу кезінде Топ берілетін активті және оған сәйкес міндеттемені өзара есепке алуды орындамайды. Егер ол қандай да бір стандарт немесе түсіндіру бойынша талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, пайда мен залал бойынша өзара есепке алу жүргізілмейді және жеке Топтың есепке алу саясаттарында ашылмайды.

## ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Топ туынды қаржы құралдарының бөлігі болып табылады, олардың кейбірі саудаға арналған, ал қалған бөлігі пайыздық, кредиттік және валюталық тәуекелдерді басқаруға арналған. Ұсталған туынды қаржы құралдарға шетел валютасындағы форвардтық келісімшарттар, пайыздық своптар, валюталық пайыздық своптар және кредиттік-дефолт своптары жатады.

Туынды қаржы құралдары бастапқыда туынды қаржы құралы жасалған күнгі әділ құн бойынша есепке алынады

және кейінірек әрбір есептік күнгі олардың әділ құнына қайта бағаланады. Осыдан туындайтын пайда немесе залал тікелей пайда немесе залал арқылы танылады.

Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы активі ретінде танылады, ал теріс әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы міндеттемесі ретінде танылады. Туынды қаржы құралдары ұзақ мерзімді активтерде немесе егер құралдың қалған мерзімі 12 айдан асатын болса және оны сату немесе қайтару 12 ай ішінде күтілмесе ұзақ мерзімді міндеттемелерде есепке алынады. Басқа туынды қаржы құралдары қысқа мерзімді активтерге немесе қысқа мерзімді міндеттемелерге қосылады.

Қаржы активтері болып табылмайтын негізгі шарттар, негізгі гибридтік шарттарға енгізілген туынды құралдар, туынды құралдың анықтамасына сай болған жағдайда, олардың туынды құралдарының құрамына кіретін жағдайда, жеке туынды құрал ретінде көрсетіледі, олардың тәуекелдері мен сипаттамалары негізгі шарттардың тәуекелдері мен сипаттамалары тығыз байланысты емес және негізгі шарттар ПЗАӘҚ арқылы бағаланбайды.

Егер кірістірілген туынды құралға қатысты кірістірілген құралдың қалған қызмет мерзімі 12 айдан асса және жақын арадағы 12 ай ішінде оны сату немесе сатып алу болмаса, айналымнан тыс активтер немесе ұзақ мерзімді

міндеттемелер ретінде ұсынылады. Басқа кірістірілген туынды құралдар ұзақ мерзімді активтер немесе басқа енгізілген туынды құралдар ағымдағы активтер немесе ағымдағы міндеттемелер ретінде ұсынылады.

## Форвардтар

Форвардтық және фьючерстік шарттар белгіленген қаржы құралын анықталатын бағамен және белгіленген уақытта сатып алу немесе сату жөніндегі келісімген түрінде жасалады. Форвардтар биржалық емес нарықта бекітілетін стандарттық емес шарттар болып табылады. Фьючерстік келісімшарттар реттелетін биржаларда белгіленген сомаларға бекітіледі және кепілдікті депозит сомасының күнделікті түзетілуін талап етеді. Форвардтық шарттар бойынша Топ контрагенттер тарапынан кредиттік тәуекелге ұшырау қаупі бар. Форвардтық және фьючерстік келісімшарттардағы тәуекелдің негізгі айырмашылығы кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне қатысты.

Топ форвард шарттары бойынша контрагенттерге қатысты кредиттік тәуекелді өзіне алады. Фьючерстік шарттармен байланысты кредиттік тәуекел минималды болып табылады, өйткені ақшалай кепілдік депозитін енгізу бойынша биржа талаптары талаптары кез келген жағдайда осы келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Форвард шарттары бойынша есептеулер



# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



жалпы негізде жүргізіледі және осылайша олармен байланысты өтімділік тәуекелі есептеулері нетто-негізде реттелетін фьючерстік шарттар бойынша тәуекелге қарағанда жоғары деп есептеледі. Келісімдердің екі түріне байланысты нарықтық тәуекел туындайды.

## Своптар

Своптар – бұл белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі төлемдер ағымымен алмасу бойынша екі тараптың арасындағы шарттық келісімдер, аталған базалық индекстің, мәселен, пайыз мөлшерлемесінің, шетел валютасын айырбастау бағамының немесе акция бағамының өзгерістерін ескере отырып жасалады.

Пайыздық своптар Топтың өзге қаржы институттарымен бекітетін келісімшарттарына жатады, бұл шарттар бойынша Топ тіркелімді пайыз мөлшерлемесін төлеу немесе алу орнына, тиісінше, құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін төлейді немесе алады. Төлемдер ағымы, әдетте, тараптардың біреуі екіншісіне төлеуге тиіс болатын айырманы ескере отырып, өзара есепке алынады. Валюталық свопта Топ валютаның бір түрімен белгіленген соманы төлейді және екінші бір валютамен белгіленген соманы алады. Көпшілік жағдайда валюталық своптары бойынша есептер жалпы негізде орындалады.

Кредиттік тәуекел своптары екі тарап арасындағы белгілі бір

шартты сомаларға негізделген кредиттік оқиғаларға қатысты төлемдерді жүзеге асыру туралы шарттық келісімдер болып табылады. Топ мәні своп болып табылатын бағалы қағаз бойынша контрагенттің дефолт тәуекелдерін азайту мақсатында арнайы сақтандыру компанияларынан және банктерден кредиттік тәуекел бойынша своп сатып алады.

## Опциондар

Опциондар сатып алушыға қаржы құралын тіркелімді баға бойынша белгіленген сомаға немесе болашақтағы анықталатын күндері не болмаса келісілген кезең ішінде сатып алу немесе сату құқығын беретін, алайда бұған міндеттемейтін шарттық келісімдер болып табылады. Топ опциондарды реттелетін биржада және биржадан тыс нарықта сатып алады және сатады.

Банктің сатып алған опциондары Топтың өзіне базалық активті келісілген баға бойынша немесе опционның әрекеті аяқталатын күні, не болмаса осы сәтке дейін сатып алуға (сатып алатын опциондар) немесе сатуға (сатылатын опциондар) мүмкіндік береді. Топтың сатып алынған опциондар бойынша әділ құн болып табылатын олардың баланстық құнының шегінде ғана кредиттік тәуекелге ұшырау қаупі бар.

Топтың берген опциондары сатып алушыға базалық активті келісілген баға бойынша немесе опционның әрекеті аяқталатын күні, не болмаса осы сәтке дейін сатып

алуға немесе банкке сатуға мүмкіндік береді.

Топ пайыздық мөлшерлеме тәуекелі мен валюталық тәуекелді басқару үшін туынды қаржы құралдарын (деривативтер), оның ішінде валюталық форвардтық келісімшарттарды, пайыздық своптарды және валюталық своптарды пайдаланады. Туынды қаржы құралдары туралы қосымша ақпарат 7-ескертпеде берілген.

Топтың туынды құралдармен шарттары бойынша тәуекел мөлшері нарықтық және кредиттік тәуекелдерді, сондай-ақ Топтың өтімділік тәуекелін жалпылама басқару шеңберінде мұқият бақылауға алынады (36-ескертпеде берілген).

## КРЕДИТТІК-ҚҰНСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша болашақ есептік ақша ағындарына кері әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған жағдайда кредиттік-құнсыздандырылған деп есептеледі. Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтеріне қатысты «3 кезеңнің активтері» термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері келесі оқиғалар бойынша бақыланатын деректерді қамтиды:

- заемшының немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, дефолт немесе төлем мерзімінің өтуі;

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



- кредитор өзге жағдайда ұсынбайтын, заемшының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептер немесе шарт талаптарына сәйкес заемшыға кредитордың талаптан қайтуды беруі;
- қаржылық қиындықтар салдарынан бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- сәйкес кредиттік шығындарды көрсететін үлкен жеңілдікпен қаржы активін сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны анықтау мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғалардың жиынтық әсерінен болуы мүмкін. Әр есептік күнгі жағдай бойынша Топ амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын борыш құралдарының кредиттік құнсыздануына баға береді. Мемлекеттік және корпоративтік борыш құралдарының кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Топ облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және заемшының қаржыландыру мүмкіндігін арттыру сияқты факторларды ескереді.

Несие, егер заемшыға кеңшілік жасау нәтижесінде шартта көзделген ақша ағынына ие болмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенде, айғақтар болмаған жағдайда қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты кеңшілік берілгенде

және басқа да құнсыздану белгілері болмағанда кредиттік құнсызданған деп саналады. Кеңшілік беру көзделген, бірақ ол берілмеген қаржы активтері егер кредиттік құнсызданудың байқалатын белгілері бар болса, оның ішінде дефолттың анықтамасына сәйкес келсе кредиттік құнсызданған деп саналады. Шартты Дефолтты анықтау (төменде қараңыз) төлем ықтималдығының жоқтығы мен төлем мерзімінің аяқталуын белгілейді (90 күн немесе одан кейін кешіктіру). Кросс-дефолтты қолдану туралы шешім клиенттің объектісінің шарттарын, мысалы, кредиттік тәуекелдің қамтамасыз етілуін және маңыздылығын жеке бағалауға негізделген.

## **САТЫП АЛЫНҒАН НЕМЕСЕ ҚҰРЫЛҒАН КРЕДИТТІК-ҚҰНСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ («СҚҚҚ»)**

СҚҚҚ қаржы активтері әр түрлі жағдайда ескеріледі, өйткені мұндай актив бастапқы тану сәтінде кредиттік-құнсыздану болып табылады. Осы активтерге қатысты Топ бағалау резерві ретінде бастапқы тану күнінен бастап активтің күтілетін қолданылу мерзімі ішінде кредиттік шығындар мөлшерінің барлық өзгерісін таниды; бұл ретте, барлық өзгеріс пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Осындай активтердің күтілетін кредиттік залалдар шамасының оң өзгерісі болған жағдайда, құнсызданудан болған шығын танылады (кредиттік шығындар бойынша шығысты қалпына келтіру).

## **ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ**

Заемдар мен борыштық бағалы қағаздар Топтың қаржы активін қайтару жөнінде ақылға қонымды күту болмаған кезде (толық немесе ішінара) есептен шығарылады. Бұл Топ заемшының есептен шығарылатын соманы өтеу үшін жеткілікті ақша ағымын түрлендіретін активтері немесе кіріс көзі жоқ деп шешкен кездегі жағдай. Есептен шығару - бұл тануды тоқтату. Топ қаржы активтерін есептен шығару үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін. Топтың мәжбүрлеу әрекеттері нәтижесінде қалпына келтіру құнсызданудан кейін кіріс кіргізеді. Кепілдендірілген заемдар кепілзатпен қамтамасыз етуді сатқаннан кейін түскен кез келген түсімді алғаннан кейін есептен шығарылады. Кепілзатпен қамтамасыз етуді сатудың ықтимал таза құны анықталса және одан әрі қалпына келтірудің ақылға қонымды күтуі болмаған жағдайда, есептен шығару бұрын мүмкін болуы мүмкін.

## **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ**

### **Қаржы активтері**

Қаржы активтерінің (немесе бұл орынды болған кезде, осындай қаржы активтерінің бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігінің) танылуын тоқтату мынадай жағдайда іске асырылады:

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



- егер активтен түскен ақшалай қаражат ағымын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Топ өзінің активтен ақшалай қаражат ағымын алу құқығын басқаға берген болса немесе активтен түскен ақшалай қаражаты ағымын алу құқығын сақтап қала отырып, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа көп кешіктірмей толық төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаған жағдайда; және
- Топ іс жүзінде (а) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын берген болса, не болмаса (б) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын іс жүзінде ұстап қалмаған, бірақ активке бақылау жүргізуді берген болса.

Қаржы активі аударылғаннан кейін оны тану тоқтатылады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына сай болады. Аударуға сәйкес Топтан (а) актив бойынша ақша ағымдарын алуға келісімшарттық құқық беру немесе (б) актив бойынша ақша ағымдарына құқықты сақтау, алайда үшінші тарапқа қатысты осы ақша ағымын төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдау талап етіледі. Аударым жүргізілгеннен кейін Топ аударылған активтерге иелік етуден түскен пайданың және тәуекелдің сақталу деңгейіне қайта бағалау жүргізеді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы негізінен сақталған болса, онда актив қаржы ахуалы туралы

шоғырландырылған есепте одан әрі таныла береді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы жалпы берілген болса, бұларды актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен тәуекел мен пайданың барлығы сақталмайтын және берілмейтін болса, Топ активтерге жүргізілетін бақылаудың сақталуын бағалайды. Егер бақылау сақталмаған болса, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер Топ активті бақылауды сақтайтын болса, онда ол оның қатысуы шеңберінде активті таңдауды жалғастырады.

## Қаржы міндеттемесін өзгерту және тануды тоқтату

Топ қаржы міндеттемелерін тек егер олар өтелсе, күшін жойса немесе олар бойынша талап мерзімі аяқталса, тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы тануды тоқтату және төленген немесе төленетін өтемақы арасындағы айырмашылық пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Топ пен кредитор арасында айтарлықтай өзгеше шарттармен борыштық құралдарды айырбастау бастапқы қаржы міндеттемелерін реттеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескеріледі. Топ бастапқы қаржы міндеттемесін өтеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде қолданыстағы қаржы міндеттемесі немесе оның бір бөлігінің шартында елеулі өзгерісті есепке алады. Топ, егер ақша ағымының дисконтталған сәйкес құны жаңа шарттарға

сәйкес, бастапқы тиімді комиссиялық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны ұстап қалғандағы комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, міндеттеме талаптары айтарлықтай ерекшеленетінін ескере отырып, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша ағымының дисконтталған, сәйкес құнынан кемінде 10%-ға айырмашылығы болатынын басшылыққа алады. Егер өзгерту айтарлықтай маңызды болмаса, онда мыналардың арасындағы айырмашылықтар: (1) өзгертуге дейін міндеттеменің баланстық құны; және (2) өзгертуден кейін ақша ағымының сәйкес құны түрлі кіріс пен шығыс құрамында өзгерістен кейін кіріс немесе шығыс ретінде пайда немесе залал арқылы танылуы тиіс.

## САЛЫҚ САЛУ

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің заңнамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер уақыттық айырмашылыққа қатысты есепке алудың баланстық әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелері және баланстық құны арасында пайда болған барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша, мерзімі кейінге шегерілген

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



корпоративтік табыс салығы іскерлік беделдің, активтің немесе компанияны шоғырландыру емес және іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен залалға да әсері тимейтін операция бойынша міндеттемені бастапқы көрсетілуі нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілік мақсатында көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер уақыттық айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін, келешекте салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер активті сату немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есеп берілетін күні күшіне енген немесе нақты күшіне енетін салықтық мөлшерлемеге қарай бағаланады. Мерзімі кейінге шегерілген салық өзге жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынатын операцияға қатысты жағдайларды қоспағанда, мерзімі кейінге қалдырылған салық тікелей пайда мен залалдарда есепке алынады, мұндай жағдайда мерзімі кейінге қалдырылған салық тағы да тікелей жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері уақытша айырмашылықты қалпына келтіру мерзімін бақылауды қоспағанда, еншілес компаниялармен, қауымдасқан

компаниялармен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтар үшін танылады және бұл айырмашылық жақын арада кері қайтарылмайтын болады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы, уақытша айырмашылықты қалпына келтіру уақыты бақыланбайтын және уақытша айырмашылықтың таяу болашақта қайтарылмайтын жағдайларды қоспағанда, еншілес және қауымдасқан ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялардан туындайтын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

Топ мерзімі кейінге шегерілген салық активтері мен міндеттемелерге өзара есеп жүргізеді және Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте қорытынды айырмасын көрсетеді, егер:

- Топтың ағымдағы салықтық талаптар мен ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы есепке алу жүргізу үшін заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер бір салықтық субъектіден бір салықтық орган өндіріп алатын пайда салығына жатқызылатын болса.

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасында және Топ жұмыс істейтін басқа елдерде Топ қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар пайда салығынан басқа салықтардың құрамында көрсетіледі.

Егер салықтық тексеру нәтижесі ретінде салық органдары Топтың төлемдерді жүргізуін міндеттейтін болса, Топ белгісіз салықтық позициялар бойынша резервті көрсетеді. Бұл резерв Топтың төлеуге жататын сомасына қатысты ең жақсы баға негізінде бағаланады. Резервтер, басшылық олардың енді талап етілмейтінін немесе заңды талаптармен сәйкес анықтаған кезеңде табыс салығы бойынша резервтегі табысқа қайтарылады.

## НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құрал-жабдықтар, жинақталған құнның тозуы мен құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі бастапқы құн бойынша көрсетіледі, ғимараттар мен құрылыстар бұған жатпайды, олардың құны қайта бағалану арқасына болатын әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құнмен, сонымен қатар жинақталған тозуы мен құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі құн бойынша көрсетіледі.

Нысанды амортизациялау оны пайдалануға қол жеткізу мүмкін болғанда басталады. Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдері ішінде құнды біркелкі шығынға жазу әдісімен есептеледі:

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыстар	20-100
Көлік құралдары	5-7
Компьютерлер мен банктік жабдықтар	5-10
Басқалар	7-10

Жалға алынған мүлікті жақсартудың амортизациясы тиісті жалға алынған активтердің пайдалы қызмет мерзімі ішінде есептеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеуге жұмсалған шығындар пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте, капиталдандыру талаптарын қанағаттандырмаса, пайда болған кезеңдегі операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдардың қаржылық жағдай туралы есептік құны әрбір есепті күнге талданып, тіркелген соманы олардың өтелетін құнынан асып кетуі мүмкін, ал егер баланстық құны осындай өтелетін құннан асатын болса, онда активтердің құны өтелетін құнға дейін төмендейді. Құнсызданудан болған залал тиісті кезеңде танылады және операциялық шығыстарға қосылады.

Қызмет көрсету немесе әкімшілік мақсаттар үшін қол жетімді ғимараттар мен ғимараттар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қайта бағаланған күнгі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған сомада көрсетіледі, білікті тәуелсіз бағалаушылардың нарықтық деректеріне негізделген, жинақталған амортизацияны және кейіннен жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергенде. Активтердің баланстық құны әділ құнды пайдалана отырып, есепті күнге анықталуы мүмкін құннан елеулі түрде ерекшеленбеу үшін қайта бағалау тұрақты негізде жасалады.

Қайта бағалаудан туындаған ғимараттар мен ғимараттардың құнының кез-келген ұлғаюу бұрынғы табыстың шоғырландырылған есептілігінде танылған бірдей активтің құнының төмендеуін өтемеген жағдайда жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар қайта бағалау резервінің құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда пайдалар мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте активтің құнын бұрын танылған кему сомасындағы құнның ұлғаю шамасы танылады. Қайта бағалаудан туындайтын активтің қаржылық жағдай туралы есептік құнының азаюу пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте активтің бұрынғы қайта бағалануынан болған оның қайта бағаланған құнынан асып кететін деңгейде танылады.

Қайта бағаланған ғимараттар мен жайлардың амортизациясы

пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қайта бағаланған меншік одан әрі сатылған немесе шығарылған жағдайда Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервінің құрамында ескерілген тиісті оң мәнді нәтиже бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан шығындар шегерілген нақты күн бойынша есепке алынады. Құрылыстың құнына кәсіпкерлік қызметтердің құнын, сондай-ақ белгілі бір талаптарға сәйкес келетін активтер үшін Топтың есептік саясатына сәйкес капиталдандырылатын заемдар бойынша шығындар кіреді. Осындай аяқталмаған құрылыс нысандары құрылысты аяқтау немесе жоспарлы түрде пайдалануға дайын болу сәтінде негізгі құрал-жабдықтардың тиісті санаттарына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу негізгі құрал-жабдықтардың басқа нысандары бойынша, активтердің жоспарлы пайдалануына дайын болу сәтінен басталады.

Негізгі құрал-жабдықтар нысаны сатылған жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда түсіру күтілмеген жағдайда, есептен шығарылады. Негізгі құрал-жабдықтар нысандарын сатудан немесе өзге шығынан түскен кіріс немесе зиян осы нысандарды сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және пайдалар немесе залалдарда танылады.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың соңғы мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығынды шегеріп, өзіндік құны бойынша есептеледі. Тиімді пайдалануды күтілудегі мерзімдері мен амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің аяғына талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмастан есептілікте көрсетіледі. Материалдық емес актив сатылған кезде немесе оны пайдаланудан не болмаса шығуынан болашақ экономикалық пайда түсімдері күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Активтің шығуынан таза түсімдер мен баланстық құнының арасындағы айырмашылықты білдіретін, материалдық емес активті есептен шығарудан түскен пайда немесе залал есептен шығару сәтінде пайдаға немесе залалға қосылады.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған залал шегерілген нақты шығындар бойынша есепке алынады. Пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтерге амортизация есептелмейді.

Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерде сатып алынған материалдық емес активтер.

Бизнесті біріктіргенде сатып алынған және гудвилдан бөлек көрсетілетін материалдық емес активтер сатып алу күніне әділ құн бойынша есепке қабылданады (сатып алу құны ретінде қарастырылатын). Есепке қабылданғаннан кейін бизнесті біріктіргенде сатып алынған материалдық емес активтер жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған материалдық активтерге ұқсас құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындар шегерілген сатып алудың құны бойынша көрсетіледі.

Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдерінің ішінде құнды бір қалыпты есептен шығару әдісімен есептеледі:

	Жылдар
Клиенттік базаға жататын материалдық емес активтер	5
Бағдарламалық жасақтама	10
Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығына лицензиялық келісім	10
Басқалар	10

## САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланыстағы ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер егер мұндай активтердің ағымдағы құны, негізінен, бұларды тұрақты түрде пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтелу мүмкіндігі жоғары болса, және де мұндай активтер (немесе шығу тобы) олардың ағымдағы күйінде сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған деп жіктеледі (бұдан әрі - «шығу тобы»). Мұндай активтер сатуға арналған деп жіктелген сәттен бастап, Басшылық бұл активтерді бір жылдың ішінде сатуға тиісті.

Сатуға арналған активтер, сатуға жұмсалатын шығынды шегеріп, ең төменгі және әділ құнымен бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны, сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейінгі оның ағымдағы құнынан төмен болса, құнсыздану шығынын ұйым, пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер шығыны ретінде тануға тиіс. Активтің әділ құнындағы кез келген ұлғаю шамасы, сату шығыны шегерілгеннен кейін, осы активтердің жинақталған құнсыздануы шығыны болып танылады.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалгерлік төлем алу, қосымша капиталдандыру үшін немесе сол жағдайлардың бірінде пайдаланылатын нысандарды білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда, сатып алу шығыстарымен қоса, сатып алу құны бойынша есепке алынады. Нәтижесінде олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістері, олар пайда болатын кезеңдегі пайдаға немесе залалға қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан шығару немесе түпкілікті пайдаланудан шығару, егер онымен байланысты экономикалық пайда алу күтілмейтін болса, тоқтатылады. Объектіге билік ету кезінде пайда немесе залал (сатудан түсетін таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма) есептен шығару кезеңіндегі пайдаға немесе залалға қосылады.

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Белгілі бір жағдайларда, Топ кредиттік шарттарды реттеу шеңберінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті өтеуді жүргізеді. Топ осы жылжымайтын мүлікті кәдімгі қызмет

барысында сатуды жоспарлайды, сәйкесінше бұл жылжымайтын мүлік бастапқыда сатып алу шығыстарымен қоса әділ құн бойынша есепке алынады, ал бастапқы танудан кейін екі құнның ең төменгісі бойынша бағаланады: өзіндік құн немесе сатудың таза құны бойынша. Сатудың таза құнын бағалау бар дәлелдердің ең сенімділерінен негізделеді, бағалау жүргізген сәтте ол бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату күтілетін сомалар. Бұл бағалаулар, кезең аяқталғаннан кейін болған жағдайларға тікелей қатысты құнның немесе өзіндік құнның құбылуын, осындай оқиғалар осы кезеңнің соңындағы жағдайларды растау дәрежесіне дейін ескереді.

## КЛИЕНТТЕР МЕН КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАРАЖАТТАРЫ

Клиенттер мен кредиттік мекемелерінің қаражаттары бастапқыда мәмілемен тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша көрсетіледі.

Кейін алынған қаражат амортизациялық құны бойынша көрсетіледі, ал алынған қаражаттың мөлшері мен өтеу кезіндегі сома арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, заем алу кезеңіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер Топ өзінің меншікті борыштық

міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады және міндеттеменің баланстық құны мен мәміледе төленген өтемақы арасындағы айырмашылық пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

## ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Топтың айналымға шығарған облигациялары болып табылады, олар клиенттер мен кредиттік мекемелердің қаражаттары сияқты қағидаттарға сәйкес көрсетіледі. Міндеттемелерді шығару шығындарын шегергендегі алынған сомалар және өтеу құны арасындағы кез келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, заем алу кезеңі бойынша пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

## РЕЗЕРВТЕР

Резервтер, егер Топ ағымдағы құқықтық міндеттеме немесе тәжірибеден туындайтын, бұрын болған оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттеме иелік ететін болса, сондай-ақ міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдамен байланысты қаржының кері ағыны туындау мүмкіндігі болса және бұл міндеттеме сомасы барынша дәл бағалануы мүмкін болған жағдайда танылады.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, ұсынылатын күні көрсетілген сомалар, міндеттемемен байланысты тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарды есепке ала отырып, Топтың есептік кезеңнің міндеттемелерін өтеу үшін талап етілетін ең таңдаулы бағалауын білдіреді. Егер резерв, ағымдағы міндеттемені реттеу үшін ақшалай қаражаттың ағыны арқылы бағаланған болса, онда оның баланстық құны ақшалай ағындардың келтірілген құнын білдіреді (ақшаның уақытша құнының әсері маңызды болғанда).

Резервті реттеу үшін, қажетті экономикалық пайданың бір бөлігі немесе барлығының үшінші тараптан алынуы күтілетін болса, егер өтемақының алынатыны туралы және дебиторлық берешек сомасының сенімді түрде бағалануы мүмкін екендігі туралы нық сенім болған жағдайда, дебиторлық берешек актив ретінде танылады.

## ЗЕЙНЕТАҚЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топта жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының және басқа елдердің мемлекеттік зейнетақы бағдарламасынан басқа, зейнетақы схемасы жоқ, ол жұмыс берушіден ағымдағы жалақы мөлшерінің пайызы ретінде есептелетін шегерімдерді талап етеді; мұндай шығыстар тиісті жалақы есептелген кезеңде есептеледі және пайда мен шығын

туралы шоғырландырылған есепте операциялық шығыстарға енгізіледі. Топ Қазақстан Республикасы мен Топ жұмыс істейтін басқа елдердің бюджетіне әлеуметтік салық төлемдерін жасады. Топ жұмыс аяқталғаннан кейін төлеуге міндетті емес.

## КАПИТАЛ

Топ өзі шығаратын қаржы құралды келісімшарттық келісімнің мәніне сәйкес қаржы активі, қаржы міндеттемесі немесе үлестік құрал ретінде жіктейді. Егер ол ақшалай қаражат немесе басқа қаржы активін ұсыну бойынша, не болмаса ықтимал қолайсыз жағдайларда қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін айырбастау бойынша келісімшарттық міндеттеме болса, құрал міндеттеме ретінде жіктеледі. Егер ол міндеттемелер шегерілгеннен кейін Топ активтеріндегі қалған үлеске ғана үміттенген болса, құрал капитал ретінде жіктеледі.

Топ шығарған күрделі қаржы құралдары компоненті түрлі жағдайларға сәйкес қаржы активтері, қаржы міндеттемелері немесе капитал ретінде жеке жіктеліп, есепке алынады.

## Жарғылық капитал

Компанияларды шоғырландыру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші

тұлғаларға қызмет көрсету шығындары осы мәселе бойынша алынған соманың төмендеуі ретінде капиталда есепке алынады. 2003 ж. 13 мамырға дейін алынған қаржының әділ құнының шығарылған акциялардың номинал құнынан асатын сомасы эмиссиялық табыс ретінде көрсетілген. 2003 ж. 2003 жылдың 13 мамырынан бастап «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жаңа редакциясын қабылдағаннан кейін «акциялардың номиналды құны» ұғымы тек қана компанияның құрылтайшылары арасында, акциялар орналастырылған кезде ғана қолданылады. Акционерлік капитал, барлық басқа инвесторлар үшін акцияларды орналастыруға Топ ұсынған сомаға тең мөлшерде ұсынылатын баға бойынша есепке алынады.

## Өтеуі төлеп алынған меншікті акциялар

Топ меншікті акциялардың өтеуін төлеп алған жағдайда, мәміле бойынша тікелей шығындарды қоса алғандағы сатып алу құны, қолданылатын тиісті салық төлемі шегерілгеннен кейін, капитал құрамының өзгерісі ретінде танылады. Топ өтеуін төлеп меншікті акциялар айналымнан алынады. Құны өтеліп сатып алынған акциялар өтеуі төлеп алынған меншікті акциялары ретінде жіктеледі және құны бойынша



# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



көрсетіледі. Мұндай акциялар шығарылған акциялардың орташа есептелген санынан шегеріледі және олардың құны капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі. Акциялардың номинал құны - жай акциялардың азайтылуы ретінде, ал құн қалдығы жай акциялар бойынша эмиссиялық табыстың азайтылуы ретінде көрсетіледі. Топ мүшелері сатып алған акциялары бойынша алынған дивидендтер шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

## Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме болып танылады және олар жарияланған күні капитал сомасының есебінен шығарылады. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп берілетін күнге дейін, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, алайда біріктірілген қаржы есептелігінде шоғырландырылатын күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептелікте ашылып көрсетіледі.

## Меншікті капитал қорлары

Топтың қаржылық жағдайы туралы есебіндегі меншікті капиталдың құрамында (басқа жиынтық табыста) көрсетілген қорларға мыналар кіреді:

- басқа да жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржы

активтерінің әділ құнындағы өзгерістерді және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді қамтитын сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау қоры;

- туындайтын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін қолданылатын қор айырбастау айырмашылықтары шетелдік операцияларда таза инвестицияларды қайта есептеу кезінде;
- жер мен ғимараттарды қайта бағалау резервінен тұратын мүлікті қайта бағалау қоры.

## ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ оларды өтеуден қаражаттың кетуі екіталай болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржы есептілігінде ашылады. Шартты актив қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайданың келуі ықтимал болған кезде шоғырландырылған қаржы есептілігінде ашылады.

## БИЗНЕСТІ БІРІКТІРГЕНДЕ САТЫП АЛЫНҒАН ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бизнесті біріктірген кезде, сатып алынған шартты міндеттемелер, сатып алу күнінде әділ құны бойынша есепке алынады. Кейінінен шартты міндеттемелер мыналар бойынша бағаланады: «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» деген ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес анықталған мөлшер және «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» деген ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес есептелген, жинақталған амортизация шегерілген, олар бастапқыда есепке алынған мөлшер.

## КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАРДЫ ТАНУ

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдарына арналған пайыздық кірістер және шығыстар, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген, пайда мен залал туралы есепте «Пайыздық шығыстар» және «Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер» ретінде «таза пайыздық кіріс» түрінде танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме - қаржы құралының күтілетін болашақ ақша ағындарының қаржылық активтің немесе

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



міндеттеменің күтілетін мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құнды дисконттау мөлшерлемесі. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын және кез келген заем туралы уағдаластықпен тікелей байланысты болған тараптар төлеген немесе алған барлық сыйақылар және сомалар, сондай-ақ мәміле бойынша шығындар және барлық басқа сыйақылар немесе жеңілдіктер ескеріледі. ПЗАӘҚБ қаржы активтері бойынша операциялық шығындар, бастапқы тану кезінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Пайыздық кірістер/пайыздық шығыстар кредиттік құнсызданбаған қаржы активтерінің (яғни, күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті бағалау шамасын түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құнына) жалпы баланстық құнына немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мұндай активтердің амортизациялық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы (яғни, олардың күтілетін кредиттік залалдарға қатысты

бағалау резервін шегергендегі олардың жалпы баланстық құны) есептеледі. Жасалған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған қаржы активтеріне (ЖСКҚ) арналған тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активтен күтілетін болашақ ақша ағындарын анықтау кезінде күтілетін кредиттік залалдар сомасын көрсетеді.

Клиенттерге заемдар беру үшін пайдаланатын комиссия (тиісті тікелей шығындармен бірге) заемдар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемеге жасалған өзгерту ретінде қабылданады. Егер заем беру міндеттемелері болса, заем беру туралы шарт бекітілген болса, заем беру міндеттемесі үшін комиссия алдағы кезеңдердің табысы құрамына (тиісті тікелей шығындарымен бірге) қосылады және одан әрі заем бойынша нақты табыстарға жасалған түзету ретінде көрсетіледі. Заем беру бойынша міндеттемелер заем беруге алып келу ықтималдығы төмен болып бағаланатын болса, заем беру міндеттемесі үшін комиссия заем беру бойынша міндеттеменің қалған кезеңі ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Заем беру міндеттемелерінің әрекет мерзімі заем берілмей аяқталғанда, заем беру міндеттемесінің комиссиясы оның әрекет ететін мерзімі аяқталатын күнгі пайда мен залалдар құрамында танылады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын

қаржы құралдарынан пайда болатын пайыздық кіріс, пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есептің «Басқа пайыздық кірістер» құрамына кіреді.

## Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер

Комиссиялық кірістер клиенттерге осындай қызметтерге айырбас ретінде күтілетін сыйақыны көрсететін сомасы ретінде көрсетіледі. Топ қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді, яғни клиентпен келісілген міндеттемелерді орындау бойынша қызметтерді көрсетуге сәйкес клиентпен келісілген сыйақыны таниды.

Әрбір орындалатын анықталған міндеттемеге Топ шарт жасаған кезде оның орындалатын міндеттемелерді ағымдағы уақыт ішінде немесе блгілі бір сәтте орындайтынын және өтеу тіркелімді немесе ауыспалы, өтеу шегін қоса алғанда, мысалы, Топтың ықпалына байланысты емес сыртқы факторлар, болып табылады ма екенін анықтайды. Соңында өтеу анықталған орындалатын міндеттемеге бөлінеді.

Клиенттердің шоттарына және кассалық операцияларға қызмет көрсетуден түсетін комиссиялық кірістерге, салымдардан алынған сыйақылардың орнына депозиттерден алынған комиссиялар, салымшылардың өтініші бойынша транзакцияларға қызмет көрсету бойынша алымдар және

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Ақшалай қаражатын басқару бойынша операциялар жүзеге асырудан түскен комиссиялар кіреді. Депозиттер бойынша қызметтер үшін ақы төлеу, әдетте ай сайын тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде танылады. Қызмет ақысы сұрау салынған қызмет көрсету транзакциясы аяқталғаннан кейін танылады. Ақшалай қаражатын басқарғаны үшін алынатын төлемдер көрсетілген қызметке қарай танылады.

Пластикалық карталарға қызмет көрсеткені үшін қызметтер мен комиссиялардан түсетін кіріс, несие және дебеттік карталар транзакциясынан түсетін өзара ауысымдық кірістерді қамтиды және тиісті желімен есептескеннен кейінгі уақытта танылады. Бір банктің екінші банкке, оның кредиттік карталарымен жасаған операциялары үшін төленетін комиссияны, әдетте, тиісті желі сатып алу көлемі және басқа факторлар негізінде белгілейді. Картамен байланысты басқа да комиссиялар транзакция аяқталған кезден кейінгі сәтте танылады.

Банктік қызмет көрсетудің өзге де кірістері мен комиссияларына банктік аударымдар, аккредитивтер бойынша алымдар және басқа транзакциялық қызметтер сияқты транзакциялық банктік операциялардың әртүрлі алымдар кіреді. Бұл алымдар, осылайша, транзакция жүргізілген және қызметтер көрсетілген уақытта танылады.

Аккредитив бойынша алымдар негізінен аккредитив туралы келісімдерге байланысты алынатын алымдарды қамтиды және әдетте келісімшартты орындау кезінде танылады.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қызметтер бойынша кірістер мен комиссиялар бойынша операциялар ХҚЕС (IFRS) 15-ке «Сатып алушылармен жасалған шарттардан түсетін түсім» сәйкес, ал 2017 және 2016 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін ХҚЕС (IAS) 18-ге «Түсім» сәйкес танылды.

ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген ақпараттың немесе сомалардың ашылуына елеулі әсерін тигізген жоқ.

## ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАДА БЕРІЛГЕН БАПТАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ

Шоғырландырылған қаржы есептілік, шетелдік еншілес компанияларды қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен беріледі. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы ақша активтері мен міндеттемелер ҚҚБ есептік күнге сәйкес белгілеген

нарықтық айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасымен мәмілені қайта есептеу нәтижесінде пайда болған пайда мен залалдар шетел валютасын және шетел валютасымен операцияларды қайта бағалаудан алынған таза пайдалар немесе залалдар ретінде пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шетел валютасымен бастапқы құны бойынша бағаланған ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер күніне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептеледі. Шетел валютасымен әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құн айқындалған күнгі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік еншілес кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша, Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепті күні әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша Топтың функциялық валютасымен қайта есептелінеді, ал еншілес кәсіпорындардың пайда мен залалдар туралы есептілігі бір жыл үшін орташа айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі. Қайта есептеген кезде туындайтын айырмашылық капиталдың жеке компонентінде тура есепке алынады. Шетелдік еншілес кәсіпорын шығарылған жағдайда, капиталда танылған және тікелей осы еншілес кәсіпорынға қатысты

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



мерзімі кейінге шегерілген жинақталған сома пайда мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мәміленің келісімшарттық айырбастау бағамы мен мәміле жасалатын күнгі нарықтық айырбастау бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайдаға қосылған. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы есептелік бойынша нарықтық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 384.20 теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсанда – 332.33 теңге; 2016 жылдың 31 желтоқсанында – 333.29 теңге болды).

## САҚТАНДЫРУ

Сақтандыру бойынша келісімшарттар – егер болашақтағы көрсетілген белгісіз оқиға, сақтандыру полисін ұстаушыға теріс әсер ететін болса, сақтандыру полисінің ұстаушысына өтемақы төлеуге келісім берумен қоса, екінші тараптан едәуір сақтандыру тәуекелін беретін келісімшарттар. Топ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компаниялары үшін ҚҚҚБ белгілеген есепке алу саясатын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, сақтандыру шарттарында кепілдік берілген элементсіз дискрециялық қатысу болған жағдайда, сақтандырылушыларға қосымша төлемдер акционерлердің

жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге байланысты болады және бөлінбейтін табысты бөлу сияқты ұсынылуы тиіс; шығыстар емес.

Топ мүлкіті сақтандыру, жазатайым жағдайдан сақтандыру, құқықтық жауапкершіліктен сақтандыру, жеке басты сақтандыру және өмірді сақтандыру бойынша түрлі өнімдер ұсынады.

## Андеррайтингтен түсетін кіріс

Андеррайтингтен түсетін кіріс еңбекпен өтелмеген сыйлықақы резервиндегі таза өзгеріс шегерілгеннен кейін қайта сақтандыруға берілгеннен алынған комиссиялар мен сақтандыру бойынша таза сыйлықтан тұрады. Келісімшарттың әрекеті басталғаннан кейін сыйлықтар полисте көрсетілген сомада есепке алынады және сақтандыру шартының әрекет ету кезеңі ішінде тепе-теңдік негізде табысқа жатқызылады. Еңбекпен өтелмеген сыйлықтар резерві сақтандыру шартының аяқталмаған мерзіміне жататын барлық қабылданған сыйлықтардың бөлігін құрайды және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру талаптарын реттеу резервіне қосылады.

Зияндарды реттеу бойынша зияндар мен шығыстар пайдалар мен залалдар туралы есепте олардың шығуына

қарай болуы мүмкін пайдалар мен залалдар резервін шығындарды реттеу бойынша қайта бағалау арқылы есепке алынады және қоса берілген пайдалар мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте іске асырылған сақтандыру төлемдері құрамына қосылады. Қайта сақтандырушылармен келісімшарттар бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шартына қол қойған және ол күшіне енген сәттен бастап кіріс ретінде есепке алынады.

Сақтандыру полисін сатып алу құны жаңа бизнесті ашумен тікелей байланысты және түрленеді, мерзімі кейінге қалдырылған болып табылатын және сақтандыру активтерінің құрамында қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінде көрсетілетін сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленген комиссиялардан тұрады. Мерзімі кейінге шегерілген сатып алу бойынша шығындарға жататын активтер кейіннен тиісті сыйақы еңбегі ақталған кезең ішінде амортизацияланады және оның баланстық құнының орны толатын болмауы мүмкін жағдайларда құнсыздануы тұрғысынан тексеріледі. Егер актив сомасы орны толтырылатын құн сомасынан көп болса, ол дереу есептен шығарылады. Қалған өзге шығындар пайда болу ретіне қарай шығын болып танылады.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## Сақтандыру бойынша зияндарының резерві және зияндарды реттеу бойынша шығыстар

Сақтандыру қызметі бойынша мүмкін болатын зияндар және сақтандыру зияндарын реттеу шығыстары қоса беріліп отырған Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепке қосылған және әлі реттелмеген есептік күнге дейін сұратылған шығындардың ақысын төлеуге болжанған сома және болған, бірақ есептік кезеңге жатқызылатын жарияланбаған зияндар бойынша бағалауға негізделген.

Орын алған, бірақ жарияланбаған автокаско және жауапкершілікті сақтандыру бойынша зияндары резерві (бұдан әрі - «ОЖЗР») актуарлық негізде анықталады және бизнестің санаттар мен қосалқы санаттар зияндары пайда болуы үшін қалыпты кезең үшін сақтандыру төлемдері бойынша статистикалық деректерге және Топтың алдыңғы тәжірибесіне негізделген.

Алдыңғы тәжірибенің жоқтығы және бизнестің басқа бағыттары бойынша сақтандыру төлемдерінің деректері жеткіліксіз болуы себепті ОЖЗР резерві ҚРҰБ ұсынған нұсқаулықты қолдану арқылы анықталған. Осы ОЖЗР нұсқаулығы талаптарының деректеріне сәйкес сақтандырудың осы класында есептеу күнінің алдындағы

соңғы он екі айдың ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 %-ы мөлшерінде анықталды.

Мұндай бағалауларды анықтау тәсілі және соның нәтижесінде алынған резервтерді жасау тұрақты түрде қайта қаралып және жаңартылып отырады. Осының нәтижесінде алынған түзетулер олар анықталған кезеңде пайдалар мен залалдар туралы шоғырландырылған есептерде көрінеді.

## Қайта сақтандыру

Топ өзінің әдеттегі қызметін іске асыру барысында қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асырады. Қайта сақтандыру туралы мұндай келісімдер бизнесті одан әрі әртарап тандыруды қамтамасыз етеді, басшылыққа тәуекелдерді сақтандыру нәтижесінде пайда болатын ықтимал шығындарды бақылауды іске асыруға мүмкіндік береді және есімге қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндік туғызады.

Қайта сақтандыру активтері басқа қайта сақтандыру компанияларының төленген және төленбеген зияндар үшін берешек сомасынан және зияндарды реттеуге жұмсалатын шығыстардан, сондай-ақ әлі алынбаған сақтандыру сыйлығынан құралады. Қайта сақтандырушылардан алынатын ақша сомасы қайта сақтандыру полистеріне

байланысты сақтандыру өтемдерін төлеуге жұмсалатын шығыс ретінде бағаланады.

Қайта сақтандыру міндеттемелері егер қайта сақтандырушыдан алынған комиссияға қарсы есепке алу құқығы жоқ болса жиынтық сомамен ескеріледі және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінің құрамына қосылады.

Қайта сақтандыру бойынша келісімшарттар сақтандыру тәуекелі едәуір шығынның ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғанына, ал уақыттық тәуекел Топтың қайта сақтандырушыға берген ақшалай қаражаттың қозғалысы мерзімінің едәуір ауытқуының ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғандығына көз жеткізу үшін бағаланады.

Топ өзінің қайта сақтандыру активтеріне құнсыздану мәні бойынша үнемі бағалау жүргізеді. Егер Топ келісімшарт талаптары бойынша өзіне тиесілі соманы ала алмауы мүмкін болса және бұл оқиғаның қайта сақтандырушыдан Топтың алатын сомасына сенімді анықталған әсері бар екендігі туралы объективтік куәландыру болса, қайта бағаланатын актив құнсызданады.

## СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Сегмент - бұл тәуекелдерге ұшырайтын және басқа

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



сегменттерден ерекшеленетін пайдалар әкелетін өнімдердің немесе қызметтердің (операциялық сегменттің) немесе белгілі бір экономикалық ортадағы (географиялық сегмент) өнімдері мен қызметтерін қамтамасыз етумен айналысатын Топтың ерекше компоненті.

## ҚАРЖЫ КЕПІЛДІКТЕРІ МЕН АККРЕДИТИВТЕРІ

Топ ұсынатын қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтер борышкердің түпнұсқасы немесе өзгертілген шарттары бойынша төлемдерді дер кезінде жүзеге асыра алмаған жағдайда шығындардың орнын толтыру үшін төлемдерді талап ететін кредиттік операцияларды қамтамасыз ету болып табылады. Осындай қаржы кепілдіктері мен аккредитивтер бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар (а) резервтер ретінде жазылған соманы және (б) қаржы кепілдігімен немесе аккредитив бойынша алынған сыйақы түріндегі кейінге қалдырылған кірістің жинақталған амортизациясын ескере отырып бастапқыда жазылған, осы сомалардың қайсысы үлкен.

## АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛҒА ҚАТЫСТЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ЖАҢА ЖӨНЕ ТҮЗЕТІЛГЕН ХҚЕС

Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер ағымдағы кезеңде алғаш рет

пайдаланылды және осы қаржы есептілігінде берілген қаржылық көрсеткіштерге ықпалын тигізді.

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»;
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттар бойынша түсім»;
- ХҚЕС (IAS) 40 - қа түзетулер «Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін аудару»;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірілуі, 2015-2017 жылдар кезеңі;
- ХКЕСТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем».

## ХҚЕС (IFRS) 9 «ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Топ ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолданыла бастады, ол ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану мен бағалау» нұсқаулығын алмастырады.

## ХҚЕС (IFRS) 9-ДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘСЕРІ - ЖІКТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Төмендегі кестеде ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес шеккен кредиттік шығындардың моделіне ауыстыру әсерін қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікке және бөлінбеген пайдаға қолдану әсерін бағалау мен жіктеу берілген.

Қайта жіктеу - олардың жіктелуін өзгерткен қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық құнындағы қозғалыстарды білдіреді. Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес қаржы активтерінің санатын бағалаудың, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа санатты бағалауға өзгерісі түсіндіріледі.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар ретінде жіктелген кейбір қаржы активтері (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері) Топтың оларды ұзақ мерзімді инвестициялық мақсаттар, «шартта көзделген ақшалай қаражаттың ағындарын алу үшін активті ұстап қалу» бизнес-үлгісіне байланысты ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес амортизацияланған құны бойынша борыштық бағалы қағаздарға қайта жіктелді.

Қайта есептеу - бұл олардың бағасының өзгеруіне байланысты қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының өзгеруі.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 бен ХҚЕС (IAS) 39 арасындағы баланстық құнды салыстыру мынадай түрде берілді:

	ХҚЕС (IAS) 39 санаттарды бағалау	ХҚЕС (IAS) 39 бойынша 2017 жылғы 31 жел- тоқсандағы қалдық	Қайта жіктеу	Қайта есептеу (ККЗ және басқалар)	ХҚЕС (IFRS) 9 бойынша 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	ХҚЕС (IFRS) 9 санаттарды бағалау
Ақшалай қаражат пен оның баламасы	Заемдар мен дебиторлық берешек	1,780,548	-	(10)	1,780,538	Амортизацияланған құн
Кредит мекемелеріндегі қаражат	Заемдар мен дебиторлық берешек	87,736	-	(334)	87,402	Амортизацияланған құн
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (2017: сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар)	Сатуға арналған қолда бар	2,565,425	(1,006,110)	(15,503)	1,543,812	ССЧПСД*
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергендегі амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар (2017: сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар)	Сатуға арналған қолда бар	-	1,005,817	(8)	1,005,809	Амортизацияланған құн
Клиенттерге берілген заемдар	Заемдар мен дебиторлық берешек	3,251,102	-	(38,008)	3,213,094	Амортизацияланған құн
Басқа активтер	Заемдар мен дебиторлық берешек	68,129	293	(1,825)	66,597	Амортизацияланған құн
Қаржылық шартты міндеттемелер бойынша резервтер	-	(16,098)	-	(2,353)	(18,451)	-
ХҚЕС (IFRS) 9 қолданумен байланысты ағымдағы салық активі				3,178		
<b>Салықты төлегеннен кейінгі ХҚЕС (IFRS) 9 әсер ету шамасының жиыны</b>				<b>(54,863)</b>		

\* Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны

\*\* Қайта есептеу мен қайта жіктеудің нәтижесі

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



Құнсыздануға арналған резервке қатысты ХҚЕС (IAS) 39-дан ХҚЕС (IFRS) 9 көшу кезіндегі негізгі айырмашылықтар:

	2017 ж. 31 желтоқсан, ХҚЕС (IAS) 39, құнсыздануға арналған резерв	Күтілетін кредиттік залалдар бойынша өсу	2018 ж. 1 қаңтар, ХҚЕС (IFRS) 9, Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв
Ақшалай қаражат пен оның баламасы	-	(10)	(10)
Кредит мекемелеріндегі қаражат	-	(334)	(334)
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	(2,453)	(246)	(2,699)
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергендегі амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	-	(8)	(8)
Клиенттерге берілген заемдар	(317,161)	(38,008)	(355,169)
Басқа активтер	(5,921)	(1,825)	(7,746)
Қаржылық шартты міндеттемелер	(16,098)	(2,353)	(18,451)

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтің негізгі ұлғаюы 1-сатыдағы және 2-сатыдағы клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік зияндардың танылуымен байланысты.



# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## ХҚЕС (IFRS) 15 «КЛИЕНТТЕРМЕН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ»

Жаңа стандарт тауарларды немесе қызметтерді мәміле үшін белгіленген баға бойынша клиентке аудару кезінде түсім танылуы тиіс деген негізгі қағидатты енгізеді. Бөлінетін кез келген байланысты («пакеттік») тауарлар немесе қызметтер бөлек танылуы тиіс, бұл ретте барлық жеңілдіктер немесе шарт бағасының төмендеуі тиісті элементтер бойынша бөлінеді. Егер сыйақы ауыспалы болса (себептеріне қарамастан), ең төменгі сыйақы сомасы оларды қалпына келтірудің елеулі тәуекелі болмаған кезде танылуы тиіс. Клиенттердің шарттарын қамтамасыз ету үшін келтірілген шығындар капиталдандырылуы және тиісті шарттан түсетін пайданы пайдалану кезеңі ішінде амортизациялануы тиіс.

Ағымдағы жылы Топ ХҚЕС стандарттарына мен Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары бойынша Кеңес (ХҚЕСК) шығарған Түсіндірмелерге бірқатар түзетулер енгізді, олар 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты және кейін қоданылады. Оларды қолдану осы қаржы есептілігінде көрсетілген ашып көрсетулерге немесе сомаларға елеулі әсерін тигізген жоқ.

## ХҚЕС (IAS) 40-ҚА ТҮЗЕТУЛЕР «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ОБЪЕКТІЛЕРІН АУДАРУ»

Түзетулер инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан немесе жылжымайтын мүлік объектілерін санатқа аудару үшін инвестициялық жылжымайтын мүлікті анықтаудың орындалуына немесе тоқтатылуына талдау жүргізу талап етіледі, бұл инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісін пайдалану сипатының өзгеруінің объективті дәлелімен расталуы тиіс. Түзетулер 40-ХБЕС-да көрсетілген жағдайлардың тізбесі толық болып табылмайтынына назар аударады. Бұдан басқа, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдаланудың сипатын өзгерту мүмкіндігі де бар (яғни, пайдалану сипатындағы өзгеріс дайын объектілермен шектелмейді).

## ХҚЕСТК (IFRIC) 22 «ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ»

ХҚЕСТК (IFRIC) 22 ақшалай емес актив немесе міндеттемені (мысалы, қайтарылмайтын депозит немесе алдағы кезеңдегі табыс) тануға әкеп соқтыратын мұндай өтеу үшін актив, шығыс немесе кіріс төленген немесе шетел валютасында алдын ала төленген жағдайда, активті, шығысты немесе кірісті бастапқы тану кезінде пайдаланылуы тиіс айырбастау бағамын айқындау мақсатында операция күнін анықтауды түсіндіреді.

Түсіндірмеде операция жасалған күнді алдын ала төлем

немесе төлем нәтижесінде ақшалай емес актив немесе міндеттемені бастапқы тану күні деп көрсетіледі. Егер ұйым бірнеше алдын ала төлемдер жасаса немесе алса, онда операция жасалған күн әрбір төлем үшін немесе алдын ала төлемді алу үшін бөлек анықталады.

## ЖАҢАДАН ШЫҒАРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН, БІРАҚ ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН ХҚЕС СТАНДАРТТАРЫ

Топ жаңадан шығарылған және қайта қаралған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі ХҚЕС-ті қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»;
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»;
- ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер «Теріс өтемақымен алдын ала төлеу шарттары»;
- ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Қауымдастық ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»;
- ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдіру, 2015-2017 жж. кезеңдер;
- ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» пен ХҚЕС (IAS) 28 (түзетулер) «Инвестордың және оның қауымдастырылған ұйымының немесе бірлескен кәсіпорын арасында активтерді сату немесе беру»;
- ХҚЕСТК (IFRIC) 23 «Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты түрлаусыздық».

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Басшылық жоғарыда көрсетілген Стандарттарды қолдану төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, келесі кезеңдердегі Топтың қаржы есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді:

## ХҚЕС (IFRS) 16 «ЖАЛДАУ»

ХҚЕС (IFRS) 16 жалға беруші және жалға алушы тарапынан жалға беру шарттары мен оларды қаржы есептілігінде көрсетудің тәртібін айқындаудың бірыңғай үлгісін енгізеді. 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын есеп беру кезеңдеріне қатысты күшіне енген кезде ХҚЕС 16 (IFRS) жалдауды есепке алудың барлық, соның ішінде «Жалдау» (IAS) 17 және тиісті интерпретацияларды қоса алғандағы, ағымдағы есепке алу қағидаларын ауыстырады. Топтың ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолдану күні 2019 жылғы 1 қаңтар болып табылады.

Жалға алушы тарапынан есепке алудан ерекшелігі сол, ХҚЕС (IFRS) 16-ға сәйкес жалға алушы тарапынан есепке алу ХҚЕС (IAS) 17-мен салыстырғанда мүлдем өзгеріссіз қалды.

Топ ХҚЕС (IFRS) 16-ға көшудің шегінде ұсынылған практикалық шараларды қолдануды жоспарлап отыр, ол шарттың өздігінен немесе жалдау талаптарын қамтитынын анықтауға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, ХҚЕС (IAS) 17 және ХҚЕС ТК (IFRIC) 4 сәйкес жалдауды айқындау бұрынғыша 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі енгізілген өзгерістермен немесе жасалған жалдау шартына қатысты қолданылатын болады.

Жалдаудың анықтамасындағы өзгеріс, ең алдымен, бақылау тұжырымдамасына қатысты. ХҚЕС (IFRS) 16 сатып алушы сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылауды негізге ала отырып, жалдау шарттары мен қызмет көрсету шарттарын бөліп көрсетеді. Сатып алушыда мыналар:

- сәйкестендірілген активті пайдаланудан түскен барлық экономикалық пайданы алу құқығы; және
- мұндай активті тікелей пайдалануға құқығы болғанда, бақылау жүзеге асырылады.

Топ жалдау анықтамасы және ХҚЕС (IFRS) 16-мен байланысты нұсқаулықты 2019 жылғы 1 қаңтардан ертерек жасаған немесе өзгертілген барлық жалдау шарттарына қатысты (оның жалға беруші немесе жалдау шарты бойынша жалға алушы болуына қарамастан) қолданатын болады.

## Операциялық жалдау

ХҚЕС (IFRS) 16 Топтың жалдауды есепке алу қағидасын ХҚЕС (IAS) 17 (баланстан тыс есеп) сәйкес бұрын жіктелген операциялық жалдау ретінде өзгертеді.

ХҚЕС (IFRS) 16 барлық жалдау шарттарына (төменде аталғандарды қоспағанда) бастапқы қолданған кезде Топ:

- қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте пайдалану құқығы түріндегі активтер мен болашақ жалдау төлемдері құны бойынша келтірілген бастапқы

бағаланған жалдаудағы міндеттемелерді тануы;

- шоғырландырылған есепте пайдалану құқығы түріндегі активтер амортизациясының пайдасы мен зияны туралы және жалдаудағы міндеттемелер бойынша пайыздарды тануы;
- ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте негізгі бөлікті өтеуге бағытталған ақшалай қаражаттың жалпы сомасын (қаржылық қызметте берілген) және пайыздарды (операциялық қызметте берілген) бөліп көрсетуі тиіс.

Ынталандыратын жалдау төлемдері (мысалы, тегін (жеңілдік) кезеңі) жалдау бойынша пайдалану құқығы мен міндеттемелер ретінде активтерді бағалау шегінде танылады, олар ХҚЕС (IAS) 17-ге сәйкес оның пайдалану мерзімі ішінде жалға беру шығындарын біркелкі қысқарту ретінде амортизацияланатын жалға беру міндеттемелері бойынша ынталандыру төлемдерін тануды енгізді.

ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес құнсыздану мәніне пайдалану құқығымен активтерді бағалау ХҚЕС (IAS) 36-ға «Активтердің құнсыздануы» сәйкес жүргізіледі. Бұл рентабельді емес жалдау туралы шарттарын тануға қатысты алдыңғы талапты ауыстырады.

Қысқа мерзімді (12 айға дейінгі) жалдау және құны төмен активтерді (дербес компьютерлер мен офистік жиһаздар сияқты) жалдау үшін Топ жалдау бойынша шығындарды

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



ХҚЕС (IFRS) 16-да рұқсат етілгендей біркелкі тануға ниеттенеді. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алдын ала бағалауды Топ активті пайдалану құқығымен 3,077 млн. теңге сомасында және жалдау шарттарының барлық деректеріне қатысты тиісті міндеттемелерді 3,077 млн. теңге сомасында көрсетеді. Пайдаға немесе залалға әсер ету амортизацияның 68 млн. теңгеге дейін артуына және пайыздық шығындардың 15 млн. теңгеге дейін ұлғаюына байланысты.

## ХҚЕС (IFRS) 17 «САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ»

Жаңа стандарт сақтандыру шарттары бойынша ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу принциптерін белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4-ті «Сақтандыру шарттары» ауыстырады. Бұл стандарт ауыспалы сақтандыру сыйақылары шарттары ретінде сипатталатын тікелей қатысу компоненттері бар сақтандыру шартына сәйкес модификацияланған жалпы үлгінің қолданылуын көздейді. Белгілі бір критерийлер орындалса, сыйақыларды бөлу әдісін қолдана отырып, қалған жабу бойынша міндеттемелерді бағалау арқылы жалпы үлгі жеңілдетіледі.

Жалпы үлгі болашақ ақша ағындарының сомасын, мерзімін және белгісіздігін бағалау үшін ағымдағы болжамдарды қолданады және осындай белгісіздіктің мәнін жеке-жеке өлшейді; үлгі нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және сақтандыру шарттарын ұстаушылардың опциондары мен кепілдіктерінің әсерін ескереді.

Стандарт мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2021 жылғы 1 қаңтардан ерте басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Ол ретроспективті түрде қолданылады, егер бұл мүмкін болмаса, мұндай жағдайларда модификацияланған ретроспективті әдіс немесе әділ құнды есептеу әдісі қолданылады.

Өтпелі талаптарды қанағаттандыру мақсатында бастапқы қолдану күні кәсіпорынның осы стандартты бірінші қолданатын жылдық есепті кезеңінің басталуы және өтпелі күнді бастапқы қолдану күнінен бұрынғы кезеңнің басталуы болып табылады.

Топ басшылығы аталған стандарттың қолданылуы болашақта Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ететінін күтпейді, өйткені Топтың осы стандартты қолдану аясына кіретін құралдары жоқ.

## ХҚЕС (IFRS) 9 «КЕРІ ӨТЕМАҚЫМЕН АЛДЫН АЛА ӨТЕУ ШАРТТАРЫНА» ТҮЗЕТУЛЕР

ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер алдын ала төлеу ерекшеліктерінің негізгі сома және пайыздық төлемдерді төлеу критерийлеріне сәйкес келетіндігін анықтау үшін шарттың тарапы оның себебіне қарамастан алдын ала төлем үшін негізделген өтемақыны төлей алатынын немесе төлей алмайтынын түсіндіреді. Басқаша айтқанда, кері өтемақыны алдын ала төлеу ерекшеліктері төлемнің негізгі сомасы мен пайыздары есебінен төлем критерийлерін автоматты түрде бұзбайды.

Түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады. Түзетулерді бастапқы қолдану күніне байланысты ХҚЕС (IFRS) 9-ды бастапқы қолдану күнімен салыстырғанда арнайы өтпелі ережелер әрекет етеді.

Топтың басшылығы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## ХҚЕС (IAS) 28 «ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САЛЫМДАРҒА» ТҮЗЕТУЛЕР

Түзетулер, ХҚЕС (IFRS) 9-дың оның құнсыздануға қатысты талаптарымен бірге ұзақ мерзімді салымдарға қолданылатынын түсіндіреді. Бұған қоса, кәсіпорын ұзақ мерзімді салымдарға ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолданған кезде ұйым ХҚЕС (IAS) 28 талап ететін ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін (мысалы, ХҚЕС (IAS) 28-ге сәйкес инвестиция объектісінің зияндарын тарату немесе құнсыздануға жасалған бағалау нәтижесіндегі ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін) назарға алмайды.

Түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады. Түзетулерді бастапқы қолдану күніне байланысты ХҚЕС (IFRS) 9-ды бастапқы қолдану күнімен

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



салыстырғанда арнайы өтпелі ережелер әрекет етеді.

Топтың басшылығы түзетулерді қолдану болашақта Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

**ХҚЕС ЖЫЛ САЙЫН ЖЕТІЛДІРУ, 2015-2017 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІ ХҚЕС (IFRS) 3 «БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ», ХҚЕС (IFRS) 11 «БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТ», ХҚЕС (IAS) 12 «ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ» ЖӘНЕ ХҚЕС (IAS) 23-КЕ «ЗАЕМДАР БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР» ТҮЗЕТУЛЕР.**

Жыл сайынғы түзетулер төрт стандарттың түзетулерін қамтиды.

**ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық»**

Түзетулер ұйымның дивидендтерге қатысты пайда немесе залал, басқа да жиынтық табыске немесе капиталға байланысты, бұл бастапқыда бөлінетін пайданы жасайтын операцияларды қалай танығандығына байланысты, салық салудың салдарын тануы тиістігін түсіндіреді. Түзетулер бөлінетін және бөлінбейтін пайдаға қатысты қолданылатын табыс салығының мөлшерлемесіне қарамастан қолданылады.

**ХҚЕС (IAS) 23 «Заемдар бойынша шығындар»**

ХҚЕС (IAS) 23 түзетулері тиісті актив оны мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайын болғаннан кейін қандай да бір заем өтелмей қалған болса, онда жалпы мақсаттағы заем құралдары бойынша капиталдандыру мөлшерлемесін

есептеу кезінде мұндай заем жалпы мақсаттағы құралдары құрамына қосылады.

**ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру»**

ХҚЕС (IFRS) 3-тегі түзетулер, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнесті бақылауға алатын болса, ұйым бизнесті біріктіруге қойылатын талаптарды қадам бойынша қолданады және, басқалармен қатар, бұрынғы оған тиесілі болған үлесімен, бірлескен операцияларға әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізуді түсіндіреді. Бұрынғы тиесілі қатысу үлестерін қайта бағалау, кез келген танылмаған активтерді, міндеттемелерді және бірлескен операцияларға қатысты гудвиллді қамтиды.

**ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет»**

ХҚЕС (IFRS) 11 түзетулерге сәйкес, бірлескен қызметке қатысатын, бірақ бірлескен операцияларды бірлесіп бақылайтын, осындай бірлескен операцияларды бірлесіп бақылауды жүзеге асыратын тарап, бірлескен қызметтегі бұрынғы үлестері қайта бағаланбаған кезде түсіндіреді.

Барлық түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге мерзіміне қатысты қолданылады, әдетте перспективалық қолдануды талап етеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топтың басшылығы түзетулерді қолдану болашақта Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

**ХҚЕС (IFRS) 10-ҒА ЖӘНЕ ХҚЕС (IAS) 28-ГЕ ТҮЗЕТУЛЕР «ИНВЕТОРЛАР МЕН ОНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМЫ НЕМЕСЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘМІЛЕЛЕРДЕ АКТИВТЕРДІ САТУ НЕМЕСЕ ЖАРНА ТӨЛЕУ»**

ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында активтерді сату немесе жарна төлеу жағдайларында қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жасалған мәміледе өз бизнесін ұсынбайтын еншілес ұйымға деген бақылауды жоғалтуға байланысты алынған, үлестік қатысу әдісімен ескерілетін пайдалардың немесе шығындардың осы қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы басқа байланыспаған инвесторлардың үлесінде ғана бас компанияның пайдалары мен залалдарының құрамында танылады. Осыған ұқсас, бұрынғы еншілес ұйымдардағы қалған үлестің әділ құнына дейін қайта бағалаудан түсетін пайдалар немесе залалдар (қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын болған және үлестік қатысу әдісімен ескерілетін) қауымдастырылған жаңа ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бұрынғы бас компаниямен танылады.

Құшіне енетін күнді ХҚЕС жөніндегі Кеңес белгілеуі тиіс, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Басшылық аталған түзетулерді қолданудың келешектегі кезеңдерде, егер осындай операциялар жүзделетін болса, Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсер етеді деп күтеді.

## ХҚЕТК (IFRIC) 23 «ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ БЕЛГІСІЗДІК»

ХҚЕТК (IFRIC) 23, салықты түсіндіруде белгісіздіктер орын алғанда табыс салығын қалай есепке алу керек екенін анықтайды. Түсіндірмеге сәйкес ұйым:

- Белгісіз салық позицияларын қалай бағалауға болатынын белгілеуге міндетті: жеке немесе жиынтық;
- белгісіз жағдайда ұйым салық декларациясын дайындаған кезде пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған салықты есепке алу тәртібімен салық органының келісетіндігінің жоғары ықтималдылығын бағалауға:
  - егер оң жауап болса, онда салық позициясы ұйым салық декларациясын дайындаған кезде пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған салықты есепке алу тәртібіне сәйкес анықталуы тиіс;
  - егер теріс жауап болса, ұйым салық позициясын есепке алған кездегі белгісіздік әсерін көрсетуге міндетті.

Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты немесе осы күннен кейін қолданылады. Ұйымдардың осы Түсіндіруді толық ретроспективті

қолдануына немесе салыстырмалы көрсеткіштерді ретроспективті емес немесе перспективті қайта есептемей жаңартылған ретроспективте қолдануына жол беріледі.

Топ басшылығы осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## 4. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау, басшылықтан есептілікте шоғырландырылған қаржы есептілік жасалатын күнгі жағдайға сәйкес көрсетілген активтер және міндеттемелер сомасына, және есеп берілетін кезең ішінде көрсетілген пайдалар мен шығындар сомасына әсерін тигізетін бағалау мен тұжырымдар жасауды талап етеді. Басшылық үнемі өз бағалаулары мен жорамалдарын тұрақты қарастырып отырады. Басшылық өз бағалаулары мен жорамалдарын осы жағдайда, ақылға қонымды деп саналатын тарихи тәжірибеге және басқа да әртүрлі факторларға негіздейді. Нақты нәтижелер, басқаша жорамалдар мен жағдайларда берілген бағалаулар мен тұжырымдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі бағалаулар мен жорамалдар Топтың қаржылық жағдайын көрсету үшін маңызды деп саналады.

### БИЗНЕС ҮЛГІНІ БАҒАЛАУ

Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау негізгі борыш

сомасы мен пайыздардың есебінен ақы төлеу нәтижелеріне және бизнес үлгіні тестілеу нәтижелеріне байланысты.

Топтың пайдаланатын бизнес үлгісі нақты бизнес мақсаттарына жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Бұл бағалау активтің тиімділігін бағалау мен өлшеу үдерісіне қатысты барлық тиісті дәлелдемелерді көрсететін пайымдауларды; активтердің тиімділігіне және осы тәуекелдерді басқару үдерісіне әсер ететін тәуекелдер, сондай-ақ активтерді басқаратын тұлғаларға сыйақы беру механизмін қолдануды қамтиды.

Топ өтеу мерзімі басталғанға дейін танылуы аяқталатын басқа жиынтық табысы арқылы амортизациялық құны бойынша немесе әділ құны бойынша көрсетілетін, оларды иеліктен шығару және осы активтің ұсталуына сәйкес оның бизнес мақсаттарының себебін түсіну үшін қаржы активтерін мониторингтеуді жүзеге асырады. Мониторинг - қалған қаржы активтерін ұстау шегінде Топтың ағымдағы бизнес үлгісінің өзектілігін тұрақты түрде бағалауы. Үлгіні қолданбаған жағдайда бизнес үлгідегі өзгерістерге және тиісті активтерді жіктеудегі ықтимал өзгерістерге талдау жүргізіледі.

### КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ЕДӘУІР ҮЛҒАЮЫ

3 ескертуде келтірілгендей, күтілетін кредиттік залалдар 12 айдың ішінде (бірінші сатыдағы активтер үшін) немесе бүкіл

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



несиелік мерзім ішінде (екінші және үшінші сатылардағы активтер үшін) күтілетін кредиттік шығындарға тең есептелген бағалау резервтің мөлшерінде бағаланады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюымен екінші кезеңге ауысады. ХҚҰС (IFRS) 9-да кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюына анықтама берілмеген. Жеке актив бойынша кредиттік тәуекелдің ұлғаюының маңыздылығын бағалау кезінде Топ ақылға қонымды және растауға болатын сапалы және сандық болжамды ақпараттарды ескереді. Толығырақ ақпарат 36-ескертпеде келтірілген.

## **ӨНІМНІҢ/НАРЫҚТЫҢ ӘРБІР ТҮРІ ҮШІН БОЛЖАНҒАН СЦЕНАРИЙЛЕРДІҢ САНЫН ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ САЛМАҒЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ӘРБІР СЦЕНАРИЙГЕ ҚАТЫСТЫ БОЛЖАМДЫҚ АҚПАРАТТЫ АНЫҚТАУ**

Банк қазынашылық операциялар бойынша есепті күндегі контрагент/эмитенттің кредиттік сапасының ағымдағы бағалауларына ғана емес, сондай-ақ болашақта контрагент (эмитент) ортасының қолайсыз макроэкономикалық факторларының салдарынан қаржылық жағдайдың нашарлау мүмкіндігін ескере отырып, күтілетін кредиттік шығындарды қаржы активі бойынша есептейді. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша провизиялардың деңгейі дефолт ықтималдығына (PD) әсер ететін халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан белгіленетін (позитивтік, тұрақты, жағымсыз) рейтингтік болжамға ықпал етеді.

Банктік заемдар бойынша күтілетін кредиттік залалдардың есебі болжалды ақша ағындарына, ұжымдық заемдардың көші - қонына және кепілді қамтамасыз етуге макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне ықтимал бағалау әсерін есепке алады.

Кредит шығындарының деңгейі өзгергенде Топ негізделген болжамды ақпаратты пайдаланады, ол ақпарат әртүрлі экономикалық факторлардың болашақ қозғалысына қатысты және аталған факторлардың бір-біріне қалай әсер ететініне қарай негізделген.

Қолданылатын болжамды ақпарат өзгерістеріне қатысты кредиттік залалдардың есеп деңгейінің сезімталдығын талдауды қоса, толығырақ ақпарат алу үшін 36-ескертпені қараңыз.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін пайдаланылатын негізгі бастапқы деректері мыналардан құралады:

- Дефолттың ықтималдығы (PD);
- Дефолт жағдайында болатын шығындар (LGD);
- Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі (EAD).

## **ДЕФОЛТТЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҒЫ**

Дефолттың ықтималдығы кредит шығындарының деңгейін өлшеудегі негізгі кіріс сигналы болып табылады. Дефолт

ықтималдығы – бұл есебі тарихи деректерден, болжамдар мен болашақ талаптарды күтуден тұратын берілген уақыт шегіндегі бағалау.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолттың ықтималдығы дефолт ықтималдығының мәндері бар кестелік деректер жарияланатын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолтты зерттеу деректеріне сәйкес анықталады. Дефолт ықтималдығы өзекті күйде болуы қамтамасыз етіледі және дефолт статистикасының жаңартылуына қарай мерзімді негізде жаңартылады.

Корпоративтік, шағын және орта бизнестің жеке заемдары бойынша дефолт ықтималдығы заемшының санды және сапалы сипаттамаларының негізінде ішкі рейтингтік үлгі көмегімен бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын банктік заемдар бойынша дефолттың ықтималдығын есептеу көші-қон және roll-ставкалары матрицаларын қолдану арқылы тарихи деректер негізінде жүзеге асырылады.

## **ДЕФОЛТ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАТЫН ШЫҒЫНДАР**

Дефолт жағдайында болатын шығындар дефолт кезінде туындайтын шығындардың бағалануы болып табылады. Ол күнсызданудан және интегралдық кредиттік жақсартулардан болған ақша ағындарын есепке алғанда, шарт бойынша тиесілі және кредитор алуы күтетін ақша ағындары арасындағы айырмашылық негізделген.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА), 2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Қазынашылық операциялар бойынша дефолт кезіндегі шығынның деңгейі (LGD) халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады және қаржы активі бойынша борыш түріне байланысты: үлкен қамтамасыз етілген/ қамтамасыз етілмеген, бағынышты, тәуелсіз. Сонымен қатар LGD, егер актив бойынша қамтамасыз ету қарастырылған болса, сондай-ақ қаржы активі бойынша құнсыздану белгілері бар болған жағдайда (2-саты немесе 3-саты), түзетілуі мүмкін.

Кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдана отырып іске асырылған жағдайда, ұжымдық негізде бағаланатын банктік заемдар бойынша LGD есебі міндеттемелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде жүзеге асырылады.

## ДЕФОЛТ ТӘУЕКЕЛІНЕ ҰШЫРАҒЫШ БОЛЫП КЕЛЕТІН КРЕДИТ ТАЛАБЫНЫҢ КӨЛЕМІ

«Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі» көрсеткіші борыштың негізгі сомасы мен пайыздарды қоса, есепті кезеңнен кейін тәуекелдердің күтілетін өзгертулерін, сонымен қатар мақұлданған кредит қаражатының күтілетін таңдауларын есепке ала отырып, болашақта дефолт күніне тәуекелдің бағалануы болып табылады. Топтың аталған көрсеткішті үлгілеу тәсілі амортизация профильдері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлеу, кредит міндеттемелері бойынша таңдалмаған

сомаларды пайдаланудағы өзгертулер және дефолт басталғанға дейін тәуекелдерді жұмсарту үшін қолданылған шаралар сияқты ағымдағы шарттық талаптармен рұқсат етілген өтеу мерзімі ішінде өтелмеген соманың күтілетін өзгертулерін есепке алады. Дефолтқа ұшырағыш болып келетін кредит талаптарын бағалау үшін Топ тиісті портфельдердің сипаттамаларын көрсететін үлгілерді пайдаланады.

## КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰҚСАС СИПАТТАМАЛАРЫ БАР АКТИВ ТОПТАРЫН ҚҰРУ

Егер күтілетін кредиттік залалдар актив топтары үшін өлшенетін болса, қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады. Тиісті пайымдау шеңберінде қаралатын сипаттамалар туралы толығырақ ақпарат 36-ескертпеде келтірілген. Топ кредит тәуекелінің сипаттамаларын бақылайды, олардың ұқсастығын растау үшін тұрақты негізде қадағаланып отырады. Бұл кредит тәуекелінің сипаттамалары өзгергенде активтерді қайтадан топтастыру үшін қажет.

Нәтижесінде жаңа портфельдердің туындауы немесе активтердің тиісті активтер тобы үшін кредит тәуекелінің ұқсас сипаттамаларын тиімдірек көрсететін бар портфельге аударылуы мүмкін. Егер кредит тәуекелінің айтарлықтай жоғарылауы байқалатын (немесе егер мұндай жоғарылауға сторно жасалатын болса) және активтер 12 ай шегінде күтілетін кредит шығындарының негізінде бағаланатын портфельден бүкіл қолданыс мерзімі бойы күтілетін кредит

шығындарының негізінде бағаланатын портфельге және керісінше орналастырылатын болса, портфельдерді қайтадан саралау және активтердің портфельдер арасында ауыстырылуы жиі жүзеге асырылады. Аударымдар портфельдер ішінде жасалуы мүмкін, ондай жағдайда олар сол негізде өлшене береді (12 ай шегінде немесе кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар), бұл ретте портфельдердің кредиттік тәуекелі өзгеретіндіктен, күтілетін кредиттік шығындардың сомасы өзгереді.

## ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОДЕЛЬДЕР МЕН БОЛЖАМДАР

Қаржы активтерінің әділ құнын бағалағанда, сондай-ақ ККЗ бағалағанда Топ әртүрлі модельдер мен болжамдарды пайдаланады. Активтің әрбір түрі үшін ең лайықты модельді анықтағанда, сондай-ақ кредит тәуекелінің негізгі факторларына жататын болжамдарды қоса, осы модельдерде пайдаланылатын болжамдарды анықтау үшін пайымдау қолданылады. ККЗ туралы толығырақ ақпарат – 24 және 36-ескертпелерде, ал әділ құнын бағалау туралы ақпарат 39-ескертпеде берілген.

Шоғырландырылған қаржы есептілігінде қаржы активтері үшін ККЗ бойынша резервтер бүгінгі күнгі экономикалық және саяси жағдайлар негізінде анықталған. Топ Қазақстан Республикасындағы жағдай бойынша болашақтағы кезеңдерде қандай өзгерістер болуы мүмкін екендігін және мұндай өзгерістердің қаржы активтерінің ККЗ бойынша резервіне қаншалықты әсері болатындығын тап басып айта алмайды.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген заемдардың ККЗ бойынша резервтерінің баланстық құны 409,793 миллион теңгені (2017 ж. 31 желтоқсан – 317,161 миллион теңге; 2016 жылғы 31 желтоқсан – 284,752 миллион теңге) құрады.

## ӘДІЛ ҚҰНЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӨРТІБІ

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құнын бағалағанда Топ қадағаланатын нарықтық деректерді олардың қолжетімді болу шамасына қарай пайдаланады. Егер мұндай 1-ші деңгейдегі шығыс деректер болмаса, Топ өзінің қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін бағалау модельдерін пайдаланады. Әділ құнды бағалау туралы қосымша мәліметті 39-ескертеде қараңыз.

## ҚАЙТА БАҒАЛАНҒАН ҚҰН БОЙЫНША ЕСКЕРІЛЕТІН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Ғимараттар мен құрылыстар қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Соңғы бағалау 2018 жылғы маусымда жүргізілді. Бағалау әдістемесі туралы ақпарат 14-ескертеде ұсынылған.

## САЛЫҚ САЛУ

Қазақстанның салықтық, валюталық және кедендік заңнамасына әртүрлі өзгерістер мен түсіндірмелер елеулі жиі енгізіледі дегуге болады. Басшылықтың мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмесі және оның Топ қызметі мен мәмілелеріне қатысты қолданылуы тиісті өңірлік

немесе мемлекеттік органдар тарапынан дау туғызуы мүмкін. Салықтық кезеңдер тиісті органдардың тексеру жүргізуі үшін қарастырылатын жылға дейінгі алдыңғы бес күнтізбелік жыл бойынша ашық қалады.

Басшылық барлық кейінге қалдырылған салық активтері тиісті түрде танылған, өйткені болашақта осы уақыт айырмашылықтарын пайдалану үшін мүмкіндіктің жоғары болған жағдайында салық салынатын баланстық пайданың болуы ықтимал.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық өзінің тиісті заңнамалық түсіндірмесін қолдануға ыңғайлы әрі Топтың салықтық, валюталық және кедендік мәртебесі тиісінше расталады деп есептейді. Тиісті тексеру органдары жүргізетін тексеруден кейін қосымша салықтар, айыппұлдар мен өтемақы есептелуі мүмкін, бұл Топтың тапқан таза пайдасына елеулі әсер етіп, тиісінше көрініс табуы мүмкін.

## САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША ТҮЙНДАЙТЫН САҚТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН РЕЗЕРВТЕРІ

Сақтандыру шарттары үшін бағалау сақтандыру шығындарының күтілетін түпкілікті құнына қатысты да, сол сияқты есеп жасалатын күнгі РПНУ бойынша сақтандыру шығындарының болашақтағы түпкілікті құнына қатысты да жасалуы мүмкін. Бизнестің кейбір бағыттары үшін РПНУ талаптары қаржылық ахуал туралы есептегі талаптар бойынша резервтің басым көпшілігін құрайды. Сақтандыру

шығындарының түпкілікті құнын айқындау үшін ұзақ уақыт кезеңі талап етіледі. Автокаско және сақтандыру полистері үшін Топ жауапкершілігі бойынша талаптарды өтеудің келешек сомаларын болжамдау үшін талаптарды өтеудің өткен ағымдарын пайдалана отырып міндеттемені актуарлық жолмен анықтайды. Жария етілген шығындар құны мен РПНУ бизнестің қалған бағыттары үшін бағалау жүргізгенде басшылық жеткілікті тарихи мәліметтер жоқ болғандықтан, ҚРҰБ ұсынған ағымдағы мемлекеттік басқаруды қолданады. Осы басқару нұсқаулығына сәйкес РПНУ шығындарының резерві бизнестің әрбір бағыты бойынша күтілетін шығын коэффициентін пайдалана отырып, нақты жарияланған шығындар жиынтығын шегеру арқылы есептеледі. Сақтандыру шығындарының жалпы резерві ақша қаржысының уақытша құнын есепке алу үшін дисконтталмайды.

Талаптардың жалпы резервтері және тиісінше қайта сақтандыруды өтеудің тиісті дебиторлық берешегі басшылықта бар ақпаратқа негізделген және түпкілікті сомасы одан арғы ақпарат пен оқиғалар нәтижесіне байланысты өзгеше болуы мүмкін, әрі өтеу сомасына түзету жасауға әкеп соғуы мүмкін. Шығындар бойынша нақты тәжірибе, баға негізделетін тарихи деректерден басқаша болуы мүмкін, осыған байланысты келеген шығындардың өтеу құны бұрын бағаланған шығындардан өзгеше болып шығуы мүмкін. Резервтер сомасындағы кез келген түзетулер шоғырландырылған қаржы есептілігін қажетті түзетулері белгілі болған және бағалануы мүмкін кезеңде көрсетілетін болады.



# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## 5. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақшалай қаражат пен оның баламалары мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Кассадағы қолма-қол ақша	196,266	190,396	149,124
Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының («ЭЫДҰ») мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар	120,096	214,596	181,144
ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	248,038	150,656	428,526
ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	2,396	36,584	79,992
ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шоттар	935,757	699,256	915,675
ҚРҰБ қысқа мерзімді салымдар	153,975	61,378	4,002
Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар (кері РЕПО келісімдері бойынша заемдар)	65,036	373,956	2,592
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар	10,745	20,439	11,459
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	22,657	33,233	2,005
ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	172	54	-
	<b>1,755,138</b>	<b>1,780,548</b>	<b>1,774,519</b>
«Алтын Банк» АҚ ақшалай қаражаты мен оның баламалары	-	142,736	-
<b>АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>1,755,138</b>	<b>1,923,284</b>	<b>1,774,519</b>

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдардың резервтері 9 миллион теңгені құрады (24-ескертепне).

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



Пайыздық ақшалай қаражат және оның баламалары көрсетілген пайыздық мөлшерлеме және валюталар былайша берілген:

	2018 жылғы 31 желтоқсан		2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Теңге	Шетел валютасы	Теңге	Шетел валютасы	Теңге	Шетел валютасы
Эйдү мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	-	2.0%-2.8%	-	0.8%-1.8%	-	0.7%-1.5%
Эйдү мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	-	1.5%	-	1.4%-1.5%	-	0.5%-0.7%
ҚРҰБ қысқа мерзімді салымдар	8.3%	6.8%-7.7%	9.3%	-	11.0%	-
Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	8.3%-13.5%	3.0%-10.0%	9.0%-12.3%	-	12.5%	-
Эйдү мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	-	0.2%-7.5%	-	1.7%	-	6.6%-7.0%
Эйдү мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары	7.0%	-	-	1.7%-1.8%	-	-

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



Кепілге берілген активтердің әділ құны және 2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кері РЕПО келісімдері бойынша қысқа мерзімді заемдардың баланстық құны былайша берілген:

	2018 жылғы 31 желтоқсан		2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Заемдардың баланстық құны	Кепілдің әділ құны	Заемдардың баланстық құны	Кепілдің әділ құны	Заемдардың баланстық құны	Кепілдің әділ құны
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	19,154	19,695	228,642	228,516	1,591	1,591
ҚРҰБ ноталары	19,816	20,422	132,879	132,791	-	-
Ресей Федерациясының Қазынашылық вексельдері	21,462	22,755	-	-	-	-
Үлестік бағалы қағаздар	4,503	7,240	11,122	11,080	-	-
Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары	101	102	-	-	-	-
	<b>65,036</b>	<b>70,214</b>	<b>372,643</b>	<b>372,387</b>	<b>1,591</b>	<b>1,591</b>

2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес, кері РЕПО келісімдері бойынша заемдарды өтеу мерзімі бір айдан аз мерзімді құрайды.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



## 6. МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР

Міндетті резервтер мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Міндетті резервке жатқызылған банк құралдары мен ақшасы	115,741	111,039	76,122
	<b>115,741</b>	<b>111,039</b>	<b>76,122</b>

Міндетті резервтер депозит шоттарындағы қалдық ақшаны ұстап отыру үшін қойылатын және Қазақстанның, Қырғызстанның, Грузияның және Тәжікстанның Ұлттық Банктері мен Ресейдің Орталық банкі талап ететін және ең төменгі резервтік талапты есептегенде пайдаланылатын кассадағы қолма-қол ақша түріндегі ең төменгі резервтік талап болып табылады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің еншілес кәсіпкерлері – «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «Халық Банк Грузия» АҚ, «Москоммерцбанк» КБ АҚ және «Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ-тың міндетті резервтері 9,885 миллион теңгені (2017 жылғы 31 желтоқсанда – 48,196 миллион теңгені, 2016 жылғы 31 желтоқсанда – 12,767 миллион теңгені) құрады.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



## 7. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Сауда жасауға арналған қаржы активтері:</b>			
Туынды қаржы құралдары	97,853	39,723	77,776
Корпоративтік облигациялар	29,987	21,212	743
Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары	14,800	14,478	88
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	11,759	44,171	-
Қазақстандық банктердің облигациялары	11,453	5,547	137
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары	6,491	5,252	215
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	6,293	5,126	102
ҚРҰБ ноталары	4,462	8,310	249,574
Шетелдік ұйымдардың үлестік бағалы қағаздары	3,738	675	102
Қазақстандық банктердің үлестік бағалы қағаздары	-	482	-
	<b>186,836</b>	<b>144,976</b>	<b>328,737</b>

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері былайша берілген:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Сауда жасауға арналған қаржы міндеттемелері:</b>			
Туынды қаржы құралдары	7,022	5,831	2,841

Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің пайыздық мөлшерлемелері төменде көрсетілген. Төмендегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті қаржы активтері бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелген:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік облигациялар	11.2%	8.6%	6.6%
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	7.7%	5.6%	-
Қазақстандық банктердің облигациялары	10.8%	11.1%	9.7%
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары	9.2%	7.1%	5.9%
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	7.9%	7.0%	6.9%
ҚРҰБ ноталары	7.3%	10.3%	13.2%

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Туынды қаржы құралдары мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан			2017 жылғы 31 желтоқсан			2016 жылғы 31 желтоқсан		
	Номиналдық сомасы	Актив	Әділ құны Міндетеме	Номиналдық сомасы	Актив	Әділ құны Міндетеме	Номиналдық сомасы	Актив	Әділ құны Міндетеме
<b>Шетелдік валютадағы шарттар</b>									
Своптар	1,221,331	97,709	6,998	1,172,217	39,671	5,828	228,905	77,655	2,833
Споттар	27,266	144	16	10,309	23	3	3,583	14	8
Форвардтар	326	-	8	4,085	29	-	4,644	107	-
		<b>97,853</b>	<b>7,022</b>		<b>39,723</b>	<b>5,831</b>		<b>77,776</b>	<b>2,841</b>

2018 жылғы 3 шілдеде ККБ мен ҚРҰБ 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет еткен тоғыспалы валюталық своптың біржылдық мәмілесін аяқтады, және сонымен қатар, номиналдық сомасы 699,000 миллион теңгеге жаңа тоғыспалы валюталық своптың біржылдық мәмілесі жасалады. Мәміленің мақсаты – шетелдік валютаның артық өтімділігін орналастыру.

2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес, бағалау модельдері бойынша нарықтық деректер негізінде бағаланатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда, Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің есебін шығару үшін Топ бақыланатын ақпарат көздерінің баға белгілеу мәліметтерін пайдаланды.

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



## 8. КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРАЖАТ

Кредит мекемелеріндегі қаражат мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Мерзімдік салымдар	37,365	59,711	11,256
Туынды қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету түріндегі депозиттер	9,512	9,306	5,608
Кредит мекемелеріне берілген заемдар	8,390	18,719	18,678
	<b>55,267</b>	<b>87,736</b>	<b>35,542</b>
Минус – Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв (24-ескертпе) // (2017-2016: құнсыздануға резерв)	(232)	-	-
	<b>55,035</b>	<b>87,736</b>	<b>35,542</b>



## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



Кредит мекемелеріндегі қаражаттың пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімі былайша берілген:

	2018 жылғы 31 желтоқсан		2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме,%	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме,%	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме,%	Өтеу мерзімі, жыл
Мерзімдік салымдар	2.7%-14.0%	2023	0.4%-15.0%	2018	0.5%-18.0%	2017-2018
Туынды қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету түріндегі депозиттер	0.2%-3.0%	2046	1.1%-1.8%	2046	0.2%-1.8%	2018
Кредит мекемелеріне берілген заемдар	2.0%-7.5%	2019	8.5%-16.0%	2018	8.2%-10.3%	2017

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР



## 9. ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ ҚЕХС (IAS) 39 - САТУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Борыштық бағалы қағаздар мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ ноталары	756,652	459,895	199,390
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері*	408,508	1,366,494	138,018
АҚШ қазынашылық вексельдері	249,142	264,821	91,534
Корпоративтік облигациялар	202,923	280,106	103,464
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары	75,190	66,792	37,640
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	44,283	82,935	3,138
Қазақстандық банктердің облигациялары	18,023	25,017	10,223
Венгрияның қазынашылық вексельдері	8,757	7,987	7,762
Грузияның қазынашылық вексельдері	-	2,156	2,116
Қырғыз Республикасының қазынашылық вексельдері	-	1,710	705
Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	-	1,400	-
Ресей Федерациясының қазынашылық вексельдері	-	909	820
	<b>1,763,478</b>	<b>2,560,222</b>	<b>594,810</b>

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Үлестік бағалы қағаздар мыналардан құралады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары	2,455	3,407	4,719
Шетелдік корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары	-	1,756	95
Қазақстандық банктердің үлестік бағалы қағаздары	-	40	-
	<b>2,455</b>	<b>5,203</b>	<b>4,814</b>
<b>Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>1,765,933</b>	<b>2,565,425</b>	<b>599,624</b>

\* 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар ретінде жіктелген кейбір қаржы активтері (Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық вексельдері) Топтың оларды ұзақ мерзімді инвестициялық мақсаттар, «шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағынын алу үшін активті ұстап отыру» бизнес-моделі үшін ұстап отыруына байланысты, IFRS 9 сәйкес амортизациялық құны бойынша борыштық бағалы қағаздарға қайта жіктелді.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер 2,576 миллион теңгені құрады (24-ескертпе).

2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің құрамына әділ құны 4,714 миллион теңгені, 92,719 миллион теңгені және сәйкесінше 15,201 миллион теңгені құрайтын, басқа банктермен РЕПО шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық вексельдері енгізілді (22-ескертпені қараңыз). 2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсан күніне әрекет ететін барлық шарттар бойынша есептер 2019 жылдың 8 қаңтарына дейін, 2018 жылдың 3 қаңтарында және 2017 жылдың 4 қаңтарында жасалды.

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бааланатын қаржы активтерінің пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімдері төменде көрсетілген. Төменде көрсетілген кестедегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті бағалы қағаздар бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелді:

	2018 жылғы 31 желтоқсан		2017 жылғы 31 желтоқсан		2016 жылғы 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл
ҚРҰБ ноталары	8.7%	2019	10.0%	2018	13.4%	2017
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері	6.0%	2019-2045	7.0%	2018-2045	5.7%	2017-2031
АҚШ қазынашылық вексельдері	1.8%	2019	1.0%	2018	0.4%	2017
Корпоративтік облигациялар	7.9%	2019-2047	7.0%	2018-2047	5.8%	2017-2031
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары	6.1%	2020-2032	5.7%	2020-2032	4.5%	2022-2026
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	5.5%	2019-2047	8.0%	2018-2046	6.3%	2017-2024
Қазақстандық банктердің облигациялары	9.8%	2019-2024	11.3%	2018-2024	11.2%	2017-2049
Венгрияның қазынашылық вексельдері	3.2%	2023	3.2%	2023	3.2%	2023
Грузияның қазынашылық вексельдері	-	-	10.8%	2019-2025	10.4%	2017-2024
Қырғыз Республикасының қазынашылық вексельдері	-	-	6.1%	2018-2021	10.2%	2017
Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	-	-	2.8%	2018	-	-
Ресей Федерациясының қазынашылық вексельдері	-	-	8.1%	2021	8.1%	2021

# 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



## Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта жіктеу

2016 жылдың ішінде, екі жылдық мораторий аяқталғаннан кейін, Топ өтегенге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алды, бірақ 2016 жылғы 21 шілдеде Топтың басшылығы бағалы қағаздар портфелінде орналасқан, жалпы сомасы 4,963 млн. теңге (14.6 миллион АҚШ доллары), өтеу мерзімі 2045 жылы болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын «Өтеуге дейін ұсталатындар» санатынан «Сатуға арналған қолда барлар» санатына қайта жіктеу туралы шешім қабылдады. Осының нәтижесінде, Топ қайта жіктеген күннен кейінгі, келесі екі қаржы кезеңінде қандай да бір қаржы активтерін өтегенге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар ретінде жіктей алмайды.

## **10. КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ЗАЛАЛДАР БОЙЫНША РЕЗЕРВТЕРДІ ШЕГЕРГЕНДЕ АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құнмен бағаланатын борыштық бағалы қағаздар мыналардан тұрады:

	2018 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық вексельдері	1,044,939
Қырғызстан Республикасының қазынашылық вексельдері	2,847
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	2,640
Грузия Ұлттық банкінің ноталары	2,434
Тәжікстан Ұлттық банкінің ноталары	1,119
Корпоративтік облигациялар	1,082
Ресей Федерациясының қазынашылық вексельдері	846
	<b>1,055,907</b>

## 2018, 2017 ЖӘНЕ 2016 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (миллион теңгемен)

2018 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА).  
2018 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар түрінде жіктелген кейбір қаржы активтері (Қазақстан Қаржы Министрлігінің қазынашылық вексельдері) Топтың оларды ұзақ мерзімді инвестициялық мақсаттар, «шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағынын алу үшін активті ұстап отыру» бизнес-моделі үшін ұстап отыруына байланысты, ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес амортизациялық құны бойынша борыштық бағалы қағаздарға қайта жіктелді.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, амортизациялық құнмен бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша, күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв 441 миллион теңгені құрады (24-ескертпе).

Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құнмен бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімдері төменде көрсетілген. Төменде көрсетілген кестедегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті бағалы қағаздар бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелді:

	2018 жылғы 31 желтоқсан	
	Пайыздық мөлшерлеме, %	Өтеу мерзімі, жыл
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық вексельдері	9.3%	2022-2027
Қырғызстан Республикасының қазынашылық вексельдері	5.6%	2019-2021
Шетелдік ұйымдардың облигациялары	9.2%	2020-2026
Грузия Ұлттық банкінің ноталары	10.7%	2019-2025
Тәжікстан Ұлттық банкінің ноталары	14.2%	2019
Корпоративтік облигациялар	9.7%	2022
Ресей Федерациясының қазынашылық вексельдері	7.8%	2021

